

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ӘОЖ 631.15:368.5

Қолжазба құқығында

КЕНЕШБАЕВ БЕКТУР ЖУМАХАНОВИЧ

Ауыл шаруашылығы өнім өндірісінде тәуекелді басқару проблемалары
(Оңтүстік Қазақстан облысы мәліметтері негізінде)

6D050700 - Менеджмент

Философия докторы (PhD)
ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертация

Ғылыми кеңесшілері:
экономика ғылымдарының докторы,
профессор Б.С.Мырзалиев,
Mahir Nakir,
доктор PhD, профессор
(Анкара, Түркия Республикасы)

Қазақстан Республикасы
Түркістан, 2015

МАЗМҰНЫ

	Бет
БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	3
Кіріспе	4
1 Ауылшаруашылық кәсіпорындарын басқарудың теориялық және әдістемелік аспектілері	
1.1 Ауылшаруашылық кәсіпорындарын басқарудың ерекшеліктері мен ауыл шаруашылығындағы тәуекел түрлері	10
1.2 Ауыл шаруашылығы саласында басқаруды ұйымдастыру әдістері	25
1.3 Ауыл шаруашылығы өнім өндірісіндегі тәуекелді тиімді басқарудың шетелдік тәжірибесі	42
2 Оңтүстік Қазақстан облысының агроөнеркәсіп кешені жүйесінде басқаруды ұйымдастыру тиімділігін бағалау	
2.1 Оңтүстік Қазақстан облысының агроөнеркәсіп кешені дамуын әлеуметтік-экономикалық талдау	54
2.2 Аймақтық ауыл шаруашылығы өнім өндірісін басқару мен ұйымдасыру тәуекел факторларын бағалау	63
2.3 Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын тиімді басқаруда қаржы-экономикалық талдау	91
3 Ауыл шаруашылығының негізгі мәселелері және ауыл шаруашылығы өнім өндірісінде тәуекелді басқаруды жетілдіру	
3.1 Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің тәуекелді басқару мәселелері	102
3.2 Аграрлық саладағы кәсіпорындардың тәуекелдерін басқаруды жетілдіру және болжамдау	116
3.3 Агроөнеркәсіп кешені саласында экономиканы мемлекеттік реттеу	145
Қорытынды	157
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	162
Қосымшалар	169

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР – Қазақстан Республикасы
АӨК – Агро өнеркәсіп кешені
ЭЫДҰ – Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
АШМ – Ауыл шаруашылығы министрлігі
АШТО – Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілер
АҚШ – Америка құрама штаты
ДСҰ – Дүниежүзілік сауда ұйымы
ЕАЭО – Еуразиялық экономикалық одақ
ДЭФ – Дүниежүзілік экономикалық форум
ЖІӨ – Жалпы ішкі өнім
АҚ – Акционерлік қоғам
ЖАҚ – Жабық акционерлік қоғам
ЖШС – Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ШҚ – Шаруа қожалығы
ОҚО – Оңтүстік Қазақстан облысы
ТМД – Тәуелсіз мемлекеттер достастығы
ААҰ (FAO) – Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы
АТК – Ауыл шаруашылық тұтынушы кооперативы
СПСТК – су пайдаланушылардың селолық тұтыну кооперативі
ҒТП – Ғылыми-техникалық прогресс
ЕО – Еуропалық одақ
КО – Кедендік одақ
НҚ – Нормативтік құжаттама
ИСО – Стандарттардың халықаралық ұйымы
ЖШС – Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
КӨК – Кіші өндірістік кешен
ЖК – Жеке кәсіпкерлік
АНС – Ауылшаруашылық несие серіктестіктері
ҰК – Ұлттық компания
МКК – Мемлекеттік кооперативтік кәсіпорын
ҚЖҚК – қайта жаңартатын қуат көздері
ж. – жыл
млн. – миллион
млрд. – миллиард
трлн. – триллион
т.б. – тағы басқа

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы «Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында, 2050-ші жылға дейін кезең-кезеңмен өте маңызды шешілуі тиіс міндеттердің бірі: «...ауыл шаруашылығын, әсіресе, ауыл шаруашылығы өніміне өсіп отырған жаһандық сұраныс жағдайында ауқымды жаңғырту қажет» - деп нық басып айтылған. Сонымен қатар Жолдауда атап өтілген маңызды мәселелердің бірі: «XXI ғасырдың жаһандық он сын-қатерінің бірі, ол - жаһандық азық-түлік қауіпсіздігіне төнетін қатер» болып табылады [1].

Ауыл шаруашылығы мәселелерін шешуде Қазақстан агроөнеркәсіп кешенінің стратегиялық даму бағыттаушы ретінде «Агробизнес-2020» мемлекеттік бағдарламасы 2012 жылдан бастап жүзеге асырылуда. Бағдарлама негізінен ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталып, Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) кіру барысында және Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) шеңберінде ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпкерлерді мемлекеттік қолдаумен қамтамасыз етуге негізделеді [2].

Ауыл шаруашылығы өнім өндірісі тәуекелділігі жоғары салалардың бірі. Бұл саладағы өнім өндірісінің тұрақтылығы мен тиімділігі көптеген сыртқы және ішкі факторларға, соның ішінде: табиғи, климаттық, саяси, экономикалық, қаржылық, құқықтық, нарықтағы құбылмалы өзгерістерге және т.б. факторларға байланысты өзгеріп отырады.

Сонымен қатар, еліміздің экономикалық саясатында келтірілген ауыл шаруашылығының индустриалды-инновациялық дамуына бет бұрысында және жаңа инновациялық жобаларды ендіруде, шетелдің озық технологияларын алдын ала жергілікті жерге әсері зерттелместен алып енгізудің белгілі бір деңгейде қауіпті және тәуекелділігі жоғары екені анық. Оған мысал ретінде: шетелден келген асыл тұқымды малдардың немесе егілетін дақылдар тұқымдарының жерсінбеуі немесе түрлі ауруларға шалдығуын, тіптен гендік деңгейде өзгертулерден өткен ауырмайтын және шыдамды ауыл шаруашылығы өнімдердің тұтынуға жарамсыз немесе адам денсаулығына зиянды болуы мүмкін екенін айтса болады. Бұндай жағдайлардың барлығы тәуекелдерді ескермегендіктен пайда болатын жайттар.

Сондықтан, ауыл шаруашылығында тәуекелдерді зерттеу және жалпы тәуекелді басқарудағы ортақ проблемаларды анықтау қазіргі таңдағы Қазақстан экономикасының индустриалды-инновациялық бағытындағы даму үрдісіне қарай, зерттеулердің маңызды бағыттарының бірі болуда. Өйткені, тәуекелдерді алдын алу үшін, оларды болжау мен соған лайықты басқару шешімдерін қабылдау керек. Экономикалық процестер мен құбылыстар алуан түрлі болып келгендіктен, оларды болжамдау мен басқаруға бел бұған әртүрлі басқарушы тұлғалар да түрліше әрекет етеді. Нәтижеде күмәнді, қауіптілігі және тәуекелі жоғары кәсіпкерлік іс-әрекет жүргізіледі. Яғни, бұл жердегі басты мәселе

тәуекелге бару немесе бармау басқару шешімдерін қабылдаудың, болжамдардың дұрыс немесе бұрыс шығу мүмкіндігіне байланысты болып тұр.

Демек, ауыл шаруашылығы өнім өндірісінің тәуекелділігін азайту, алдын алуға жағдай жасау, яғни белгісіздікті азайту, саланы тұрақты дамытудағы өзекті бағыттың бірі болып табылады. Ауыл шаруашылығы өнім өндірісінің тәуекелділігін зерттеу арқылы келесі жетістіктерге қол жеткізуге болады, олар:

- өндірілетін ауыл шаруашылығы өнімдеріне сәйкес келетін тәуекел деңгейін болжау мүмкіндіктерін әдістемелік тұрғыдан жетілдіруге;

- ауыл шаруашылық өнімдері үшін тәуекелділік деңгейіне қарай мемлекеттік қолдау деңгейін анықтауға;

- ауыл шаруашылығы өнім өндірушілеріне тәуекелдерін тиімді жоспарлау үшін қажетті, әрбір өндірілетін өнім үшін тәуекел мөлшерін анықтайтын қажетті деректер қорын қалыптастыруға;

- ауыл шаруашылығы өнім өндірісінің тиімділігін арттыруға;

- елдегі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

- ауыл шаруашылығы саласындағы күтпеген шығындарды төмендетуге;

- елдің ауыл шаруашылығы саласының тұрақты дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік туады.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында тәуекелдерді басқару тиімділігін арттыру мәселесі және берілген мәселенің көпжақтылығы мен азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде қомақты ғылыми-тәжірибелік маңызының болуы осы зерттеу тақырыбын таңдауымызға септігін тигізді.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Экономикадағы тұрақсыздықтар мен белгісіздіктер және экономикалық тәуекелдер мәселелері – К.Маркс, Дж.Кейнс, А.Маршалл сияқты экономикалық ілім классиктерінің еңбектерінде қарастырылған.

Жалпы тәуекелдің теориялық және тәжірибелік негіздерін, оның құрылымдық және технологиялық аспектілерін: Н.Асамбаев, Е.Егорова, А.Альгин, М.Грачева және т.б. ғалымдар зерттеген. Ал кәсіпкерліктегі тәуекелдің тұстарын: Е.Серегин, М.Лапуста, Н.Адамчук және т.б. ғалымдар дамытқан.

Ауыл шаруашылығы саласында тұрақты өнім өндірісі, мемлекеттік реттеу ерекшеліктерінің құрылымдық жаңғыртуына Қазақстанның ғалым-экономистері жұмыстарында өз үлестерін қосты. Олардың ішінде: А.Әймен, Р.Аутов, Т.Әшімбаев, С.Әбдилдин, М.Кенжегузин, К.Белгібаев, У.Есқараев, Т.Есполов, Т.Есіркепов, Г.Қалиев, К.Сағадиев, А.Қошанов, А.Құралбаева, Ш.Көпешев, Р.Каренов, А.Сатыбалдин, А.Молдашев, Ж.Сулейменов, О.Сабден, Б.Мырзалиев, С.Турсунов және т.б. атаса болады.

Ауыл шаруашылығында тәуекелдерді зерттеуде қомақты үлес қосқан ғалымдардың ішінде: В.Hardaker, P.Bernstein, K.Coble, R.Kendall, F.Knight, F.Galton, J.Pheffer, W.Rowe, A.Willet, O.Mahul, A.Bora, J.Stiglitz, Д.Речмен, И.Балабанов, Н.Хохлов, В.Витлинский, В.Векленко, Г.Гольдштейн, Ю.Кинев, В.Макаренко және т.б. атап айтса болады.

Атап өткен шетелдік және отандық ғалымдар еңбектерінде жалпы тәуекелді басқарудың теориясы мен тәжірибесіндегі екі бағытта өрбіген, оның біріншісі тәуекел жағдайында қажетті әрекеттерді зерттеуге, тәуекел деңгейін анықтау, бағалау және соған сәйкес шешім қабылдауды қамтиды. Екінші бағыт ұзақ мерзімде, яғни стратегия құру негізінде тәуекелді басқаруға бағытталған.

Елімізде жүргізілген экономикалық реформалар ауыл шаруашылығын басқаруды қалыптастырып жетілдіруде. Бірақ, тәуекел түсінігі мен оны басқаруда, мемлекеттің тәуекелдегі үлесі бойынша тұрақты бір тұжырым жоқтығы салдарынан, ауыл шаруашылығы өнім өндірушілері қарсы келген тәуекелдермен әр қайсысы өз мүмкіндігінше күресуде.

Сонымен қатар, ерекше жағдайларға байланысты туындайтын тәуекелдер түрлері, олардың әртүрлі жылдардағы шығу себептері және ауыл шаруашылығы өнімдерінің нарқына әсері жете зерттелмеген. Халықаралық интеграциялық процестердің (ЕАЭО, ДСҰ) жандануы салдарынан туындайтын тәуекелдерді басқаруды зерттеу де маңызды мәселелердің қатарында тұр.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Зерттеу мақсаты ауыл шаруашылығы өнім өндірісінде тәуекелді басқарудың теориялық және әдістемелік аспектілерін анықтау, сонымен қатар Қазақстан ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының қызметі тиімділігі мен тәуекел факторларын бағалау болып табылады.

Мақсатты жүзеге асыру үшін төмендегідей тиісті міндеттерді орындау алға қойылған:

- аграрлық саладағы компаниялардың тәуекелді басқару негіздерін теориялық және әдістемелік тұрғыдан қарастыру;
- ауыл шаруашылығы өнім өндірісінде тәуекелді басқарудың шетелдік тәжірибесін зерттеу;
- Оңтүстік Қазақстан облысы мысалында аграрлық саланың даму ерекшеліктерін анықтау және талдау жасау;
- аймақтық ауыл шаруашылығы өнім өндірісін басқаруда тәуекел факторларын эконометриялық талдау негізінде бағалау;
- Оңтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылық кәсіпорындарын басқару тиімділігін негіздеу;
- ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының тәуекелді басқару бойынша негізгі мәселелерін анықтау;
- Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенін мемлекеттік қолдау жағдайын ескере отырып ауыл шаруашылығы саласындағы компаниялардың тәуекелді басқару жүйесін жетілдіруді негіздеу және даму болжамын жасау.

Зерттеу нысанасы – Оңтүстік Қазақстан облысының аграрлық саласының кәсіпорындары.

Зерттеу пәні – Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында, тәуекелді басқару жүйесінің дамуы мен қызметі барысында пайда болатын ұйымдастырушылық қатынастардың жиынтығы.

Зерттеу жұмысының теориялық және әдістемелік негізі. Зерттеу жұмысының теориялық негізі ретінде кәсіпорындар мен ұйымдарда тәуекелді

басқару бойынша, отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері мен монографиялары, экономика мен басқару саласындағы атақты ғалымдардың іргелі зерттеулері мен ғылыми еңбектері алынды. Диссертациялық жұмыстың әдістемелік негізін жалпы ғылыми және арнайы экономикалық зерттеу әдістері құрады. Диссертациялық жұмыстың негізгі тұжырымдарын негіздеу мен дәлелдеуде жүйелік, аналитикалық, логикалық, салыстырмалы, факторлық, статистикалық, топтау және корреляциялық талдау әдістері қолданылды. Оңтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы өнім өндірушілерінің көкейкесті мәселелері мен тәуекелді басқару мәселелері сауалнама негізінде зерттелінді.

Зерттеудің ақпараттық негізі. Диссертациялық жұмыста Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламалары, заңдары және нормативті актілері, стратегиялары мен тұжырымдамалары, Үкімет жарлықтары, Президент жолдаулары, Қазақстан Республикасы ұлттық экономика Министрлігі Статистика комитетінің статистикалық жинақтары мен Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы Министрлігінің ресми мәліметтері, сонымен қатар аграрлық саладағы ұлттық компаниялар мен мекемелердің ресми мәліметтері пайдаланылды. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы саласындағы отандық және шетелдік ғалымдар мен мамандардың еңбектері, «ҚазАгро» ұлттық холдингінің жоспарлары мен есептері, халықаралық агенттіктер мен Біріккен ұлттар ұйымының (БҰҰ) Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының материалдары, ауыл шаруашылығында тәуекелдерді басқару бойынша Scopus және Thomson Reuters деректер базасына енген мақалалар диссертациялық жұмыстың ақпараттық негізін құрады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық мәні. Зерттеудің ғылыми жаңалығы ауыл шаруашылығы өнім өндірісінде тәуекелді басқаруды жетілдірудің әдістемелік ұсыныстарын дайындауда, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын басқаруды оңтайландыру бойынша қаржы-экономикалық талдау жүргізуде және кәсіпорынды басқару тиімділігіне әсер ететін тәуекел факторларын зерттеуде эконометрикалық әдістерді қолдану мүмкіндіктерінен тұрады.

Зерттеу барысында алынған нәтижелердің ғылыми жаңалығы келесілерден тұрады:

– «ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын басқарудың» және «ауыл шаруашылығы тәуекелдерін басқарудың» авторлық анықтамасы берілді, ауыл шаруашылығы саласындағы түрлі ұйымдастыру-құқықтық формалары жүйелендірілді және ауыл шаруашылығы саласында тәуекелді басқаруды ұйымдастырудың ғылыми көзқарастары, қағидалары және тәжірибелік әдістері реттелініп ұсынылды;

– ауыл шаруашылығы өнімі өндірісінде тәуекелдерді басқарудың шетелдік тәжірибесі зерттелініп, ауыл шаруашылығы бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) көрсеткіштері сипатталды;

– Оңтүстік Қазақстан облысының агроөнеркәсіп кешенінің әлеуметтік-экономикалық дамуының талдауы арқылы, аймақтың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуді негізге ала отырып, ауыл шаруашылығы өнімі өндірісінде тәуекел факторлары бағаланды;

– ауыл шаруашылығы саласында кәсіпорындардың ресурстарын басқару бойынша қаржы-экономикалық талдау жүргізілді, соның ішінде ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау тәуекелдері, аграрлық компаниялардың салымдарының оңтайлы бағыттары, өсімдік және мал шаруашылығы өнім өндірісінің рентабельділік деңгейінің өзгеруіне байланысты шаруа қожалықтарының тәуекелдері талданды;

– Оңтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы өнім өндірушілерінің қызметін сауалнамалық зерттеу нәтижесінде тәуекелді басқару мен табыс арасындағы байланыстардың мәселелері, сонымен қатар ауыл шаруашылығы өнім өндірушілерінің несиелерге, жаңа технологияларға және машина мен құралдардың лизингіне қол жетімділігі деңгейі анықталды;

– шаруа қожалықтарын болашақта сақтандыру мүмкіндіктері мен техникалық және ауа райына байланысты тәуекелдерді азайту мақсатында Оңтүстік Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы өнімі жалпы шығарылымының өсу көлемінің өзгерісіне болжам дәйектелініп жасалынды.

Қорғауға ұсынылған негізгі ғылыми тұжырымдар:

– алдыңғы қатарлы шетелдік тәжірибелер негізінде және отандық экономика ерекшеліктерін ескере отырып ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпорында тәуекелдерді басқарудың әдістемелік тұстары;

– аймақтағы ауыл шаруашылығы өнім өндірісін басқаруда тәуекел факторларын топтастыру жүйесі;

– Оңтүстік Қазақстан облысындағы ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының өндірістік қызметін басқару үдерісінің тиімділігін анықтайтын қаржы-экономикалық талдау нәтижелері;

– Оңтүстік Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы өнім өндірісі көлемінің орта мерзімді болжамы;

– агроөнеркәсіп кешені экономикасының дамуында кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеуді жетілдірудің өзекті мәселелері мен дамыту бойынша ұсыныстары.

Жұмыстың теориялық және тәжірибелік маңызы жүргізілген зерттеу барысында алынған нәтижелер және қорытындылармен анықталады. Жұмыстың теориялық маңызын тәуекелді басқару негіздерінің теориялық-әдістемелік тұстары, басқару ғылымының маңызды түсініктері мен анықтамаларының нақтылануы, аймақ деңгейінде ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын басқару ерекшеліктерінің негізделуі, ауыл шаруашылығы өнім өндірісінде тәуекелдерді басқару үдерісін тиімді дамыту бойынша берілген ұсыныстары құрайды. Сонымен қатар, жұмыстағы теориялық зерттеу нәтижелері агроөнеркәсіп кешені кәсіпорындарында тәуекелді басқару жүйесі мәселелері бойынша зерттеу жұмыстарында қолданылуына болады.

Жұмыстың тәжірибелік маңызы, зерттеу нәтижелері мен

қорытындыларын кәсіпкерлікті дамыту саясатына қатысты республикалық және жергілікті органдармен, кәсіпорын басқармасы және түрлі деңгейдегі басқарушылармен, тәуекелді басқару бойынша жоспарлар мен тұжырымдамаларды дамытуда пайдалануға болатынымен ерекшеленеді. Сонымен қатар, зерттеудің қолданбалы тұстары ауыл шаруашылығы өнім өндірісінде тәуекелді тиімді басқаруды дамыту мақсатында басқару шешімдерін қабылдағанда, шаруа (фермер) қожалықтарын дамыту бойынша стратегиялық жоспарларда, аграрлық кәсіпорындар мен ұлттық компания басқарма қызметінің тәуекелдерді басқарудың стратегияларын дайындауда қолданылуна болады. Диссертациялық жұмыстың теориялық нәтижелері мен ұсыныстары ауыл шаруашылығы өнімі өндірісінде тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру бойынша ЖОО-ның оқу-әдістемелік үдерісінде және кадрларды жетілдіруде ақпараттық база ретінде қолданылуына болады. Сонымен қатар, ғылыми жұмыстың кейбір тұстарын «Менеджмент негіздері», «Стратегиялық менеджмент» пәндері бойынша силлабус және оқу бағдарламаларын дайындауда қолданылуына негіз бар.

Зерттеу нәтижелерін жариялау және апробациялау. Диссертациялық жұмыс Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Менеджмент және туризм» кафедрасының кеңейтілген мәжілістерінде 2014 жылы және 2015 жылы талқыланып ұсынылды.

Диссертациялық зерттеудің негізгі түйіндері мен қорытындылары автормен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда және ғылыми мақалалар мен тезистерде жарияланды.

Диссертациялық жұмыстың негізгі қорытындылары мен ұсыныстары автордың жариялаған 12 ғылыми еңбектерінде, соның ішінде шетелдік журналдарда – 1, Scopus цитаталау базасына енген шетелдік журналда - 2, Ғылым және Білім саласындағы Бақылау комитеті бекіткен ғылыми басылымдар тізіміне сәйкес – 3, Ресейлік ВАК журналында – 1, халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда – 5 баяндаманың тезистері жарияланды, оның 2-уі шетелдік халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда баяндалған.

Диссертациялық жұмыстың көлемі мен құрылымы. Зерттеу мақсаттары мен міндеттері диссертациялық жұмыстың көлемі мен құрылымын анықтап берді. Диссертациялық жұмыс құрылымы мазмұн, белгілер мен қысқартулардан, кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

1 АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ КӘСІПОРЫНДАРЫН БАСҚАРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ

1.1 Ауылшаруашылық кәсіпорындарын басқарудың ерекшеліктері мен ауыл шаруашылығындағы тәуекел түрлері

Ауыл шаруашылығы көне заманнан бері кележатқан жалпы адамзаттың азық-түлік, киім-кешек, құрал-сайман және тағы басқа күнделікті өмірге қажетті заттардың негізгі көзі болып табылады. Қазіргі таңда да ауыл шаруашылығын дамытудың мол әлеуеті бар. Өйткені, ауыл шаруашылығынан алынатын өнімдердің барлығы, егер қажетті технологиялық шарттар сақталынатын болса, қайта қалыпына келетін шикізат және дайын өнім қоры болып есептелінеді. Ауыл шаруашылығы өнімдері тұтынушыларына жетпес бұрын көптеген өндірістік циклдардан тұратын агроөнеркәсіп кешенінен өтеді.

Агроөнеркәсіп кешені (АӨК) – бұл ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін, қайта өңдейтін, сату, қоймаға сақтау, тасымалдау және тұтынушыларға жеткізуді, сонымен қатар өнеркәсіп өндірісіне қажетті шикізатпен қамтамасыз ететін бір бірімен тығыз байланысты салаларды қамтиды [3].

Ауылшаруашылық кәсіпорындарды басқарудың өзгешелігі ауыл шаруашылығы өнім өндірісінің төмендегідей ерекшеліктерінен туындайды:

1. Басқа салалармен салыстырғанда ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісі тек еңбек құралдары мен жұмыс күші арқасында ғана емес, сонымен қатар қолайлы табиғи-климаттық жағдайлар негізінде жүзеге асады. Бұл жерде ауылшаруашылық кәсіпорындарының өндіріс нәтижесіне көп жағдайларда сыртқы орта факторларының әсері шешуші орынды алады. Табиғи-климаттық жағдайлар әр облыста әртүрлі болып келетіндіктен, өндіріс тиімділігін арттыру үшін оларды ескерусіз қалдыруға болмайды. Бұл жағдайлар табиғи зоналар бойынша шаруашылықты жүргізу жүйелерінде ескеріліп жүзеге асырылуда.

2. Ауыл шаруашылығында жердің маңыздылығы басқа салалармен салыстырғанда өте жоғары. Жер тек еңбек ету объектісі емес, сонымен қатар өндірістің негізгі құралы мен еңбек нысаны ретінде пайдаланылады. Ауыл шаруашылығы өндірісіне тән ерекшеліктің бірі, ауыл шаруашылығы құрылымдық бірліктерінің басқару орталықтарынан біршама алыс территорияларда орналасуы болып табылады. Соның салдарынан орталықтың басқаруға қажетті ақпараттарды жинақтауы мен өңдеуі қиынға соғады. Өз кезегінде бұл шұғыл шешім қабылдаудың іркіліп қалуына септігін тигізіп, орталықтан басқарудың тиімділігін төмендетеді.

3. Егін егу, оған қарау және өнім жинау сияқты өндіріс кезеңдері және олардың ұзақтығы көп жағдайда табиғи биологиялық үдерістерге тікелей байланысты. Өндірістің маусымдық ерекшеліктері, сонымен қатар материалдық, еңбек, қаржы және басқа ресурстарды қолданудың әр маусымға байланысты өзгеріп отыруы, басқарушылардан оларды реттеу жолдарын

іздестіруді талап етеді. Бұл маусымдылық көрініс, әсіресе жұмыс күшімен камтамасыз етуде қатты сезіледі.

4. Ауыл шаруашылығында басқару шешімдерін қабылдау – жоғары деңгейдегі белгісіздік пен тәуекел жағдайында және ауа райына тікелей байланыста жүзеге асырылатын өте күрделі үдеріс.

5. Ауылшаруашылық кәсіпорындарында бірнеше жылдарға созылуы мүмкін өндірістік циклдардың ұзақтығы (көпжылдық өсімдіктерді еккенде), оларды басқаруды қиындатып және дағдарыстық жағдайдан шығуын бірнеше жылдарға тежейді.

6. Басқару органдарының құрылымына шаруашылық жүргізу мен иелік ету формасының көп түрлі болуы да қатты әсер етеді. Сонымен қатар шаруашылықтағы жалпы сұрақтарды (жалпы қызметтер, әлеуметтік және мәдени сұрақтары тағы басқалар) шешу мақсатында көлденең біріктірілген байланыстар да дами бастайды. Азық-түлік мәселесін шешуде әсіресе жеке шаруашылықтардың орны маңызды болғандықтан, оларды жан-жақты қолдап дамыту қажет.

7. Қала мен ауыл тұрғындары арасындағы өмір салты мен дәстүрлеріндегі өзгешеліктері басқарудың көптеген сұрақтарына ерекше назар аударуды қажет етеді. Әсіресе әлеуметтік сала көп көңіл бөлуді қажет етеді.

8. Экономикадағы алуан түрлі кәсіпкерлік формасы мен жеке шаруашылық иелерінің бар болуы, сонымен қатар жаңадан құрылған шаруашылық иелерінің кейбір басқару сұрақтарындағы қабілеттерінің жеткіліксіздігі басқаруда қиындықтар туғызады.

9. Мемлекеттік құзырлы органдарының агроөнеркәсіп кешенін көлденең және тігінен басқарылу мүмкіндігін қалпына келтіруге, басқарудың жаңаша тиімді құрылымдарын енгізуге, АӨК-нің дамуын мемлекеттік реттеу тетіктері мен ынталандыруды жетілдіруге, шаруашылық жүргізуші және иелік етуші субъектілер арасындағы ұтымды арақатынас жүйесін ұйымдастыру қажеттіліктерінің артуы байқалады.

Кәсіпорынды басқарудың ұйымдастыру құрылымы – бұл басқару жүйесін құрайтын бір бірімен байланыстағы және арақатынастағы реттелген элементтердің жиынтығы. Бұл элементтердің құрамы, орналасуы және тұрақтылық дәрежесі, олардың бір бүтін ретінде дамуы мен бағытталған іс-әрекет етуіне ықпалын тигізеді [4].

Нарықтық экономика іс-әрекет етуші агроөнеркәсіп кешенінің құрамындағы кәсіпорындарға өндірістерінің тиімділігін көтеруді ғылыми-техникалық прогресс негізінде, ауыл шаруашылығы өндірісін ұйымдастырудың тиімді формалары негізінде, иесіздік пен бассыздықты болдырмау негізінде, кәсіпкерлік тапқырлықты үдету және басқада нарықтық экономикаға тән құралдар негізінде жүзеге асыруды талап етеді.

Бұл міндеттерді шешуде ауылшаруашылық кәсіпорындарды басқару құрылымының ұйымдастырылу қағидалары мен заңдылықтарына маңыздылық берген жөн.

Ұйымдастыру құрылымының түрін анықтайтын қасиеттеріне: басқару механизмдерінің орталықтандыру мен орталықсыздандыру деңгейі, ұйымдастыру құрылымының күрделілік деңгейі және басқару механизмінің абстрактілік деңгейі көрсетеді. Осы анықталған қасиеттердің басымдылық деңгейіне қарай кәсіпорындарда қолданылатын ұйымдастырылу құрылымдарының нақты жағдайларға бейімделу деңгейін көрсетеді және шартты түрде бұл басқару құрылымының механикалық немесе органикалық түріне жататынын анықтайды.

Агроөнеркәсіп кешенінде кәсіпорындардың мемлекеттік, ұжымдық, кооперативтік, акционерлік, фермерлік және шағын тауарлық салалары қамтылған. Мұнда ауыл шаруашылығы, өңдеу және қайта өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындары мен бірлестіктерінің түрлі ұйымдастырылу-құқықтық формалары мен сәйкес басқару органдары бар. Мұндағы өндірілетін өнімнің жартысынан көбі жекеменшік кәсіпорындардың үлесіне тиесілі.

Ауыл шаруашылығы өнім өндірісінің ұйымдастырылу-құқықтық формалары – бұл экономикалық жекеленген және заңды түрде танылған, экономикалық байланыстарына сәйкес келетін белгілі бір иелік ету формасын таңдап, өндірісті жүзеге асыру әдістері мен құрылымы белгіленген, өндірістік қызметті жүзеге асыратын ұйымдасу түрлері болып табылады. Ауыл шаруашылығындағы кәсіпорындарды ұйымдастырудың құқықтық формаларын тренірек қарастырып көрейік.

Нарықтық экономикада барлық кәсіпорындар коммерциялық және коммерциялық емес болып екіге бөлінеді. Коммерциялық кәсіпорындарға қарағанда коммерциялық емес кәсіпорындардың, кәсіпкерлік іс-әрекет жүргізгеннің өзінде басты мақсаты пайда табу болып табылмайды және қандай да бір табыс табатын болса да, ұйым мүшелері арасында бөлінбейді [5].

Коммерциялық емес кәсіпорындарға ауыл шаруашылығы тұтыну кооперативтерін, мемлекет не басқа иелік етуші тұлға мен қаржыландыратын ауыл шаруашылық мекемелерін (мысалы, ғылыми), ауыл шаруашылығы кооперативтерінің одағы немесе ассоциациясын жатқызса болады.

Коммерциялық ұйымдар клесідей ұйымдастырудың құқықтық формасында құрылуы мүмкін, оларға: қоғамдар мен серіктестіктерді, өндірістік кооперативтерді, мемлекеттік, муниципалдық және жеке кәсіпорындарды, шаруа және фермер қожалықтарын жатқызса болады. Олар заңды түрде шектелмеген кез келген іс-әрекетпен айналысуына болады. Мысалы, ветеринариялық қызмет, жерге байланысты жобалау жұмыстары, мемлекеттік қажеттіліктер үшін бидай мен оның өнімдерін сату мен сатып алу, тасымалдау, өңдеу және сақтау қызметтері және басқаларын атаса болады.

Қоғамдық шаруашылық ретінде пайда табу мақсатында қоғамның кәсіпкерлік қызметке қатысуы үшін, заңды немесе жеке тұлғалармен мүліктерін біріктіру арқылы құрылған акционерлік қоғамдар, жауапкершілігі шектеулі қоғамдар, қосымша жауапкершілікті қоғамдар, толық және коммандиттік қоғамдар және басқада шаруашылық ету субъектілері танылады [6].

Кооперативтер – бұл қоғам және ұжымның қызығушылықтарының кооператив мүшелерінің материалдық қызығушылықтарымен сәйкес келіп, өзіндік қаржыландыру, өзіндік басқару және тәуелсіздік қағидаларына негізделіп, өз мүліктерінің негізінде шаруашылық және басқа қызмет түрін жүргізетін, қызығушылықтары ортақ иелерінің ерікті ұйымдасуы.

Жеке кәсіпорындар – бұл жеке тұлғаның меншігіне және басқаруына негізделген кәсіпкерлік қызметті ұйымдастырудың ең қарапайым формасы. Олар шаруашылық қызметті жүргізуші басқа субъектілермен тең дәрежеде болып өз мүліктерін өздері басқарады. Жеке иеліктегі кәсіпорындардың жақсы жақтарына: құру оңайлығын, басқару шешімдерін қабылдауда толық еріктіліктің болуын, іс-әрекеттердің еркіндігі мен шұғылдығын, табыстарды еркін иелік ету, басқару еріктілігін және төмен ұйымдастыру шығындарын жатқызса болады. Ал жеке иеліктегі кәсіпорындардың кемшіліктеріне сырттан көп мөлшерде қаржыны тарту қиындығы мен басқару персоналының төмен мамандануын айтса болады.

Шаруа қожалықтары – пайда табу мақсатында құрылып, заң шекарасында кәсіпкерлік қызмет жүргізуге еркі бар, шаруашылық ішінде бөлімшелерден құралған (бригада т.б.) шаруашылық түрі.

Фермерлік шаруашылық – бұл азаматтардың тауарлық ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруді, өңдеуді және өткізуді қолға алған кәсіпкерліктің бір түрі. Фермерлік шаруашылықтарымен қатар, ұжымдық және мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындары нарықтық қатынастар негізінде тұтынушыларды азық-түлікпен және ауыл шаруашылығы шикізатымен қамтамасыз етуді мойнына алады. Фермерлік шаруашылықтар өзін-өзі қаржыландыру және шығынсыздық қағидалары негізінде шаруашылық жүргізеді. Оларға жерді жел мен судың жойқын әсерінен сақтап, басқа жер иеленушілер мен жер пайдаланушылардың құқықтарын бұзбай тиімді пайдалану жүктелген.

Сонымен, ауыл шаруашылығындағы кәсіпкерліктің түрлі ұйымдастыру-құқықтық формаларын зерттей келе, біздің пікірімізше «ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын басқарудың» келесідей анықтамасын беруге болады.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын басқару – бұл тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру негізінде өнімді өткізу мен пайда табуды мақсат еткен, өндіріс пен қызмет көрсетуде табиғи факторларды, жұмыс күшін, еңбек заттары мен құралдарын ұйымдастырушылық және технологиялық тұрғыда өзара әрекеттестігін қамтамасыз ету негізінде ауыл шаруашылығы өнім өндірісін өз күшімен тиімді кәсіпкерлік қызмет көрсетуге бағыттаған шешім қабылдау үдерісі.

Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы өнімін өндіру бұл кәсіпкерліктің бір түрі. Ал кәсіпкерлік көптеген дамыған елдердің экономикалық дамуының қозғаушы күші ретінде танылады. Демек, ауыл шаруашылығындағы кәсіпкерлікті қолдау, еліміздің экономикасын әртараптандыру арқылы тұрақты дамуына қол жеткізуге болады.

Бірақ осы әлеуетті толығымен жүзеге асыру үшін ең алдымен ауыл шаруашылығы дамуында кедергі болып тұрған негізгі мәселелердің шешімін

тапқан жөн. Бұл мәселелердің ішіндегі ең маңыздысы ол ауыл шаруашылығы өнім өндірісін тежеуші факторлардың бірі болып табылатын ауыл шаруашылығы тәуекелдерін басқару мәселесі. Бұл мәселенің анық қанығана жету үшін алдымен тәуекел сөзінің шетелдік және отандық әдебиеттердегі берілген сөз түбірін және анықтамаларын қарастыру қажет.

Қазақ тіліндегі «тәуекел» сөзі айтылғанда көбіне: «не де болса, нар тәуекел; тәуекелге бару; тәуекелге бел байлау; тәуекел ету; тәуекел етуден қорыққан жоқ» - деген сөздермен бірге айтылады [7]. Бұлардың барлығы қиындыққа қарсы жүруді, қиындықтан қорықпауды және батыл болуды меңзейді. Сонымен қатар ата-бабаларымыз тәуекелге байланысты болашақ ұрпағын түрлі қауіптерден сақтануы үшін немесе өз тәжірибелерімен бөлісу үшін қалдырып кеткен қазақ халқының арасында кең тараған мақалдар да көптеп кездеседі. Мысалы: «Уайым түбі тұңғыйық, батасың да кетерсің, тәуекел түбі жел қайық өтерсің де кетерсің» немесе «Тәуекелсіз іс бітпейді, тәуекел етпеген арықтан өтпейді» [8]. Бұл мақалдарда тәуекел көбіне батырлық, ерлік ретінде қарастырылып, істің алға басуының нысаны ретінде ой қалдырады. Яғни тәуекел етпеу демек бір орында тұрумен бірдей. Бұл мақалдардың тәуекелдерді алдын алу қасиеті бар, яғни оны білгендер өткен қателіктерден сабақ алып отырады. Сондықтан бұл жақсы дәстүрге авторлық үлес ретінде келесі екі шумақты ұсынамын: «Тәжірибелі, көпті көрген, тәуекелді көреген». Екі шумақтың мағынасы өзі айтып тұрғандай, тәжірибелі адамдардың тәуекелдерді алдын алу бойынша мүмкіндіктері жоғары болатындығы жайлы баяндайды. Бұл тәжірибелі адамдардың тәуекелге мүлде бармайды деген сөз емес, тек тәуекел етпес бұрын бүкіл тәжірибесін көз алдына салып, сақтықпен іс әрекет етуге машықтанғандығын көрсетеді.

«Тәуекел» сөзінің этимологиясын, яғни шығу тегін қарайтын болсақ, Е.Б. Бекмұхаметовтың «Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздері» атты түсіндірме сөздігінде араб тілінен «тәуәккәл» - алға қойған мақсатқа ешқандай жалтақтамай, батыл кірісу деген мағынада берген. Тәуекел сөзіне мысал ретінде Сәбит Мұқанов шығармасынан бір үзінді келтіреді: «Тәуекелге бел байлаған Бөкей атын борбайға қойып жіберіп, бураға қарсы ұмтылды, бура бұған ұмтылмады» [9].

Ал қазақ тіліндегі «тәуекел» сөзіне сәйкес келетін «риск» сөзінің шығу тегі жайында, шетелдік әдебиеттерде түрлі ойлар бар, көбіне француз тіліндегі «risque» - қауіп [10], ал кейде грек сөзінің шығу тегінен, яғни грек тіліндегі - «rizikon» орысшаға аударғанда «скала» немесе қазақ тілінде «су астындағы күз, жартаc» деген ұғымға келеді [11]. Бұл ұғымды, ұлы географиялық ашылуларға үлес қосқан, сол замандағы Еуропа теңіз саяхатшылары жалпы су астындағы көрінбейтін жартастардан батып кету қауіпін көрсету үшін қолданған болар. Риск сөзінің түрлі диалектілерге сәйкес еуропа тілдерінде кішкене өзгеріс тапқан баламалары кеңінен қолданылады. Мысалы: немісше – «Risiko», ағылшынша – «risk», французша - «risque», италиян тілінде «rischio», испанша «riesgo», түрікше – «risk», яғни олардың барлығының түбі бір екені анық. Енді шетелдегі тәуекел немесе риск ұғымының дамуын зерделеп көрейік.

Қалайда болса «тәуекел» сөзі әлем халықтарының сөз қорына ертеде кірген және шығу себебі теңізшілер мен теңіз байланысы арқылы сауда жасайтын саудагерлерге төнетін қауіптерді сипаттау мақсатында тундағаны анық болды. Көбіне саудагерлерге келетін қауіптерді ақшалай шығын ретінде бағалап қабылдаған. Тәуекел белгісіздік, сенімсіздік және қорқыныш нәтижесінде екі жақты қарастырылды, біріншіден «теріс нәтиже», ол шаруашылыққа келетін шығындармен сипатталады, ал екінші жағынан «оң нәтиже» болғанда, тәуекел үлкен табыстарға жеткізді.

P.L. Bernstein тәуекел сөзін италяндың «risicare» - яғни, шешім қабылдау деген сөзінен шыққан деп тұжырымдайды. Бұл мағынада тәуекел таңдауға, яғни нәтиже дұрыс шешім қабылдауға байланысты дейді [12].

Тәуекел түсінігі көбіне анық емес жағдайларды сипаттауда қолданылады. Бұндай жағдайларда тәуекел, болашақтағы болатын адамзат үшін маңызы бар жаңа құбылыстарды сипаттау мақсатында қолданылады. Бұл құбылыстардың төмендегідей екі маңызы бар:

1) Тәуекел ету арқылы, адам өз айналасындағы оқиғаларға араласуына байланысты осы оқиғалардың нәтижесіне жауапты.

2) Тәуекелге адам қиындығына қарамастан батылдығы арқасында барады.

Адам әрқашанда өзіне қатысы бар немесе қатысы жоқ тәуекелдер арасында өмір сүруде. Ертеректе тәуекелдерді анықтау қиын болғандықтан, тәуекелдердің нақты себептерін болжамдау және онымен күресу мүмкін болмады. Тәуекел ету кез келгеннің қолынан келмеді, сондықтан тәуекел ету батылдық ретінде танылды.

Тәуекелден туындайтын қауіп-қатерге қарсы шаралар қабылдау мүмкіншілігі, адамзат даму барысында жинақталған білімінің бірте-бірте артуы нәтижесінде пайда болды.

Адамдарға келуі мүмкін зияндар мен материалдық немесе басқада шығындарға әкелетін факторлар, әсерлер немесе жағдайлар жиынтығы тәуекелді сипаттады.

Қауіптіліктің тәуекелден ерекшелігі міндетті түрде зиян шегілуінде. Ал тәуекел туралы белгісіздік жағдай болғанда айтылады. Болған шығын ол тәуекел емес нақты оқиға. Тәуекел адам іс әрекеті болғанымен, тәуекелге адамдар саналы түрде немесе анықталған күйде бара бермейді.

Тәуекел басқа көзқараспен – бұл белгілі бір істегі мақсатқа жетуге арналған мүмкін болатын іс-қимылдар жиынтығы. Бірақ іс-қимылдардың көздеген мақсатқа жетпеуі мүмкіндігін ескерген де жөн. Нақты тәжірибеде бір жағдайды әр адам түрліше қабылдауы мүмкін. Жағдайларды бірдей бағалауға мүмкіндік болу үшін, бәрінің мақсат туралы нақты бірдей ақпараты болуы керек. Тәуекел жалпы жағдай туралы ақпараттың жеткіліксіздігінен болады. Оның бір себебі адамдардың өзара байланыстарындағы кедергілерден туындаса, келесі бір себебі кездейсоқ мінездегі техникалық ақаулардан болады.

Осылайша тәуекел саналы іс әрекет немесе іс әрекет жасау қажеттілігінен пайда болады. Бірақ, белгілі бір жағдайларда әрекетсіздіктің өзі тәуекелге апарды. Ал кейбір жағдайда әрекет еткеннің өзінде тәуекелді алдын алудың өзі

белгісіз. Жалпылама түрде тәуекел-бір немесе бірнеше мақсаттарға жетуге ақпаратың жетіспеушілігімен анықтауға болады.

Саналы түрде шешім қабылдайтын адамдар сырттан келетін және әсер ету қиын қауып қатер болмаса тәуекел болмайтынын айтады. Техникалық прогрестің нәтижесінде тәуекелге қарағанда қауіп қатерлер жылдам артуда. Тәуекел көптеген мүмкіндіктерден тұратын болғандықтан әр салаға сәйкес келетін, бәрін қамтитын, басқа сөзбен айтқанда бірыңғай тәуекел ұғымы жоқ деген ой көп таралған. Оған дәлел ретінде төменде көптеген ғалымдардың тәуекел туралы ой пікірлері сарапталған.

Экономикалық қызмет барысында шаруашылық жүргізуші субектілер түрлі тәуекел формаларымен кезігеді. С.Коменденко және Д.Ендовицкийдің пікірінше тәуекел, болашақтағы табыстар мен шығындардың белгісіздік деңгейі ретінде қарастырылады [13].

Экономикада басқару шешімдері белгісіздік жағдайында қабылданып түрлі тәуекел деңгейімен сипатталады. Экономика саласындағы белгісіздік, оған байланысты техникалық прогрестің даму бағытын, тұтынушылардың сұраныстарының өзгеруін, нарықтағы өзгерістерді, ауа райы өзгерістерін және тағы басқаларын алдын алу білу қиындығынан туындайды.

В.В. Витлинский экономикалық қызметтегі белгісіздіктің негізгі факторларына келесілерді жатқызады:

- бәсекелестер немесе серіктестердің іс әрекетіндегі белгісіздіктер;
- әлеуметтік экономикалық ортада және басқарудың дамуына көп мағыналы болжамдық бағалау;
- шешім қабылдау барысында көп түрлі жағдайларды ескеру қажеттілігі мен мақсаттардағы белгісіздік;
- шешім қабылдау үшін ақпараттардың жеткіліксіз болуы;
- шешімді негіздеу үшін уақыт тығыздығы.

Оның ойынша тәуекел - қауіптер және ашылмаған мүмкіндіктермен күрделенген, экономикалық қатынастар барысында субектілер арасында мақсатты анықтау, басқару, шешім қабылдау процесінде қайшылықтар және белгісіздіктердің бар екендігін объективті түрде көрсететін экономикалық категория болып табылады [14].

О.В. Романченко тәуекелді екі бағытқа бөліп қарастырады. Бірінші бағыт бойынша тәуекелді оқиғаның нәтижесі ретінде анықтайды. Яғни, тәуекелді алға қойған мақсаттан ауытқуға алып келетін, белгісіздікке және күтпеген қауіпті оқиғалардың болу мүмкіндігіне теңейді. Сонымен қатар тәуекелді бағалау және таңдау жасауды қажет ететін әрбір іс қимылдың баламаларының болуымен және солардың ішінде тиімдісін таңдаумен сипаттайды. Ал екінші бағыт бойынша тәуекелдің өзін бір үдеріс, іс-әрекет ретінде қарастырады. Яғни мақсатқа жету барысындағы іс-қимылдардың жиынтығы, бұл іс-әрекеттер кейде сәтті, кейде сәтсіз аяқталуы мүмкін [15].

М.В. Грачева мен И.М. Волковтың, сонымен қатар Б. Изатулаеваның ойынша тәуекел, жобаларды жүзеге асыру барысында тек қана қауіп-қатер және күтпеген жағдайлармен сипатталады [16; 17].

А.Стрельцов және О.Цамутали кәсіпорынға байланысты тәуекелдің үш көрінісін сипаттайды: біріншісі бойынша кәсіпорынның өз ресурстарының бір бөлігін жоғалтумен; екіншіден, басқа жерден алған ресурстарды жоғалту мүмкіндігімен; үшіншіден, шаруашылық жүргізу барысында қосымша шығындардың пайда болуымен немесе күтілген табысқа жете алмаумен сипатталады [18].

И.Д. Сердюкованың ойынша кәсіпорын өзінің шаруашылығын жүзеге асыру барысында болу мүмкін шығындарды тәуекелмен байланыстырады [19]. Ал В.Н. Жованиковтың ойынша тәуекелдің кәсіпкерлікке әсері күтілмеген оқиғалармен қатар болжамдалған оқиғалармен сипатталады [20]. Бұл авторлар тәуекелді көбіне шығындармен сипаттайды. Ал келесі авторлар тәуекелді тек шығындармен емес, сонымен қатар қомақты табыс көзі ретінде сипаттайды.

С.Филин тәуекелді тек шығындар ғана емес, сонымен қатар белгісіздік жағдайында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру барысында ресурстарды жоғалту, аз табыс алу немесе күтпеген шығынға батумен қатар, қомақты мөлшерде табыс алу мүмкіндігін алға тартады [21].

Ю.Ю. Киневтің ойынша да тәуекел ету барысында кәсіпорын ұтуы да немесе ұтылуы да мүмкін, бірақ оның негізгі себебін кәсіпорынның іс әрекеті мен қатар әрекетсіздігінен де көреді. Яғни кәсіпорынның қате әрекеті немесе мәселелерді шешпей әрекетсіздік танытуы, теріс нәтижеге алып келер ең тез жол деп біледі [22].

О.В. Романченконың екінші бағыты сияқты Ю.С. Масленчиков және Ю.Н. Тронин тәуекелді алға қойған мақсатқа жетуге бағытталған іс әрекетке теңестіреді және бұл іс-әрекет барысында әртүрлі қауіп-қатер немесе сәтсіздіктер сияқты кедергілер болатынын айтады [23]. А.П. Альгиннің ойынша шаруашылық жүргізуші субъектілер, тәуекел ету барысында баламалардың арасында таңдау жасайды, таңдау нәтижесі мақсатқа жету немесе мақсаттан ауытқуды білдіреді [24]. Е.В. Серегиннің жоғарыдағы авторлармен келісе отырып, сонымен қатар тәуекел белгісіздікті жеңуге мүмкіндік беретін қызмет деп сипаттайды [25].

А.Г. Ивасенко тәуекелді нарықтық қатнастағы субъектілердің қызметін жағдайлық мазмұнда қарастырып, оның нәтижесін оң немесе теріс болу мүмкіндігімен сипаттайды [26].

Н.В. Хохлов тәуекелі бар объектілердің болуына байланысты, оларды қауіпті жағдайларға көбінесе төзе алмауымен сипаттайды [27]. И.Т. Балабановта тәуекелді оқиға ретінде қарастырып оның болу және болмауы мүмкіндігімен сипаттайды. Сонымен қатар, оқиға болған жағдайдың өзінде теріс нәтиже, нөлдік нәтиже немесе оң нәтиже де болуы мүмкіндігін алға тартады [28].

Е.Е. Егорова тәуекелі бар жағдайдың болу мүмкіндігін бағалау арқылы, іс-әрекет жасаудың балама жолын таңдау мүмкіндігімен сипаттады [29].

Ю.Н. Трониннің ойынша тәуекел - бұл көп варианттардан тұратын, ең кемінде бір қауіпі бар белгісіздіктердің болуы мен сипатталатын, баламалардың

арасынан таңдау жасау арқылы субьектінің қабылдайтын шешімінің мазмұны болып табылады [30].

Тәуекел етудің табиғатын тереңірек түсіну мақсатында William D. Fallon «Стратегиялық тәуекелдерді басқару» кітабында, ең алдымен одан ұту мүмкіндігін алға тартып қарастыруды қолданады [31]. Оған сәйкес тәуекел таза тәуекел және өзгермелі тәуекел болып екі категорияға бөлінеді. Таза тәуекел түбінде шығындарға алып келеді. Ал өзгермелі тәуекел аяғы шығынға да, кейде табысқа да алып келуі мүмкін.

Егерде біреу іс-әрекет жасап табысқа жетуді ойласа, сол кезде ғана шығынға алып келуі мүмкін қауіп-қатер мен қиын жағдайлар туындайды. Мүмкіндіктің өзі тәуекел болып есептелмейді, өйткені тәуекел алдын ала балжамданған нәтижеге жете алмау мүмкіндігі болып табылады. Бұған қатысты William D. Rowe өзінің «Тәуекел анатомиясы» деген кітабында тәуекелді кейбір іс-әрекеттердің жағымсыз немесе теріс нәтижеге алып келу мүмкіндігімен сипаттайды [32]. Heidelberg R. Kendall ойынша да тәуекел бұл шығын немесе зиян шегу болып табылады [33]. Олардың еңбектерінде қауіптер болашақтағы қате шешімдердің тізбегі ретінде қарастырылады. Сондықтан әрбір мүмкін қауіптердің себептерін табу керек.

Тәуекел экономикада ең алдымен кәсіпкерлікке тән құбылыс. Сондықтан нарықтық экономиканы тәуекелден бөліп қарастыруға болмайды. Нарықтық экономика белгісіздік пен қауіпке тола орта болып есептелінеді.

Сенімсіздік ұғымын Дж.М. Кейнс және оның бағытын жалғастырушылар ең алдымен уақыт өлшемімен қарастырады [34]. Олар сенімсіздік пен тәуекелді бөліп қарастырған. Тәуекел олар үшін болжамдалған мүмкіндікке бағынатын оқиға ретінде қарастырылып, математикалық формулалармен анықталуы мүмкіндігін алға тартады.

Сонымен қатар тәуекелді: ақталған және ақталмаған тәуекел ретінде бөліп қарастырған жөн сияқты. Егер күтілетін табыс мүмкін шығындардан айтарлықтай көп болса – бұл тәуекел ақталған. Ал егер де күтілетін табыс мөлшері сәтсіз жағдай нәтижесінде болуы мүмкін шығындардан аз болса, онда бұл ақталмаған тәуекел болады. Автордың ойынша ақталмаған тәуекелге барудың мәні жоқ. Өйткені сәтсіздікке ұшырамағанның өзінде одан алынатын табыс көлемі мардымсыз немесе бекер болып табылады.

Сонымен жоғарыдағы түрлі пікірлерді ескере келе, автордың жеке пікірі бойынша «Тәуекел сөзінің бар болуының себебі - адамға іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі барысында қауіптіліктің бар екендігін сезіндіретін механизм» ретінде түсінген дұрыс көрінеді. Яғни, тәуекел ұғымының бар болуының өзі, адамды түрлі қатерлер мен қателіктерден қорғану механизмі және объективті қажеттілік ретінде пайда болған деп қарастырса болады. Себебі тәуекел етпестен бұрын адам тәуекел етсе не ұтады, тәуекел етпесе не болады деген жеке өз ойы болуы тиіс. Тәуекел ету жеке тұлғаның өзіне байланысты іс-әрекеті, яғни нәтиже қандай болса да, оған жауапты болатын шешім қабылдаушы тұлға болады. Сондықтан кез келген шешімдерді қабылдағанда ең

алдымен тәуекелдерді ескеру, оны алдын алудың тиімді мүмкіндіктерін қарастыру керек және сақ болу қажет.

Тәуекелдердің әр салаға байланысты өз ерекшеліктері бар және мейлінше көп түрлерге бөлінеді. Ауыл шаруашылығына байланысты тәуекел түрлерінің көп болуы, оларды белгілі бір қасиеттері бойынша топтастыруды қажет етеді.

Шетелдік ғалымдар ішінде ауыл шаруашылығы өнім өндірісіндегі тәуекелдердің түрлерін топтасыру мен белгісіздіктерді анықтауға қомақты үлес қосқан J.B. Hardaker, R.Huirne және J.R. Anderson сияқты ғалымдарды айтса болады.

Олар өз зерттеулерінде ауыл шаруашылығы тәуекелдерін: өндірістік тәуекелдер, қаржылық тәуекелдер, адам ресурстарының тәуекелдері және нарықтық тәуекелдер деп 4 негізгі топқа бөліп қарастырды және ауыл шаруашылығын дамыту үшін бұл тәуекелдерді басқару қажеттігін атап өтті (сурет 1) [35].



1-сурет – Ауыл шаруашылығы тәуекелдерін негізгі тәуекел түрлері бойынша топтастыру


Ескерту: [35] дереккөз негізінде автормен дайындалған

Бірінші суреттегідей тәуекелдерді негізгі тәуекел түрлері бойынша топтастыру әрине ыңғайлы. Бірақ тәуекелдерді тереңірек сипаттау үшін және оның пайда болу көздерін анықтау үшін ауыл шаруашылығы тәуекелдерін жүйеге байланысына қарай: жүйелік тәуекелдер және жүйелік емес тәуекелдер болып бөлген дұрыс көрінеді (сурет 2).

Бұл жерде жүйе ретінде ауыл шаруашылығы өнім өндірушісі және оны құрайтын барлық бірліктері танылады.

Жүйелік тәуекелдер – жүйе ішінде пайда болып, өндіруші тарапынан алдын алу шаралары мен тәуекелді басқару саясатын жүргізу арқылы, бұл тәуекелдердің әсерін азайтуға немесе мүлдем жоюға мүмкіндігі бар. Жүйелік тәуекелдерді микро немесе ішкі тәуекелдер деп те атайды.

Жүйелік емес тәуекелдер – өндірушіге сырттай әсер етіп, болжануы өте қиын ауа райы немесе табиғи апаттар сияқты тағыда басқа тәуекелдерді қамтиды. Кейде жүйелік емес тәуекелдерді макро немесе сыртқы тәуекелдер деп те атайды.



2-сурет - Ауыл шаруашылығы тәуекелдерін жүйеге байланысына қарай топтастыру

Ескерту: [36] дереккөз негізінде автормен дайындалған

Ауыл шаруашылығындағы тәуекелдерді қарастырғанда ең алдымен экономикалық маңызын қарастырған жөн. Экономикалық тұрғыдан қарағанда ауыл шаруашылығы үшін материалдық шығынға ұшырау тәуекелдің ең ауыр түрі. Себебі әрбір экономикалық сәтсіздік келесі өндіріс циклына кері әсерін тигізіп отырады. Барлық ауыл шаруашылығы өнім өндірушілері белгілі экономикалық заңдылыққа бағынады. Яғни кез келген іс әрекетінің нәтижесі тиімді немесе пайдалы болуы тиіс. Бұл тұрғыдан ауыл шаруашылығы өнім өндірушілеріне экономикалық іс-әрекеті аясындағы тәуекелдердің өзін: ішкі тәуекелдер, сыртқы тәуекелдер және белгісіз тәуекел түрлерін бөліп, келесідей жүйелеп қарастырса болады (3-сурет). Тәуекелдердің нысанаға жүйеленген сызбанұсқасының артықшылығы ондағы тәуекелдердің басқарылу реті бойынша ортадан шетке қарай орналастырылуы болып табылады.

Ішкі тәуекелдер - кәсіпорын территориясында әртүрлі қателер және жеткіліксіз ақпарат нәтижесінде кәсіпорынның ішкі жүйелерінде пайда болады. Оларға экономикалық, өндірістік, ұйымдастыру және инновациялық тәуекел түрлерін жатқызса болады. Ең алдымен ішкі тәуекелдер қолға алынған жөн.

Экономикалық тәуекел - кәсіпкерлердің алға қойған мақсаттары және оларды жүзеге асыру мүмкіндігін бағалайтын экономикалық категория болып табылады. Тәуекелдің бұл түрін қарастырғанда міндетті түрде оған байланысты: саяси, құқықтық, экологиялық, жаһандық және басқа жағдайларды ескеруге тура келеді. Сонымен қатар алға қойған мақсатқа барар жолда күтпеген белгісіз тәуекел түрлері де көп. Осыларды ескере келе экономикалық шаруашылық қызмет барысындағы тәуекелді, белгісіздік немесе ақпараттық жетіспеушілік нәтижесінде мақсаттың орындалмай қалу мүмкіндігімен сипаттаса болады. Яғни, бұл әрбір тәуекел түріне байланысты қажетті ақпарат болса, онда сәйкес тәуекелді де алдын алуға болады деген сөз. Сондықтан әрбір

негізгі экономикалық тәуекел түрлерінің ерекшеліктері мен себептеріне тоқталып кетейік.

Өндірістік тәуекелдер – басты назарда болуы тиіс ішкі тәуекелдердің ең маңыздысы. Бұндай тәуекел, жүзеге асыруға бел буылған өндіріс туралы білім мен тәжірибенің жетіспеушілігінен болады. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы өндірісінің негізгі факторы ретінде жердің жағдайы, яғни құнарлығы, су жағдайы, жердің орналасуы, табиғи-климаттық ерекшеліктеріне байланысты болады.



3-сурет - Тәуекелдердің экономикалық нысанаға жүйеленген сызбанұсқасы

Ескерту: автормен дайындалған

Мақсат тек өндіріс ошағын құру емес, оның ары қарай өміршеңдігі және нарықтық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету. Сондықтан, тек практикалық тұрғыдан өміршеңдігі дәлелденген өндіріс түрінде ғана тәуекел төмен болады.

Ұйымдастырушылық тәуекелдер – кәсіпорын деңгейінде бақылау және ұйымдастыруға жауапты тұлғалардың әртүрлі себептерге байланысты, өз жұмыстарын тиісті деңгейде орындамаудан туындайды.

Ұйымдастырушылық тәуекелдердің пайда болу себептеріне ең алдымен біліктілік, білімділік сияқты адами факторларды және жаңа технологиялар, компьютерлік қауіпсіздік сияқты техникалық факторларды жатқызса болады. Сонымен қатар, жаһандану, ақпараттық технологиялар, әрбір жұмысшының міндеттері мен жауапкершіліктерінің дұрыс жүктелмеуі, қажетті ақпараттың болмауы немесе қате болуы, есептіліктегі қателер және әрбір тәуекелге қарсы

тұру жоспарындағы кемшіліктердің болуы, яғни ұйымдастырудағы кемшіліктердің барлығы ұйымдастыру тәуекелдеріне әкеледі.

Инновациялық тәуекелдер – бұрын қолданылмаған жаңашылдықтарды алғашқы рет қолданғанда белгісіздіктен және өзгерістен туындайтын тәуекел түрі. Оның ең басты себебі жаңа технологияларды енгізудегі асығыстықты, ғылыми зерттеулердің төмен дәрежесін және оның жүйелі түрде ұйымдастырылмауын айтса болады. Яғни әрбір жаңа нәрсе күнделікті өмірге енгізілместен бұрын жан-жақты сынақтан өткені абзал. Әсіресе Қазақстанның индустриалды-инновациялық дамуға бағытталуы бұл тәуекелдерді және мүмкіндіктерді арттырады.

Сыртқы тәуекелдер – кәсіпорынға сырттай әсер етіп, кәсіпорын оның әсеріне тек бейімделу арқылы қарсы тұра алады. Сыртқы тәуекелдерді бірнеше топқа бөліп қарастырса болады: біріншісі, мемлекеттің құрылымына қарай саяси, нарықтық, құқықтық тәуекелдер; екіншісі, қарсы тұру мүмкіндігі мен әсер ету аумағына қарай жоғары күшті жаһандық, климаттық, экологиялық тәуекелдер; үшіншісі, қаржыға байланысты несиелік, валюталық тәуекелдер; төртіншісі, адами фактордан туындайтын психологиялық, әлеуметтік тәуекелдер.

Бірінші топтағы саяси тәуекелдер экономикаға әсері жағынан ең маңыздысы. Себебі, ол елдегі саяси ақуал, оның әкімшілік шешімдері мен мемлекеттің бағытын және жұмыс шарттарын анықтайды. Оның экономикаға оң немесе теріс әсері, қабылданған саяси шешімнің дұрыстығына тікелей байланысты. Осы саяси орта экономиканың нарықтық немесе жоспарлы экономика болатындығын заң шығару арқылы анықтайды. Ол заңдардағы кемшіліктер мен жетіспеушіліктер құқықтық тәуекелдерді тудырады.

Екінші топтағы тәуекелдерді жоғары күшке ие, яғни оған қарсы тұру мүмкін емес күш ретінде форс-мажорлық (француз тілінен *force majeure* – форс-мажор немесе оған қарсы тұру мүмкін емес күш) жағдайлар қарастырылады. Әлемдік тәжірибеде, форс-мажорлық жағдайлар пайда болғанда, тараптар не істейтіндігі жайында алдын ала келісім-шарттарға арнайы бөлімше енгізу арқылы шешеді. Сонымен қатар, қазіргі таңда бүкіл дүние жүзін жаулап келе жатқан жаһандану процесі, кәсіпкерлердің экономикалық іс әрекетін мемлекет шекарасының сыртына шығып жүзеге асыруына байланысты, әртүрлі мәдениеттермен, жағдаймен байланысты тәуекелдерді тудырады. 21 ғасырда адамзат дамуының жаңа деңгейге шығуы, өндіріс ошақтары мен қалдықтардың артуы экологиялық ластануға және климаттық өзгерістерге әкелуде. Бұлардың барлығы өндірісушілерге мемлекет тарапынан экологиялық салықтардың артуына және жасыл экономика талаптарына сәйкес, яғни қалдықсыз өндіріс жүргізу қажеттілігі пайда болады.

Үшінші топтағы қаржыға байланысты тәуекелдерге: өнім құнындағы өзгерістер нәтижесіндегі тәуекелдерді, алынған несиені қайтара алмау тәуекелдері, валюта бағамындағы өзгерістердің салдарынан туындайтын тәуекелдерді жатқызса болады. Бұлардың барлығы кәсіпорынның қосымша қаржылық шығындарына алып келуі мүмкін. Қаржылық шығындарды алдын

алудың ең тиімді бірақ қымбат жолы бұл алдын ала сақтандыру болып табылады.

Төртінші топтағы тәуекелдер адамның қателеспеуі мүмкін еместігінен және мінез-құлқынан туындайды. Бірақ бұның жағымды тұстары да бар, яғни кейде қате деп есептеген шешім ең дұрыс шешім болуы да мүмкін. Психологиялық тәуекелдер қоғамдағы әрбір адамның ойлау қабілетінің дамуына және қалыптасуына байланысты туындайды. Психологиялық тәуекелдерді алдын алуда адам іс-әрекеттерінде заңдылықтарды зерттеу арқылы экономикадағы болып жатқан өзгерістердің өзегін табуға болады. Өйткені, экономиканы қалыптастыратын, өзгертетін және түрлі жағдайлардың пайда болуының басты алғы шарты адамдар және оның қажеттіліктері, ал адамдар өздерінің бар болымыстарынан аттап өте алмайды. Сондықтан адам психологиясына байланысты тәуекелді сезгендегі адам іс-әрекеті екі бағытта зерттеген дұрыс: біріншісі - тәуекелге бару себептері немесе тәуекел ету батылдығы, ал екіншісі - тәуекел етуге мүлдем болмайтын жағдайларды зерттеуге болады. Екі бағыттың бірін жауапты тұлға барлық ұтыстары мен шығыстарын сараптай отырып таңдау жасайды. Осы таңдауға әсер ететін тұлғаның біліктілігі мен өмірлік тәжірибесі шешуші орынды алады. Сонымен қатар әлуметтік тәуекелдердің пайда болуы, қоғамдағы адамдардың жеткілікті түрде өзінің қауіпсіздігін сезінбеуден және кез келген уақытта қақтығыстар болу мүмкіндігінен туындайды. Қазіргі таңда қабылданған шешімдердің нәтижесін болашақта көретін болғандықтан, қоғам бүгінгі қабылданатын шешімдерге баса назар аударуы тиіс.

Ауыл шаруашылығы өнім өндірісіндегі тәуекелдер ерекше тәуекелдерге жатады. Бұның себебі ауыл шаруашылығында әрекет етуші жеке субъектілерінің әлсіздігі мен ауыл шаруашылығына әсер ететін көптеген қауіптерге ғана емес, сонымен қатар өндіріс шарттарының күрт өзгермелілігіне байланысты. Ауыл шаруашылығындағы тәуекелдің жоғары болуы, сонымен қатар басталған өндіріс циклына өзгерістер енгізуге болмайтындығына байланысты өседі.

Ауыл шаруашылығы өнім өндірісінде қолайсыз жағдайлардың алдын алу мақсатында, алдымен бұл саланың өзіндік ерекшеліктеріне қарай негізгі тәуекелдерді саралаған жөн. Өйткені, бұл салада тәуекелді басқару процесін ұйымдастыруда ескеретін өзіндік ерекшеліктері және соған сәйкес тәуекелдері бар, олар:

- ауыл шаруашылығы өнім өндірісінің тікелей табиғаттың, ауа-райының жағдайына байланыстылығы, яғни өндіріс табиғи-климаттық факторларға тәуелді, сонымен қатар, ауа райының құбылмалылығы ауыл шаруашылық дақылдарының шығымдылығына, оларды өндіру көлеміне және мал шаруашылығын жемшөп ресурстарымен қамтамасыз етуіне едәуір ықпал ететіндігімен шарттасқан, олар болжанатын көрсеткіштерге қол жеткізу дәрежесіне елеулі ықпал ете алады. Саланың қызмет етуі табиғи-климаттық жағдайларға тәуелділігі де инвестициялық тартымдылықты төмендетеді;

- макроэкономикалық тәуекелдер экспорттың жекелеген тауарларына

әлемдік бағалардың ішкі және сыртқы конъюнктурасының нашарлауымен және агроөнеркәсіптік кешенді дамыту бойынша мақсаттарға қол жеткізу мүмкіндігінің төмендеуімен, экономиканың өсу қарқынының, инвестициялық белсенділік деңгейінің төмендеуімен, банктік жүйе дағдарысымен шарттасқан, олар агроөнеркәсіптік кешеннің дамуын үдетуге мүмкіндік бермейді және саланың мемлекеттік инвестициялардан даму тәуелділігін күшейтеді;

- халықаралық сауда-саяси тәуекелдер тиімді қызмет етумен, сонымен қатар, басқа елдердегі аграрлық секторды мемлекеттік қолдаумен, ауыл шаруашылығы өнімімен халықаралық сауда жасау конъюктурасының өзгеруімен, Қазақстанның Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіру нәтижесінде бәсекенің едәуір өсуімен және аграрлық саясаттың түрлі шараларын, оның ішінде ауыл шаруашылығын ішкі қолдау, тарифтік квоталау және кеден бажының деңгейі бойынша қолдану бойынша шектеуді күшейтумен шарттасқан;

- әлеуметтік тәуекелдер ауылдық жердің әлеуметтік тартымсыздығын сақтау немесе күшейту және қаладағы мен ауылдағы тіршілік деңгейінің арасындағы айырмашылықтың арту мүмкіндігімен шарттасқан, ол ауыл шаруашылығы өндірісін білікті мамандармен қамтамасыз етуге ықпал етеді, АӨК индустриалануын тежейді, ол сайып келгенде аграрлық бизнестің тиімділігін төмендетеді;

- қаржылық тәуекелдер қаржылық қызметті жүзеге асыру жағдайларының белгісіздігі жағдайында табысты және капиталды жоғалтып алу түрінде жағымсыз қаржылық салдардың туындау ықтималдығымен шарттасқан. Қаржылық тәуекелдердің сыртқы объективті экономикалық, әлеуметтік және саяси жағдайлармен айқындалатын объективті негізі бар;

- шаруашылықты жүргізу маусымды болып келеді, бұл жылдың жұмыс маусымында бар күшті салып еңбек етуді талап етеді, яғни жұмыс жылдамдық пен уақытқа тәуелді;

- жерге тәуелділік, ауыл шаруашылығы өнім өндірісінің негізгі құралы – жер, дәлірек айтсақ өндірілетін өнім көлемі жердің құнарлығы мен көлеміне тікелей байланысты, яғни өндіріс технологиясының сақталмауы жердің құнарсыздану қауіпін тудырады;

- ауыл шаруашылығы өнімдері ұзақ сақтауға келмейтін және аз уақыттың ішінде тұтынуды талап ететін өнімдер санатына жатады. Сондықтан, артық қор жинауға мүмкіндік болмағандықтан, дер кезінде өнім өтпесе бұзылу қауіпі жоғары болады;

- басқа өндірістірге қарағанда ауыл шаруашылығы өнім өндірісі шашыранды орналасқан, үлкен алқаптардан өнім жинауды керек етеді, сондықтан тасымалдау шығындары да жоғары болып келеді;

- ауыл шаруашылық өндірісінде жұмыс істейтін жұмыскерлердің жұмысы қалыпты емес, яғни жұмыскердің жұмысы маусымға қарай өзгеріп отырады. Бұл жұмыстың уақытында атқарылмау қауіпін тудырады;

- экономиканың басқа салаларымен салыстырғанда ауыл шаруашылығы өнімдеріне сұраныс икемділігі төмен болып келеді, яғни артық өндірілген өнімнің, уақытында тұтынылмай жарамсыз болып қалу қауіпі бар;

- ауыл шаруашылығы өндірісі ұзақ мерзімді инвестицияларды қажет етеді және одан келетін табыс көлемі басқа салалармен салыстырғанда төмен болып келеді [37].

Сонымен, жоғарыдағы ауылшаруашылық кәсіпорындарын басқару мен тәуекел төңірегіндегі айтылған түрлі ойлар мен пікірлерді қортындылай келе ауыл шаруашылығындағы басқару мен тәуекел туралы келесідей тұжырымдар жасауға болады:

- ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын басқару – бұл тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру негізінде өнімді өткізу мен пайда табуды мақсат еткен, өндіріс пен қызмет көрсетуде табиғи факторларды, жұмыс күшін, еңбек заттары мен құралдарын ұйымдастырушылық және технологиялық тұрғыда өзара әрекеттестігін қамтамасыз ету негізінде ауыл шаруашылығы өнім өндірісін өз күшімен тиімді кәсіпкерлік қызмет көрсетуге бағыттаған шешім қабылдау үдерісі;

- «тәуекел» сөзі қазақ тіліне арап тілінен енген және ол алға қойған мақсатқа ешқандай жалтақтамай, батыл кірісуді білдіреді;

- шетел әдебиеттерінде тәуекел ең алдымен қауіп-қатер, яғни шығын болу мүмкіндігі ретінде және жоғары көлемде табыс алу мүмкіндігімен сипатталады;

- тәуекел түрлері көп болғандықтан, оларды бірегей белгілері мен салаға байланыстылығына қарай топтау арқылы жүйелендіруге болады;

- ауыл шаруашылығындағы тәуекелдердің басым көпшілігі ондағы өндірістің табиғи-климаттық жағдайға тәуелділігімен және өзіндік ерекшеліктерімен сипатталады.

Ауылшаруашылық кәсіпорындарын және тәуекелдерді басқаруда бұл анықталған тұжырымдамалар міндетті түрде ескерілуі қажет.

1.2 Ауыл шаруашылығы саласында басқаруды ұйымдастыру әдістері

Агроөнеркәсіп кешенінде шаруашылық жүргізу механизмдерін жетілдіру бойынша міндеттерді ұтымды орындау, көп жағдайда басқарушылар мен мамандардың қолданыстағы басқару әдістерінің жүйесін дұрыс пайдалануына тікелей байланысты болады.

Ауылшаруашылық кәсіпорындарын басқаруда тек мақсат пен міндеттерді анықтап алу жеткіліксіз, сонымен қатар бұл мақсат пен міндеттерді орындау үшін бүкіл кәсіпорында жұмыс істейтін еңбеккерлерді соған бір адамдай етіп жұмылдыра алу қажет. Басқару органдары үшін осындай жұмысты атқаруда басқарудың әдістері маңызды орын алады. Басқа сөзбен айтқанда басқару әдістері басқарушылар мен мамандардың қолындағы ұйымдастырушылық және шаруашылық құралы болып басқару үдерісінің сәттілігін анықтайды [38].

Басқару әдістері - бұл алға қойылған мақсатқа жету үшін техниканың үздік шешімдерін, сонымен қатар еңбекті және өндірісті ұйымдастырудың

ұтымды әрі жоғары тиімділігін қамтамасыз ете отырып басқарушының орындаушыға бағытталған әсер етудің әдіс, тәсіл және құралдардың жиынтығы болып табылады [39].

Басқару үдерісі барысында түрлі мазмұнда, күрделілік деңгейінде және нақты жағдайға сәйкес қалыптасқан түрлі мәселелер туындауы мүмкін. Бұл мәселелердің түрлілігіне қарамастан олардың барлығының объектісі болып өндірістік ұжымдар мен олардың жеке мүшелері саналады. Сондықтан олардың ортақ белгілерін анықтау және соған сәйкес топтастыру мүмкіндігі пайда болады.

Басқару әдістерінің жұмысшылар ұжымына немесе жеке жұмысшыға әсері тікелей мотивацияға байланысты, яғни басшылық анықтаған бағытта ұжымның немесе адамның бойында іс-әрекетке кірісу үшін белгілі бер себеп қажет.

Адам іс-әрекетінің негізгі бағыттаушы факторлары оның қажеттіліктері мен қызығушылықтары болып келеді. Бір қажеттілікті сезіну іс-әрекетке итермелейді. Сондықтан басқару әдістері жеке жұмысшының немесе ұжымның іс-әрекетін басқаруда олардың белгілі бір қажеттіліктеріне қарай мақсатқа бағытталуын қамтамасыз етуден тұрады.

Белгілі бір қажеттіліктер жиынтығына бағытталған басқару әдістері, оның мотивациялық бағыттылығын анықтайды. Мотивациялық әсер етудің билік арқылы, материалдық және адамгершілік құндылықтары арқылы әдістері белгілі. Жұмысшылардың іс-әрекетіне мотивациялық әсерінің сипатына қарай, басқару әдістерін ұйымдастырушылық-әкімшілік, экономикалық және әлеуметтік-психологиялық деп топтарға бөліп қарастыруға болады (кесте 1).

Ұйымдастырушылық-әкімшілік әдістер тікелей әсер ету сипатымен ерекшеленеді: кез келген реттеуіш немесе әкімшілік акт міндетті түрде орындалуды талап етеді, бұл өз кезегінде бұйрықтар мен өкімдердің орындалуын қадағалайтын әсерлі жүйенің және ғылыми негізделген шешімдерді қабылдауды талап етеді.

Тек билік жүргізу арқылы мотивациялау арқылы ұжым мен оның жеке тұлғаларының барлық шығармашылық белсенділігін алдына қойылған міндеттерді шешуде толығымен пайдалануға мүмкіндік бермейді. Ең жоғары тиімділікті қамтамасыз ету үшін материалды және моральді бағытталған әдістерді қолданған жөн.

Басқарудың экономикалық әдістері - экономикалық заңдарды саналы түрде қолдануға негізделген, өндірістік ұжымдар мен оның мүшелерінің еңбектерін материалдық ынталандыруды жүзеге асыратын және басқару объектісінің экономикалық қызығушылықтарына жанама әсер ететін әдіс пен тәсілдерді біріктіреді.

Агроөнеркәсіп кешенінің әртүрлі басқару деңгейлерінде тиімді экономикалық механизмді қалыптастыру үшін, оны құрайтын құрылымдық бөлімшелерінде, экономикалық тұрғыдан, шаруашылықтарда тәуелсіздік пен орталықтандырудың оптималды құрамын қамтамасыз етуді талап етеді.

Кесте 1- Мотивациялық сипатына қарай басқару әдістері

Басқару әдістерін топтастырудың сипаты	Басқару әдістерінің тобы		
	Ұйымдастырушылық - әкімшілік	Экономикалық	Әлеуметтік-психологиялық
Іс-қимыл мотивтері	Басқару мен еңбектің тәртіптілігіне саналы қажеттілік, борыштық сезім, тұлғаның белгілі бір ұйымда жұмыс істеуге ұмтылысы	Материалдық қызығушылықтары	әлеуметтік-психологиялық (рухани) қызығушылықтары
Басқару жүйесіндегі әсер ету сипаты	Тікелей	Жанама	Жанама
Әсер етудің негізгі арналары	Ұйымдастырушылық тетіктер: басқарудың ұйымдастырушылық құрылымы, ұйымдастырушылық ережелер және еңбекті нормалау, кадрларды іріктеу, шешім қабылдау	Экономикалық тетіктер және оның тұтқалары: қаржылар, бағалар, еңбек ақы және т.б.	Әлеуметтік тетіктер: топтар, тұлғалар, тұлғалардың орны мен мәртебесі және т.б.
Әдістерді таңдаған кездегі шектеулер	Құқықтық нормаларға, ағымдағы ережелерге, жоғарғы басқару бөлімдерінің актілеріне сәйкес келуі	Экономикалық заңдардың, нормалардың және нормативтердің талаптарына сәйкестігі	Моральдық және этикалық нормаларға сәйкестігі
Тиімді қолдану шарттары	Басқару үдерісін жүзеге асырудың бір тұтас әдістемесі аясында кешенді қолдану. Жүйелі түрде әдістерді қолданудың тиімділігін талдау.		
Ескерту: [40] дереккөз негізінде автормен дайындалған			

Өндірісті басқару сферасында орталықтандыру мен тәуелсіз болу, бір жағынан – басқарушы орталық арасында құқықтар мен міндеттерді бөлістіру негізінде көрініс тапса, екінші жағынан республикалық және аумақтық ұйымдар мен кәсіпорындар арасында құқықтар мен міндеттерді бөлістіру негізінде көрініс табады. Сондықтан, агроөнеркәсіп кешеніндегі кәсіпорындар мен ұйымдардың экономикалық қызығушылықтарына әсер ету республикалық және аймақтық құзырлы органдар тарапынан жүзеге асырылады.

Әлеуметтік-психологиялық басқару әдістері - ұжым мен жеке тұлғалардың әлеуметтік және психологиялық қасиеттері негізінде, сонымен қатар еңбекке деген саналы көз-қарасты қалыптастыру негізінде жүзеге асырылады. Әлеуметтік-психологиялық басқару әдістерінің негізгі міндеттері ұжымда жағымды өнегелік және психологиялық жағдайды қалыптастыру болып табылады.

Басқару әдістерінің бірін немесе бірнешесін белгілі бір қатынаста қолдану іс жүзінде алға қойылған басқару міндеттері мен нақты жағдайға байланысты болады. Бірақ, барлық басқару әдістері бір бірімен тығыз байланыста және бір

уақытта ұйымдастырушылық пен экономикалық қызығушылықтарды, материалдық пен адамгершілік жағдайларды және әлеуметтік-психологиялық факторларды бір жүйе ретінде қолданылса олардың тиімділігі артатыны сөзсіз. Себебі, нарықтық жағдайда бұлардың бірін бірі толықтырушы қабілетін пайдаланған тиімдірек болады. Әрбір басқару шешімдері дәл экономикалық есептермен, әлеуметтік және экономикалық қызығушылықтармен жүзеге асырылғаны дұрыс. Сондықтан, барлық деңгейдегі басқарушылар қазіргі таңдағы барлық басқару әдістерін тиімді қатынаста қолдана алып, нарықтық экономикаға сәйкес ең тиімді әдістерді таңдай білуі қажет.

Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы өнім өндірісі мен кәсіпкерліктің барлық түрлерінде әртүрлі тәуекелдер бар екені анық. Сондықтан осы тәуекелдерді басқару өндірістің тоқтап қалмауы үшін маңызды. Ауыл шаруашылығында тәуекелдерді басқаруда әлемдегі жалпы тәуекелдерді басқару бойынша қалыптасқан тәжірибелерін пайдалануға болады. Бұл тәжірибелерді ауыл шаруашылығы ерекшеліктерін ескере келе қолданған жөн.

Ауыл шаруашылығындағы тәуекелдерді басқаруда тиімді қағидалар мен әдістерді қалыптастыруда маңызды. Ол үшін тәуекелдердің пайда болу заңдары мен заңдылықтарын, шешім қабылдау үшін қажетті болжамдарды сараптап талдау жасайтын тәуекелтану ғылыми саласы қажет [41].

Тәуекелтану ғылыми саласы айналадағы тәуекелдерді анықтауда, бағалауда және сәйкес басқару шешімдерін қабылдауда басқарушының құралы ретінде қалыптасқан.

А.П. Альгин, М.Г. Лапруста, Е.Смирнова тәуекелтанудың келесідей маңызды қызметтерін 3 топқа бөліп атап көрсеткен, олар:

1) Реттеушілік қызметі. Ол конструктивтік және деструктивтік болып екіге бөлінеді. Конструктивтік қызмет негізінде кәсіпкерлер тәуекелге қарсы күресу үшін үнемі жаңа әдістерді іздестіруге итермелеумен байланысты талпынысын білдіреді. Ал деструктивті қызметі – тәуекелге ойланбастан, ақылға салмай барумен сипатталады, яғни басқа сөзбен алдын ала сенімсіз істерді бастау (авантюра) дегенге келеді.

2) Қорғаушы қызметі – адамзат өркениетінің дамуы барысында кезігуі мүмкін түрлі қауіптерден қорғануға бағытталған қызметі.

3) Талдау қызметі қарама қарсы келген мәселені мейлінше қауіпсіз шешу түрін таңдаумен сипатталады [42; 43; 44].

Тәуекелтанудың жоғарыдағы қызметтерін ескере отырып ауыл шаруашылығында тәуекелтанудың келесідей маңызды қосымша қызметтерін қарастырған жөн, олар:

- ауыл шаруашылығы өндірісінің ерекшеліктеріне қарай әрбір тәуекелдің әсерін және заңдылықтарын зерттеп тану;

- ауыл шаруашылығы тәуекелдерінің әсеріне қарсы тұрудың ортақ иммунитетін қалыптастыру;

- анықталған заңдылықтарды тәуекелдердің кері әсерін алдын алу шараларын ұйымдастыруда қолдану;

- қабылданған шешімдердің ауыл шаруашылығына әсерін талдау.

Басқару жүйесінде тәуекелдерді тану үшін басқа ғылымдардағы зерттеу әдістерін қолдануға болады. Сонымен қатар тәуекелдерді зерттеуде арнайы екі әдістің қолданыста екенін ескеру керек. Біріншіден, тәуекел барлық факторларды ескеруді талап етеді, сондықтан тәуекелді зерттеуде объективтілік қажет. Екіншіден, тәуекелшілік белгілі бір сенімсіздіктің бар болуымен сипатталады, сондықтан тәуекелді зерттеуде сенбеушілік категориясы қажет. Яғни, күдік болса міндетті түрде зерттеу жүргізу керек.

Сенімсіздік пен тәуекел жөнінде А.Н. Willet былай деген, тәуекел - бұл мақсаттың орындалатындығына объективті сенімсіздік. Сонымен қатар тәуекел болжамның дәлдігіне қарай емес, сенімсіздік деңгейінің өзгеруіне қарай бірдей өзгеретінін атап өткен [45]. Яғни болжамның дәлдігін тек болашақта біле аламыз, ал сенімсіздік тәуекелді алдын ала анықтауға және бағалауға итермелейді.

Атақты америкалық тәуекел танушы F.H. Knight ойынша сенімсіздіктің өлшенетін немесе өлшенбейтін формасы болады. Ол тәуекелді – сенімсіздіктің өлшенетін түріне жатқызады [46].

Сенімсіздікті өлшеу үшін ең алдымен оны өлшенетін формаға келтіру керек. Бұл бағытта зерттеулерді алғашқы рет 17 ғасырда атақты француз ғалымдары В.Pascal және P.Fermat болашақта болатын оқиғалардың жүйелік талдау әдісін жасап, ықтималдылық теориясының негізін қалады. Ықтималдылық теориясы – кездейсоқ бір оқиғаның ықтималдығы бойынша онымен қандай да бір байланыста болатын басқа бір кездейсоқ оқиғаның ықтималдығын анықтауға мүмкіндік беретін математика білімі [47].

Ықтималдылық теориясы тек қана біркелкі болып келетін, кездейсоқ құбылыстардың қайталанған кездегі мүмкіндігін болжай алады. Ал егер құбылыстар алғашқы рет болып немесе оның қайталанбайтын формасы кездесетін болса, оның негізінде шешім қабылдауға болмайды.

P.L. Bernstein де көптеген жағдайларды ескере келе өткен оқиғаларды болашаққа механикалық экстраполяциялаудан болжамдаудың негізделмеген болатынын атап өткен және оны тек құрал ретінде таныған [12].

Жоғарыда айтылған жүйелік талдаудың кемшіліктеріне қарамастан, оның жақсы жақтары да бар. Жүйелік талдауды ең болмағанда тәуекелдерді бағалау мен өлшеуге және тәуекел менеджменті құралдары арқылы талдауға мүмкіндігі бар. Тәуекелді басқарудағы жүйелік талдаудың негізгі құрамдас бөліктеріне келесілерді жатқызса болады, олар:

- ерекше белгідегі тәуекел түрлерін, олардан келуі мүмкін зардаптары мен ұшырасу ықтималдығын анықтау;

- анықталған тәуекелдердің шынайылығын бағалау;

- тәуекел себептері мен қалыптасу шарттарын зерделеу, олардың анықталған аймаққа қатыстылығын анықтау;

- анықталған тәуекелді белгілі тәуекел түрлерімен салыстыру арқылы ғылыми баға беру;

- іс-әрекет стратегиясын қалыптастыру бойынша шешімдер қабылдау;

- анықталған тәуекелді басқарудың лайықты әдісін анықтау, жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

- белгісіз тәуекел түрлерімен күресу амалдарын қарастыру.

Отандық және шетелдік әдебиеттерде «тәуекелді басқару» бойынша берілген пікірлер көп.

Н.Асамбаев [38] пен М.В. Грачеваның [48] пікірінше тәуекелді басқару бұл тәуекелдің қауіптілік деңгейін төмендетуге бағытталған экономикалық негізделген іс шараларды дайындау мен жүзеге асыру.

Н.В. Хохловтың ойынша тәуекелді басқарудың басты мақсаты күтпеген жағымсыз жағдайдан туындауы мүмкін шығындардың орнын толтыру болып табылады [27]. Аталған авторлар тәуекелді басқаруда қаржылық жағдайға көп мән береді.

Бірақ тәуекелді басқаруды жалпы шаруашылықты басқарудан бөліп қарастыруға болмайды. Сондықтан Н.Адамчук тәуекелді басқару – өндірісті стратегиялық басқарудың маңызды бір бөлігі ретінде қарастырады [49].

Келтірілген анықтамаларды тұжырымдау негізінде, тәуекелді басқару дегеніміз – кәсіпорынды стратегиялық басқаруда дағдарыстық және қауіпті жағдайларды ескеруді, оларды анықтау, тану және белгілі бір қарсы тұру шараларын әзірлеуден тұратын іс-әрекеттер деп анықтауға болады

Бұл пікірлердің негізінде ауыл шаруашылығындағы тәуекелдерді басқаруды келесідей жетілдірілген түрде сипаттауға болады:

Ауыл шаруашылығында тәуекелді басқару – бұл белгіленген мақсаттарға төнетін тәуекелдерді анықтау, анықталған тәуекелдерді алдын алуға немесе мүмкін тәуекелдердің зардабын мүмкіндігінше төмендетуге бағытталған, басқарушы ұстануы тиіс қағидалар, әдістер және құралдарға негізделген экономикалық тиімді іс-шаралар жиынтығы.

Кез келген тәуекелді басқару ең алдымен белгілі іс-әрекеттер жиынтығын құрайды. Т.А. Васильева, О.Н. Диденко және А.А. Епифанов сияқты авторлар тобы тәуекелді басқаруда көбіне кездесетін іс-әрекеттер жиынтығын төмендегідей сипаттайды, олар:

- сандық көрсеткіштермен анықталған оқиғамен кезігу мүмкіндігі;

- қабылданған және қабылданбаған шешімдердің нәтижесінде оқиғаның орын алуы, дұрыс немесе бұрыс шешім қабылданғандығын анықтайды;

- мүмкін болатын шығынды бағалау [41].

Тәуекелдерді басқарудағы ең қиыны тәуекелдерді анықтау мен олардың мүмкін зардабын бағалау. Болашақта не болатынын нақты айту қиын. Сондықтан көп тәуекел танушылар тәуекелдерді бағалауда өткен мәліметтерді сапалық және сандық талдауға жүгінеді.

Сапалық талдау ретінде А.Стрельцов және О.Цамутали тәуекелдің себептері мен көздерін, мүмкін болатын тәуекелдің барлық түрін анықтауды және тәуекелі бар оқиғалардан келуі мүмкін пайда мен зардаптарын анықтауды дұрыс деп біледі [18].

Ал В.Н. Жоваников сапалық талдауды - сандық талдау жүргізудің бастапқы кезеңі деп қарастырған. Сапалық талдау тәуекелдердің барлық түрін

салыстыруға мүмкіндік беретін деректер қорын жасауға және сапалық көрсеткішке сандық сипаттама жасауға мүмкіндік береді [20].

Енді сандық талдауға келетін болсақ, ол тәуекелді жағдайдың болу ықтималдылығын анықтаудан, оң немесе теріс нәтиже болу ықтималдылығын бағалаудан, тәуекел деңгейін анықтайтын көрсеткіштерді есептеуден және тәуекел етуге болатын шектерін анықтаудан тұрады.

Тәуекелдерді бағалауда мәліметтерді сапалық және сандық талдау бірін бірі толықтырушы болып келеді. Оларды үйлесімді түрде қолдану арқылы тәуекелдерді бағалауда жоғары нәтижеге қол жеткізуге болады.

Тәуекелдерді бағалауда ең басты қағида: ең тиімді әдісті таңдау мен оған жұмсалатын шығындардың барынша аз болуымен сипатталуы тиіс.

Тәуекелді басқаруда маңызды орынды басқару үдерісін тиімді ұйымдастыру кезеңдерін жасау болып табылады.

Г.Я. Гольдштейн тәуекелді басқару үдерісін 4 кезеңге бөліп қарастыруды ұсынады, олар келесідей:

1) Сапалық талдау жасау, ол барлық мүмкін тәуекелдерді анықтаудан, оларды сипаттаудан және ұқсас белгілері бойынша топтастырудан, сонымен қатар болжамдар мен жорамаларды жасаудан тұрады;

2) Сандық талдау жасау, ол белгісіздіктердің бағалануын және есепке алуды қамтиды;

3) Тәуекелдерді минимизациялау, ол тәуекелдерді басқару стратегиясын жобалаудан, оптималды стратегия таңдаудан және оны жүзеге асыруды талдаудан тұрады;

4) Тәуекелдерді бақылау, ол тәуекелдердің мониторингінен және тәуекелді басқарудан, тәуекелдерді басқару жүйесін қайта бағалау және түзетуден, анықталған кемшіліктерді жылдам шешуден тұрады [50].

Ал Ю.Ю. Киневтің ұсынған тәуекелді басқару үдерісі нақтыланған 8 кезеңнен тұрып, келесілерді қамтиды [22]:

1) ақпаратты жинақтау және талдау;

2) тәуекелді анықтау;

3) шешу алгоритмын жасау, ол күрделі мәселені бөлшектеп шешуге негізделуі керек;

4) сапалық талдау жасау, ол барлық мүмкін тәуекелдерді анықтауды, олардың сапалық құрылымын және ең қауіпті тәуекелге шыдамдылығы төмен бөлшектерді анықтауды қамтиды;

5) тәуекелдерді және ақпаратты сандық талдау;

6) шешім қабылдаудың бастапқы сатысы;

7) тәуекелдердің ең қауіпті мәндерін талдау;

8) соңғы шешімді қабылдау.

И.Т. Балабанов [28] және И.Д. Сердюкова [51] тәуекелді басқару үдерісі міндетті түрде мақсаттарды анықтаудан басталуы тиіс дейді және келесідей жеті кезеңді қамтуы тиіс: тәуекелді басқару мақсатын анықтау; оқиғалардың болу ықтималдылығын анықтау; тәуекелдің дәрежесі мен көлемін анықтау;

калыптасқан жағдайды талдау; тәуекелді басқару стратегиясын таңдау; тәуекелді минимизациялау әдістерін таңдау;

Осы және басқада тәуекелді басқару үдерісі талдау негізінде ауыл шаруашылығына сәйкес келетін тәуекелді басқару үдерісінің келесідей жетілдірілген кезеңдері ұсынылады (кесте 2):

Кесте 2 – Ауыл шаруашылығы тәуекелдерін басқару үдерісінің ұсынылатын кезеңдері

Кезеңдер	Кезеңдерде атқарылатын іс-шаралар
1.Мақсаттарды анықтау	<ul style="list-style-type: none"> - Стратегия негізінде кәсіпорын қызметінің негізгі мақсатарын және тиімді өндіріс көлемін анықтау; - Мақсаттардың орындалуын көрсететін көрсеткіштерді және олардың қауіпті мәндерін анықтау; - Кәсіпорын ұстанатын қағидаларды анықтау;
2.Тәуекелдерді анықтау және талдау	<ul style="list-style-type: none"> - Өнім өндірісінің әрбір бөлігін сараптау; - Мақсаттағы ауытқулар болса қауіпті мәндермен салыстыру немесе пайданы арттыру мүмкіндіктерін қарастыру; - Дәл осындай уақыт аралығындағы өткен жылдардағы көрсеткіштерді салыстыру; - Ауытқулардың себептерін және қауіптілік немесе табыстылық деңгейін анықтау; - Ауытқуларға әсер ету мүмкіндіктері мен әдістерін анықтау және талдау;
3.Тәуекелдерді басқарудың баламаларын анықтау	<ul style="list-style-type: none"> - Ескерілу қажет шарттарды анықтау; - Шарттарға сәйкес келетін тәуекелді басқарудың балама әдістерінің тізімін құру; - Әдістердің ішінен жүзеге асыру шығыны мен тиімділігіне қарай таңдау жасау;
4.Таңдалған баламаны бағалау негізінде шешім қабылдау	<ul style="list-style-type: none"> - Баламаны жүзеге асыру шарттарын бағалау; - Тәуекелді басқару шығындар мен табыстардың оптималды қатынасын қанағаттандыру тиіс; - Жағдайға сәйкес тиімді шешімді қабылдау; - Қабылданған шешімді жүзеге асыру;
5.Тәуекелдерді басқару процесін бақылау және тәжірибе жинау	<ul style="list-style-type: none"> - Тәуекелді басқару үдерісінде анықталған шешімді жүзеге асыру барысын қадағалау; - Мақсаттың орындалу толықтығын бағалау; - Тәжірибе жинақтау негізінде бұл түр тәуекелдердің алдын алу немесе қайталанбауын қамтамасыз ету.
Ескерту: [22; 28; 44; 50; 51] дереккөздер негізінде автормен дайындалған	

Бірінші кезеңде – мақсаттар анықталуы тиіс. Кәсіпкерлікте атқарылатын шараларға мақсат белгіленбесе, әртүрлі тәуекелдердің кері әсері бар немесе

жоғын анықтау керектігі туындамайды. Мысалы, кәсіпорынның пайда табу мақсаты болмаса қаржылық тәуекелдерді анықтау қажетті болмайды;

Екінші кезеңде – мақсатқа кері әсерін тигізуі мүмкін тәуекелдерді анықтау және талдау жұмыстары атқарылуы керек. Тәуекелдерді анықтау үшін статистикалық әдістерді қолдануға болады. Бұл кезеңде ең бастысы тәуекелдерді ерте анықтау және әрбір тәуекелдің әсерін тиянақты талдау керек;

Үшінші кезеңде – тәуекелдерді басқарудың баламаларын анықтау және олардың ішінен жүзеге асыру шығыны мен тиімділігіне қарай таңдау жасауды қамтиды. Балама ретінде тәуекелді басқару әдістері танылады. Әрбір тәуекелді басқару әдістері өзіне тән ерекшеліктері және мүмкіндіктері бар. Бір әдіспен барлық тәуекелдерді басқаруға болмайды, сондықтан әрбір тәуекелге сәйкес келетін ең тиімді тәуекелді басқару әдісін таңдау керек;

Төртінші кезең, таңдалған баламаны бағалау негізінде шешім қабылдау. Бұл кезеңде ең бастысы таңдалған баламаның мақсатқа жетуде шығындар мен табыстардың оптималды қатынасын қанағаттандыру тиіс;

Бесінші кезеңде, тәуекелдерді басқару процесін бақылау және тәжірибе жинау. Бұл кезеңде маңыздысы қабылданған шешімнің тиімділігін бағалау, қажет болса өзгерістер енгізу және өткен оқиғалар негізінде тәуекелдерді алдын алуды жеңілдететін тәжірибе жинау. Бұл жерде тәжірибе жинау қажетті ақпараттарды қалыптастырудан басталу керек. Бұның өзі белгілі бір шығындарды қажет етеді. Олар ақпарат алу немесе ақпараттарды сақтауға, өңдеуге қажетті техникалық шығындар болуы мүмкін.

Сонымен тәуекелді басқару үшін алдымен мақсаттарды, сосын тәуекелдерді анықтау керек, оның қасиеттері мен ерекшеліктерін зерттеп, бағалау керек және соған қарай басқару тетіктерін анықтап басқарылатындай жағдайға келтіру қажет.

Осы уақытқа дейін жинақталған тәуекел тәжірибесін қағидалар түрінде беру арқылы көптеген қателіктерді алдын алуға болады. Сондықтан тәуекелді басқаруда автордың ойынша келесі қағидаларды ескеру керек:

- орындауға мүмкін болатын мақсаттарды қою керек, яғни орындалмайтын мақсаттарға құр босқа ресурстарды шығындау қажеті жоқ;

- кез келген оқиғаның пайда болуына белгілі себептер бар, яғни әрбір тәуекелдің негізгі көзі, оның себептерін анықтау керек;

- тәуекелдердің пайда болуының басты себебі қажет ақпараттың жетіспеушілігі, яғни ақпараттың жеткілікті болу үшін және келешекте қолдану үшін оны жинақтау, талдау және сақтау жүйесі қажет;

- сенімсіздік әрқашан болу керек, сонда тәуекелді алдын алу мүмкіндігі пайда болады;

- тек өткенде болған оқиғалардың негізінде болашаққа болжам жасауға болмайды, сондықтан болжамда нақты жағдайлардың өзгеру мүмкіндігін қарастыру да қажет;

- басқару ең тиімді әдісті таңдау мен оған жұмсалатын шығындардың барынша аз болуымен сипатталуы тиіс;

- тәуекелді басқаруда шығындар мен табыстардың оптималды қатынасы таңдалуы тиіс;

- анықталмаған тәуекелдерді басқаруға болмайды, яғни ең алдымен тәуекелдерді басқару тетіктерін анықтап басқарылатындай жағдайға келтіру қажет;

- тәуекелдерді алдын алуға және ерте анықтауға барынша көңіл бөлген дұрыс;

- ең аз мүмкін тәуекелдерді де көзден таса қылуға болмайды.

Тәуекелдер анықталғаннан кейін барып оны басқару әдістері таңдалады. Тәуекелді басқаруда әртүрлі әдістер қолданылуы мүмкін. Бірақ соның ішінде көп тараған түрлерін топтарға бөліп қарастырған жөн.

Речмен Дж.Д., Мескон М.Х., Боуви Л., Тилл Дж.В. тәуекелді басқару әдістерін екі топқа бөліп қарастырған:

- тәуекелді бақылау, ол тәуекелден жалтару, шығындарды болдырмау, шығындарды минимизациялау, тәуекелді бақылауды басқа жаққа беруді қамтиды;

- тәуекелді қаржыландыру, ол тәуекелді қабылдау (өзін-өзі сақтандыру, яғни өз есебінен қор жинау) және тәуекелді бөлісуді (сақтандыру компанияларына сенім арту) қамтиды [52].

И.Т. Балабановта тәуекелді басқару әдістерін мазмұны ұқсас басқаша екі топқа бөліп ұсынған: 1) Тәуекелден сақтану тәсілдері, ол тәуекелден жалтару, тәуекелге қарсы тұру және тәуекелді бөлісуден тұрады. 2) Тәуекелдің деңгейін түсіру, ол әртараптандыру, қосымша мәліметтер жинақтау, шектеу қою, өзін-өзі сақтандыру және сақтандырудан тұрады [28].

Н.Адамчук тәуекелді басқару әдістерін төмендегі 4 топқа бөліп, оларға келесідей тереңдетілген сипаттама берген:

1) Тәуекелден жалтару, ол күтілетін нәтижелерден, сенімсіз серіктестерден және тәуекелі жоғары жобалардан бас тартуды, тәуекелді басқа тұлғаларға аударуды, сенімді кепілді іздеуге бағытталған;

2) Тәуекелдерді ауыздықтау (локализациялау), ол арнайы тәуекелі жоғары жобаларды жүзеге асыру үшін арнайы құрылымдарды, венчурлық фирмаларды құрудан тұрады;

3) Диссипация, яғни шашырату, ол қызметтерді, инвестицияны, жеткізу және өткізу орындарын әртараптандырудан, жобаға қатысушылар арасында тәуекелді бөлістіруден және тәуекелді уақытқа бөлу арқылы жеңілдетуден тұрады;

4) Компенсация, ол резервтер жүйесін құрудан тұрады (өзін-өзі сақтандыру), белсенді тәуекелді басқаруды қолдану, стратегиялық жоспарлауды қолдану, тәуекелді жағдайлардың мониторингі, бағытталған маркетингті қолдануды қамтиды [49].

Тәуекелді басқару әдістерін топтастырудың Н.В Хохлов ұсынған нұсқасында, әдістерді ерекше 3 топқа бөліп қарастырған:

1) Тәуекелді қалдыру, бұл тәуекелді басқарудан бас тартумен бірдей, яғни шығындардың орнын толтыру, сақтық қор құру немесе сыртқы көздермен тәуекелді бөлісу сияқты іс-шаралардан бас тартуды меңзейді.

2) Тәуекелді төмендетуге бағытталған іс-шаралар, ол тәуекелдің мүмкін шығындарын азайтуға, тәуекелді болдырмауға, жағымсыз жағдайлардың ықтималдылығын азайтуға негізделеді.

3) Тәуекел жауапкершілігімен бөлісу, ол сақтанушының ағымдағы тәуекел деңгейін сақталуында, тәуекелге жауапкершілігін азайту мақсатында контрагенттермен бөлісуді білдіреді. Ол сақтандыру арқылы, қаржылық кепілдеме немесе растау алу арқылы, келісім шарттарға тәуекелге байланысты арнайы бөлімдер енгізу арқылы жүзеге асыралады. Бұл жерде контрагенттер ретінде сақтандыру компаниялары, серіктестер немесе кез келген қызығушылық танытушы жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар болып танылады [27].

Сонымен қатар, тәуекелді басқару әдістерін таңдағанда ең алдымен оларды ішкі мүмкіндіктер және/немесе сыртқы мүмкіндіктерді пайдалану арқылы шешілетінін анықтаған дұрыс. Осы екі мүмкіндіктердің ең оптималды үйлесімділігінде қолданса, тәуекелдерді барынша тиімді басқаруға болады.

Бұл жерде ішкі мүмкіндіктерге өндірушінің қолында бар өз мүмкіндіктерін жатқызса болады, олар:

- өз қорларын жинақтау, мысалы, келесі өндіріс циклын жалғастыру үшін қажетті егілетін өнім тұқымының қорын сақтау немесе мал шаруашылығында жыл сайын туылған жаңа төлдердің ішінен қажетті санда аналық және аталық басты қалдыруды жатқызса болады;

- өзін-өзі сақтандыру, бұл сақтанушының тәуекелді өз мойнына алып, өз есебінен тұрақты аударым жасау арқылы, ақшалай қаражатты жинау есебінен меншікті сақтандыру қорын құруды білдіреді, яғни жыл сайын түрлі себептерге байланысты өндірістегі болатын ауытқулардың кері әсерін азайту мақсатында, табысты жылдардағы табысының бір бөлігін табысы төмен жылдарға сақтау болып табылады. Өзін-өзі сақтандыру Е. Загорийдің ойынша, егер өзінің қор құру шығыны сақтандыру төлемдерінен төлеуден аз болса қолданылады. Бұл жерде тәуекел шығындарын өтеудің өз қорларын құру заттай немесе қаржылай түрде жинақталады да қажетті кезде жаратыла алады [53]. Жалпы өзін-өзі сақтандырудың басты мақсаты мен ұйымдастыру тәртібі сақтандырудың мақсаттары мен бірдей келеді, тек айырмашылығы қордың иесіне байланысты болады. Сонымен қатар, өзін-өзі сақтандырудың бірқатар артықшылығы мен кемшіліктері де бар. Оның артықшылықтарына: сақтандыру төлемдеріне шығынданбай өзі басқаратын қорын құру мүмкіндігі мен қажетті кезде қор мүмкіндіктерін қолдану мүмкіндігін айтса болады. Ал өзін-өзі сақтандырудың кемшіліктеріне: тәуекелді жағдайларды мұқият зерттеу, қор көлемін анықтау, оны жарату шарттарын белгілеу бойынша қосымша ұйымдастырушылық шығындардың көбейуі; үнемі ақша құралдарының бір бөлігін айналымға салмай сақтау қажеттігі; қор өзінікі болғандықтан нақты тәуекелдердің әсерінің дәл анықтау қажеттілігінің артуы, өйткені қажеттіден артық қор жиналып тұрса

босқа тұрады, аз қор жиналса тәуекелдің орнын толтыра алмау қауіпі болады. Сонымен қатар, инфляция, девальвация және басқада қордың құнсыздануына алып келер жайттар болуы мүмкін. Бұның тағы бір кемшілігі көп мөлшерде ликвидті активтерді жинақтап отыруды қажет етеді. Бірақ көп өндірушілер қор жинаудың орнына, барынша табыс табу мақсатында барлық қолда бар қаражаттарын айналымға салғысы келеді, сондықтан әрқашан ақша жетіспеушілігімен ұшырасады;


- деректер қорын құру, бұл шаруашылығында жиі кездесетін тәуекелдер туралы мәліметтерді тұрақты түрде жинақтап, топтап талдау үшін дайындау болып табылады. Оның мақсаты осы немесе басқа шаруашылықтардың өткен тәжірибесінен үлгі алуды және соның негізінде ағымдық тәуекелдерді басқаруда тиімді шешім қабылдауды білдіреді. Деректер қорын құру арқылы тәуекелді өлшеу және оған сандық немесе статистикалық сипаттамада талдау жасауға мүмкіндік береді;

- өндірістік әртараптандыру немесе диверсификациялау, бұл баға және өндіріс шығындары жағынан тиімді өнім түрлерін өндіруді білдіреді. Яғни бірнеше өнім түрлерін өндіру арқылы табыстылықтың ең тиімді орта деңгейін қамтамасыз етуді көздейді. Яғни бір түр өнімнен шығындарды басқа түр өнімді өндіруден алған табыстар арқылы жеңілдетуге негізделеді. Сонымен қатар әртараптандырудың келесідей кемшіліктері де анықталған: ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-құрастырымдық жұмыстарға, сертификат алу, лицензия алу, патенттер алу, жаңа өндірісті бастауға және жаңа тұтынушыларды табуға қосымша шығындарды талап етеді. Әртараптандыру барысында қосымша өндіріс түрлерінен қосымша бақылауды қажет ететін тәуекелдер де пайда болуы мүмкін. Әртараптандыру жүйелік тәуекелдерді төмендете алмайды [54];

- хеджерлеу, сақтандыруға ұқсас тәуекелдерді басқару әдістерінің біріне жатады [55]. Бірақ хеджерлеу сақтандыруға қарағанда анағұрлым кең ауқымды тәуекелді басқару әдістерін қамтиды. Яғни хеджерлеу тәуекелден қорған қалыптастыруға бағытталған кез келген іс шаралар жиынтығын қамтиды. Оған сақтандыру, диверсификациялау немесе тәуекелді азайту үшін қосымша табыстардан бас тарту да кіреді;

- адаптивтік әдіс немесе қосымша жоспар құру әдісі (Plan-B), П.Л. Виленский бастаған авторлар тобы бұл әдісті сыртқы өзгермелі жағдайлар мен болжамдардағы болған өзгерістерге сай шешім қабылдау үшін, алдын ала балама жоспар дайындап қоюды білдіретінін көрсеткен. Яғни, бір жоспар жүзеге аспай қалған кезде, оның орнын басатын балама жоспардың болу қажеттігін алға тартатын көз-қарас болып табылады [56].

Ал сыртқы мүмкіндіктер, егер тәуекелдерді басқаруда өндірушінің өз мүмкіндіктері жеткіліксіз немесе тиімсіз болған жағдайда сыртқы көздермен тәуекелдерді бөлісуді немесе толығымен аударуды білдіреді, олардың ішіндегі ең көп қолданатындарын P.Palinkas және C.Szekely Германия, Нидерланды және Испания елдерінде шаруалардың тәуекелдерді басқару жағдайлары бойынша жүргізген зерттеу нәтижелерінен көруге болады (4-сурет).



4-сурет – Нидерланды, Германия және Испания шаруа қожалықтарының тәуекелді басқару әдістеріндегі таңдаулары (пайыз есебінде)

Ескерту: [57] дереккөз негізінде автормен дайындалған

Яғни шаруалардың көбі ең алдымен өндірістік келісім шарттар мен маркетингтік келісім шарттарға, сосын тігінен бірігуге және ең азы хеджирлеуге жүгінетінін байқауға болады [57].

Сонымен тәуекелді басқарудың негізгі әдістері және олардың мазмұнын сыртқы көздерді қолдану мүмкіндіктері ретінде төмендегідей көрсетсе болады:

- өндірістік келісім шарттарға отыру арқылы, ауыл шаруашылығы өнім өндірушілері алдын ала келісілген өнім көлемі мен бағасында өнімдерін өткізе алатындығына сенімді болады. Бірақ оның кемшілігі, шаруа қожалықтарына басқа бір тәуекел әкелу мүмкіндігімен, яғни өнім бағасы өндірістік келісім шарттағы бағадан жоғары болған жағдайда алынбаған пайда тәуекелін тудыратыны белгілі. Бұл әдісті көбіне жоғары емес, тұрақты табысты қалайтын шаруашылықтар тарапынан қолданылуы мүмкін. 4-суретте көрініп тұрғандай аталған елдердегі шаруа қожалықтары көбіне тұрақты табысты қалайды деген тұжырым жасауға болады.

- маркетингтік келісім шарттар, бұл терім науханына дейін немесе өнім жиналғанға дейін, өндіруші мен сатушы арасындағы баға мен өнім көлемі жайында ауызша немесе жазбаша келісімді білдіреді. Маркетинг келісім шартының ерекшелігі қанша өнім өндірсен де сатып алушының сатып алатындығындағы сеніммен көрсетіледі. Яғни сенімді өткізу жері табылғандықтан шаруалар барынша мол өнім жинаса да оны қайда өткізем деп әуреленбейді.

- тігінен бірігу негізінде тәуекелдерді бөлісу. Бұл өнім өндірісі сатысы мен өңдеу сатысы және арықарай сату сатыларын қамтитын, өндіріс пен тұтынуға дейінгі барлық немесе бірнеше сатылардың бірігуін, яғни кешенді түрде жүзеге асуы болып табылады. Ол келісім шарт жасасу арқылы, өндіруші және өңдеуші өнеркәсіптердің тігінен бірігуі негізінде өткізу тәуекелдерін бөлісу арқылы жүзеге асатын барлық сыртқы көздермен тәуекелдерді бөлісуді

камтиды [58]. Тәуекелді бөлісудің маңызды артықшылығы ретінде тәуекелді бөлісушілердің саны артқан сайын олардың әрбіріне келетін тәуекелдің азаюын айтса болады. Ал кемшілігі тәуекелді бөлісушілердің саны артқан сайын, сәйкесінше табыс көлемі де бөліске түседі. Сондықтан бірігу кезінде тәуекел мен табыстың тиімді ара қатынасын сақтаған жөн.

- фьючерстік келісім шарттар (мерзімдік келісім шарттар), биржада немесе биржадан тыс жерде келешекте белгіленген уақыт сәтінде белгіленген бағамен белгілі бір мөлшерде тауарлар жеткізуге, сатуға немесе сатып алуға жасалатын келісімшарт. Бұл жерде баға өзгерісінен сақтанып жатқан шаруаларды «хеджер» деп атайды. Ал олармен жасалған келісім шарттарды биржада саудалау арқылы пайда табуға үміттенетіндер биржа ойыншылары немесе делдалдары болып табылады. Алғашқы кездері бұл әдіс бойынша келісім шарттар тауарлардың бағасы негізінде жасалынғандықтан дамыған елдердің шаруалары үшін тиімді еді, бірақ қазіргі кезде биржа делдалдары өз тәуекелдерін барынша азайту үшін фьючерстік келісім шарттарды пайызбен немесе баға индексі негізінде жасау арқылы шаруалардың табысты болу мүмкіндіктерін азайтуда. Себебі, биржа делдалдары фьючерстік келісім шарттарды сатып алу арқылы шаруалармен тәуекелдерін бөліседі және өздерінің ұтылып қалмауына барынша тырысып бағады [59].

- сақтандыру, сақтанушы үшін сақтандырылған өнім көлеміне кеткен шығынды қайтару мүмкіндігі. Ал сақтандыру компаниясы белгіленген көлемде тәуекелді бөліскені үшін табыстың бір бөлігін сақтандыру жарналары ретінде алып отырады. Бірақ неғұрлым тәуекел деңгейі көп болған сайын сақтандыру жарналарына кететін шығындар да артады.

Сақтандыру тәуекелге әсер етудің ең көп тараған әдісі болып табылады. Ол болашағы белгісіз жағдайда пайда болуы мүмкін тәуекелдердің орнын толтыру мақсатында, арнайы келісім шарт жасасу арқылы жүзеге асырылады. Бұл жерде сақтандыру жарналарын төлеу арқылы сақтанушылар өз тәуекелдерін сақтандырушы компанияға өткізеді.

Сақтандырудың экономикалық тиімділігі, арнайы сақтандыру қорының құрылуына кететін шығындардың, тәуекелден туындауы мүмкін шығындардан аз болуымен сипатталады. Бірақ, барлық тәуекелдерден сақтандыру арқылы құтылуға болмайды. А.Лобанов пен А.Чугуновтың ойынша тек келесі шарттар орындалса ғана сақтандыруды жүзеге асыру тиімді болады, олар:

- тәуекелдің бір түрінен сақтандыратын адамдардың көп саны болуы керек;

- сақтандыру жағдайы, бір мезетте сақтандыруға қатысушылардың көп бөлігінде орын алмауы тиіс;

- сақтандыру жағдайы, сақтанушының себібінен әдейі жасалған болмауы тиіс;

- оқиға нәтижесіндегі шығындар оңай есептелінетіндей және қолдан жасалмауы тиіс;

- сақтанушының өз күшімен орны толтырылуы қиын болатын мүмкін тәуекелдер сақтандырылғаны дұрыс;

- сақтандыру жағдайының болу ықтималдылығы салыстырмалы түрде төмен болуы тиіс және шын мәнінде болуы мүмкін немесе аз болса да ықтимал болуы тиіс [58].

Сақтандырудың тәуекелді басқару әдісі ретінде, өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Оларды білу арқылы, сақтандырудың ауыл шаруашылығында тиімді қолдану үшін мүмкін жерлері мен қолданудың қажеті жоқ себептерін анықтауға болады.

Сақтандырудың маңызды артықшылықтарын [18; 44; 49; 59] әдебиеттері негізінде төмендегідей көрсетсе болады:

- тәуекел жағдайларының шығындарын өтеуге мүмкіндік береді;
- тәуекел жағдайына арналған қорлардың қаржысын пайдалануға мүмкіндік береді;
- тәуекелді басқаруға кететін шығындарды азайтуға мүмкіндік береді;
- кәсіпорын қаржысын жоспарлаудағы артықшылықтар, өйткені күтілетін белгісіз үлкен шығындардың орнына сақтанушы аз мөлшерде тұрақты және анықталған мерзімде сақтандыру төлемдерін төлеп отырады;
- сақтандыру компаниясы мүмкіндігінше сақтандыру оқиғасы болмауы үшін барын салады, яғни өзінің эксперттері көмегімен жобаны бастан аяғына дейін мұқият тексереді;
- сақтандыру инвестицилардың қайтарылатындығына қосымша кепілдеме ретінде жұмыс істейді, яғни сенімділікті арттырады.

Сақтандырудың кемшіліктерін төмендегідей көрсетсе болады:

- сақтандыру тәуекел деңгейін төмендетпейді, ол тек келісім шартта көрсетілген шығынның сақтандырылған бөлігін қайтаруға мүмкіндік береді;
- барлық тәуекелдерден сақтандыруға болмайды, яғни сақтандыруға болатын және болмайтын тәуекелдер бар;
- сақтандыру жағдайы, бір мезетте сақтандыруға қатысушылардың көп бөлігінде орын алмауы тиіс, егерде ондай жағдай болса сақтандыру компаниясы банкротқа ұшырап өз міндеттерін орындай алмай қалуы мүмкін. Жаппай орын алатын жағдайлар әсіресе ауыл шаруашылығында көп кездеседі (жұт, аурулар, бұршақ, үсік шалу т.б.);
- әрбір сақтандырылған тәуекелдердің ықтималдылығын есептеу үшін жоғары дәлдікті қамтамасыз ету талаптардың қойылуы;
- сақтандырылған объектінің құнындағы өзгерісті үнемі қадағалап отыру керек;
- сақтандыру нарығында сақтандыру компанияларының мүддесі басым болады, өйткені ең алдымен сақтандыру бойынша ұсыныстарды сақтандыру компаниялары өзі ұтылмайтындай әзірлейді;
- көптеген сақтандыру компаниялары мен олардың нарықтағы сақтандыру бойынша ұсыныстарының қайсысы тиімді екененін саралайтын зангер маман қажет, ондай маманды жұмысқа алу әрбір шаруа қожалығының мүмкіндігі көтере бермейді;
- сақтандыру нарығындағы сұраныс пен ұсынысты реттеп отыратын тиімді заңдар мен мемлекеттік қадағалау қажет.

Стратегияға негізделген тәуекелдерді басқару әдісі, тәуекелдерді өндірісті жобалау барысында алдын алуға негізделген әдіс. Әсіресе инновациялық жобаларды жүзеге асыру В.Н. Жоваников ойынша жоғары тәуекелдермен байланысты болады. Сондықтан бұндай тәуекелдерді болдырмау үшін стратегиялық және тактикалық шешімдер қолданған жөн [20]. С.Филин бастаған авторлар тобының пайымдауынша, көбіне бұл әдіс қолдану келесілерден бас тартуды қажет етеді:

- өте жоғары тәуекелі бар қаржылық және шаруашылық істерден;
- сырттан көп мөлшерде қарыз алудан, өйткені бұл қаржылық тұрақтылыққа кері әсер етеді;
- сенімсіз серіктестерден;
- пайыздық және депозиттік тәуекелдерді алдын алу үшін, қысқа мерзімді ақша салымдарындағы уақытша бос ақша құралдарын айналымға қолданудан бас тарту қажет [60].

Стратегиялық басқару - нарықтық экономика жағдайында ауыл шаруашылығының тұрақты дамуын қамтамасыз етудің маңызды әрі шешуші рөлін ойнайды. Стратегиялық басқаруды жүзеге асырудың екі типі бар:

1) механикалық түрі – қарсы келген кедергілерді жою бағытында, бастан өткен тәжірибелерге сүйене отырып, тәуекелі ең аз болатын баламаны таңдаумен сипатталады. Стратегиялық басқарудың бұл типінің артықшылығы бір қатені екінші рет қайталамауға мүмкіндік береді. Ал оның кемшілігі қарсы келген кедергінің алғашқы рет бастан кешіру жағдайында байқалады.

2) стратегиялық түрі - ол қарсы келуі мүмкін тәуекелдерді болжамдауға және баламалардың ішінде мүмкін болатын ең тиімді шешім қабылдауға бағытталған. Бұл әдіс тәуекелдің әрбір түріне сәйкес келетін мәселені шешудің жаңа жолдарын қалыптастыруға, тәуекелі ең төмен баламаны таңдауға және жүйе ішіндегі қарама-қайшылықтарды ескеруге мүмкіндік береді [61].

Ауыл шаруашылығы тәуекелдерін басқару әдістерін таңдағанда оған кететін шығын өте маңызды рөл ойнайды. Өйткені, егерде тәуекелді алдын алуға кететін шығын, тәуекелге бас ұрғандағы кезде алатын табыстан жоғары болса, онда тәуекел етудің түкте пайдасы жоқ. Тәуекелдердің қайсы түрінде қандай іс-әрекет жасау керектігінің ортақ заңы жоқ. Алайда, тәуекелдердің белгілі бір түріне қарсы күресудің тиімді әдістері бар. Тәуекелге бару немесе бармауға байланысты шешім қабылдаудың нұсқасын кесте түрінде көрсетуге болады (кесте 3) [62; 63].

Бұл жерде тәуекел ықтималдылығының коэффициенті «нөлге жақын» болған сайын тәуекел төмен болып қабылданса, «бірге жақын» болған сайын ол жоғарылайды. Кестеде тәуекел деңгейлері мен шығын мөлшері, тек жалпылама түрінде берілген. Іс жүзінде әрбір кәсіпорын тәуекелге байланысты шешім қабылдаудың өзінің нұсқасын жасағаны абзал. Өйткені тәуекел біріне тәуекел болса, екінші біріне табыс көзі болып табылуы мүмкін.

Егер тәуекел ықтималдылығы аз болып, ешқандай шығынға ұшырамайтын болса, тәуекелге бел бууға болады. Аздап шығын болуы мүмкін болса, сол шығынды баса алатын көлемде қор жинаған жөн.

Кесте 3 – Ауыл шаруашылығы өнім өндірушілерінің тәуекел деңгейіне байланысты шешім қабылдау кестесі

Болжанатын шығын көлемі	Тәуекел ықтималдылығы (шкала/ коэффициент)				
	Өте аз мөлшерде / 0,0-0,1	Аз мөлшерде/ 0,1-0,3	Орташа/ 0,3-0,4	Көп мөлшерде/ 0,4-0,6	Ең қауіпті/ 0,6-1,0
Өте аз көлемде	Тәуекелге бел буу			Тәуекелге бел буу немесе қор жинақтау	
Аз көлемде	Қор жинақтау	Сақтандыру немесе (және) тәуекелді бөлісу			Тәуекелге бармау
Орташа	Сақтандыру немесе (және) тәуекелді бөлісу			Тәуекелге бармау	
Үлкен	Сақтандыру немесе (және) тәуекелді бөлісу		Тәуекелге бармау		
Апаттық көлемде шығындар	Сақтандыру немесе (және) тәуекелді бөлісу	Тәуекелге бармау			
Ескерту: [62; 63] дереккөз негізінде автормен дайындалған					

Ал егер шығын көлемін баса алатындай қор жинау мүмкін болмаса, сақтандыру компанияларының қызметтеріне жүгініп тәуекелді бөлісуге болады. Бірақ шығындар орта деңгейден асатын болса бұндай тәуекелге бармаған дұрыс. Бұл жағдайда тәуекелден бас тартқан жөн. Өйткені, тәуекел аз болған күннің өзінде мүмкін шығындардың деңгейі жоғары болса, тәуекел өзін ақтамау қауіпі жоғары болады.

Тәуекелдің тиімді басқару әдістерін тандау өте қиын әрі жауапты іс болып табылады. Тәуекел саласындағы көптеген эксперттердің жүргізген зерттеулерін ескере отырып А.С.Жемчугов келесідей қорытынды жасаған. Оның пайымдауынша тәуекелді басқаруда басымдылықты ең алдымен превентивті әдістерге, яғни оны алдын алуға бағытталған әдістерге берген жөн, тек егерде оларды қолдану белгілі себептерге, яғни қымбат, мүмкін емесе немесе пайдасыз болуына байланысты қолдануға мүмкін болмаса ғана, регрессивті әдістерді қолдануға болады. Өйткені регрессивті әдістер тәуекелдің себептері мен емес салдарымен күресуге бағытталады, яғни тәуекелдің өзін азайтпайды, одан келетін шығынды азайтады [64].

Сонымен, ауылшаруашылық кәсіпорындарын басқаруда тек мақсат пен міндеттерді анықтап алу жеткіліксіз, сонымен қатар бұл мақсат пен міндеттерді орындау үшін бүкіл кәсіпорында жұмыс істейтін еңбеккерлерді соған бір адамдай етіп жұмылдыра алу қажет. Бұл жерде басқару әдістері басқарушылар мен мамандардың қолындағы ұйымдастырушылық және шаруашылық құралы болып басқару үдерісінің сәттілігін анықтайды.

Ауыл шаруашылығында түрлі басқару деңгейлерінде тиімді экономикалық механизмді қалыптастыру үшін, оны құрайтын құрылымдық

бөлімшелерінде, экономикалық тұрғыдан, шаруашылықтарда тәуелсіздік пен орталықтандырудың оптималды құрамын қамтамасыз етуді талап етеді.

Жоғарыдағы айтылған көптеген әдістердің ауыл шаруашылығында тәуекелдерден келетін шығындарды болдырмауға немесе азайтуға мүмкіндіктері бар. Олардың қайсысын қай жағдайда қолдануға болады деген универсалды тұжырым жасауға болмайды. Өйткені әрбір тәуекел шаруашылық түрі, географиялық орналасуы, даму деңгейі, мерзімі, көлемі және басқа да факторларға байланысты өзгеруі мүмкін. Ең бастысы әрбір тәуекелді басқару қағидалары мен өткен тәжірибені ескеріп, қазіргі таңдағы мүмкін болатын әдістерді жеке немесе тиімді комбинацияда қолдана білу керек.

Сонымен қатар, тәуекелді басқару жүйесін қалыптасқан жағдайға үнемі бейімделуін қамтамасыз ете отырып, ауыл шаруашылығын жүргізуде прогресивтілік пен тиімділікті қамтамасыз ету мақсатында, ғылым мен техниканың алдыңғы қатарлы және тексеруден өткен жетістіктерін өндіріске енгізген абзал.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының түрлі тәуекелдерге бейімділігін арттыру үшін мүмкін тәуекелдер жайында нақты ақпараттық көмек қажет. Бұл кез келген мәселе бойынша қажетті ақпаратқа қол жетімділікті арттырудан басталуы керек. Яғни ауыл шаруашылығы кәсіпорындары өндірілуі қажетті өнім көлемін алдын ала білсе, бар күшін сол сұранысты қанағаттандыруға тырысады. Бұл ақпараттар негізінде, әрбір кәсіпорын өзінің стратегиялық жоспарларын қалыптастыру арқылы, нарыққа қажетті өнім көлемін өндіретін болады. Бұл ретте мемлекеттің ауыл шаруашылығындағы тәуекелдерді ауыздықтауға көмектесер мүмкіндігі ретінде басты ақпарат және білім көзі болу маңызды.

1.3 Ауыл шаруашылығы өнім өндірісіндегі тәуекелді тиімді басқарудың шетелдік тәжірибесі

Мемлекеттің экономикадағы рөлі туралы ғалымдардың көз-қарастары сан алуан және әр қайсысының өз ақиқаты бар. Бірақ ауыл шаруашылығы елдің азық-түлік қауіпсіздігінің кепілі болғандықтан, экономиканы әртараптандырудың бір саласы болғандықтан және жаһандық табиғи-климаттық өзгерістерге байланысты мемлекеттің экономикадағы тәуекелдер тұрғысынан қарағанда тұрақтандырушы және жөн көрсетуші сипаты маңызды болып табылады.

Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласы әлемде болып жатқан даму бағытындағы реформалардан қалмай және солардың қатарында болу үшін, осы мақсатта ұйымдасқан Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) маңызы зор. Бұл жөнінде Елбасы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында былай деген: «Бүгінде дамығандықтың іргелі көрсеткіштерін Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына мүше мемлекеттер көрсетіп отыр. Оған әлемдік ішкі жалпы өнімнің 60 пайыздан астамын өндіретін 34 ел кіреді. ЭЫДҰ-ға кіруге

тағы 6 ел – Бразилия, Қытай, Үндістан, Индонезия, Ресей және Оңтүстік Африка Республикасы үміткер болып отыр. Ұйымға мүше барлық елдер терең жаңғыру жолынан өтті, инвестицияның, еңбек өнімділігінің, шағын және орта бизнесті дамытудың, халық өмірі стандарттарының жоғары көрсеткішіне ие болып отыр. Әлбетте, ЭЫДҰ елдерінің болашақ ұзақмерзімді қарқыны ескерілгендегі индикаторлары – жер жүзінің дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіру жолындағы біздің базалық бағдарымыз осы» [65]. Яғни біздің жағдайымызда осы ұйымның тәуекелдерді басқару бойынша зерттеулері мен ұсыныстарын назарға алған жөн.

Бұл ұйым мәліметтері бойынша Қазақстан экономикасының әртараптануын қамтамасыз ету және ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін ең алдымен тасымалдау инфрақұрылымын, ауыл шаруашылығы ғылымын және елдің азық-түлік қауіпсіздігі жүйесін жетілдіруге баса назар аударған жөн. Бұл жайында «ЭЫДҰ-ның шолуы: Қазақстан аграрлық саясаты 2013» атты жинағында толығымен ашып көрсетілген. Бұл жинақта сонымен қатар Қазақстан ауыл шаруашылығын дамытудағы төмендегідей негізгі қорытындылар мен ұсыныстары берілген [66]:

- тасымалдау инфрақұрылымы, ауыл шаруашылығы ғылымы мен инновация, елдің азық-түлік қауіпсіздігі жүйесі және оқыту трейнингтеріне стратегиялық инвестицияларды және саяси шешімдерді бағыттау;

- шағын ауыл шаруашылығы бизнестің үлкен нарыққа шығуына, әртараптануына және ауыл шаруашылығында табыстың артуына байланысты іс-әрекеттерін жандандыру;

- өнімділікті тұрақты арттыруға, ауыл шаруашылығын дамытуға, кедейшілікті төмендетуге және сауда ашықтығын қамтамасыз етуге негізделген түрлендірілген саяси көз қарас арқылы дамыған елдердің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәжірибесін ескеру;

- ресурстарды пайдалануда және ауыл шаруашылығының экологиялық талаптарын сақтауда экономикалық стимулдарды арттыру;

- ауыл шаруашылығында тәуекелдерді басқару бойынша құралдарды және саясатты жетілдіру;

- «КазАгро» Ұлттық холдингінің ауыл шаруашылығындағы рөлін нақтылау;


- ауыл шаруашылығы саясатын басқаруды жетілдіру.

Бұл ұсыныстар мен қорытындылар ішінде тәуекелге байланысты «Ауыл шаруашылығында тәуекелдерді басқару бойынша құралдарды және саясатты жетілдіру» маңызды болып табылады.

ЭЫДҰ зерттеулері бойынша тәуекелді басқару қазіргі кезде ауыл шаруашылығы үшін өзгерістер нәтижесіндегі қауіптерді көруге, болдырмауға немесе қарсы тұруға мүмкіндік беретін негізгі құрал болып табылады. ЭЫДҰ ауыл шаруашылығында тәуекелдерді басқару бойынша мемлекеттерге келесідей ұсыныстар әзірлеген:

- мемлекеттік саясат тәуекелдерді басқаруға кешенділік көз-қарасқа (holistic approach) негізделіп жүзеге асырылуы тиіс, яғни барлық тәуекелдерді

және олардың араларындағы бір бірімен байланыстарын жүйелі түрде қоса анықтау, баға немесе басқа да тек бір жақты тәуекел көздерін бағалау негізінде ауыл шаруашылығын басқарудан бас тартқан жөн. Басқа сөзбен айтқанда кешенді көз-қарас: мемлекеттік саясаттың, ауыл шаруашылығы өнім өндірушілер стратегиясының және ауыл шаруашылығы тәуекелдерінің бір бірімен байланыстырылып тәуекелді басқаруға бағытталған үш өлшемді жүйесі болып табылады (5-сурет). Бұл мақсатта мемлекет ауыл шаруашылығы өнім өндірушілеріне өздерінің тәуекелдерін анықтауға және басқаруға қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету немесе тренингтер ұйымдастыру арқылы жәрдем бере алады;



5-сурет – Ауыл шаруашылығында тәуекелді басқаруға бағытталған кешенді көз-қарастың бір бірімен байланыстырылған үш өлшемді жүйесі

Ескерту: [67] дереккөз негізінде автормен дайындалған

- ауыл шаруашылық тәуекелдерін басқару саясаты негізінен апаттық тәуекелдерге бағытталуы тиіс, олардың орын алуы сирек, бірақ шаруашылықтар үшін үлкен зардаптарымен қауіпті.

Сондықтан бұл тәуекелдерге қарсы тұру саясатының жоспары оқиға болған кезде жүзеге асырылатын алдын ала анықталған іс-шараларды, жауапкершіліктерді және шектеулерді қамтуы тиіс;

- сақтандыруды субсидиялау, апаттардың салдарымен күресті жеңілдетудің бір әдісі болып табылады. Бірақ қазіргі кезде бұл жеке

сақтандыру нарығының дамуына кедергі жасай бастады. Өйткені бұндай субсидия сақтандыру оқиғасы орын алғанда ғана төленеді;

- агробизнесті бастауға жақсы жағдай жасау қажеттігі бар. Оған ақпараттандыру, реттеу жүргізу және арнайы дайындық курстарын ұйымдастыру жатады. Бұл сақтандыру, фьючерстер және келісім шарттар жасасу сияқты нарыққа байланысты тәуекелдерді басқару құралдарын меңгеруде мемлекеттің негізгі көмегі болуы тиіс;

- орта және одан төмен деңгейдегі тәуекелдерді алдын алуда мемлекеттің араласуын шектеп, онымен шаруалардың өздері айналысуын қамтамасыз ету керек. Өйткені, барлық тәуекелдерден қорғалған шаруашылықтар енді табыстарын одан да арттыру мақсатында табысы жоғары, сәйкесінше тәуекелі де жоғары өндіріске жүгіне бастайды. Нәтижеде бұның бар ауыртпашылығы мемлекетке түседі [67].

ЭЫДҰ зерттеулерінде ауыл шаруашылығы тәуекелдерінің бір бірімен байланыстарының кейде бірін бірі толықтырушы немесе компенсациялаушы болатыны көрсетілген (6-сурет). 6-суретте Италия, Эстония, Австралия және Біріккен корольдікте шаруалардың табысқа байланысты тәуекелдерді азайтудағы толықтырушы байланысты, компенсациялаушы байланысты және диверсификацияны қолдану үлестері салыстырылған.

Толықтырушы байланысты, өнімнің өзіндік құнына кіретін тауарлар бағасының өсу тәуекелін, өнім бағасын көтеру арқылы толықтырып отыру мүмкіндігі арқылы көрсетсе болады (яғни, кіріс және шығыс тауарлардың бағасын сәйкестендіру).

Мысалы, тыңайтқыштар (кіріс) бағасының көтерілу тәуекелін, ауыл шаруашылығы өнімінің (шығыс) өзіндік құнына қосып, бағасын сәйкесінше көтеру арқылы тәуекелді азайтуға немесе шығынды толтыруға болады.

Компенсациялаушы байланыс, егер түрлі факторларға байланысты өнімнің өнімділігі төмендеп кетсе, нарықтағы осы өнімнің жетіспеушілігі арқасында бағасы көтерілуімен түсіндіріледі. Яғни, аз өнім өндірілсе де, нарықта есесіне баға қымбаттап жетпеген өнімділіктің белгілі бір көлемін компенсациялайды.


Мысалы: Ауыл шаруашылығы өндірісінің өнімділігін арттыруда тыңайтқыштар оң әсерін тигізеді анық.

Бірақ, өнімділік арту себебінен нарықтағы бұл өнімнің көбейуіне байланысты, яғни ұсыныстың сұранысқа қарағанда жоғары болуы, нарық заңы бойынша бағаны түсіріп, кері әсерін береді.

Бірақ нәтижеде өнімділіктің азаюы бағаның өсуімен және керісінше өнімділіктің артуы бағаның төмендеуімен компенсацияланады.

Тәуекелді басқару тек бір фактор немесе бір шешім арқылы жүзеге асыруға болмайды.

Ауыл шаруашылығы тәуекелдерін және саяси қателіктерді алдын алуда әсіресе диверсификация стратегиясы маңызды және көптеген жағдайда өзінің тиімділігі дәрежесі бойынша әліде алдыңғы қатарларда көрінуде және тұрақты пайдаланылуда (6-сурет).



6-сурет - Италия, Эстония, Австралия және Біріккен корольдікте шаруалардың табысқа байланысты тәуекелдерді азайтушы факторлардың қолданыстағы үлестері (пайызбен)

Ескерту: [68] дереккөз негізінде автормен дайындалған

ЭЫДҰ-ның жіктемесі бойынша тәуекелдер үш деңгейге бөлінеді: қалыпты тәуекелдер, нарықтық тәуекелдер және қалыптан тыс, яғни апаттық деңгейдегі тәуекелдер болып бөлінеді [68]. Бұлай жіктеменің себебі мемлекеттік қолдау тәуекел деңгейіне қарай өзгеруінде болып тұр.

1) Қалыпты немесе төмен деңгейлі тәуекелдер, арнайы мемлекеттің араласуынсыз фермерлер тарапынан стратегиялық шешімдер қабылдау негізінде алдын алуға болатын тәуекелдер жатады. Бірақ, ол үшін өндірістік, баға немесе ауа райы тәуекелдерінің деңгейі қалыптыдан аспауы тиіс. Бұндай тәуекелдерді басқаруда шаруа қожалықтарының өзі қызығушылық танытуы тиіс. Ал мемлекет осындай іс әрекетке бағытталған стратегияларды ынталандырып, керекті ақпараттармен қамтамасыз етіп және үлгілі шаруа қожалықтарының тәжірибесін басқаларына үйлестіруге жәрдем беріп немесе табыс салығын төлеуді соңғы 2-3 жылдағы орташа табыс есебінен алу тәжірибесін енгізсе болады. Себебі қалыпты тәуекелдер шаруа қожалығы деңгейінде диверсификациялау немесе қор жинау және қажетті ақпараттар арқылы шешілуіне болатын тәуекелдер қатарына жатады.

2) Нарықтық тәуекелдер, бұл сақтандыру, фьючерстер немесе шаруалар арасында бірлестіктер құру негізінде, яғни нарық құралдары арқылы басқаруға болатын қалыпты тәуекелдер мен апаттық тәуекелдер арасындағы тәуекел деңгейі болып табылады. Бұндай тәуекел түрлеріне бұршақтан болған

шығындар, нарықтағы кішігірім баға ауытқуларынан туындайтын тәуекелдер жатқызылады. Бұл жерде мемлекеттік қолдау қажетті заңдармен қамтамасыз ету, олардың орындалуын қадағалауға және қажетті ақпаратпен қамтамасыз етуге бағытталғаны жөн. Нарықтық тәуекелдерді ауыл шаруашылығы өнім өндірушілері өз ара тиімді бірігу арқылы тәуекелді басқаруды ұйымдастыру шығындарын азайта алады.

3) Апаттық тәуекелдер, бұл аймақтық немесе мемлекеттік деңгейде шаруашылықтарды немесе ауыл шаруашылығы өнімдер нарығының басым көпшілігін қамтыған, мысалы: су басу, құрғашылық немесе ғаламдық ауа райындағы өзгерістер сияқты салдардан туындайтын тәуекелдерді қамтиды. Сонымен қатар, үлкен аймақты қамтыған аурулар мен зиянкестер шабуылын атаса болады. Бұндай деңгейдегі тәуекелдерге мемлекеттік деңгейде қолдау және бақылау қажет. Себебі қарапайым нарықтық құралдар немесе диверсификация арқылы бұндай тәуекелдерге қарсы тұруға болмайды. Сондықтан апаттық жағдайлар болғанда үкімет халықтың наразылығын тудырмау үшін бәрібір қалпына келтіруші іс шараларға қатысуға мәжбүр болады. Ондай жағдайға жеткізбеу үшін үкімет алдын ала апаттық жағдайда мемлекет тарапынан және жеке кәсіпкерлер тарапынан атқарылатын жұмыстарын заң жүзінде нақтылағаны дұрыс. Өйткені алдын ала ойластырылмаған іс-шаралардың белгісіз нәтижелерге, яғни қосымша тәуекелдерге алып келуі мүмкін. Мысалы, әрбір ЭЫДҰ мемлекетерінде түрлі аурулар мен табиғи негіздегі апаттық тәуекелдерге қарсы тұруға арналған және алдын ала жасалған жоспарлар мен бағдарламалары бар.

Шет елдердің тәуекелді басқару бойынша тәжірибелерін меңгеру арқылы, басқа елдердегі жіберілген қателерді алдын алуға мүмкіндік туады. Ондай қателіктерге мысал ретінде, «мемлекеттік шектен тыс қолдауының кері әсерін» айтса болады. Яғни фермерлердің тәуекелі жоғары шаруашылық жүргізуге жол ашатын бірқатар елдердің «өндіріс пен бағаны» қолдауға бағытталған саясатының нәтижесінен байқауға болады. Мысалы: Испания және Англиядағы кейбір дәнді дақылдарға үкімет тарапынан бағасына қолдау көрсету көбейіп, ал кейбіреулеріне қолдау азаюына байланысты, фермерлер жоғары табысты және мемлекеттік қолдау көрсетілетін дәнді дақылдарды ғана өсіретін болған [69]. Дәл осындай жағдай Испания мен Канада мемлекеттінің сақтандыруды субсидиялау кезінде туындаған, яғни көбіне сақтандыруы субсидияланатын өнімдерді өндіру тенденциясы көбейген [70].

Әрине шетелдік мемлекеттер тәжірибелерінің ішінде қолданылмауы тиіс жағдайлармен қатар, үлгі алатындай жағдайлары да бар. Мысалы, ЭЫДҰ – ның Жаңа Зеландия мемлекетінде жүргізілген зерттеулері мемлекеттің апаттық тәуекелдерді басқарудағы кең ауқымды бағдарламалары мен жоспарларының тиімділігін сипаттайды. Бұл жерде әрбір апаттық тәуекелдерге байланысты мемлекеттің және жеке кәсіпкерлердің жауапкершілігі нақты заң жүзінде бөлініп берілген. Жаңа Зеландия фермерлері апаттық жағдайда әлеуметтік және психологиялық көмектен бастап, күрделі қалыпына келтіру көмегі үшін мемлекетіне арқа сүйесе болады. Бірақ Жаңа Зеландия мемлекетінің

тәуекелдерді басқару тәжірибесінің кері әсері де бар. Өйткені, кез-келген жағдайда мемлекет көмекке келеді деген сенім фермерлердің тәуекелі жоғары іс-әрекет жасауына алып келуі мүмкін [71].

Ал Аустралия мемлекетінің Қазақстанға да тән құбылыс ретіндегі құрғақшылық сияқты апаттық тәуекелдерді алдын алу тәжірибесін қолданса болады. Бұл мемлекетте көп кездесетін құрғақшылықпен күрес бағдарламасы әрі кеткенде 20-25 жылда қайта өзгертіліп және жаңартылып отыру қажеттілігін алға тартады. Бұндай әрдайым жаңаландыруға бағытталған көз-қарас әлемдік деңгейде болып жатқан өзгерістер көшінен қалып қоймау үшін және оған заманауи мүмкіндіктерді пайдалану арқылы төтеп беру үшін қажет тәжірибе [72].

Осындай тәжірибелер үкімет тарапынан субсидиялау бағдарламаларын жасау кезінде ескерілгені дұрыс. Себебі Кеңес одағының өзінде ауыл шаруашылығын мемлекеттік субсидиялау аграрлық сектордың тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды фактор болып келгенімен, субсидия түрінде бөлінген көп қаражаттар өндірістің дамуын ынталандырған жоқ және салалардың экономикалық механизмін дамытуға жол ашпады, оның орнына азық-түлік тауарларының сатып алу мен сату бағасы арасындағы айырмашылықтарды жабу үшін ғана жіберілді.

Аграрлық секторды мемлекеттік қолдау - әлемдегі барлық алдыңғы қатарлы мемлекеттердің экономикалық саясатының басымды бағыттарының бірі. Әрбір дамыған елдерде аграрлық саясатты қолдауға бағытталған субсидиялаудың өз іс шаралар жүйесі мен бағдарламасы бар. Қазіргі кезде көп елдерде мемлекет тарапынан ауыл шаруашылығына қолдау көрсету деңгейі мен әдістері қайта қарастырылып және нарықтық реттеу түріне көбірек көңіл бөлгенімен, субсидияның көмегі арқасында ауыл шаруашылығы халықты арзан азық-түлікпен қамтамасыз етуге мүмкіндік алар еді.

Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау саясаты мен ауыл шаруашылығын мемлекет тарапынан субсидиялау мәселелері Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ), Еуропалық Одақ (ЕО), Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ), Еуропалық бағдар қоры мен ауыл шаруашылығы кепілдігі сияқты халықаралық ұйымдарда жиі талқыланып отырады.

Бұл ретте ЭЫДҰ-ға кіретін елдер дәстүрлі түрде мемлекеттік қолдау саясаты мен субсидиялау арқылы мемлекеттің ауыл шаруашылығына тікелей араласуының қажеттігі жоқ деп есептейді. Көбіне апаттық тәуекелдерге мемлекет баса назар аударуы тиіс деп есептейді [57]. Еуропалық Одақ ауыл шаруашылығына субсидияны қысқарту арқылы үнемделген қаржатын өңделмеген жерлерден алынатын залалдықты жабуға, шаруа қожалығы мүшелеріне зейнетке шығар кезіндегі жеңілдіктер беруге, экологиялық таза өнім өндірісін қолдауға шығынның орнын толтыру үшін бағыттауды жөн көреді.

ЭЫДҰ мәліметтері бойынша агроөнеркәсіп кешенін (АӨК) мемлекеттік қолдау мақсатына қарай топтастырылып отырады. Соның ішінде маңыздыларын төмендегідей көрсетсе болады:

1) Өндірушілер табысына қолдау жасау, оған жататындары: тікелей мемлекет тарапынан жасалынатын төлемдер, соның ішіндегі орын толтыру төлемдері (компенсациялық); табиғи апаттардан келген шығынның орнын толтыру төлемдері; өндірісті қайта ұйымдастыруға байланысты болатын шығындардың орнын толтыру төлемдері (мысалы, егістік алқаптарының қысқарғаны үшін төлемдер, малдарды еріксіз сою т.б.).

2) Бағаға араласу арқылы азық-түлік нарығына әсер ету шаралары, соның ішінде ауыл шаруашылығы өніміне арналған ішкі бағаларды қолдау жасау; квота және тарифтерді белгілеу; азық-түлік тауарларының экспорты немесе импортына салық салу арқылы араласу.

3) Жасалған шығындардың орнын толтыру, оған жататындары: өндіріс құралдарын сатып алушы өндірушілерге субсидиялар бөлу; тыңайтқыштар, жемшөп және улы химикаттарды сатып алуға салық жеңілдіктерін беру және субсидиялау; алынған несиелер бойынша процент төлемдеріне субсидия бөлу; меншікті сақтандыруды субсидиялау.

4) Нарықтың еркін дамуына жағдай жасау, ол мемлекеттік қаржыны: нарық бағдарламаларын жасау үшін және жүзеге асыруға; өндірілген өнімді сақтауға субсидиялар беру; аграрлық өнеркәсіп кешенінің өнімдерін тасымалдау және транспорттық жұмыстар жүргізуге кететін шығындарды субсидиялау.

5) Өндірістік инфрақұрылымды дамытуға жағдай жасау, оның ішіне ұзақ мерзімдік шараларға мемлекеттік қаржыландыру кіреді. Мұндай қолдау түрі өндіріс тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді, оған: шаруашылық құрылысына субсидиялар бөлу; суландыру жобаларын жүзеге асыру шығындарын және жерлерді қайта қопсытуға субсидиялар бөлу; шаруа қожалықтары бірлестіктерін ұйымдастыруға жағдай жасау жатады.

6) Аймақ бойынша даму бағдарламаларын жүзеге асыру, яғни өндірісті дамыту үшін мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруды мемлекеттік қаржыландыру жатады. Мемлекеттік қолдаудың бұл шаралары ЕО мемлекеттері, АҚШ және Канадада жүзеге асырылуда.

7) Макроэкономикалық саясат, мемлекеттік реттеудің ауыл шаруашылығы саласымен тікелей байланысты болмайтын, бірақ оның дамуына әсер ететін әдістер негізінде мысалы, жеңілдетілген салық саясатын жүргізу, ұлттық валютаны қолдау немесе сыртқы сауда қызметін жандандыру сияқты шаралар кіреді.

ЭЫДҰ қабылдаған классификация бойынша, жоғарыдағы топтағы біріншісі, яғни өндірушілер табысына қолдау жасау мемлекеттің ауыл шаруашылығын қолдаудың тікелей субсидиялауын қамтамасыз етсе, ал қалған алты топ жанама субсидияларды қамтамасыз етеді.

Осындай түрде ауыл шаруашылығы өнім өндірушілеріне жан-жақты қолдау көрсету көптеген дамыған мемлекеттердің аграрлық саясатының басым бағыттары болып табылады.

Сонымен қатар көптеген экономикалық тетіктер арқылы да ауыл шаруашылығы өнімінің өндірісін ұлғайтудың жағымды конъюнктурасын және

ауылдық жерде тиімді нарықтық инфрақұрылымды қалыптастыру арқылы бюджеттен тікелей төлемдер, өндіріс шығындарының орнын толтыру, бағаны қолдау, өндіріс құрылымын жақсартуға субсидиялар бөлу, аймақтық бағдарламаларды жасау және жүзеге асыру, сонымен қатар аграрлық сектордағы өндірістік экономикалық қатынастарды жаңартуға қажетті жағдай жасайтын макроэкономикалық саясат жүргізіледі.

Ауыл шаруашылығын тәуекелге байланысты мемлекеттік қолдауда көптеген елдерді мазалайтын маңызды мәселенің бірі ол, оптималды мемлекеттік қолдау қандай деңгейде болу тиіс деген сұрақтар төңірегінде өрбейді.

Түрлі мемлекеттердегі көптеген зерттеулері нәтижесінде ЕЫДҰ ұсынған оптималды тәуекелді басқару стратегиясы мен саясатының моделінде, тәуекелдер қауіптілік деңгейі және кездесу ықтималдылығы бойынша апаттық, нарықтық және қалыпты тәуекелдерге топтастырылған (7-сурет). Осы модельдің негізінде ауыл шаруашылығындағы тәуекелдерден туындаған экономикалық шығындардың орнын толтыру ұсынылады.


7-суретте тәуекелдің шығындылық деңгейінің сәйкесінше төмен, орташа, жоғары көлемі және оған сәйкес ұсынылатын басқару құралдары көрсетілген. Сонда оптималды тәуекелді басқару стратегиясы мен саясатының моделінде, әрбір топтастырылған тәуекел түріне сәйкес тәуекелді басқару құралдарының оптималды түрі берілген.

Ол бойынша қалыпты тәуекелдер шаруашылық тарапынан стратегиялық шешімдер (диверсификация, қор жинау, өзін өзі сақтандыру т.б.) негізінде алдын алып басқарылуы тиіс. Нарық тәуекелдері нарық құралдары арқылы басқарылуы тиіс.

Ал көп мөлшерде шығын әкелетін құрғақшылық, су басу немесе түрлі өсімдіктер мен мал аурулары сияқты апаттық тәуекелдер мемлекет тарапынан бақылауға алынып оқиғаға дейінгі алдын алуға бағытталған төлемдер, оқиғадан кейінгі қолдауға бағытталған мемлекеттік көмек және мемлекеттік сақтандыру сияқты т.б. құралдар негізінде мемлекеттік деңгейде шешілуі тиіс. Себебі, апаттық тәуекелдер бүкіл жүйеге және елдің азық-түлік қауіпсіздігіне үлкен көлемде кері әсерін тигізеді. Осы үш топ тәуекелге сәйкес келетін оптималды тәуекелді басқарудың құралдары модельдің диагоналы бойынша орналастырылған.

Модельдің оң жақ төменгі бетінде сызба түрінде тәуекел түрлерінің ықтималдылығы мен зардабының арасындағы кері байланыс сипатталған, яғни ықтималдылығы жоғары қалыпты тәуекелдердің зардабы төмен, ал ықтималдылығы аз болатын апаттық тәуекелдердің зардабы өте жоғары болады.

Тәуекелдерге байланысты оптималды мемлекеттік саясатты, ЕЫДҰ-ның 2000-2011 жылдар аралығында жүргізілген Австралия, Канада, Нидерланды, Жаңа Зеландия және Испания сияқты мемлекеттердің ауыл шаруашылығында кешенді көзқарас негізінде тәуекелдерді басқару бойынша зерттеу нәтижесінің екі негізгі қорытындысын келесідей сипаттауға болады:



7-сурет – Оптималды тәуекелді басқару стратегиясы мен саясатының ұсынылатын моделі

Ескерту: [57] дереккөз негізінде автормен дайындалған

Біріншіден, ауыл шаруашылығында тәуекелдерді басқару саясаты мен стратегиясын қалыптастыратын кезде, барлық тәуекелдер арасындағы бір-бірімен байланыстылығын ескере отырып тәуекелді басқару құралдарын қолданған жөн және тәуекелдердің бәрі бір құралмен басқаруға болмайды, яғни төмендегідей көп түрлі бағыттарда жүзеге асырылуы тиіс:

- өнім бағасын көтеру арқылы, ауа райына байланысты өнімділіктің төмендеу шығынының бір бөлігін орнын толтыруға болады;

- ауыл шаруашылығы өнім өндіру үшін сатып алынатын тауар мен қызметтердегі баға ауытқулары, сәйкесінше өнімнің өзіндік құнына қосылуы арқылы сату бағасын көтеруге болады (мысалы, жанар май немесе тыңайтқыштардың бағасы өссе, сәйкесінше олардың негізінде өндірілген өнімнің де бағасы өседі);

- әрбір тәуекел жағдайы ауыл шаруашылығы өндірушілерінің несие алу немесе өндірісін диверсификациялау бойынша шешіміне әсерін тигізіп

отырады, осындай кездердегі мемлекет тарапынан қолдау көрсету, шаруашылықтардың тәуекелдерді тиімді басқаруға ынталандыруға бағытталуы тиіс;

- сақтандыру жарналарының бір бөлігін мемлекеттік субсидиялау арқылы, тәуекелдерді нарықтық құралдармен шешуге ынталандыруға болады, бірақ кейбір мемлекеттердегі бұндай тәжірибе кері әсерін берген, яғни тек қолдау көрсетілетін өнім түрі өндіріле бастаған немесе жоғары тәуекелді технологиялар қолданыла бастаған. Сондықтан, тәуекелдерді басқарудың тиімділігін түсірмеу үшін бір бағытты реттеу емес, кешенді көзқарастағы тәуекелді басқару негізінде түрлі бағыттарда, бірақ бірі бірімен байланысты тәуекелдерді басқару әдістерін қолданған жөн.

Екіншіден, тәуекел түрлеріне қарай түрлі басқару құралдары қажет болады және апаттық тәуекел түрлерінен басқа тәуекел түрлерін басқаруға мемлекеттік араласу минималды немесе араласудың да қажеті жоқ. Себебі мысалы, баға немесе несие тәуекелі сияқты нарық тәуекелдерін жеке сақтандыру, маркетингтік немесе фьючерстік келісім шарттар және т.б. нарық құралдары арқылы басқаруға болады. Нарық құралдарының тиімді жұмыс істеу үшін мемлекет тарапынан заңдар мен қажетті құқықтық негізін қамтамасыз ету жеткілікті. Ал кәсіпорын ішіндегі өндірістік, экономикалық тәуекелдер сияқты қалыпты тәуекелдердің мәселесін кәсіпорын тарапынан стратегиялық шешімдер қабылдау (диверсификация, қор жинау) арқылы шешуге болады. Өйткені, олардың зардаптарын кәсіпорынның өзі тиімді тәуекелді басқару жүйесі арқылы басқара алуға шамасы жетеді.

Ең қауіпті тәуекел түріне апаттық тәуекелдер жатқызылады. D.Newbery мен J.Stiglitz пайымдауынша апаттық тәуекелдерден келетін зардаптар орасан зор болатындықтан және оның орнын толтыра алатын сәйкесінше нарықтық құралдарды табу қиын болғандықтан, апаттық тәуекелдерге мемлекеттің араласуы рационалды және қажетті шешім болып табылады [73].

Ауыл шаруашылығындағы тәуекелдердің негізгі көзі экономикалық және материалдық шығындар болып табылады. Сондықтан, ең алдымен осы шығындардың себептерін анықтап оны алдын алу арқылы өндірістің ары қарай қарқынды дамуын қамтамасыз етуге болады. Экономикалық себептерге байланысты өнім шығындарын орнын толтыру көбіне қосымша қаржы шығындарын талап етпейді. Ол персоналдың еңбек белсенділігін көтеру, өндірісте тәртіптің күшейтілуі, экономикалық санкцияларды қолдану және тағы басқалары арқылы жүзеге асырыла алады. Ал техникалық және технологиялық себептерге байланысты өнім шығындарын орнын толтыру көбіне қосымша көп қаржы шығындарын талап етеді. Бұл себептерге ғылыми техникалық прогрестің мүмкіндіктерін өндіріске енгізбеу немесе аз енгізілуі, өндіріс технологиясындағы әлсіз тұстары және өндірісті дамыту бойынша тиімсіз шешімдердің қабылдануын атап айтса болады.

Өсімдік шаруашылығында тәуекелдерді төмендетудің стратегиялық жоспарын құру барысында әсіресе ауа райы факторларын ескеру маңызды. Өйткені бұл фактор көктемгі егістік жұмыстарына, су ару, өсімді баптау және

қоймаға жинау барысына көп әсер етеді. Шығындарды төмендетуге, сонымен қатар техникаларды қолдану кестесін тиімділігін арттыру, ауыл шаруашылығы техникасын және дайын өнімді бір жерден екінші жерге тасымалдау тиімділігін арттыру, уақытылы техникалық тексеруден өткізіп тұру сияқты шаралар көптеген болжанбаған шығындарды төмендетуге мүмкіндік береді. Ауыл шаруашылығы тауар өндіруші кәсіпорындар жыл сайын егін егу, өсіру және жиналған астықты қоймаларына сақтау бойынша шаралардың, сонымен қатар мал шаруашылығында дәрілеу, вакцинациялау сияқты шығындарды алдын алу шаралары алдын ала стратегиялық жоспарларында көрсетіп жасағаны дұрыс. Бұл стратегияда, сонымен қатар түрлі қауіптерден сақтанудың және олардың болған жағдайында атқарылатын жұмыстары мен нақты іс шаралары анықталуы тиіс. Түрлі өсімдіктер мен өсімдік тұқымдары түрлі табиғи әсерлерге әртүрлі тұрақтылықты көрсетеді. Сондықтан өзгермелі табиғи құбылыстарға төзімділігі жоғары өсімдік тұқымдарын өсіруге көшкен дұрыс.

Өсімдік шаруашылығына қарағанда мал шаруашылығы істелетін жұмыстардың тұрақтылығымен, ауа райы өзгерістеріне аз тәуелділігімен, жер ресурстарын аз қажет етумен және жыл ішіндегі өнім өндірісінің тұрақтылығымен ерекшелінеді. Өсімдік шаруашылығында тәуекелге қарсы іс шаралардың басты мәселелері: қандай жұмыстарды, қандай техниканың көмегімен, кім және қалай атқаруы тиіс болса, мал шаруашылығының басты мәселелері: өнімді алу мерзімін анықтау, көлемі мен сапасын бақылау, қажетті жем-шөп көлемі, мал басының денсаулығы, қажетті еңбек ресурстары мен техника мөлшері болып табылады.

Ең бастысы, ауыл шаруашылығының қай саласы болсада, алдын ала қаржылық нәтижелерді болжамдау керек. Оларға: өнімді өткізуден түсетін табыс, шаруашылықтың мүмкіндігіне қарай жыл сайынғы күтілетін өсім көлемі, жыл сайынғы ауыл шаруашылығы өнімінің бағасының өзгерісін болжамдау. Сонымен қатар, шешім қабылдау процесінің негізіне, үнемі қабылданған шешімнің тиімділігін бағалайтын критерилердің және тәуекелдерді бағалау құралдарының анықталуы - жоғары икемді басқаруға қол жеткізеді.

Сонымен, дамыған мемлекеттердің, соның ішінде ЕЫДҰ елдерінің тәжірибесін пайдалану Қазақстанның ауыл шаруашылығында тәуекелдерді басқарудағы тиімді әрі оптималды мемлекеттік саясатын қалыптастыруда маңызы жоғары болып отыр. Апаттық тәуекелдер мол материалдық-техникалық ресурстардың жойылуына әкелетіндіктен және АӨК-нің салалары арасында баға және табыс тепе-теңсіздігіне ұшырататындықтан, көптеген ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне мемлекеттік қолдау қажеттілігі туындайды. Сондықтан, мемлекеттік қаржыландыру көлемін анықтаған кезде, аграрлық сектордың халық шаруашылығындағы маңыздылығына қарай және тәуекелдердің зардаптары жоғары болған сайын ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың маңыздылығы мен көлемі арта түскені абзал.

2 ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІ ЖҮЙЕСІНДЕ БАСҚАРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

2.1 Оңтүстік Қазақстан облысының агроөнеркәсіп кешені дамуын әлеуметтік-экономикалық талдау

Қазақстан экономикасының, соның ішінде ауыл шаруашылығының нарықтық экономика ортасында дамуға бет алғанына 20 жылдан аса уақыт өтіп, 80-ші және 90-шы жылдардағы Қазақстан ауыл шаруашылығы дамуының кейбір көрсеткіштеріне әлі жетпедік. Сондықтан, ауыл шаруашылығына инвестициялар ағынын арттырудың басты көзі ретінде тек негізгі капиталды жаңа активтерді сатып алуға жұмсау емес, сонымен бірге заманауи өндіріс технологиялары мен құралдарын қолдануды арттыру маңызды.


Дегенімен, Қазақстан тәуелсіздігінің 25 жылдығының қарсаңында агроөнеркәсіп кешенінің айтарлықтай маңызды жетістіктері бар: нарықтық қатынастар негізінде өндірістің тұрақты өсімі байқалады, еңбек өнімділігі мен тиімділігі бір қалыпты өсуде, сала инфрақұрылымы біртіндеп қалпына келуде және негізгі қорлар жаңалануда, маңызды азық-түлік өнімдері бойынша өзімізді қамтамасыз ету деңгейіне жеттік. «Қазақстан-2050» Стратегиясында Қазақстан агроөнеркәсіп кешенін инновациялық даму бағытына өткізудің маңыздылығы көрсетілген. Болжам бойынша азық-түлік өнімдеріне сұраныстың өсуі барысында, ауыл шаруашылығы саласына инвестициялар ағыны артады. Сондықтан, фермерлер өндірісті арттыруға көп көңіл бөлуі тиіс [1].

Ауыл шаруашылығы – экономикалық дамудың басымды салаларының бірі болып табылады. Қазақстанның жер көлемі 272,5 млн. гектар құрайды, соның ішінде 82 пайызға жуығы ауыл шаруашылығына жарамды жерлерді құрап, негізгі өндіріс дәнді дақылдарды өсіруге бағытталған. Сонымен қатар, Қазақстан агроөнеркәсіп кешенінде шешілмеген бірқатар мәселелер бар, агроөнеркәсіп кешенінде еңбек өнімділігінің деңгейі әлі де төмен, қолданылып жатқан технологиялардың деңгейі төмен, ұсақ өндіріс бірліктері басым. Осының салдарынан ауыл шаруашылығы өнім өндірісін интенсивті түрде жүргізу, материалдық, еңбек және басқа ресурстардың толық мүмкіндіктерін қолдану және экологиялық талаптарды сақтау мүмкіндіктері тежелуде. Сонымен қатар, кейбір азық-түлік өнімдері бойынша әлі де импортқа тәуелділіктен айырылған жоқпыз.

«Қазақстан-2050» Стратегиясы - Қазақстан экономикасының даму бағытының жаңа межесін анықтайтын маңызды көрсеткіштер жиынтығы болып табылады. Бұл көрсеткіштер ішінде ауыл шаруашылығы елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуші маңызды сала ретінде қарастырылады [65].

«Қазақстан-2050» Стратегиясында көрсетілген маңызды көрсеткіштердің бірі, 2050-ші жылға қарай дамыған 30 елдер қатарына кіру және елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, бұл біздің басты мақсаттарымыздың бірі, сондықтан оны жүзеге асыру кезінде туындайтын ауытқулар мен кедергілерді

алдын алу үшін тәуекелдерді басқару қажет. Мақсаттарымыз анықталғаннан кейін ендігі кезекте ағымдық жағдайларды талдау қажет. Осы ретте Қазақстанның 14 облыстары арасындағы ауыл шаруашылығы өнім өндірісіндегі қомақты үлесі бар ОҚО-ның ауыл шаруашылығындағы тәуекелдерді анықтау маңызды болып табылады (8-сурет).



8-сурет – ҚР ауыл шаруашылығы өнім өндірісінде әр облыстың 2001-2013 жылдар бойынша орташа өнім өндірісіндегі үлес салмағы, млн. теңге

Ескерту: [74] дереккөз негізінде автормен дайындалған

ОҚО ауыл шаруашылығының негізгі көрсеткіштері алынған он үш жылдық мерзімдегі өзгерістері мен бір бірінің арасындағы байланыстарды сипаттау үшін корреляциялық талдау және ауытқулар негізіндегі тәуекелдерді талдау үшін стандартты ауытқу әдістерін қолдана аламыз. Экономика және басқа салаларда зерттеу жүргізуде кең қолданысқа ие статистикалық талдау әдістерінің мәселелерді анықтауда мүмкіндіктері мол. Нақты қандай факторлардың ауыл шаруашылығы жалпы өнім шығарылымына әсерін, өз ара байланыстары мен байланыс тереңдігін және ауытқулардың деңгейін білу арқылы, статистикалық тәуелді көрсеткішке қажетті көлемде әсер етудің экономикалық механизмдеріне ие боламыз. Ал бұл өз кезегінде тәуекелдерді алдын алуға мүмкіндік береді.

Статистикалық мәліметтерге сүйенетін болсақ Қазақстан бойынша 2013 жылы облыстар және шаруашылық санаттары бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы 2386103,5 млн. теңгені

немесе ЖІӨ-нің шамамен 7 пайызын құраған. Соның ішінде, ОҚО бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы 296993,7 млн. теңгені немесе жалпы Қазақстан бойынша шығарылған ауыл шаруашылығы өнімінің 12,4 пайызын құрап 14 облыстың ішінде 2-ші орынды иеленді. Ал 14 облыс арасындағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымының 2001-2013 жылдар аралығындағы 13 жылдық орташа өнім өндірісін есептеп қарайтын болсақ, ОҚО-ның үлесі 11 пайызды құрап, 4-ші орынды иеленді (8-сурет) [74].

Демек, ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы әр жылда, әртүрлі факторлар есебінен өзгеріп тұратынын байқауға болады. Сонымен қатар, 8-ші суретте 2001-2013 жылдар бойынша Қазақстанда өндірілген орташа ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымының 72 пайызына жуығы тек 6 облыстың үлесіне тиіп отырғанын байқаса болады. Олар: Қостанай облысы 14,2%, Алматы облысы 14,2%, Солтүстік Қазақстан облысы 13%, Оңтүстік Қазақстан облысы 11%, Ақмола облысы 10% және Шығыс Қазақстан облысы 10%. Ал қалған 8 облыстың көбіне ауыл шаруашылығынан басқа салаларда мамандануына байланысты жалпы ауыл шаруашылығы өнім өндірісінде үлестері аз болып отыр.

2015 жылдың бірінші жартысына ҚР бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы 4233,7 мың долларды құрап, 2014 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда өсім 2,9 пайызды көрсетті. Сонда ауыл шаруашылығының ЖІӨ-нің ішіндегі үлесі 5 пайыздың шамасында болады. Қазақстанда ауыл шаруашылығына жұмсалатын инвестициялар ЖІӨ-нің 1 пайызынан аспайды, ал Еуропа елдерінде ауыл шаруашылығына жұмсалатын инвестициялар ЖІӨ-нің 3-4 пайызын құрайды. ҚР бойынша ЖІӨ-нің нақты көлем индексі 2015 жылдың бірінші жартысында, 2014 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 101,7 пайызды құрады (кесте 4). ЖІӨ-нің құрылымында тауарлар өндірісінің үлесі 35,7 пайыз, ал қызмет үлесі 57,7 пайызды құрады.

2010 жылы ауыл халқының үлесі 45 пайызды құраса, 2014 жылы бұл көрсеткіш 43 пайызды құрап төмендегенін байқауға болады. Зертеулер нәтижесінде ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылған бір адамға шаққандағы еңбек өнімділігі 9,4 мың доллар көлемінде анықталған, ал өнеркәсіп саласындағы бұл көрсеткіш 106 мың доллар құрайды. Бұл салыстырмалы түрде өте төмен өнімділікті сипаттап, ауыл мен қала халқы арасындағы әлеуметтік теңсіздікке әкелуде. Мысалы, ауыл халқының бір адамға шаққандағы табысы қала халқының бір адамға шаққандағы табысының 60-65 пайызын, ал Қазақстан бойынша бір адамға шаққандағы орташа табысының 75 пайызын құрайды.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде, Қазақстан ауыл шаруашылығы нарығы сыртқы азық-түлік өнімдеріне тәуелділігімен сипатталады. Сауданың либерализациясы қарқын алғанда және отандық ауыл шаруашылығы саласының төмен бәсеке қабілеттілігі мен импорт тауарларының ағылуы

салдарынан нарықтағы отандық өнімдер ығыстырылуда. Біріккен ұлттар ұйымының (БҰҰ) қарамағындағы, Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (FAO) мәліметтері бойынша, халықаралық міндеттемелерге сәйкес мемлекет ішіндегі өнімдердің ассортиментін сақтау үшін жалпы тұтыну көлеміндегі импорт тауарларының үлесі 16 пайыздан аспауы тиіс [76]. Қазақстанда бұл көрсеткіш 20 пайызды құрайды, демек ауыл шаруашылығы өнімдерінің төмен бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді.

Кесте 4 – ҚР аймақтары бойынша 2014 жылдың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері

	Аймақтар бойынша өндіріс әдісімен ЖІӨ млрд. теңге	Өнеркәсіп өнімінің көлемі (тауарлар, қызметтер), млрд. теңге	Ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы, млрд. теңге	Негізгі капиталға инвестициялар, млрд.теңге	Бөлшек сауда көлемі, млрд. теңге
Қазақстан Республикасы	38 711,9	18 531,8	2 527,9	6 591	6 332,3
Ақмола	1 061,0	312,1	238,6	181	181,8
Ақтөбе	1 849,1	1 243,4	125,1	526	431,7
Алматы	1 824,0	553,5	425,3	453	329,2
Атырау	4 023,4	4 915,0	48,8	1 130	185,0
Батыс Қазақстан	1 907,8	1 839,8	84,6	270	201,8
Жамбыл	988,3	279,3	166,4	208	182,8
Қарағанды	2 968,5	1 444,0	143,8	412	561,5
Қостанай	1 356,5	544,4	235,4	192	228,3
Қызылорда	1 384,4	995,0	48,2	263	173,1
Маңғыстау	2 220,1	2 330,1	8,7	532	145,2
Оңтүстік Қазақстан	2 362,4	604,0	322,8	449	351,2
Павлодар	1 766,4	1 110,6	106,8	353	290,3
Солтүстік Қазақстан	807,0	161,2	280,5	117	158,3
Шығыс Қазақстан	2 237,7	1 115,6	288,8	346	593,2
Астана қаласы	3 937,0	344,7	1,5	647	677,6
Алматы қаласы	8 018,3	738,9	2,5	512	1 641,3
Ескерту: [77] дереккөз негізінде автормен дайындалған					

Қазақстан Республикасы Орталық Азия мемлекеттерін азық-түлік мақсатындағы бидаймен қамтамасыз ету бойынша басты ойыншылардың бірі болып табылады. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортында бидайдың үлесі жоғары. Себебі, бидай өнімдерін тұтыну мен өндіріс арасындағы баланс 157 пайызды құрайды, яғни өндірілген азық-түлік бидайдың 1/3 экспорттауға болады.

Қазіргі таңда республика бойынша 300-ден аса ауылдық тұтыну кооперативтер (АТК), 1143 өндірістік кооперативтер (ӨК), 346 су пайдаланушылардың селолық тұтыну кооперативі (СПСТК) тіркелген. Ірі ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтердің қызметін талдау барысында, олардың шағын шаруашылықтармен салыстырғанда экономикалық тиімділігі жағынан белгілі бір көлемде артықшылығы бар екені анықталған. Бірақ, тұтынушылық және өндірістік кооперативтердің көп бөлігі, қаржы ресурстарының жетіспеушілігінен, ауыл шаруашылығы негізгі жабдықтарының тозуынан және шешім қабылдаудағы кемшіліктері салдарынан тиімсіз жұмыс істейді.

Қазақстанда өндірілген бидайдың жоғары сапасы мен салыстырмалы тұрақты түсімділігі бұл өнімнің әлем елдеріне экспортын арттыру мүмкіндігін жоғарлатады. Мысалы, 2014 жылы Қазақстанның ішкі тұтынуға жұмсалған бидай көлемі 11 млн. тоннаға жетіп, 9 млн. тонна көлемінде экспорттық әлеуетке ие болды. Қазақстан бидайы әлемнің 70-тен аса мемлекетіне сатылуда. Қазақстанның бидайын импорттау арқылы Орталық Азия мен Кавказдың біраз мемлекеттері өздерінің азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселелерін шешуде.

Қазақстанның әртүрлі климаттық белдеулерде орналасуы, бұл жерде орташа жылу белдеуіндегі көптеген өсімдік түрлері мен мал түрлерін өсіруге мүмкіндік ашады. Экономикалық энтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) бағалауы бойынша Қазақстанның ет өндірісі мен экспорттау әлеуеті, географиялық орналасуы мен көп ресурстардың арқасында мол болып бағаланады. Сонымен қатар, әлемде сиыр етін тұтыну бойынша алғашқы ондыққа кіретін Ресей мен Қытай нарықтарының жақын орналасуы мүмкіндіктерді еселей түседі. Мысалы, 2014 жылдың ішінде осы екі елдің сиыр етін импорттау көлемі 1 млн. тоннадан асып, ақшалай түрде 4 млрд. долларды құрады. Ауыл шаруашылығы бизнесінде әсіресе өңдеу саласында кәсіпорындардың жетіспеушілігі байқалады. Бұл салада жоғары технологиялар мен тиімді менеджментті және өндірілетін өнім көлемін біртіндеп арттыру арқылы импорт тауарларымен бәсекеге түсуге болады.

Қазақстан Республикасы территориясы жағынан әлемде 9-шы орынды алады, сондықтан жер ресурстарының молшылығы агроөнеркәсіп кешенінің басты артықшылығы. Солтүстік аймақта орналасқан кара жерлермен салыстырғанда батыс аймақтарда орналасқан жерлер жел және су эрозиясына көптеп ұшырайды, сонымен қатар жерлердің тұздануы маңызды мәселелер қатарында тұр. Оңтүстікте орналасқан жерлердің көп бөлігі суармалы болғандықтан жыл сайын суару жүйелерін қалпына келтіру мәселесі туындайды.

Аймақтарда қалыптасқан мәселелерді шешуде тарихи-мәдени сипаттағы құндылықтарды негізге ала отырып, ұзақ мерзімді, бірінен кейін бірі жүзеге асыруға бағытталған кезеңдерді қамтуы тиіс. Сондықтан аймақты дамытудың мемлекеттік саясаты тактикалық міндеттер мен стратегиялық мақсаттарды қамтығаны жөн. Тактикалық міндеттер – маңызды әлеуметтік және экологиялық мәселелерді шешуге және шеткері аймақтарда орналасқан елді

мекендердің мәселелерін шешуге бағытталған. Бұл кезеңде аймақтар арасында қарым-қатынасқа түсудің тиімді тетіктері мен шарттарын қалыптастыру өте маңызды. Ал стратегиялық мақсаттарда жалпы ұлттық қызығушылықтар ескеріліп жүзеге асырылады.

Ауылшаруашылық кәсіпорындарының басқару мен ұйымдастыру деңгейін анықтау мақсатында Оңтүстік Қазақстан бойынша статистикалық мәліметтерді қарастырамыз.

Оңтүстік Қазақстан облысы республиканың аса ірі облыстарының бірі болып табылады. Ол шығысында Жамбыл облысымен, солтүстігінде Қарағанды облысымен, батысында Қызылорда облысымен, ал оңтүстігінде Өзбекстан мемлекетімен шекараласады. Облыс территориясы – 117,3 мың шаршы километр құрап (ҚР территориясының 4,3 пайызы), 2,8 млн. аса тұрғындары бар аймақты құрайды.

Әкімшілік-аумақтық құрылымы бойынша облыста: 8 қала, 14 аудан және 839 ауыл орналасқан (кесте 5). Облыс орталығы – Шымкент қаласы, 800 жылдан аса терең тарихы бар қалалардың бірі.

Кесте 5 – 2015 жылдың 1 қаңтарына әкімшілік-аумақтық құрылымы

	Территориясы, мың шаршы км	Аудан	Қала			Елді мекен	
			барлығы	облыстық маңызы бар	аудандық маңызы бар	кенттер	ауылдар
Қазақстан Республикасы	2 724,9	176	87	38	47	30	6 724
Оңтүстік Қазақстан облысы	117,3	14	8	4	4	-	839
Ескерту: [77] дереккөз негізінде автормен дайындалған							

Оңтүстік Қазақстан облысы қомақты өндірістік-экономикалық әлеуетке ие. Қазақстан бойынша облыстың еңбек әлеуеті ең жоғарғыларының бірі. Ауыл шаруашылығы бойынша облыс мақта, қаракөл, тері шикізаты, өсімдік майы, жеміс, көкөніс, жүзім, бақша, кондитерлік, макарон, темекі өнімдерінің ірі өндірушісі болып табылады.

2014 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы жалпы Қазақстан бойынша өндірілген ЖІӨ-де үлесі 6,1 пайызды құрап 5-ші орынды иеленді. Алғашқы 4 орындарды сәйкесінше Алматы қаласы – 20,2 пайыз, Атырау облысы – 10,4 пайыз, Астана қаласы – 10,2 пайыз және Қарағанды облысы иеленді. Соңғы үш жылда облыстың ЖІӨ-де үлесі 6,2 пайыздан 6,1 пайызға төмендеуі байқалады (кесте 6).

Сонымен қатар облыста қорғасын, цемент, сары фосфор, мұнай өнімдері, күкірт қышқылы, шифер, көлік балондары, экскаватор, трансформатор, мақта маталары, тоқыма өнімдері мен жиһаз өндірісі жақсы жолға қойылған.

Кесте 6 - Қазақстан бойынша өндірілген ЖІӨ-де облыс үлесі, пайызбен

	2012	2013	2014
Өндіріс әдісімен ЖІӨ млрд. теңге	100,0	100,0	100,0
Оңтүстік Қазақстан облысы үлесі	6,2	6,1	6,1
Ескерту: [77] дереккөз негізінде автормен дайындалған			

Облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттары аймақтық экономиканың нақты секторын дамытуды бағыт тұтқан аймақтық саясатқа негізделеді.

Ол бойынша ішкі нарықтың сиымдылығы мен ақшалай қамтамасыз етілген сұранысты арттыру арқылы, жағымды инвестициялық ақуалды қалыптастыру арқылы, экономиканың келешегі бар салаларына шетелдік және отандық инвестицияларды тарту арқылы жұмысбастылықты арттыратын салаларды қолдау көзделеді.

Ал әлеуметтік салада – тұрғындарды кешенді әлеуметтік қорғау бағдарламаларын жүзеге асыру, жұмыссыздық пен кедейшілікке қарсы күрестің тиімділігін арттыру және адрестік әлеуметтік көмек жүйесін жергілікті жағдайларға бейімдеу.

Ауыл шаруашылығын дамыту стратегиясы - бәсекеге қабілетті өнім өндіретін тиімді шаруашылық субъектілерін қолдауға, отандық ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізетін ішкі және сыртқы нарықтардың сиымдылығын арттыруға, саланы тұрақтандыруға қажетті жалпы экономикалық шарттарды қалыптастыру көздейді.

Ауыл шаруашылығы саласында өсімдіктер мен малдың генофондын және түрлі аурулардан сақтау мақсатында, элиталық тұқым шаруашылықтары мен асыл тұқымды мал шаруашылықтарын субсидиялау және аса қауіпті өсімдік зиянкестері мен жұғатын мал ауруларына қарсы тұруға қажетті шаралары мен бағдарламалары жүзеге асырылуда.

Дәнді дақылдарды жинайтын комбайндар мен басқа да ауыл шаруашылығы техникалары біртіндеп жаңалануда, сервистік жүндеулер жүргізілуде және лизингтік жүйе дамуда. Мал шаруашылығын дамыту, суармалы жерлердің тиімділігін көтеру және жердің құнарлығын арттыру бағдарламалары жүзеге асырылуда.

Ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеудің негізгі бағыттары бұл агроөнеркәсіп кешенін тұрақты өсімін қамтамасыз ету және ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымын қалпына келтіру болып табылады [78].

Келешектің үлесінде ауыл шаруашылығында комплексті іс шараларды жүргізу үшін қажетті барлық түрдегі техникалар мен оларға сервистік қызмет көрсететін кәсіпорындар салу көзделуде. Әсіресе көп көңіл ауыл шаруашылық техникаларына, ғылыми-техникалық ілгерілеудің мүмкіндіктерін қолдануға, ауыл шаруашылығында кооперция мен интеграцияға маңыз беріледі деп болжамдалуда.

Сүтті және етті бағыттағы мал шаруашылығы негізінен таулы және далалы жерде орналасқан. Қой шаруашылығы, соның ішінде қаракөл шаруашылығы облыстың барлық дерлік аудандарында жақсы қолға алынған.

Облыстың ауыл шаруашылығында басымды даму бағыттарының бірі мақта талшығының экспорттық әлеуетін арттыру болып табылады. Сонымен қатар, облысты негізгі азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету, жеңіл және тамақ өнеркәсібіне қажетті шикізатпен қамтамасыз ету басым бағыттарды құрайды.

Облыстың жеміс пен көкөністі консервілеуде, жүзім шараптары өндірісінде және табиғи өсімдіктерден алатын дәрілік препараттар шығару бағытында мол мүмкіндіктері бар.

2015 жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша Оңтүстік Қазақстан облысынан мемлекеттік бюджетке 148,9 млрд. теңге түскен. Сонымен қатар, жергілікті бюджетке түсімдердің жоспары 104,8 пайызға асыра орындалып, 3192,5 млн. теңгені құраған. 2014 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда өсім 11,4 млрд. теңгені құраған. Бюджетке түсімдер бойынша жоспарды барлық аймақтар толық орындағанын айта кетсе болады. Жылдан жылға бюджеттің шығыс бөлігінің орындалуы да жақсы көрсеткіштерге ие болуда. 2015 жылдың тоғыз айында 354,7 млрд. теңге көлемінде бюджет қаржылары игеріліп, жоспар 99,2 пайызға орындалған.

2015 жылдың тоғыз айдың ішінде Оңтүстік Қазақстан облысының өнеркәсіп өнім өндірісінің көлемі 460,6 млрд. теңге немесе өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 103,4 пайызды құраған. Ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі берілген уақыт аралығында 247,3 млрд. теңге немесе 2014 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырған 4 пайызға жоғары.

Сонымен қатар, негізгі құралдардың тозуының жоғары деңгейі сақталған (50 пайыздан жоғар), өнеркәсіптің жаңалану дәрежесі төмен және экономикадағы үлесінің төмендігінен әсері де төмен, себебі Қазақстан өнімдерінің экспортында көп үлесті шикізат пен энергия ресурстары алады. Егістік алқаптарының қысқаруы, дәнді дақылдарының түсімділігінің төмендеуі және мақта шикізатын өндіру қарқынының бәсеңдеуі байқалады.

Қазақстан бойынша мақта мен құнды дәрілік шөптерді өсіру тек Оңтүстік Қазақстан облысының үлесіне тиісілі. Сонымен бірге, облыс жеміс, көкөніс, жүзім және ерте бақша өнімдерінің негізгі өндірушілерінің бірі болып табылады.

Мақта мен ерте бақша өнімдерінің өндірісі негізінен облыстың Мақтаарал, Сарыағаш, Шардара аудандарына тиісілі. Мысалы, облыста мақта өңдеу өнеркәсібінде алдыңғы жылмен салыстырғанда өсім байқалады – мақтадан жасалған мата өндірісі – 42 пайызға өсіп 8451 тоннаға жеткен. Дегенімен, мақта талшығының өндірісі алдыңғы 2013 жылмен салыстырғанда 25,4 пайызға қысқарып 18,4 мың тонна өнім өндірілген.

Облыста шаруашылықтың барлық түрлерін қосқанда 126 мың тонна ет (тірі салмақта) немесе 104,9 пайыз, 498,7 мың тонна сүт немесе 101,3 пайыз, 199,3 млн. дана жұмыртқа немесе 106,4 пайыз өсіммен өнім өндірілген.

2015 жылдың қазан айына облыста күріш 3,2 мың гектар жерге егіліп 100 пайыз жинап үлгеріп, жалпы алғанда 17,3 мың тонна күріш жиналып, түсімі гектарынан 54 центнерге дейін жетті. Биыл Оңтүстік Қазақстан облысында күзгі терім науханына Үкімет тарапынан 44,7 мың тонна көлемінде жанар-жағармай материалдары бөлініп, алдыңғы жылмен салыстырғанда 5,7 мың тоннаға көп бөлінді. Ауыл шаруашылығы өнім өндірушілері терім науханына дейін жанар-жағармай материалдарының 42,5 мың тоннасын немесе 95 пайызын алып үлгерді.

2015 жылға 265,3 мың тонна шитті мақта өндіру жоспарланса (2014 жылы 320,7 мың тонна жоспарланған), соның 219,4 мың тоннасы немесе 82,7 пайызы жиналып үлгерілді. Ауыл шаруашылығы Министрлігімен жоспарланған 122 мың гектар қыстық дақылдар егісі 92 пайызға орындалып, 112 мың гектар егіліп үлгерген. Күздік егін науханына қажетті тұқым көлемі 28,0 мың тонна болып анықталып, толығымен қамтамасыз етілген.

Облыстағы экологиялық ақуал жағынан Қазақстан бойынша төмен деңгейде болып саналады. Оның үстіне ауаға жыл сайын ауыр өнеркәсіп кешендері мен жылу қазандықтарынан зиянды қалдықтар тарайды. Сонымен қатар, Сырдария өзенінің жоғарғы ағысының ластануы салдарынан, ауыл шаруашылығы егістік алқаптарын суландыруда қосымша мәселелер туындауы мүмкін.

2015 жылдың қаңтар-наурыз айларында облыстың шағын және орта бизнес субъектілері тарапынан (жұмыс пен қызметтердің) 98,1 млрд. теңге көлемінде немесе алдыңғы жылдағы осы кезеңмен салыстырғанда 102,9 пайызға жеткен, ал осында жұмыспен қамтылған адамдар саны 261,4 мың адамды құрады немесе 97,8 пайызды құрап төмендегенін байқауға болады.

Облыста кәсіпкерліктің дамуына көп жағдайлар жасалынуда, әсіресе өндірістік саладағы кәсіпорындарына, соның ішінде ауыл шаруашылығы өнім өндірушілерінің дамуына басымдық берілуде. Мал шаруашылығының дамуы үшін, облыста оның өнімдерін өңдейтін кәсіпорындар ашылуы тиіс, осы бағытта біраз жұмыстар атқарылуда. Әсіресе толық өндіріс циклын меңгерген мақта, күріш және жүзім өндірісі саласындағы кәсіпорындардың дамуына басымдық берілуде.

Сонымен қатар, жергілікті ауыл шаруашылығы шикізат ресурстарын өңдеумен айналысатын: ауыл шаруашылығы өнімдерін консервілеу, шарап жасау, сусындар өндірісі, тосап өндірісі, бала тағамдары өндірісі және тағы басқа өндіріс түрлерінің дамуына көңіл бөлінуде.

Мал шаруашылығының дамуы арқасында ірілі ұсақты тері және жүн өңдеу, теріден аяқ киім мен киім тігу және етті немесе сүтті бағыттағы кәсіпорындардың дамуына септігін тигізеді.

2014 жылы Қазақстан бойынша жалпы өндірілген өсімдік шаруашылығы өнім өндірісі нәтижесінде 186742,5 млн. теңге соммасында жалпы пайда немесе жалпы рентабельділік 43,5 пайыз құраған, соның ішінде бидай өндірісінен пайда – 79489,8 млн. теңге немесе рентабельділік 44,3 пайыз, мал азық өндірісінен пайда – 20031,2 млн. теңге немесе рентабельділік 45,7 пайыз,

көкөніс өндірісінен пайда – 20071,3 млн. теңге немесе рентабельділік 45,4 пайыз, картоп өндірісінен пайда – 15715,4 млн. теңге немесе рентабельділік 55,5 пайыз, арпа өндірісінен пайда – 9942,1 млн. теңге немесе рентабельділік 40,0 пайыз, бахша өндірісінен пайда – 9527,1 млн. теңге немесе рентабельділік 50,2 пайыз, күнбағыс дәндері өндірісінен пайда – 4282,7 млн. теңге немесе рентабельділік 35,5 пайыз құрады.

Қазақстан бойынша өсімдік шаруашылығы өндірісі барлық облыстарда пайда көрсеткішімен аяқталған. Солардың ішінде, ең жоғарғы пайда көрсеткішімен Алматы облысы пайдасы – 39276,0 млн. теңге немесе рентабельділік 66,0 пайыз, содан кейін Ақмола облысы пайдасы – 33931,7 млн. теңге немесе рентабельділік 51,4 пайыз құрады, ал Оңтүстік Қазақстан облысы өсімдік шаруашылығы өндірісінен пайдасы - 25017,7 млн. теңге немесе рентабельділік деңгейі 36,5 пайыз құраған.

Оңтүстік Қазақстан облысында тамақ өнеркәсібінің дамуы негізінен тамақ өнімдеріне бағаның жағымды болуы мен жергілікті экологиялық таза өнім өндірісі және өнім өзіндік құнының төмендетілуі негізінде қол жеткізіліп отыр. Соның арқасында, саланың дамуына қосымша инвестициялар тартуға мол мүмкіндіктер бар.

Белең алған интеграциялық үдерістерді үдету үшін, ТМД елдері және алыс шетелдегі кәсіпорындар арасында халық тұтынатын өнімдер, қосалқы бөлшектер және шикізат өнімдерін саудалауда тиімді өндірістік-экономикалық қатынастарды жетілдіру маңызды.

Облыста ауыл шаруашылығы саласына инвестициялар тарту бойынша қызу жұмыстар жүргізілуде. Мысалы, 2015 жылы қазан айында Оңтүстік Қазақстан облысы басшыларының Қытайдан келген бизнес делегациясымен келіссөздер жүргізілді. Нәтижеде, облыста агроөнеркәсіп кешенін дамыту мақсатында қант зауытын салу, қағаз шығару және өңде комбинатын іске қосу бойынша және тағы басқа жобаларға оң шешімдер қабылданды. Бұл инвестициялық жобаларды іске асыру үшін облыс экономикасына қосымша 2 млрд. доллар шамасында инвестиция тартылмақ. Сонымен қатар, Индия және Словакия мемлекеттерімен ортақ жобаларға инвестициялар салынуда, атап айтқанда агро-индустриалды зоналар құру, ирригациялық жүйелерді құрастыру, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуге қажетті технологиялар мен құралдарды жеткізу.

Жалпы алғанда, облыстың өнеркәсібінің дамуда ауыл шаруашылығы өндірісінің маңыздылығына көп көңіл бөлінуде, соның ішінде ауыл шаруашылығы өнімін өңдеу мен азық-түлік өнімдері өндірісіне басымдылық берілуде.

2.2 Аймақтық ауыл шаруашылығы өнім өндірісін басқару мен ұйымдасу тәуекел факторларын бағалау

Оңтүстік Қазақстан облысының стратегиялық бәсекелестік артықшылықтарына:

– сауда және көлік торабының дамуына ыңғайлы географиялық орналасуын (ОҚО арқылы Оңтүстік көлік дәлізі өтеді);

– климаттық жағдайларын;

– шағын бизнестің жоғары үлесін;

– пайдалы қазбалардың бай кен орындарының болуын (Қазақстан бойынша облыс уран запастарынан бірінші орында, ал фосфорит және темір рудаларының запастарынан үшінші орында) атаса болады.

Ауыл шаруашылығы саласы тұрғындарды қажетті азық-түлікпен қамтамасыз ететін Оңтүстік Қазақстан облысының маңызды салаларының бірі. Облыстағы қолайлы климаттық жағдайдың арқасында бұл жерде мақта, бақша өнімдері, жүзім және темекі өсіруге ыңғайлы, сонымен қатар жыл бойы мал жаюға болатын жайылымдардың болуы мал шаруашылығының дамуына да ыңғайлы жағдайлар қалыптасқан.

Соңғы 10 жылдағы ауыл шаруашылығы өнімінің өсуі тұрақты болған жоқ. Мал шаруашылығының да егін шаруашылығының да өндірісінде қомақты ауытқулар байқалады.

Облыстың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен экспорттық әлеуетін арттыру, егістік алқаптардың оңтайлы құрылымын ұйымдастыру, ауыспалы егінді қалыптастыру мен аймақтың мамандануы мақсатында егістік алқаптарына егін егуді әртараптандыру жұмыстары жүргізілуде. Егістік алқаптарын әртараптандыру бойынша жұмыстар барысында 2010-2014 жылдар аралығында дәнді, көкөніс, бақша дақылдарын және жүзім өндірісінде қомақты арту байқалады.

Оңтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығының жүйелік мәселелерінің бірі су жетіспеушілігі болып табылады. Бұл мәселені шешудің жалғыз амалы - суландыру тиімділігін көтеріп, су үнемдейтін технологияларды пайдалану болып табылады. Қазіргі таңда, жаңа технологиялар қолданылмайтын егістіктерді суландыруда гектарына 17 000 текше метр көлемінде су жұмсалады, ал норматив бойынша ол гектарына 6000 текше метр судан аспауы тиіс. Арыс пен Түркістан ауданында орналасқан кейбір шаруашылықтар тамшылатып суландыру жүйесін енгізу арқасында бір гектарға су шығынын 3-3,5 мың текше метрге дейін азайтуына мүмкіндік туды. Бұл технологияларды қолдану 1 гектарға шаққандағы шығындары 2-3 мың АҚШ долларынан аспайды [79].

Оңтүстік Қазақстан облысындағы ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсеңдеуінің негізгі себебі ретінде көбіне екі фактор қарастырылады, ол өнімділіктің төмендеуі мен егістік алқаптарының қысқаруы. Бұл жерде екі фактор да бір бірімен байланысты және екеуі де облыстың климаттық ерекшелігіне байланысты, мысалы Сырдария өзені арнасымен келетін су көлемінің азаюы мен Арал теңізі деңгейінің төмендеуін айтса болады.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының түсімін арттырып шығындарын азайту мақсатында, мемлекет тарапынан тұқым мен тыңайтқыштарға субсидиялар бөлінуде. Ауыл шаруашылығы жерлерінің тиімділігін арттыру мақсатында жүйелі түрде оларды түгендеу жұмыстары жүргізіледі.

Жыл бойы облыстың халқы мен Қазақстанның солтүстік аймақтарын көкөніс және жеміспен қамтамасыз ету мақсатында жыл сайын жылыжай кешендерінің көлемі ұлғайтылуда. Сонымен бірге, жемістерді сақтайтын қоймалар салу жұмыстары да қолға алынуда.

ОҚО ауыл шаруашылығы өндірісінің негізгі активтерін басқарудағы маңызды міндеттердің бірі, оларды жаңаландыруды қамтамасыз ететін саясаттың анықталуы мен жүзеге асырылуы маңызды. Бұл міндетті орындау үшін:

- қолда бар қорлардың (бүкіл қорлардың) өндірістік бағдарламаларға сәйкестігін (қолданылмай жатқан қорларды немесе құрал жабдықтарды) анықтау;

- негізгі қорлардың өндірістік әлеуетін тиімді қолданылуын талдау арқылы, ең төмен қаржылық шығындармен негізгі қорларды қолдану тиімділігін арттыру мүмкіндіктерін қарастыру (қолданылмай жатқан және жаңа құрал жабдықтарды қолданысқа енгізуін қарастыру).

Қазіргі таңдағы ОҚО ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің қызметіндегі маңызды өзгерістерді, олардың тәуекелдерді бағалауға деген қажеттіліктерінің артуымен сипаттаса болады. Тәуекелдерді бағалауда әдістемелік сұрақтардың тиянақты шешілмеуі, тәуекел жағдайында кәсіпорын қызметінің тиімділігін бағалауда қиындықтар туғызып, соның салдарынан дұрыс емес басқару шешімдерін қабылдау мүмкіндігі артуда.

ОҚО ауыл шаруашылығы өнім өндірісінің негізгі даму көрсеткіштерінің динамикасын талдаудың мақсаты – облыстағы ауыл шаруашылығының негізгі статистикалық көрсеткіштері өнімділік пен табыстағы, жер көлемі мен құрамындағы, негізгі ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші құрылымдарындағы және ауа райы мен табиғи жағдайлардағы ауытқулар мен өзгерістері негізінде ағымдағы жағдайы мен үдерісіне сипаттама беру болып табылады.


Ауыл шаруашылығының тұрақты дамуы, көптеген жағдайларға тәуелді күрделі процесс. Басты мәселенің бірі ауыл шаруашылығы өнімінің жеткілікті болуын қамтамасыз ету болғандықтан, ауыл шаруашылығы даму үрдісін көрсететін негізгі көрсеткіш ретінде - ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемінің шығарылымына экономикалық зерттеулер жүргізу арқылы, оған әсер ететін факторларды анықтау маңызды болып табылады. Себебі, бұл көрсеткіштегі өзгерістер негізінде, жыл сайынғы жалпы ауыл шаруашылығының тынысын көруге болады. Осы жерде әрбір фактордың көрсеткішке кері әсері тәуекелдер ретінде танылса, ал оң әсерін мүмкіндіктер ретінде бағалаймыз.

Облыстың ауыл шаруашылығына байланысты көрсеткіштерінің 2001 – 2013 жылдар аралығындағы 13 жылдық уақыт аралығын қамтыған статистикалық мәліметтері зерттеуге алынды. Себебі, талдау барысында неғұрлым ауқымды уақыт аралығы алынса, соғұрлым алынған мәліметтердің маңыздылығы артады.

Тәуекелдер тұрғысынан қарайтын болсақ көш басшы 6 облыстың ішінде Алматы, Оңтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарының өнім

өндірісі үдерісі Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарымен салыстырғанда оң, әрі тұрақты өсім көрсетіп тұр. Бұл ОҚО-ның тәуекелдері де басқа облыстармен салыстырғанда төмен деген ой қалыптастырады. Оны тексеру үшін Қазақстан және ОҚО-да 2001-2013 жылдар аралығындағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы индекcін бақылап көрелік (сурет 9).

ОҚО бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы индекcі жалпы Қазақсандық көрсеткішпен салыстырғанда, өсімі бар болғанымен тұрақты емес екенін аңғаруға болады. Сонымен қатар Қазақстан бойынша 2010 және 2012 жылдары, сәйкесінше 88 пайыз және 87 пайыздық индекcтің ең төмен көрсеткіші байқалады. Бұндай ауытқулар Қазақстандағы азық-түлікпен қамтамасыз етуге байланысты тәуекелдер тудырады. Сондықтан бұндай ауытқулардың негізгі қоздырушыларын немесе әсер етуші факторларын анықтап оларды тұрақтандыру бойынша алдын ала іс-шараларды қабылдаған дұрыс.



9-сурет - Ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы индекcі, алдыңғы жылға пайызбен (ақшалай көріністе)

Ескерту: [77] дереккөз негізінде автормен дайындалған

Сонымен, 2001-2013 жылдар аралығындағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылым деңгейін сипаттайтын өз ара байланысты факторларды анықтау үшін корреляциялық кесте құруға болады. Корреляциялық талдауға тәуелді фактор ретінде 2001-2013 жылдар аралығындағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы (Y) мәліметтерін пайдаландық. Осы тәуелді факторға әсер етуі

мүмкін болатын тәуелсіз факторлар (X) іріктеліп корреляциялық талдау және стандартты ауытқу нәтижелерінің кестелері құрылды.

Корреляциялық талдау және стандартты ауытқу алгоритімі.

Есептің қойылымы:

1) 2001-2013 жылдар аралығындағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымының статистикалық мәліметтерінен құралған x тәуелсіз факторлары мен y тәуелді факторлары берілген. Осы екі факторлардың арасындағы сызықтық байланысты анықтау үшін Пирсонның корреляция формуласын (1) қолданамыз:

$$(1) \quad r_{xy} = \frac{\sum (x - \bar{x})(y - \bar{y})}{\sqrt{\sum (x - \bar{x})^2 \sum (y - \bar{y})^2}}$$

Мұндағы:

x - тәуелсіз фактор;

y - тәуелді фактор;

\bar{x} және \bar{y} - көрсеткіштердің орташа арифметикалық мәні.

Бағалау критерилері: Пирсонның корреляция коэффициенті (r) -1,0 мен 1,0 аралығындағы индексті қамтиды. Нәтиже 1,0-ге жақындаған сайын оң сызықтық байланыс артады, ал нәтиже -1,0-ге жақындаған сайын теріс немесе қарама-қарсы сызықтық байланыс артады. Нәтиже 0-ге жақындаған сайын сызықтық байланыс азаяды.

Мақсаты: 2001-2013 жылдар аралығындағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылым деңгейін сипаттайтын факторлар арасында өз ара байланыс тығыздығын анықтау.

2) Стандартты ауытқу (σ) көрсеткіштері арқылы сандардың олардың орташасынан қаншалықты алыс қашықтықта орналасқанын көрсететін өлшем бірлікті анықтау. Яғни орташадан ауытқудың ең жоғары санын көрсетеді, демек максималды мүмкін тәуекелді сипаттайды. Стандартты ауытқу келесі формуламен (2) есептелінеді:

$$(2) \quad \sigma = \sqrt{\frac{\sum (x - \bar{x})^2}{(n - 1)}}$$

Мұндағы:

x - фактордың мәні және n – қамтылған аралық саны.

Бағалау критерилері: Стандартты ауытқудың коэффициенттері негізінде тәуекелдерді өлшеу үшін өндірісте көп қолданылатын тәуекелдің эмпирикалық шкаласын қолданса болады (кесте 7) [80].

Кесте 7 – Стандартты ауытқу коэффициенті негізінде тәуекел деңгейінің эмпирикалық шкаласы

Стандартты ауытқу коэффициенті	Тәуекел деңгейі
0,0-0,1	Өте аз мөлшерде тәуекел бар
0,1-0,3	Аз мөлшерде тәуекел бар
0,3-0,4	Орта мөлшерде тәуекел бар
0,4-0,6	Жоғары мөлшерде тәуекел бар
0,6-0,8	Өте жоғары мөлшерде тәуекел бар
0,8-1,0	Апаттық мөлшерде тәуекел бар

Ескерту: [80; 81] дереккөз негізінде автормен дайындалған

Мақсаты: стандартты ауытқу коэффициенті арқылы тәуекел факторларын бір бірімен салыстыру. Ол үшін стандартты ауытқу мәнін берілген мәліметтер жинағының орташа арифметикалық мәніне бөлеміз. Стандартты ауытқудың коэффициенттері неғұрлым жоғары болса, соғұрлым оның тұрақсыздығы жоғарлап, тәуекелдер де артады және керісінше неғұрлым төмен болса, соғұрлым ол тұрақты болып, тәуекелдер де азаяды.

Есептің шешімі: корреляциялық талдау мен стандартты ауытқу коэффициенттері Microsoft Excel бағдарламасының көмегімен көмекші кесте құрып есептейміз (кесте 8) [82].

Кесте 8 - Корреляция мен стандартты ауытқу мәндерін анықтауға арналған көмекші кесте

№	x	Y	$(x - \bar{x})$	$(y - \bar{y})$	$(x - \bar{x})(y - \bar{y})$	$(x - \bar{x})^2$	$(y - \bar{y})^2$
1	55,677	535,124	-81,05	-713,1	57798,1	6569,77	508484,58
2	70,262	558,742	-66,47	-689,5	45828,0	4418,15	475358,77
3	87,700	613,307	-49,03	-634,9	31130,0	2404,09	403095,57
4	80,420	695,801	-56,31	-552,4	31106,6	3170,96	305149,79
5	88,070	749,078	-48,66	-499,1	24288,0	2367,88	249127,95
6	93,134	825,557	-43,60	-422,6	18426,1	1900,69	178631,33
7	103,399	1 089,384	-33,33	-158,8	5293,9	1111,04	25224,11
8	132,973	1 404,493	-3,76	156,3	-587,3	14,12	24425,81
9	137,926	1 641,352	1,20	393,1	470,0	1,43	154564,88
10	163,833	1 442,630	27,10	194,4	5269,3	734,51	37801,12
11	207,915	2 286,042	71,18	1 037,8	73877,3	5067,15	1077106,26
12	259,204	1 999,047	122,47	750,8	91957,6	14999,56	563763,11
13	296,994	2 386,104	160,26	1 137,9	182362,7	25684,13	1294813,00
Σ	1777,505	16271,661	0,00	0,00	567220,2	68443,48	5297546,27
	$\bar{x} = 136,731$	$\bar{y} = 1248,205$					

Ескерту: [77] дереккөз негізінде автормен дайындалған

ҚР бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы (y) және ОҚО бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы (x) арасындағы байланыс тығыздылығын мен ауытқуын салыстыру арқылы тәуекелдерге статистикалық көрсеткіштер негізінде талдау жасай аламыз (кесте 8).

Енді осы дайын мәліметтерді формулаға салып есептейміз, сонда корреляция коэффициенті:

$$r_{xy} = \frac{\sum (x - \bar{x})(y - \bar{y})}{\sqrt{\sum (x - \bar{x})^2 \sum (y - \bar{y})^2}} = \frac{565030,5}{\sqrt{68443,48 * 5254494,05}} = 0,942$$

Ал стандартты ауытқу деңгейі:

$$\sigma = \sqrt{\frac{\sum (x - \bar{x})^2}{(n - 1)}} = \sqrt{\frac{68443,48}{(13 - 1)}} = 75,5223$$

Есептеу жүргізу процесін жеңілдету үшін Microsoft Excel бағдарламалық пакетіндегі PEARSON (жинақ 1; жинақ 2) және СТАНДОТКЛОН (сандар 1; 2; ... n) функцияларына қажетті мәліметтерді қою арқылы оңай есептеп шығарамыз.

Кесте 9 бойынша 2001-2013 жылдар аралығында ҚР бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы мен ОҚО бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымының корреляциялық байланысы $r = 0,942$ жоғары екенін көруге болады.

Сонымен қатар, алдыңғы жылдардағы корреляциялық байланыстарға қарайтын болсақ, 2001-2012 жылдар аралығында осы көрсеткіштердің корреляциялық байланысы $r = 0,929$ құрап жоғары болғанын көрсетеді.

Корреляция коэффициенттерінің алдыңғы жылдардағы корреляциялық байланыстарын есептеу арқылы біз корреляциялық байланыстардың өзгеру динамикасын байқаймыз.

Демек, ОҚО ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымының динамикасы ҚР бойынша көрсеткіштермен байланысы жоғары және артуда екенін айтса болады.

Ал, ҚР мен ОҚО ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымының тәуекелдерін салыстыру үшін стандартты ауытқудың коэффициенттерін байқайтын болсақ, салыстырмалы түрде ҚР бойынша $\sigma=0,532$ құрап, ал ОҚО бойынша $\sigma=0,552$ құрады.

Яғни, ОҚО ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымының ауытқу деңгейі, яғни тәуекелдері салыстырмалы түрде ҚР бойынша көрсеткіштен аздап жоғары және екеуінде де жоғары мөлшерде ауытқу бар деуге болады.

Кесте 9 – 2001-2013 жылдар аралығында ҚР бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы мен ОҚО бойынша осы көрсеткіштің ҚР бойынша көрсеткішке әсері мен тәуекелін салыстыру

	Көрсеткіштер	2001ж.	2013ж.	Корреляция коэффициенті (r)		Орташа	Стандартты ауытқу (σ)	
				2001-2012	2001-2013		Нақты	Коэффициент
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Y	ҚР бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы шаруашылықтың барлық санаттарында, қолданыстағы бағаларда, млн. теңге	535 124	2 386 103,5	1,000	1,000	1 248 204,7	664426,2	0,532
X	ОҚО бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы шаруашылықтың барлық санаттарында, қолданыстағы бағаларда, млн. теңге	55 676,9	296 993,7	0,929	0,942	136 731,2	75522,3	0,552

Ескерту: [77] дереккөз негізінде автормен дайындалған

Ең алдымен ауыл шаруашылығында тәуекел тудырушы факторларды негізгі тәуекелдерге қарай топтастыру арқылы факторларға белгілі бір реттілік береміз. Ол үшін ауыл шаруашылығындағы тәуекелдердің өндірістік, нарықтық, қаржылық және адам ресурстарына байланысты негізгі 4 тобына сәйкес келетін тәуекел тудырушы факторларды анықтаймыз (кесте 10).

Енді 10-ші кесте негізінде негізгі тәуекел тудырушы факторлардың маңыздыларына талдау жасаймыз.

«Өндірістік тәуекелдер» тобындағы факторларды талдау. Өндірістік тәуекелдер ретінде өнім өндірісіне ауа райы мен табиғи апаттардан, өнімділіктегі ауытқулардан, шикі зат көлемі мен сапасындағы тұрақсыздықтың және техника мен жаңа технологияларды сәтсіз пайдалану сияқты жағдайлардың кері әсерінен туындайтын тәуекелдерді қарастырамыз.

Ауа райындағы ауытқулар әсерін талдау. Ауыл шаруашылығы өнім өндірісі ең алдымен сол жердегі климатқа және ауа райына байланысты.

Тәуекел тұрғысынан алып қарайтын болсақ ауа райы, климатқа қарағанда өте маңызды. Себебі климат бұл – біздің болжамымыз болса, ал ауа райы - бұл нақты күндегі атмосфералық жағдай болып табылады. Яғни, егер әр жылдағы сәйкес әрбір күннің дәл ауа райы белгілі әрі тұрақты болса, онда ауа райына байланысты тәуекел мәселесі тумас еді. Сондықтан, ауа райының күрт мінезіне дағдылануға тура келеді. Қазіргі кездегі жылыжай технологиялары ауа райына байланысты кейбір мезгілдік ауыл шаруашылығы өнімдерінің жетіспешілігі тәуекелдерін реттей алады. Бірақ, бұл технологиялар дәстүрлі түрде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен салыстырғанда, көп энергия қажеттілігіне байланысты, қымбатқа түсіп отыр [83].

Кесте 10 - Ауыл шаруашылығындағы негізгі тәуекел топтарының тәуекел тудырушы факторлары

Ауыл шаруашылығындағы негізгі тәуекел топтары	Тәуекел тудырушы факторлар
Өндіріске байланысты - «Өндірістік тәуекелдер»	<ul style="list-style-type: none"> – Ауа райындағы ауытқулар – Егістік көлемі – Өнімділіктегі ауытқулар – Өндірушілер санындағы өзгерістер – Шикі зат көлемі мен сапасындағы тұрақсыздық – Жаңа технологиялар – Табиғи апаттар
Өнімді өткізуге байланысты - «Нарықтық тәуекелдер»	<ul style="list-style-type: none"> – Нарықтағы бағаның өзгеруі – Бәсекелестердің іс-әрекеті – Сұраныстың өзгеруі – Төмен іскерлік белсенділік
Адам ресурстарына байланысты - «Әлеуметтік тәуекелдер»	<ul style="list-style-type: none"> – Төмен жалақы – Әлеуметтік инфрақұрылым – Нормаланбаған жұмыс тәртібі – Өркениет жетістіктерінің алыс болуы
Қаржыға байланысты - «Қаржы-экономикалық тәуекелдер»	<ul style="list-style-type: none"> – Айналым құралының жетіспеуі – Төмен төлем қабілеттілік – Келісім-шарттың бұзылуы – Салықтардың өсуі – Шикі зат, энергия шығындарының өсуі – Жеткізуші кәсіпорындарға тәуелділік
Ескерту: [62] дереккөз негізінде автормен дайындалған	

Ауа райының күрт мінезіне ауыл шаруашылығы мен қатар, экономиканың басқа салаларының да тәуелділігі бар екені анықталған.

Американың метеорологиялық қоғамы 2011ж. жүргізген осындай зерттеулердің бірінде, АҚШ-тың ЖІӨ-де ауа райына байланысты ауытқулар шамамен 3,4 % деңгейінде немесе 500 млрд. доллар шамасында болатынын есептеген. Сонда, бизнеске жақсы немесе сәтті ауа райы кезінде АҚШ-тың ЖІӨ-сі 3,4 % артса, жаман ауа райы салдарынан да ЖІӨ-нің 3,4 пайызға дейін азаятыны байқалған. Ал Weatherbill корпорациясы жүргізген басқа бір зерттеуде, 2003-2007 жылдарды қамтыған 5 жылдық кезеңде, 68 мемлекеттер арасында ең ауа райына тәуелді немесе сезімтал мемлекет болып, ең жоғары 15,73 балл көрсеткішпен Бразилия атанды, екінші орында Тайланд 14,49 балл, үшінші орында Эквадор 8,41 балл. Зерттеу жүргізілген 68 мемлекет ішінде Қазақстан 2,51 балл алып, ауа райына сезімталдығы бойынша 27-ші орынды иеленген. Қазақстанның экономикалық тұрғыдан қарағанда, ауа райына байланысты салалардың жиынтық сезімталдығы 13617 млн. доллар немесе ЖІӨ-нің 29,8 % ауа райына тәуелді келеді. Ал егер, ауа райына байланысты барлық тәуекелдер алдын алынатын болса, онда жыл сайын Қазақстанның 2727 млн. доллар немесе ЖІӨ-нің 5,2 % сақтап қалуға мүмкіндік бар екен (кесте 11) [84].

Кесте 11 – Берілген мемлекеттердің ЖІӨ-нің ауа райына тәуелділік деңгейі мен тәуекелді алдын алудан түсетін табыс көлемі (2003-2007 ж.)

Мемлекет	Ауа райына тәуелділік деңгейі (балл)	Ала тын орыны	Ауа райына байланысты салалардың жиынтық сезімталдығы		Ауа райына байланысты тәуекелдерді алдыналудан күтілетін табыс	
			(млн. доллар)	ЖІӨ-де үлесі, %	(млн. доллар)	ЖІӨ-де үлесі, %
Бразилия	15,73	1	216530	40,0%	16396	2,3%
Тайланд	14,49	2	56681	56,1%	969	0,6%
Эквадор	8,41	3	7335	24,3%	897	2,8%
Норвегия	8,36	4	61960	27,4%	11818	4,7%
Кувэйт	8,21	5	18132	27,3%	10093	14,3%
...
Ресей	3,92	16	176112	34,0%	34431	5,4%
...
Қазақстан	2,51	27	13617	29,8%	2727	5,2%
...
Ұлыбритания	1,76	44	467437	26,7%	4252	0,2%
Қытай	1,75	45	778271	44,9%	27400	1,3%
Испания	1,73	46	230704	28,7%	4821	0,5%
Беларусия	1,72	47	3613	24,0%	399	2,7%
...
Кипр	0,87	66	2730	22,9%	40	0,3%
АҚШ	0,85	67	2561828	22,5%	37059	0,3%
Пакистан	0,58	68	28559	31,9%	742	0,7%

Ескерту: [84] дереккөз негізінде автормен дайындалған

Сондықтан, ауыл шаруашылығы тәуекелдерінің негізгі көздерінің бірі ретінде ОҚО-ның климаттық ерекшелігі мен географиялық орналасуы маңызды болып табылады. ОҚО-ның Қазақстанның Орталық Азия мемлекеттерімен түйіскен қиылысында орналасқан 14 облысының ішіндегі халық саны жағынан ең үлкені, 2013ж. ҚР стататистика комитетінің мәліметі бойынша 2621,5 мың адам немесе Қазақстан халқының 15,7 % құрайтын аймақ болып табылады. ОҚО жер көлімі 117,3 мың шаршы километр немесе Қазақстан жерінің 4,3 пайызын құрайтын аймақты алып жатыр. ОҚО территориясы негізінен алғанда шөлді аймақта орналасқандықтан бұл жерлерде су тапшы және егістіктің көп бөлігі суармалы жерлер. Облыстың климаты жер бедері мен орналасуына қарай өзгермелі келеді. ОҚО климаты күн мен жылу ресурстарының молшылығымен ерекшелінеді. Жазы айлары ыстық, ұзақ және өте қуаңшылықты болады.

ОҚО территориясы негізінен алғанда шөлді аймақта орналасқандықтан бұл жерлерде су тапшы және егістіктің көп бөлігі суармалы жерлер. Облыстың климаты жер бедері мен орналасуына қарай өзгермелі келеді. ОҚО климатының ерекшелігі – инсоляция, яғни күн мен жылу ресурстарының молшылығы. Жазы ыстық, ұзақ және өте қуаңшылықты болады. Қысы жылы, қысқа, қар аз жауып және ұзақ жатпайды. Тәуліктік орташа температурасы 0°C-тен асатын жылы кезеңнің ұзақтығы облыстың солтүстігінде 8 айға тең және оңтүстігінде 10 айдан асады. Облыс бойынша ауаның жылдық орташа температурасы 8-9°C-тен 14°C-ке дейін солтүстіктен оңтүстікке қарай жоғары көтеріліп, өзгеріп тұрады. Облыстың түрлі аудандарының теңіз деңгейінен биіктігіне қарай температуралық режимінің өзгерісіне сипаттама беру үшін ауаның айлық және жылдық орташа температуралары (кесте 12, сурет 10) келтіріліп отыр [85].

Кесте 12 - Елді мекендердің теңіз деңгейінен биіктігінің өзгеруіне қарай және ауа райының жыл ішіндегі орташа температурасының (°C) амплитудасына сәйкес тәуекелдердің өзгеруі

	Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр	Маусым	Шілде	Тамыз	Қыркүйек	Қазан	Қараша	Желтоқсан	Жылдық орташа	Амплитуда
Қаракұм (185 м)	-5,9	-2,4	5,7	15,1	22	27,1	29,6	27,7	20,8	11,5	3,2	-3,5	12,6	35,5
Тасты (186 м)	-9,9	-8,1	-1	11,6	18,9	24,4	26,6	24,3	17	6	-1,4	-8,4	8,7	36,5
Түркістан (209 м)	-6	-2,5	5,4	14,2	20	26	28,6	26,9	19	11,1	3,3	-2,4	12,1	34,6
Шардара (240 м)	-4,4	-0,8	6,5	14	20,7	25,4	28	25,8	19	11,7	3,9	-0,8	12,4	32,4
Мақтаарал(266 м)	-4	-1,2	7,1	14	20,2	24,8	26,6	24,7	19	12,5	5,2	0,3	12,4	30,6
Шымкент (552 м)	-4,3	-0,6	6	13,1	18,3	23,2	26,3	24,7	18,6	11,3	5	0,4	11,8	30,6
Түлкібас (802 м)	-2,2	-0,6	5,2	12,2	17,6	22,5	25,4	24,5	18,9	11,5	5	0,4	11,7	27,6
Ащысай (820 м)	-5,9	-4,4	2,7	11	16,9	22,4	25,6	23,6	17,7	10,4	3,5	-0,9	10,2	31,5
Ақтас (1137 м)	-1	0,6	5,3	11,5	16,6	21,1	23,7	22,7	17,3	11,3	6,5	2,1	11,5	24,7
Піскем (1258 м)	-4,7	-3,8	1,8	9,7	14,7	18,9	22,7	22,5	17,1	9,9	3,2	-1,2	9,2	27,4

Ескерту: [85] дереккөз негізінде автормен дайындалған

Елді мекендердің теңіз деңгейінен биіктігінің өсуіне қарай ауа райының жыл ішіндегі орташа температурасының ($^{\circ}\text{C}$) төмендейтінін 12-ші кестеден көруге болады. Бұл жерде ескерте кететін бір жайт ауа райының жыл ішіндегі орташа температурасына ($^{\circ}\text{C}$) теңіз деңгейінен биіктігі мен қатар, географиялық орналасуы, жыл мезгілі және т.б. факторлар әсер етеді.

Сонымен қатар, елді мекендердің теңіз деңгейінен биіктігінің өсуіне қарай температураның амплитудасы немесе ауытқуы да төмендейтінін байқауға болады. Амплитуда - ең төменгі температура мен ең жоғары температураның аралығындағы ауытқуды қамтиды.

Кесте 12 - де берілген Қарақұм теңіз деңгейінен 185 м биіктікте орналасқан, сондықтан бұл жердегі амплитуда $35,5^{\circ}\text{C}$ құрады. Ал Піскемнің теңіз деңгейінен 1258 метрде орналасуы, бұл жердегі амплитуданың $27,4^{\circ}\text{C}$ құрауына септігін тигізеді.


Кестедегі берілген теңіз деңгейі мен соған сәйкес амплитуданың корреляциялық байланысын Microsoft Excel бағдарламалық пакетінде есептеу арқылы, екеуінің арасындағы корреляция $r = -0,861$ құрады. Яғни, жердің теңіз деңгейінен орналасу биіктігіне қарай, ондағы температураның амплитудасы арасында жоғары деңгейде теріс байланыс барын айтса болады.

Сонда, амплитуда немесе ауытқу азайған сайын үсік шалу тәуекелі де азаяды деген сөз. Мысалы: теңіз деңгейінен 1137 метр биіктікте орналасқан Ақтаста тек қаңтар айында ғана орташа температура -1°C суықтық көрсетіп, қалған 11 айда оң температураны көрсеткен.

Бұндай табиғи заңдылықты ауа райындағы ауытқуларға шыдамсыз келетін өсімдіктерді, әсіресе жеміс ағаштарды отырғызу алаңын таңдағанда пайдаланған дұрыс.

ОҚО-да қаңтар айы - жылдың ішіндегі ең суық айы, бұл кезеңде орташа температура облыс аумағында -1°C -ден (оңтүстігінде) -10°C -ға (солтүстігінде) дейін ауытқиды. Жекелеген жылдары температураның абсолюттік минимум көрсеткіші -30°C -ден -35°C -ге дейін, ал кейбір жерлерінде тіпті -39°C -ге дейін төмендеп отырады. Ең ыстық ай – шілде айы болып есептелінеді, ауаның шілдедегі орташа температурасының ең жоғары деңгейі ($+29^{\circ}\text{C}$ пен $+30^{\circ}\text{C}$) – Қызылқұм маңында, төменгісі – таулы аудандарда ($+20^{\circ}\text{C}$ пен $+24^{\circ}\text{C}$) және ең төменгі деңгейі – биік таулардың маңында. Жаз кезінде кейбір күндері облыстың оңтүстігіне қарай – температураның $+45^{\circ}\text{C}$ пен $+47^{\circ}\text{C}$ -ге дейін, солтүстігінде $+43^{\circ}\text{C}$ пен $+44^{\circ}\text{C}$ -ге дейін көтерілуі мүмкін [85].

Облыстың жазықтау жерлерінде жауын-шашынның жылдық мөлшері 130 бен 250 миллиметр ғана, ал тау бөктерлерінде 400 бен 700 миллиметр және одан да көп болуы мүмкін. Бірақ жауын-шашын тұрақты емес, кейбір жылдары оның көлемі ауытқып тұрады. Жауын-шашын аз жауатын аудандарда (көбіне жазықтықта) мейлінше құрғақ немесе қуаңшылықты жылдары жыл ішінде 80 мен 100 миллиметр мөлшерінде болады, бұған керісінше, ылғалдылық мол жылдары 300 бен 400 миллиметрге дейін жетеді, тау маңайында жауын-шашын тиісінше – 300 бен 500 миллиметрден 1000 мен 1400 миллиметрге дейін өзгеріп тұрады.



10-сурет – ОҚО-да орналасқан елді мекендердің теңіз деңгейіне қарай, ауаның айлық және жылдық орташа температураларындағы (°C) ауытқулары

Ескерту: [85] дереккөз негізінде автормен дайындалған

Жауын-шашын мейлінше көп болатын екі кезең бар: ол - көктем мен күз. Жауын-шашынның ең көп болатын кезі - наурыз бен сәуір айлары, ал ең аз (5-7 %) болатын кезі – жаз айлары. Күздің бірінші жартысы құрғақ болып келеді. Қысқы және көктемгі жауын-шашын көлемі, жалпы жылдық жауын-шашын мөлшердің 70-80 % алады. Демек, басқа уақыттағы жауын шашын мөлшері 20-30 % құрап, бұл мезгілдерде тоғандар мен өзендерден келетін сулардан пайдалануға тура келеді. Сондықтан, ауа райына байланысты тәуекелдерді алдын алу үшін ауыл шаруашылығы өндірісін ұйымдастыру аймағының табиғи-климаттық жағдайын, теңіз деңгейінен биіктігін, топрағын және географиялық орналасуы сияқты маңызды жағдайларды ескерген жөн. Мысалы, ыстыққа шыдамсыз өсімдік түрлерін теңіз деңгейінен жоғары, таулы аймақтарда орналастырған жөн.

Егістік көлеміндегі өзгерістердің ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымына әсерін талдау. Егістік алқабының өзгеруі ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымына тікелей әсер етеді. Ауыл шаруашылығында қолданыста болатын егістік алқаптары түрлі себептерге байланысты өзгеріп отыруы мүмкін. Бұл себептерге кейбір егістік жерлердің тозуы, сорлануы, мемлекеттік қажеттіліктерге байланысты алынуы және тағы басқа себептерге байланысты пайдаланудан алынуы мүмкін. Сонымен қатар, нарықтағы бағалардың өзгерісіне қарай бір өнімді өсіру, екінші бір өнімді өсіруге қарағанда тиімсіз болуы мүмкін. Бұндай жағдайда шаруашылық басшысы нарықта сұранысқа ие өсімдікті өсіруге бел буып, егістік алқабында өсірілетін егіннің құрамын өзгертеді. Бұндай өзгерістердің ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымына әсері төмендегі кестеде көрсетілген (кесте 13).

Кесте 13 – 2001-2013 жылдар аралығында ОҚО бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымына ауыл шаруашылығы дақылдары егістік алқаптарындағы өзгерістердің байланысы және ауытқулары

	Көрсеткіштер	2001 ж.	2013ж.	Корреляция коэффициенті (r)		Орташа	Стандартты ауытқу (σ)	
				2001-2012	2001-2013		Нақты	Коэффициент
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Ү	ОҚО бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы шаруашылықтың барлық санаттарында, қолданыстағы бағаларда, млн. теңге	55 676,9	296 993,7	1,000	1,000	136 731,2	75522,3	0,552
X ₁	ОҚО ауыл шаруашылығы дақылдарының анықталған жалпы егістік алқабы, мың гектар	714,8	774,3	-0,065	0,208	718,0	42,4	0,059
X ₂	ОҚО дәнді (күрішті қосқанда) және бұршақ дақылдарының анықталған егістік алқабы, мың гектар	209,8	218,0	-0,542	-0,403	216,3	23,1	0,107
X ₃	Одан бидай алқабы, мың гектар	171,9	160,2	-0,704	-0,628	170,6	21,9	0,128
X ₄	Арпа (күздік және жаздық), мың гектар	17,9	27,3	0,007	0,280	19,1	5,7	0,299
X ₅	Жүгері	15,5	25,1	0,539	0,577	21,3	4,1	0,196
X ₆	Күріш	1,2	1,7	0,331	0,121	2,2	0,7	0,336
X ₇	Дәнді - бұршақ дақылдары	2,5	3,2	0,297	0,350	2,6	0,8	0,316
X ₈	Техникалық дақылдар, барлығы, мың гектар	251,4	249,3	-0,015	-0,078	257,2	23,0	0,090
	оның ішінде:							
X ₉	Мақта	184,6	140,6	-0,668	-0,713	176,4	29,1	0,166
X ₁₀	Дән алуға арналған күнбағыс	9,6	6,0	-0,704	-0,715	8,7	2,6	0,301

13-ші кестенің жалғасы								
1	2	3	4	5	6	7	8	9
X ₁₁	Картоп, көкөніс-бақша дақылдары, барлығы мың гектар	48,5	100,5	0,966	0,970	65,6	19,4	0,297
	оның ішінде:							
X ₁₂	Картоп	9,2	14,1	0,911	0,918	10,9	2,1	0,195
X ₁₃	Көкөніс	22,2	33,5	0,940	0,944	26,8	4,0	0,152
X ₁₄	Бақша дақылдары	16,9	52,8	0,955	0,965	27,8	13,6	0,490
X ₁₅	Мал азықтық дақылдар	205,2	206,0	-0,305	0,043	178,9	20,1	0,113
X ₁₆	Жеміс-жидек екпелердің (көшеттердің) барлығы	16,1	16,4	0,459	0,534	15,0	1,3	0,091
X ₁₇	Жүзімдік, барлығы	5,4	8,5	0,888	0,887	6,1	1,6	0,276
X ₁₈	Таза парлардың көлемі (тыңайтылған ықтырмалы, сонымен қатар қара парлар енгізіледі)	43,2	-	-0,667	-0,667	32,3	23,491	0,182
Ескерту: [77] дереккөз негізінде автормен дайындалған								

Кесте 13 бойынша 2001-2013 жылдар аралығында ОҚО ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымында (Y) ең жоғары оң корреляциялық байланысты $r = 0,970$ коэффициентімен картоп және көкөніс-бақша дақылдары (X_{11}) алып жатқанын талдау нәтижесінен көруге болады.

Бұл осы дақылдардың егістік көлемі ОҚО ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымымен бірдей динамикалық байланыста өзгеріп келе жатқанын білдіреді.

Сонымен қатар, жоғары оң корреляциялық байланыс коэффициенттерді жүзім (X_{17}) мен жүгері (X_5) алқаптарының көрсетуі, бұл дақылдарды өсіру алқабы соңғы жылдары ОҚО ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымымен бірдей өсіп келе жатқанын көрсетеді.

Ал теріс корреляция коэффициентін көрсеткен факторлардың ішінде ОҚО бойынша ең көп егістік алқабын алып жатқан бидай (X_3), мақта (X_9) және дән алуға арналған күнбағыс (X_{10}) алқабының көрсеткіштері, сәйкесінше корреляция коэффициенттері $r = -0,628$, $r = -0,713$ және $r = -0,715$ болғанын кестеден көруге болады.

Бұндай теріс корреляция коэффициенттері ОҚО-да мақта, бидай және дән алуға арналған күнбағыс алқаптарының төмендеп келе жатқанын және ОҚО ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымына кері пропорционалды қомақты байланыс көрсетіп тұрғанын білдіреді.

Ал, ОҚО ауыл шаруашылығы дақылдарының анықталған жалпы егістік алқабындағы ең көп өзгерістері мен тәуекелдерін салыстыру үшін стандартты ауытқудың коэффициенттерін байқайтын болсақ, салыстырмалы түрде бақша дақылдары (X_{14}) ең жоғары ауытқу коэффициентін көрсетті.

Себебі, ОҚО бойынша бақша дақылдарының егістік алқабы 2001 жылы 16,9 мың гектардан 2013 жылы 52,8 мың гектарға жеткен немесе 3 есеге артқан. Осы жылдар ішінде орташа егістік алқабының көлемі 27,8 мың гектарды, ал орташадан стандартты ауытқу деңгейі 13,6 мың гектарды немесе коэффициент түрінде $\sigma = 0,490$ құраған.

Демек, 7 кестедегі шкалаға сәйкес ОҚО-дағы бақша дақылдары берілген жылдар ішінде егістік алқабының көлеміндегі ең жоғары тәуекелі бар дақылдардың бірі екенін атап айтсақ болады.

Әрине тәуекел жоғары болған сайын одан келетін табыс та жоғары болуы тиіс.

Сондықтан, ендігі кезекті осы дақылдардың өнімділігіндегі өзгерістерін талдаймыз

Өнімділіктегі ауытқулардың ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымына әсерін талдау.

Өнімділік - ауыл шаруашылығы өнімдерінің бір гектарға шаққандағы түсімін анықтауға көмектесетін маңызды көрсеткіштердің бірі.

Әсіресе осы көрсеткіштегі ауытқулар тәуекелділікті өлшеудің маңызды көрсеткіштеріне жатқызуға болады.

Себебі, барлық ауыл шаруашылығы өнім өндірушілері егіндерінің гектарға шаққандағы түсімі көп болуын қалағанымен, әртүрлі себептерге байланысты кейбір жылдары өнімділік азайып кетеді.

ОҚО-да өсірілетін дақылдардың ішінде өнімділігі ең тұрақты, яғни өнімділік бойынша тәуекелі де ең төмен дақылдарды анықтау үшін келесі кестені құрамыз (кесте 14).

Кесте 14 бойынша 2001-2013 жылдар аралығында ОҚО ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымына (Y) өнімділігі бойынша ең жоғары оң корреляциялық байланысты күріш (X_{23}) $r = 0,860$, бақша дақылдары (X_{29}) $r = 0,859$ және жеміс-жидек (X_{30}) $r = 0,821$ коэффициенттері алып жатқанын талдау нәтижесінен көруге болады.

Бұл осы дақылдардың өнімділігі ОҚО ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымымен бірдей динамикалық байланыста өзгеріп келе жатқанын білдіреді.

Сонымен қатар, жоғары оң корреляциялық байланыс коэффициенттерді картоп (X_{27}) $r = 0,764$ және көкөніс (X_{28}) $r = 0,666$ дақылдарының көрсетуі, бұл дақылдардың өнімділігі соңғы жылдары ОҚО ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымымен бірдей өсіп келе жатқанын және байланысы жоғары екенін көрсетеді.

Теріс корреляция коэффициентін көрсеткен факторлардың барлығының мәндері маңызды емес немесе өте төмен байланыста екенін көруге болады.

Кестеде ОҚО ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігіндегі ең көп өзгерістері мен тәуекелдерін салыстыру үшін стандартты ауытқудың коэффициенттерін байқайтын болсақ, салыстырмалы түрде бақша дақылдары (X_{29}) өнімділіктегі ең жоғары стандартты ауытқуды көрсетті.

Кесте 14 – 2001-2013 жылдар аралығында ОҚО бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымының ауыл шаруашылығы негізгі дақылдарының өнімділігімен байланыстары және ауытқулары


	Көрсеткіштер	2001 ж.	2013ж.	Корреляция коэффициенті (<i>r</i>)		Орташа	Стандартты ауытқу (σ)	
				2001-2012	2001-2013		Нақты	Коэффициент
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Ү	ОҚО бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы шаруашылықтың барлық санаттарында, қолданыстағы бағаларда, млн. теңге	55 676,9	296 993,7	1,000	1,000	136 731,2	75522,3	0,552
Шаруашылықтың барлық санаттарындағы негізгі ауыл шаруашылық дақылдарының өнімділігі, центнер/гектар								
X ₁₉	Дәнді және дәнді-бұршақты дақылдары, барлығы, центнер/гектар	16,1	21,8	-0,322	-0,035	18,1	3,5	0,193
	оның ішінде:							
X ₂₀	Бидай	15,2	19,4	-0,520	-0,231	16,1	4,0	0,251
X ₂₁	Арпа	10,6	17,4	-0,209	0,078	13,5	3,2	0,239
X ₂₂	Жүгері	32,0	39,7	0,215	0,459	36,1	2,2	0,061
X ₂₃	Күріш	25,2	59,6	0,797	0,860	38,4	11,9	0,308
X ₂₄	Дәнді-бұршақ дақылдары	8,7	15,7	0,470	0,325	16,3	3,3	0,201
X ₂₅	Шитті мақта	22,7	28,7	0,221	0,561	22,0	2,9	0,134
X ₂₆	Дән алуға арналған күнбағыс	13,3	14,6	-0,366	-0,398	15,5	1,4	0,089
X ₂₇	Картоп	126,0	168,6	0,721	0,764	149,1	14,7	0,098
X ₂₈	Көкөніс	157,6	209,0	0,741	0,666	197,7	21,1	0,106
X ₂₉	Бақша дақылдары	121,9	209,2	0,824	0,859	168,2	26,4	0,157
X ₃₀	Жеміс-жидек	34,3	63,2	0,719	0,821	46,9	8,4	0,180
X ₃₁	Жүзім	51,7	79,4	0,445	0,484	68,6	13,8	0,200
Ескерту: [77] дереккөз негізінде автормен дайындалған								

ОҚО бойынша бақша дақылдарының өнімділігі 2001 жылы бір гектардан 121,9 центнер болса, осы көрсеткіш 2013 жылы гектардан 209,2 центнерге жеткен, осы жылдар ішінде орташа өнімділік көлемі бір гектардан 168,2 центнер, ал орташадан стандартты ауытқу деңгейі гектарына 26,4 центнерді немесе коэффициент түрінде $\sigma = 0,157$ құраған.

Яғни, ОҚО-дағы бақша дақылдары берілген жылдар ішінде өнімділіктің орташа өнімділіктен ауытқу көлемі бойынша ең жоғары ауытқу деңгейін көрсеткен дақылдардың бірі екенін атап айтсақ болады. Демек, өнімділік

бойынша ең жоғары тәуекелді және жоғары түсімді бақша дақылдары көрсетіп отыр.

2001-2013 жылдар аралығында өнімділіктегі ауытқуы ең төмен дақылдар дән алуға арналған күнбағыс (X_{26}) және жүгері (X_{22}) екенін 14-ші кестеден және 11-шы суреттен өнімділігіндегі стандартты ауытқу деңгейіне қарай өсім ретін көруге болады (сурет 11). Олардың стандартты ауытқулары сәйкесінше гектарына 1,4 және 2,2 центнерді немесе коэффициент түрінде $\sigma = 0,089$ және $\sigma = 0,061$ құраған.



11-сурет - 2001-2013 жылдар аралығында ОҚО бойынша өндірілген негізгі өнімдердің өнімділігіндегі стандартты ауытқу деңгейіне қарай өсім реті, центнер/гектар немесе өнімділікке қарай тәуекелділік деңгейі

Ескерту: [77] дереккөз негізінде автормен дайындалған

Бұл ОҚО-да өндірілетін дақылдардың ішінде өнімділігі бойынша тәуекелі ең төмен жүгері мен дән алуға арналған күнбағыс екенін білдіреді. Себебі өнімділіктегі ауытқулар аз болған сайын, болашақтағы өнімділіктің болжамы да дұрыс болады. Ал дұрыс жасалған болжам өз кезегінде тәуекелді де төмендетеді. Жалпы түсім негізінде өнімділік анықталатын болғандықтан бұл көрсеткіштегі өзгерістердің тәуекелдерді болжамдауда маңызы зор. Енді кезекте 2001-2013 жылдар аралығында ОҚО бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымының ауыл шаруашылығы негізгі дақылдарының жалпы түсіміндегі ауытқуларына байланыстарын салыстырып көрейік (кесте 15).

Кесте 15 – 2001-2013 жылдар аралығында ОҚО бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымының ауыл шаруашылығы негізгі дақылдарының жалпы түсіміндегі ауытқуларына байланыстары

	Көрсеткіштер	2001 ж.	2013ж.	Корреляция коэффициенті (r)		Орташа	Стандартты ауытқу (σ)	
				2001-2012	2001-2013		Нақты	Коэффициент
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Y	ОҚО бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы шаруашылықтың барлық санаттарында, қолданыстағы бағаларда, млн. теңге	55 676,9	296 993,7	1,000	1,000	136 731,2	75522,3	0,552
Шаруашылықтың барлық санаттарындағы негізгі ауылшаруашылық дақылдарының жалпы түсімі, тонна								
X ₃₂	Дәнді және дәнді-бұршақты дақылдары, барлығы, тонна	324196	471431	-0,463	-0,175	387 361	95595	0,247
	оның ішінде:							
X ₃₃	Бидай	252460	308452	-0,649	-0,415	273 244	83608	0,306
X ₃₄	Арпа	16528	47106	-0,213	0,328	24 589	9686	0,394
X ₃₅	Жүгері	48638	99746	0,563	0,660	76 189	17005	0,223
X ₃₆	Күріш	2865	10096	0,639	0,571	8 063	4681	0,581
X ₃₇	Дәнді-бұршақ дақылдары	2081	4969	0,639	0,598	4 162	1365	0,328
X ₃₈	Шитті мақта	416525	396729	-0,470	-0,314	378 970	71594	0,189
X ₃₉	Дән алуға арналған күнбағыс	12545	8768	-0,691	-0,705	13 551	4608	0,340
X ₄₀	Картоп	114599	238436	0,974	0,973	162 943	43716	0,268
X ₄₁	Көкөніс	342869	699326	0,958	0,933	530 399	125012	0,236
X ₄₂	Бақша дақылдары	203853	1095286	0,973	0,981	486 780	312268	0,641
X ₄₃	Жеміс-жидек	48206	76975	0,674	0,772	58 322	10988	0,188
X ₄₄	Жүзім	24014	47779	0,889	0,903	32 725	9694	0,296
Ескерту: [77] дереккөз негізінде автормен дайындалған								

2001-2013 жылдар аралығында ОҚО ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымына (Y) жалпы түсім бойынша ең жоғары оң корреляциялық байланысты бақша дақылдары (X₄₂) $r = 0,981$, көкөніс (X₄₁) $r = 0,933$, картоп (X₄₀) $r = 0,973$ және жүзім (X₄₄) $r = 0,903$ коэффициенттері алып жатқанын талдау нәтижесінен көруге болады. Бұл осы дақылдардың жалпы түсімі ОҚО ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымымен бірдей динамикалық байланыста өзгеріп келе жатқанын және жоғары корреляциялық байланыстың бар екенін білдіреді.

ОҚО ауыл шаруашылығы дақылдарының жалпы түсімінде бақша дақылдары (X₄₂) жалпы түсіміндегі ең жоғары стандартты ауытқуды көрсетті. ОҚО бойынша бақша дақылдарының жалпы түсімі 2001 жылы 203853 тонна

болса, осы көрсеткіш 2013 жылы 1095286 тоннаға жетіп шамамен 5 есеге өскен. Ал осы жылдар ішінде бақша дақылдарының орташа жылдық түсімі 486 780 тоннаны, ал орташадан стандартты ауытқу деңгейі 312268 тонна немесе коэффициент түрінде $\sigma = 0,641$ құраған. Яғни, ОҚО-дағы бақша дақылдары берілген жылдар ішінде жалпы түсімі орташа жылдық түсімнен ауытқу көлемі бойынша ең жоғары ауытқу деңгейін көрсеткен дақылдардың бірі екенін атап айтсақ болады. Демек, жалпы түсім бойынша да ең жоғары көрсеткішті бақша дақылдары көрсетіп отыр.

Өндірушілер санындағы өзгерістердің ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымына әсерін талдау. Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша барлық шаруашылық санаттарын қосқанда (үй шаруашылығын қосқанда) 2013 жылы 296,9 млрд. теңгенің ауыл шаруашылығы өнімдері өндірілсе, 2012 жылмен салыстырғанда ол 17,5%-ға артық, немесе 15,0 млрд. теңгеге өскен. Соның ішінде, ауыл шаруашылығы кәсіпорындары 2013 жылы 25,8 млрд. теңгенің өнімін немесе жалпы шығарылымның 9 пайызын, шаруа (фермер) қожалықтары 122,8 млрд. теңгенің өнімін немесе жалпы шығарылымның 41 пайызын және жұртшылық шаруашылықтары 148,3 млрд. теңгенің өнімін немесе жалпы шығарылымның 50 пайызын өндірген (кесте 16).

Кесте 16 - 2013 жылы ОҚО шаруашылық санаттары бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы мен үлестері, млн. теңге

Көрсеткіштер	Барлық шаруашылық санаттары		Ауыл шаруашылық кәсіпорындары		Шаруа немесе фермер қожалықтары		Жұртшылық шаруашылығы	
	2013 жыл	2013 жыл 2012 жылға %-бен	2013 жыл	2013 жыл 2012 жылға %-бен	2013 жыл	2013 жыл 2012 жылға %-бен	2013 жыл	2013 жыл 2012 жылға %-бен
Оңтүстік Қазақстан облысы	296 993,7	115	25 836,5	125	122 828,0	118	148 329,2	110
Үлесі, %	100	-	9	-	41	-	50	-
Оның ішінде:								
Өсімдік шаруашылығы	167 974,9	118	18 809,7	130	119 425,4	118	29 739,8	111
Үлесі, %	100	-	11	-	71	-	18	-
Мал шаруашылығы	127 562,5	110	5 570,5	112	3 402,6	121	118 589,4	109
Үлесі, %	100	-	4	-	3	-	93	-


Ескерту: [77] дереккөз негізінде автормен дайындалған

Кесте 16 бойынша ОҚО-да 2013 жылы өндірілген өсімдік шаруашылығы өнімдерінің ішінде шаруа қожалықтарының үлесі 71 пайызды құрап топ бастаған болса, мал шаруашылығы өнімдерін өндірісі бойынша 93 пайыздық үлеспен жұртшылық шаруашылығы басымдық көрсетті. Яғни, ОҚО шаруа қожалықтарының көп бөлігі өсімдік шаруашылығымен айналысуды қаласа, мал

шаруашылығымен негізінен жұртшылық шаруашылығы айналысуды жөн көреді дегенді білдіреді.

Сонымен қатар, ОҚО бойынша ауыл шаруашылығының жалпы өнім (қызмет) көлемінде ауыл шаруашылық кәсіпорындары үлесі 2008 жылы 7 пайыздан 2013 жылы 9 пайызға өссе, шаруа қожалықтары үлесі 2008 жылы 34 пайыздан 2013 жылы 41 пайызға өсті, керісінше жұртшылық шаруашылықтары үлесі 2008 жылы 59 пайыздан 2013 жылы 50 пайызға дейін азайған (сурет 12).

Демек, сурет 12-де ОҚО бойынша ауыл шаруашылығының дамуы жалпы өнім (қызмет) көлемінде шаруа қожалықтарының үлесі артумен және жұртшылық шаруашылық үлесінің төмендеуімен сипатталады.



12-сурет - 2008-2013 жылдар аралығында ОҚО бойынша ауыл шаруашылығының жалпы өнім (қызмет) көлеміндегі түрлі шаруашылықтардың үлесі, пайызбен

Ескерту: [77] дереккөз негізінде автормен дайындалған

Ендігі кезекте 2001-2013 жылдар аралығында ОҚО бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымына ауыл шаруашылығы құрылымының санындағы ауытқулардың әсері мен байланыстарын талдаймыз.

Облыс бойынша 2001 жылы 38616 шаруа (фермер) қожалығы ресми тіркелген болса, бұл көрсеткіш 2013 жылы 2 есеге жуық өсіп 76724 шаруа (фермер) қожалығы жұмыс атқарған. Ал ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының саны осы мерзімде 3519 дан 4685-ке дейін өскен (кесте 17).

Кесте 17 бойынша 2001-2013 жылдар аралығында ОҚО ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымына (Y) ауыл шаруашылығы құрылымындағы өзгерістер бойынша ең жоғары оң корреляциялық байланысты шаруа қожалықтарының (X_{46}) $r = 0,612$ және одан

азырақ байланысты кәсіпорындар санындағы өзгерістердің (X_{47}) $r = 0,551$ корреляция коэффициенттерінен көруге болады. Бұл шаруа қожалықтар санындағы өзгерістердің, кәсіпорындар санындағы өзгерістерге қарағанда, ОҚО ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымында жоғарырақ динамикалық байланыста өзгеріп келе жатқанын және әсері жоғары екенін білдіреді. Демек шаруа қожалықтары тек сан жағынан ғана емес, сонымен қатар сапа жағынан да жоғары өсімді көрсетіп отыр.

Кесте 17 – 2001-2013 жылдар аралығында ОҚО бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымының ауыл шаруашылығы құрылымының санындағы ауытқуларына байланыстары


	Көрсеткіштер	2001 ж.	2013ж.	Корреляция коэффициенті (r)		Орташа	Стандартты ауытқу (σ)	
				2001-2012	2001-2013		Нақты	Коэффициент.
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Y	ОҚО бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы шаруашылықтың барлық санаттарында, қолданыстағы бағаларда, млн. теңге	55 676,9	296 993,7	1,000	1,000	136 731,2	75522,3	0,552
ОҚО бойынша барлық ауыл шаруашылығы құрылымының саны								
X ₄₅	ОҚО ауыл шаруашылығы құрылымының саны, барлығы	42135	81409	0,606	0,647	67878	12652	0,186
	Соның ішінде:							
X ₄₆	Шаруа немесе фермер қожалықтарының саны	38616	76724	0,577	0,612	64393	12608	0,196
X ₄₇	Кәсіпорындар саны	3519	4685	0,400	0,551	2265	845	0,373
Ескерту: [77] дереккөз негізінде автормен дайындалған								

Сонымен қатар, кестеде ОҚО ауыл шаруашылығы өнім өндірушілер санындағы ең көп өзгерістері мен тәуекелдерін салыстыру үшін стандартты ауытқудың коэффициенттерін байқайтын болсақ, салыстырмалы түрде кәсіпорындар санындағы ауытқу, шаруа (фермер) қожалықтары санындағы ауытқуларға қарағанда жоғары стандартты ауытқуды көрсетті. Сонда ОҚО бойынша 2001-2013 жылдар аралығында орташа кәсіпорындар саны 2265 болса, одан стандартты ауытқу деңгейі 845 кәсіпорын немесе коэффициент түрінде $\sigma = 0,373$ құраған. Яғни, ОҚО-дағы кәсіпорындар санындағы ауытқу деңгейінің жоғары болуы, кәсіпорындардың берілген мерзім ішінде орташа,

бірақ шаруа қожалықтармен салыстырғанда жоғары тәуекелділік деңгейін көрсетіп отыр.

«Нарықтық тәуекелдер» тобындағы негізгі факторларды талдау. Нарықтық тәуекелдер ретінде өнім өндірісіне нарықтағы бағаның өзгеруі, соның ішінде ОҚО ауыл шаруашылығы өнімінің баға индексідегі ауытқулардың әсерінен туындайтын тәуекелдерді қарастырамыз.

Нарықтағы баға индексідегі өзгерістерінің ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы индексіне әсерін талдау. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің нарықтық бағасындағы өзгерістерді салыстыру үшін ОҚО ауыл шаруашылығы өнімінің баға индексі қолдануға болады. Бұл индекс ОҚО ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерімен өндірілген және түрлі өткізу арналары бойынша сатылған ауыл шаруашылығы өнімдері бағасының өлшемі. Енді, ОҚО ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы индексі, 2001-2013 жылдар аралығындағы ауыл шаруашылығы өнімінің баға индексінің динамикасымен салыстырамыз (сурет 13).



13-сурет - 2001-2013 жылдар аралығында ОҚО бойынша ауыл шаруашылығының жалпы өнім (қызмет) көлемі мен ауыл шаруашылығы өнімі баға индексінің салыстырмалы динамикасы

Ескерту: [77] дереккөз негізінде автормен дайындалған

13-сурет бойынша 2001-2013 жылдар аралығында ОҚО бойынша ауыл шаруашылығының жалпы өнім (қызмет) көлемі мен ауыл шаруашылығы өнімі баға индексінің динамикасындағы салыстырмалы үйлесімділікті, тек 2009 жылдағы дағдарыстан кейінгі ауыл шаруашылығы өнімі баға индексіде жоғары серпінді байқауға болады.

Кесте 18 бойынша 2001-2013 жылдар аралығында ОҚО ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымына (Y) ауыл

шаруашылығы өнімі баға индексіндегі (X_{48}) өзгерістер төмен корреляциялық байланыста екенін $r = 0,240$ корреляция коэффициентінен көруге болады. Бұл ауыл шаруашылығы өнімі баға индексіндегі өзгерістердің ОҚО ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы индексіне төмен динамикалық байланыста өзгеріп келе жатқанын және әсері төмен екенін білдіреді.

Сонымен қатар, кестеде ОҚО ауыл шаруашылығы өнімдерінің баға индексіндегі ең көп өзгерістері мен тәуекелдерін салыстыру үшін стандартты ауытқудың коэффициенттерін байқайтын болсақ, ОҚО бойынша 2001-2013 жылдар аралығында орташа ауыл шаруашылығы өнімдерінің баға индексі 108,3 болса, одан стандартты ауытқу деңгейі 12,9 пайызға немесе коэффициент түрінде $\sigma = 0,119$ құраған.

Кесте 18 – 2001-2013 жылдар аралығында ОҚО бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымының ауыл шаруашылығы өнімі баға индексіндегі ауытқуларына байланыстары


	Көрсеткіштер	2001 ж.	2013 ж.	Корреляция коэффициенті(r)		Орташа	Стандартты ауытқу (σ)	
				2001-2012	2001-2013		Нақты	Коэффициент.
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Y_1	ОҚО бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы, алдыңғы жылға пайызбен	112,7	114,6	1,000	1,000	115,3	11,0	0,096
ОҚО бойынша ауыл шаруашылығы өнімі баға индексі								
X_{48}	ОҚО ауыл шаруашылығы өнімдерінің баға индексі	101,1	111,0	0,242	0,240	108,3	12,9	0,119
Ескерту: [86] дереккөз негізінде автормен дайындалған								

Яғни, ОҚО-дағы ауыл шаруашылығы өнімі баға индексіндегі ауытқу деңгейінің төмен болуы, берілген мерзім ішінде баға тәуекелділік деңгейінің төмен болғанын көрсетіп отыр.

«Әлеуметтік тәуекелдер» тобындағы негізгі факторларды талдау. Әлеуметтік тәуекелдер ретінде ауыл шаруашылығы өнім өндірісінде адам ресурстарына байланысты тәуекелдер қарастырылады. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірушісі де тұтынушысыда адам болғандықтан ауыл шаруашылығында адами фактордың орны ерекше. Ауыл шаруашылығында әлеуметтік тәуекелдерді тудырушы факторларға төмен жалақы, әлеуметтік

инфрақұрылым, нормаланбаған жұмыс тәртібі сияқты факторларды жатқызса болады. Аталған факторлар ішіндегі ең маңыздысы жасалған жұмыс үшін төленетін еңбек ақы мөлшері болып табылады. Бұл фактор ауыл шаруашылығы саласының тартымдылығын анықтайды.

Орташа жалақы көліміндегі өзгерістерінің ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымына әсерін талдау. Еңбек ақы мөлшері саланың тартымдылығын және табыстылығын көрсетеді. Сонғы жылдардағы статистикалық деректерге назар аударатын болсақ негізінен ауыл шаруашылығында орташа айлық жалақы ең төменгілердің қатарында екенін байқауға болады. ОҚО барлық салаларын алғандағы орташа айлық жалақы 2013 жылы 78705 теңгені құраса, ауыл шаруашылығындағы орташа айлық жалақы ең төменгілерінің бірі болып 55487 теңгені құрады. Бұл көрсеткіш 2014 жылы біршама көтеріліп 65000 теңгені құрағанымен әлі де ең төменгілерінің қатарынан көрінуде (сурет 14).



14-сурет – Оңтүстік Қазақстан облысы салалары бойынша 2013-2014 жылдары орташа айлық жалақы мөлшері, теңге

Ескерту: [87] дереккөз негізінде автормен дайындалған

Ендігі кезекте, 2001-2013 жылдар аралығында ОҚО бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымының ауыл

шаруашылығы жұмысшылар мен қызметкерлердің орташа айлық жалақысына байланысын салыстырып көрейік.


Кесте 19 бойынша 2001-2013 жылдар аралығында ОҚО ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымымен (Y) ауыл шаруашылығы жұмысшылар мен қызметкерлердің орташа айлық жалақысындағы (X_{49}) өзгерістері жоғары корреляциялық байланыста екенін $r=0,985$ корреляция коэффициентінен көруге болады. Бұл ауыл шаруашылығы жұмысшылар мен қызметкерлердің орташа айлық жалақысындағы өзгерістердің ОҚО ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымымен жоғары динамикалық байланыста өзгеріп келе жатқанын және әсері жоғары екенін білдіреді.

Кесте 19 – 2001-2013 жылдар аралығында ОҚО бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымының ауыл шаруашылығы жұмысшылар мен қызметкерлердің орташа айлық жалақысындағы ауытқуларына байланыстары

1	Көрсеткіштер	2001 ж.	2013ж.	Корреляция коэффициенті (r)		Орташа	Стандартты ауытқу (σ)	
				2001-2012	2001-2013		Нақты	Коэффициент
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Y	ОҚО бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы шаруашылықтың барлық санаттарында, колданыстағы бағаларда, млн. теңге	55 676,9	296 993,7	1,000	1,000	136 731,2	75522,3	0,552
ОҚО бойынша ауыл шаруашылығы жұмысшылар мен қызметкерлердің орташа айлық жалақысы, теңге								
X_{49}	ОҚО ауыл шаруашылығы, аң аулау және орман шаруашылығы бойынша жұмысшылар мен қызметкерлердің орташа айлық жалақысы, теңге	4462	55487	0,981	0,985	22934	16803	0,733
Ескерту: [87] дереккөз негізінде автормен дайындалған								

Сонымен қатар, 19-ші кестеде ОҚО ауыл шаруашылығы жұмысшылар мен қызметкерлердің орташа айлық жалақысындағы ең көп өзгерістері мен тәуекелдерін салыстыру үшін стандартты ауытқудың коэффициенттерін

байқайтын болсақ, ОҚО бойынша 2001-2013 жылдар аралығында ауыл шаруашылығында орташа айлық жалақы 4462 теңгеден, 55487 теңгеге дейін немесе 12 есе өскен. Салыстырмалы түрде осы уақыт аралығында ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы 55 676 млн. теңгеден, 296993 млн. теңгеге дейін немесе тек 5 есе өскен. Бұның бір себебі ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істейтін жұмысшылар санының біртіндеп азаюы болуы мүмкін. Осы мерзімде 22934 теңге орташа айлық жалақының стандартты ауытқу деңгейі 16803 теңге немесе коэффициент түрінде $\sigma = 0,733$ құраған. Яғни, ОҚО-дағы ауыл шаруашылығы жұмысшылар мен қызметкерлердің орташа айлық жалақысындағы ауытқу деңгейінің жоғары болуы, берілген мерзім ішінде ауыл шаруашылығында жеке табыс тәуекелділік деңгейінің жоғары болғанын көрсетіп отыр.



15-сурет – 2001-2014 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша жұмысшылар мен қызметкерлердің орташа жылдық саны, мың адам

Ескерту: [77] дереккөз негізінде автормен дайындалған

15-суретте ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істейтін жұмысшылар санының динамикасына қарайтын болсақ, статистикалық мәліметтерге сәйкес 2001-2014 жылдар аралығында ОҚО бойынша барлық жұмысшылар мен қызметкерлердің орташа жылдық саны 231,2 мың адамнан 371,1 мың адамға жетіп өсу динамикасын көрсеткен. Керісінше, осы уақыт аралығындағы ауыл

шаруашылығындағы жұмысшылар мен қызметкерлердің орташа жылдық саны 27,5 мың адамнан 3,4 мың адамға дейін төмендеп, облыстағы ауыл шаруашылығындағы жұмысшылар мен қызметкерлердің орташа жылдық саны үлесі 11,9 пайыздан 0,9 пайызға төмендеген. Сонымен қатар, негізгі ауыл шаруашылығы өнім өндіріушілердің бірі болып саналатын және ОҚО ауыл шаруашылығы саласында шағын және орта кәсіпкерліктің негізі болып табылатын шаруа (фермер) қожалықтарында жалпы жұмыспен қамтылған адам саны да азаюда (сурет 16).



16-сурет - 2005-2014 жылдар аралығында ОҚО бойынша тіркелген және белсенді шаруа (фермер) қожалықтары мен түрлі шаруашылықтардың үлесі, пайызбен

Ескерту: [77] дереккөз негізінде автормен дайындалған

Басқа сөзбен айтқанда, ауыл шаруашылығы саласы, жақын болашақта жұмысшылардың тапшылығымен кезігу мүмкіндігі жоғарылауда.

Бұл жоғарыда айтылған болжамның дұрыстығын дәлелдейді, яғни ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істейтін жұмысшылар мен қызметкерлер санының біртіндеп азаю тенденциясы байқалып тұр. Яғни, шаруа қожалықтары мен кәсіпорындардың ресми жұмысшылар мен қызметкерлерге төлейтін жалақы мөлшері төмен болғандықтан, жұмысшылардың қысқаруға және басқа саладан жұмыс іздеуіне мәжбүрлейді.

2.3 Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын тиімді басқаруда қаржы-экономикалық талдау

Агроөнеркәсіп кешенінде кәсіпорындарды басқару – бұл алға қойылған міндеттерді орындауда, түрлі техникалық құралдар мен әртүрлі әдістерді қолдануды жүктейтін үздіксіз және мақсатқа бағытталған әлеуметтік-экономикалық және ұйымдастырушылық-техникалық үдеріс. Бұл жерде басқару үдерісі негізгі және көмекші қызметтерге бөлінеді.

Диссертациялық жұмыста жүргізілген қаржы-экономикалық талдау, Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша ауыл шаруашылығы кәсіпорындарды басқарудың негізгі қызметтерінің бірі ретінде қарастырылады.

Ауылшаруашылық кәсіпорындарын басқару үдерісінде қаржы-экономикалық талдау - бұл жаңа негізгі қорларды құру мен алуға қажетті қаржылық ресурстардың қажеттілігін есептеге арналаған құрал, ол сонымен қатар негізгі қорлардың қалыпты және ұлғаймалы өндірісін қаржыландыруға қажетті қаржы көздерін анықтауды, соған сәйкес ауыл шаруашылығын қаржыландыру көздері мен шығындарын оңтайландыру бойынша іс-шаралар жүргізуді білдіреді.

ОҚО нарығында шоғырланған шағын және орта кәсіпкерлікпен айналысатын субъектілердің саны, 2015 жылдың бірінші жартысындағы мәліметтерге сәйкес 187 мың бірлікті құрап, 2014 жылғы осы мерзімдегі көрсеткішпен салыстарғанда 97 пайызды құрады. Осы кәсіпорындардың 30 пайызға жуығы агроөнеркәсіп кешеніндегі кәсіпорындарды құрайды.

Ауыл шаруашылығы өндірісін ұйымдастыру ерекшеліктерін зерттеу негізінде шаруашылықтың мамандануын анықтау маңызды. Мамандану кәсіпорынның салалық құрылымын анықтайды және өндірістік бағытын сипаттайды. Барлық ауылшаруашылық кәсіпорындар көптеген көрсеткіштері бойынша ерекшеленеді. Сондықтан жеке шаруашылықтың белгілі бір мәселесін зерттеген кезде, оны экономикалық көзқарас негізінде талдау керек. Бұл өз кезегінде оның қандай типке жататынын, қандай бағытта маманданатынын және оның ерекшеліктері қандай екендігін анықтауды талап етеді. Ауыл шаруашылығындағы кәсіпорындардың көлемі өндіріс ресурстарының көлемі (ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімі, өндіріс құралдары, жұмысшылар т.б.) және өндіріс көлемімен (жалпы өнім, тауарлық өнім, пайда мөлшері) анықталады.

Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан ірі кәсіпорындарға – «Хамит» ӘКК (балық өңдеу), «Меленж» АҚ, «Ютекс» АҚ және «SOUTH TEXTILINE

КЗ» ЖШС (мақтадан жасалған мата мен бұйымдар өндірісі), «Жаңа Ақ Дала» Агрофирмасы» ЖШС (қызанақ пастасының өндірісі), «Қазақстан Мақтасы» АҚ (мақта шаруашылығына қажетті сапалы тұқым өндірісі), «Шымкентсыра» ЖШС (сусындар мен сыра), «Алтын дән» ЖШС (дәндерді өңдеу мен нан өнімдерінің өндірісі), «Рахат-Шымкент» ЖШС (кондитерлік өнімдер өндірісі), «Шымкент-Құс» ЖШС (құс өндірісі), «Алекс» ЖШС (сусындар), «Шымкент жүнді алғашқы өңдеу комбинаты» ЖШС (жөнді өңдеу зауытын іске қосты) және т.б. жатқызса болады. Ал Шымкентте агроөнеркәсіп кешені шеңберінде жұмыс атқарып жүрген ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына: «Р&К» БК ЖШС - ауыл шаруашылығы техникалырын жөнде және сатумен айналысады; «СНІМРОЛИНО ТМ» («Керемет-центр» ЖШС) – жеміс пен көкөніс өндірісімен, оны сақтау және сатумен айналысады.

Оңтүстік Қазақстан облысында тазартылған өсімдік майы өндірісімен бірнеше ірі, орта және шағын кәсіпорындар айналысады: Шымкент қаласында – «Шымкентмай» АҚ, «Қайнар» ЖШС, «САНА» ЖШС; Мақтаарал ауданында – «Ақ май» ЖШС; Сайрам ауданында – «Арай» ЖШС және «Карму» ЖШС.

Аграрлық саланың нарықтық қатынастар жүйесіне енуі арқасында, ондағы шаруашылық етуші субъектілерінің әлеуметтік-экономикалық үдерістерді сандық және сапалық бағалау тереңдігі мен мазмұны тұрғысынан - басқару жүйесіндегі экономикалық талдау жүйесінің маңыздылығын арттырды. Бұл жерде тек қол жеткізген нәтижелерді талдау ғана емес, сонымен бірге қалыптасып отырған жағдайдағы өнім өндірісі мен өткізуді ескеріп отыру нарықпен талап етілуде. Мысалы, республикалық деңгейде өсімдік майын өндіретін ірі кәсіпорынның бірі болып табылатын «Шымкентмай» АҚ, оның шығарған өнімдері көптеген сауда көрмелерінде алтын жүлделермен марапатталып, ал «Доня» сауда белгісі тұтынушылары арасында жақсы танымалылығымен белгілі. Жыл сайын кәсіпорынның негізгі капиталға инвестициялары миллиондаған теңгеден асып түседі, олардың көп бөлігі жаңа өндірістік күштерді іске қосуға, соның ішінде май құю кешендері мен жаңа цехтар ашуға және т.б. жұмсалады.

Ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпорындардың қаржылық ресурстары – бұл өндірісті дамыту мен жетілдіруге, әлеуметтік объектілерді қаржыландыратын, қаржылық инвестицияларға және тағы басқа мақсаттарға жұмсалатын кәсіпорын қолындағы қаржы құралдары болып табылады. Өндірістік процесті жетілдіруге жұмсалынатын қаржы ресурстары, ақшалай формадағы капиталды білдіреді [88]. Қаржылық менеджменттің негізгі қызметі мен міндеттері пайда алып келетін капиталды көбейту болып табылады. Ол үшін үнемі пайда алып келетін өндірістік-экономикалық қызметке капиталды салып отыру арқылы, оның үнемі айналымын ұйымдастыра алу қажет.

Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданында балық өңдеумен айналысатын екі өндіріс орны бар. Олар жылына 3 млн. тоннадан астам балық өңдей алады. Бүгінгі күнде олардың дайын балық өнімдері Туркия мен Германияға экспортталуда. Шардарада өндірілген көксерке әсіресе Еуропа нарықтарында үлкен сұранысқа ие болуда. Себебі дайын өнім мұздатылмай, тек

салқындатылған күйінде тасымалданады, соның арқасында өнімнің табиғи дәмі, жоғары сапасы және нәтижеде жоғары рентабельділігі сақталынады. Осындай ұтымды өндірістік ұйымдастырушылық жұмыстары арқасында табылған пайданы, кәсіпорын жыл сайын жаңа негізгі құралдарды енгізуге жұмсауда. Мысалы, Шардара су қоймасы маңында жылына 1200 тоннадан аса балық өндейтін тағыда екі зауыт тұрғызылуы жоспарлануда. Өз өнімдерін кәсіпорын тек ішкі нарыққа емес, сонымен қатар алыс жақын шеттегі елдерге экспорттамақшы.

Кәсіпорынның тиімді қызметін қамтамасыз ету мен басқару шешімдердің дәлдігін қамтамасыз ету үшін, көп мөлшердегі ақпараттарды өңдеп және сауатты түрде талдай білу қажет. Бұл жерде талдау нәтижесінде алынған ақпараттар, қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін қажетті шешім қабылдаудың негізі болып табылады.

Нарықтық қатынастар заманы ауыл шаруашылығы саласында экономикалық талдаудың жаңа маңызын, оның шынайылығын, көлемі мен сапасына көптеген талаптар қояды. Кәсіпорындарға көп көлемде қолдау көрсетуге облыс бюджеттерінің мүмкіндіктері өте төмен, себебі макроэкономикалық талдау құралдарынсыз, бюджеттен көмек артқан күннің өзінде кәсіпорынды дағдарыстан бірден шығару қиынға соғады. Осының соның салдарынан, мысалы «Рахат Шымкент» ЖШС 2014-2015 жылдың бірінші жарты жылдығында өндіріс көлемін төмендетіп, толық өндірістік қуатына шыға алмай отыр. Бұның себептеріне тек дағдарыс пен сұраныстың төмендеуі емес, сонымен қатар қандай жаңа өнім ассортиментін өндіру бойынша ақпараттың жетіспеушілігі байқалған. Сондықтан ауыл шаруашылығы саласындағы жағдайды нақты сипаттай алатын кәсіпорынды басқару жүйесін жетілдіруді талап етеді. 2015 жылы «Рахат Шымкент» ЖШС өзінде жаңа өндірістік қуаттарды арттыру мақсатында қайта құрастыру жұмыстары жүргізілуде. Мысалы, Сайрам ауылдық округінде жаңа кондитерлік цех ашу бойынша жоба қарастырылуда (жобаның жоспарланған құны 4500,0 млн. теңге). Инвестициялық жобаны жүзеге асыру барысында өндіріс көлемін 5760,0 млн. теңгеге дейін өсуі болжануда және 200-ден астам жұмыс орны ашылады деп жоспарлануда. Сонымен қатар, өнімдердің жаңа түрлерін өндіру қолға алынуда.

Қаржы ресурстарын басқару кешенді үдеріс ретінде – сол уақытта кәсіпорында қалыптасқан қаржылық және меншіктік жағдайды, ұзақ немесе қысқа мерзімдік келешекте өзгеруіне немесе сол күйінде қалуына бағытталған, басқару шешімдерін қабылдаудан тұрады. Бұл үдеріс құрамына, біріншіден кәсіпорынды қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету кірсе, екіншіден сол ресурстарды қолдану үдерісін басқарудан тұрады.

«ЭкоПродуктГрупп» АҚ Түлкібас ауданындағы Түлкібас консервілеу зауытының негізінде 2004 жылы құрылған. Өндіретін өнімдерінің негізгі түрлері: Еуропалық стандарттағы ыдыс аяқтарға құйылған тікелей табиғи шырындар сығындысы, тұздықталған өнімдер және табиғи сусындар өндіреді. 2006 жылы жүзім және алма шырындарын өндіру мен қызанақ пастасын жасау

цехтары іске қосылды. Компания өндіріс қуттарын толық іске қосу негізінде Ресей және басқа ТМД елдерінің нарықтарына шығуды жоспарлауда. Өзін сапалы және тұрақты шикізат өнімдерімен қамтамасыз ету үшін, компания өзінің ауыл шаруашылығы өнім өндірісін дамытуда.

Оңтүстік Қазақстан облысы жеткілікті көлемде жылы су мен минералды су қайнар көздеріне бай. Мысалы, «Курорт Барс 2030» ЖШС, «Асем-Ай» ЖШС, «Алекс» ЖШС, «ЮНИКС» ЖШС шығаратын минералды және ас сулары тек облыста емес, сонымен қатар облыстан тыс жерлерде де жақсы танымалы. Облыста 10-нан аса ірі және орта кәсіпорындар минералды су мен алкогольсіз сусындарды өндірумен айналысады.

«Шымкентсыра» ЖШС тек облыс емес, сонымен қатар Қазақстан бойынша ірі сыра қайнату кәсіпорындарының бірі болып табылады. Республика бойынша сыра өндірісіндегі кәсіпорынның үлесі 16 пайыз шамасында құрайды. «Шымкентсыра» ЖШС өндіретін сыранның жоғары сапасының арқасында, ол Қазақстан мен алыс және шақын шет елдерде танымалы, әрі халықаралық конкурстардың жүлдегері атанған.

Қазіргі таңда әсіресе ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеумен айналысатын шағын бизнес субъектілерін дамытуға көп көңіл бөлінуде. Себебі, ауыл шаруашылығы дамуы үшін оның өнімдерін өңдейтін өндірістер қажет. Мысалы, мал шаруашылығын дамыту үшін тері, жүн, ет және сүт өңдейтін жаңа кәсіпорындар қажет. Облыста мақта, күріш және жүзім өңдеудің толық циклын қамтитын өндірістерді дамытуға да көп көңіл бөлінуде. Жоғарыда аты аталған барлық өңдеуші кәсіпорындар жергілікті ауыл шаруашылығы өнім өндірушілердің шикізаттарымен қамтамасыз етілуде. Ал өңделген өнімдер облыс және Қазақстан бойынша нарықтарға жеткізілуде.

Оңтүстік Қазақстан облысын бәсекеге қабілетті өніммен қамтамасыз етуге және экспортқа экологиялық таза өніммен шығуға, мал шаруашылығын дамытудың әлеуеті бар. Соңғы жылдары мал басының, соның ішінде ірі қара, қой, ешкі, жылқы, түйелердің өсімі байқалуда. Бірақ олардың өнімділігі әр жылда өзгеріп бірде өсіп, бірде төмендеп тұруда.

Ауыл шаруашылығын несиелендіру ондағы өндіріс, дайын өнімді сату және өнімдерді сақтау ерекшеліктеріне байланысты өте үлкен деңгейдегі тәуекелдерге ұшырау мүмкіндігі жоғары. 2015 жылдың 1-ші тамызына дейін екінші деңгейдегі банктер тарапынан ОҚО бойынша жалпы берілген несиелер 124,9 млрд. теңгеге жетіп, бұл 2014 жылдың осы уақыттағы көрсеткіштен 14,3 пайызға төмен болған. Соның ішінде, шағын және орта бизнесті дамытуға 24,0 млрд. теңге көлемінде несие беріліп, 2014 жылдың осы уақыттағы көрсеткішімен салыстырғанда 90,4 пайызды құраған. Екінші деңгейлі банктер берген несиелердің құрылымын қарайтын болсақ, несиелердің 58,7 пайызы жеке тұлғаларға тұтынушылық мақсатқа және басқада қызметтер үшін берілген, 18,7 пайызы өнеркәсіптің дамуына, 16,3 пайызы саудаға, 0,3 пайызы ауыл шаруашылығына, 4,3 пайызы құрылысқа, 1,7 пайызы көлік қызметінің дамуына берілген. Бұл мәліметтерден ауыл шаруашылығын несиелендіру өте

төмен деңгейде екенін байқауға болады. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығын несиелендіру үшін, оны арнайы бағдарламаларға сәйкестендіру қажет.

Қаржы ресурстарын қолдану мен тарату үдерісін басқару - кәсіпорын балансындағы сәйкес активтерді қалыптастыру мен капиталды салудың тиімді бағыттарын анықтаудан басталады. Оңтүстік Қазақстан облысы кәсіпорындар экономикасының маңызды сипатының бірі ретінде – жеткілікті түрде негізгі қорлармен қамтамасыз етілуі мен оны қолдану тиімділігін көрсетсе болады. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысының Қазығұрт ауданына тиесілі 270 мың гектар жері бар. Соның ішінде 101 мың гектардан көбі егістік алқабы, 16 622 гектар суармалы жерлер болса, 134 783 гектар жер жайылымды құрайды. Қазығұрт ауданында ауыл шаруашылығымен айналысатын 3,5 мыңнан аса шаруа қожалықтары бар. Соның ішінде, «Амангелді» шаруашылығында 500 гектардан астам жерді алып жатқан бақшасы бар. Кәсіпкер өзі өсірген алма, кара шөрік, шабдалы, жүзім және басқада жеміс-жидектерін Қазақстан және жақын жерде орналасқан шет мемлекеттерге өткізуде. Өнімдерін сақтау үшін шаруашылық өз территориясында 2 мың тонналық заманауи қойма салған. Ауданда сонымен қатар жаңа жылыжай кешендері де бой көтеруде. Жылыжайдың 1 гектарынан 200-250 центнер шамасында ауыл шаруашылығы өнімдері алынуда, бұның өзі өндірістің жеткілікті түрдегі рентабельділігін көрсетеді.

Ауыл шаруашылығы өнім өндірісінің экономикалық тиімділігін анықтайтын маңызды көрсеткіш ол рентабельділік болып табылады. Рентабельділік – кәсіпорынның пайдасы мен табыстылығын анықтап, шығынның бір мөлшеріне келетін табысты көрсетеді. Рентабельділік ауыл шаруашылығы өнім өндірісінің экономикалық тиімділігінің жалпы көрсеткіші болғанымен, ол сонымен қатар сала бойынша қолданылған материалдық, жер және еңбек ресурстарын қолдану тиімділігін, еңбек пен өндірісті ұйымдастыру мен басқару деңгейін, өнімді өткізу нәтижесі мен сапасын, жұмысшыларды қосымша материалдық ынталандыру мүмкіндігі мен өндіріс көлемін ұлғайту мүмкіндігін көрсетеді.

Өсімдік шаруашылығында, соның ішінде дәнді дақылдарды өсіруде экономикалық рентабельділікті көтерудің негізгі факторы бұл гектарына шаққандағы түсімді арттыру болып табылады. Дәнді дақылдардың түсімін арттыруда көптеген кедергілер бар, олар топырақтың құнарлығын сақтау шараларына көңіл бөлмеу, тиімді ауыспалы егіс технологиясын сақтамау, сапалы тұқымды пайдаланбау және дақылдарды егуде агротехникалық шарттарды сақтамаудан туындауда. Сонымен қатар, дәнді дақылдардың түсімін минералды тыңайтқыштарды тиімді қолдану арқылы 30-35 пайызға дейін арттыруға, ал сапалы тұқымды қолдану арқылы 15-18 пайызға арттыруға болады. Өндіріс технологиясы мен уақыт мерзімін дұрыс пайдалану негізінде дақылдардың түсімділігін арттыру да маңызды орын алады.

Түсімнің артуы тек жалпы өндіріс көлеміне емес, сонымен қатар өндірістің экономикалық тиімділігіне, яғни еңбек өнімділігіне, өзіндік құнға және рентабельділікке де әсер етеді. Әрине түсімді арттыру бойынша

шараларға да қосымша шығындар кетеді. Тәжірибе көрсеткендей қосымша еңбек және материалдық шығындарға қарағанда түсімнің артуы көбірек болады, бірақ оның да шегі бар. Сондықтан, түсімді арттыру қажет, бірақ ол шығындардың шектен тыс артумен сипатталмауы керек. Түсімнің артуы нәтижесінде еңбек шығындары мен өнім өзіндік құны төмендейді. Мысалы, «Карона» Макарон фабрикасы ЖШС мен «Барыс 2007» ЖШС кәсіпорындары Қазақстан бойынша макарон өнімдерін өндіретін ірі өндірушілер болып, 2014 жылы 30 мың тоннадан астам макарон өнімдерін шығарған. Олардың өнімдерін Қазақстан тұтынушыларымен қатар Түркия, Тәжікстан, Грузия мемлекеттері тұтынуда. Ал «Алтын дән» ЖШС мен «Дани-нан» ЖШС тарапынан 2013 жылы 250 мың тоннадан аса ұн өндірілген. Қарастырылып отырған серіктестер соңғы үлгідегі дәндерді сақтау мен макарон өнімдерін жасайтын италяндық «Pavan Marimpiati S.P.A.» фирмасының құралдарымен жабдықталған. Орнатылған өндірістің қуаты сағатына 3500 кг макарон өнімдерін құрайды. Осындай үлгідегі құрал жабдықтар Қазақстан және Орта Азияның басқа жерінде әлі енгізілмеген. Осындай инновациялық технологиялар арқасында өнім өзіндік құны төмендеп, рентабельділігі артады. Осының бәрі тұтынушылар сұранысына бағытталған, жоғары сапалы және көп ассортиментті болашақта бәсекеге қабілетті ұн өнімдерін шығаруға септігін тигізеді анық.

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша ауыл шаруашылығының даму тенденциясын зерттеу барысында облыстың мол әлеуеті бар екені анықталды. Бірақ, кейбір кәсіпорындар тарапынан жүргізілген шаруашылық қызметінің төмен экономикалық тиімділігі салдарынан жалпы өндіріс рентабельділігін төмендетуде. Ауылшаруашылық кәсіпорындарының ішінде орта есеппен алғанда 20 пайызға жуығы рентабельділігі төмен өсімдік шаруашылығы өнімдерін шығарса, 30-40 пайызға жуығы төмен рентабельді мал шаруашылығы өнімдерін өндірген. Бұл ауыл шаруашылығы кәсіпорындары тарапынан өнім өндірісін және пайда көлемін арттыру мақсатындағы төмен іскерлік белсенділікті сипаттайды.

Оңтүстік Қазақстан облысы кәсіпорындарының рентабельділік деңгейінің төмендеуіне көбіне өндірілетін өнім өзіндік құнының өсуімен байланыстырса болады. Өнімнің өзіндік құны өз кезегінде ауыл шаруашылығына қажетті еңбек құралдары, егілетін тұқымдардың, тыңайтқыштардың, жанармайдың қымбаттауынан өскен.

Қаржы-экономикалық бағалау жобаны жүзеге асыру немесе одан бас тартудың соңғы нүктесі болып табылады. Қаржы-экономикалық бағалау негізінде серіктестермен, банкпен, акционерлермен, тұтынушылармен және жеткізушілермен келісім-шарт жасалады. Сондықтан жобаның тиімділігін көтеруде шығындарды азайту мен жұмысжылдамдығын арттыру маңызды.

Енді мәселенің басты себебі экономикалық проблемаларды қарастырайық.

Қаржы-экономикалық тәуекелдер ретінде ауыл шаруашылығы өнім өндірісінде қаржылай шығындарға байланысты тәуекелдер қарастырылады.

Ауыл шаруашылығы өнім өндірушілерінің қаржы-экономикалық тәуекелдерін тудырушы факторларға табыстылық деңгейі, айналым құралының жетіспеуі, төмен төлем қабілеттілік, келісім шарттың бұзылуы, салықтардың өсуі, шикі зат пен энергия шығындарының өсуі, жеткізуші кәсіпорындарға тәуелділік сияқты тағы басқа факторларды жатқызса болады. Аталған факторлардан туындайтын қаржылай шығындардың артуы экономикалық тәуекелдерді де арттырады. Ал неғұрлым табыстың ішіндегі қаржылай шығындар аз болса, соғұрлым өндірушінің пайдасы артып, оның экономикалық тәуекелдері азаяды. Енді қаржы-экономикалық тәуекелдер тобындағы ең маңызды факторлардың бірі болып саналатын рентабельділікті статистикалық мәліметтер негізінде талдайық (кесте 20).

Кесте 20 – 2001-2013 жылдар аралығында ОҚО бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымының ауыл шаруашылығының тиімділігіндегі (рентабельділігіндегі) ауытқуларына байланыстарын талдау

	Көрсеткіштер	2001 ж.	2013ж.	Корреляция коэффициенті (r)		Орташа	Стандартты ауытқу (σ)	
				2001-2012	2001-2013		Нақты	Коэффициент.
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Y	ОҚО бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы шаруашылықтың барлық санаттарында, қолданыстағы бағаларда, млн. теңге	55 676,9	296 993,7	1,000	1,000	136 731,2	75522,3	0,552
ОҚО бойынша өткізілген ауыл шаруашылығы өнімдерінің рентабельділігі, %								
X ₅₀	ОҚО бойынша өткізілген ауыл шаруашылығы өнімдерінің рентабельділігі, %	3,1	12,8	0,647	0,519	12,3	4,6	0,377
Соның ішінде:								
X ₅₁	Өсімдік шаруашылығы өнімдерінің рентабельділігі, %	6,1	11,5	0,607	0,459	11,7	4,3	0,364
X ₅₂	Мал шаруашылығы өнімдерінің рентабельділігі, %	-8	15,4	0,484	0,423	12,9	9,4	0,727
Ескерту: [89; 90; 91] дереккөздер негізінде автормен дайындалған								

Кесте 20 бойынша 2001-2013 жылдар аралығында ОҚО ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымымен (Y) өткізілген ауыл шаруашылығы өнімдерінің рентабельділігіндегі (X₅₀)

өзгерістері әлсіз корреляциялық байланыста екенін $r=0,519$ корреляция коэффициентінен көруге болады. Соның ішінде, өсімдік шаруашылығы (X_{51}) мен мал шаруашылығы (X_{52}) рентабельділік көрсеткіштерінің ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы шығарылымымен корреляциялық байланыстары да әлсіз көрінеді (сәкесінше $r=0,459$ және $r=0,423$). Бұдан, ауыл шаруашылығы өнімдерінің рентабельділігіндегі өзгерістердің ОҚО ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымымен әлсіз динамикалық байланыста өзгеріп келе жатқанын байқауға болады.

Тәуекелдер тұрғысынан алып қарайтын болсақ, жалпы ОҚО бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің рентабельділігіндегі 2001-2013 жылдар аралығындағы орташа рентабельділік 12,3 пайызды құрап, ал көрсеткіштердің оның орташасынан алшақтау мүмкіндігі немесе стандартты ауытқу деңгейі 4,6 пайызды немесе коэффициент түрінде $\sigma = 0,377$ құраған. Соның ішінде, өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы рентабельділік көрсеткіштерін салыстыратын болсақ, мал шаруашылығының орташа рентабельділігі (12,9 пайыз) өсімдік шаруашылығының орташа рентабельділігінен (11,7 пайыз) жоғары екенін байқаса болады. Бірақ, сәйкесінше мал шаруашылығында нақты стандартты ауытқу 9,4 пайыз немесе коэффициент түрінде $\sigma = 0,727$ құрап, өсімдік шаруашылығындағы стандартты ауытқу 4,3 пайыз немесе коэффициент түрінде $\sigma = 0,364$ құрады. Яғни, мал шаруашылығында табыс пен тәуекелділік деңгейі өсімдік шаруашылығынан жоғары екенін көрсетіп отыр.

Енді, ОҚО бойынша ауыл шаруашылығының рентабельділігінің динамикасын қарайтын болсақ, статистикалық мәліметтерге сәйкес 2001-2013 жылдар аралығында ОҚО бойынша ауыл шаруашылығы өнім өндірісінің рентабельділігі ең төменгі 3,1 пайыздан ең жоғарғысы 18,9 пайыз көлемінде әр жылдары өзгеріп тұрғанын байқауға болады. Соның ішінде, әсіресе мал шаруашылығының рентабельділігі ең төменгі –8 пайыздан ең жоғарғысы 26,2 пайыздың арасында өзгеріп отырған. Бұл жерде мал шаруашылығының 2001 жылы –8 пайыз және 2002 жылы –4,3 пайыз шығынға батқанын көруге болады. Ал өсімдік шаруашылығы өнім өндірісінің рентабельділігі ең төменгі 6,1 пайыздан ең жоғарғысы 18,9 пайыз көлемінде өзгеріп, берілген жылдар аралығында мал шаруашылығына қарағанда шығынсыз өнім өндірісі сақталған. Демек, өсімдік шаруашылығы мал шаруашылығына қарағанда табыстылығы төмен, бірақ тәуекелі де төмен екенін көруге болады (сурет 17).

Сонымен қатар, 17-ші суретте 2001-2003 жылдар аралығында ОҚО бойынша өсімдік шаруашылығының рентабельділігі мал шаруашылығына қарағанда жоғары болып, керісінше 2003-2010 жылдар аралығында мал шаруашылығының рентабельділігі өсімдік шаруашылығына қарағанда жоғары болып келгенін байқауға болады. Демек, табыстылық пен тәуекелділік арасында тиімді қатынасты қамтамасыз ету үшін мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығын бір бірімен тиімді үйлестіре білу қажет. Сонда өсімдік шаруашылығынан табыс төмен болған жылдары, мал шаруашылығынан алынған табыспен орнын толтырып отыруға болады.



17-сурет - 2001-2013 жылдар аралығында ОҚО бойынша ауыл шаруашылығы өнім өндірісі рентабельділігінің динамикасы, пайызбен

Ескерту: [89; 90; 91] дереккөздер негізінде автормен дайындалған

Сонымен, статистикалық мәліметтерді талдауды қорытындылай келе Оңтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы бойынша келесідей маңызды нәтижелер шығаруға болады:

– 2001-2013 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан облысында негізгі шаруашылық түрі болып саналатын және ОҚО бойынша ең көп егістік алқабын алып жатқан бидай 11,7 мың гектарға немесе 7 пайызға, ал мақта 44 мың гектарға немесе 24 пайызға және дән алуға арналған күнбағыс алқаптары 3,6 мың гектарға немесе 37 пайызға қысқарған. Дегенімен, осы жылдар аралығында картоп 4,9 мың гектарға немесе 53 пайызға, көкөніс 11,3 мың гектарға немесе 51 пайызға, жүзім 3,1 мың гектарға немесе 57 пайызға және ең көбі бақша дақылдары 35,9 мың гектарға немесе 3 есеге егістік алқабы өсіп, нәтижеде осы уақыт аралығында ОҚО бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы 55 676 млн.теңгеден 296 993 млн.теңгеге дейін немесе 5 есеге артқан. Бұл осы дақылдардың егістік көлемі ОҚО ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымымен бірдей динамикалық байланыста өзгеріп келе жатқанын білдіреді. Сондықтан өндірісі артқан осы өнімдерді отандық және шетелдік нарықтарға өткізу бағытында облыс ауыл шаруашылық құрылымдарын терең мамандандыру және өндірісті шоғырландыру қажет;

– 2001-2013 жылдар аралығында ОҚО-да өсірілген дақылдардың ішінде өнімділігі бойынша ең жоғары стандартты ауытқуды гектарына 26,4 центнер құрап және сәйкесінше жоғары тәуекелді бақша дақылдары көрсетіп отыр. Себебі, ауытқу жоғары болған сайын өнімділікті болжау қиынға соғады. Ал өнімділіктегі стандартты ауытқуы ең төмен дақылдар дән алуға арналған күнбағыс және жүгері болды. Олардың стандартты ауытқулары сәйкесінше гектарына 1,4 және 2,2 центнерді құрады, яғни олар өнімділік бойынша тәуекелі ең төмен дақылдар ретінде анықталды;

– ОҚО-дағы бақша дақылдары 2001-2013 жылдар аралығында жалпы түсімі орташа жылдық түсімнен ауытқу көлемі бойынша ең жоғары ауытқу ($\sigma = 0,641$) деңгейін көрсеткен дақылдардың бірі екенін анықталды. Демек, жалпы түсім бойынша да ең жоғары көрсеткішті бақша дақылдары көрсетіп отыр, яғни жалпы түсімі 2001 жылы 203853 тонна болса, осы көрсеткіш 2013 жылы 1095286 тоннаға жетіп шамамен 5 есеге өскен;

– ОҚО-да 2013 жылы өндірілген өсімдік шаруашылығы өнімдерінің ішінде шаруа қожалықтарының үлесі 71 пайызды құрап топ бастаған болса, мал шаруашылығы өнімдерін өндірісі бойынша 93 пайыздық үлеспен жұртшылық шаруашылығы басымдық көрсетті. Яғни, ОҚО шаруа қожалықтарының көп бөлігі өсімдік шаруашылығымен айналысуды қаласа, мал шаруашылығымен негізінен жұртшылық шаруашылығы айналысуды жөн көреді;

– ОҚО бойынша 2001-2013 жылдар аралығында ауыл шаруашылығы кәсіпорындардың орташа саны 2265 болса, одан стандартты ауытқу деңгейі 845 кәсіпорын немесе коэффициент түрінде $\sigma = 0,373$ құраған. Яғни, ОҚО-дағы кәсіпорындар санындағы ауытқу деңгейінің жоғары болуы, кәсіпорындардың берілген мерзім ішінде орташа, бірақ шаруа қожалықтармен ($\sigma = 0,196$) салыстырғанда 2 есе жоғары тәуекелділік деңгейін көрсетіп отыр;

– ОҚО бойынша 2001-2013 жылдар аралығында орташа ауыл шаруашылығы өнімдерінің баға индексі 108,3 пайыз болса, одан стандартты ауытқу деңгейі 12,9 пайызға немесе коэффициент түрінде $\sigma = 0,119$ құраған. Яғни, ОҚО-дағы ауыл шаруашылығы өнімі баға индексіндегі ауытқу деңгейінің төмен болуы, берілген мерзім ішінде баға тәуекелділік деңгейінің төмен болғанын көрсетіп отыр;

– 2001-2014 жылдар аралығында ОҚО бойынша ауыл шаруашылығындағы жұмысшылар мен қызметкерлердің орташа жылдық саны 27,5 мың адамнан 3,4 мың адамға дейін төмендеп, облыстағы ауыл шаруашылығындағы жұмысшылар мен қызметкерлердің орташа жылдық саны үлесі 11,9 пайыздан 0,9 пайызға төмендеген, яғни ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істейтін жұмысшылар мен қызметкерлер санының біртіндеп азаю тенденциясы байқалып тұр;

– өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы рентабельділік көрсеткіштерін салыстыру, мал шаруашылығының орташа рентабельділігі (12,9 пайыз) өсімдік шаруашылығының орташа рентабельділігінен (11,7 пайыз) жоғары екенін көрсетті. Бірақ, мал шаруашылығында нақты рентабельділікте стандартты ауытқу 9,4 пайыз немесе коэффициент түрінде $\sigma = 0,727$ құрап,

өсімдік шаруашылығындағы стандартты ауытқу 4,3 пайыз немесе коэффициент түрінде $\sigma = 0,364$ құрады. Бұл мал шаруашылығында табыс пен тәуекелділік деңгейінің өсімдік шаруашылығынан жоғары екенін көрсетіп отыр.

Сонымен, жүргізілген зерттеулер барысында анықталған ауа райының әсері, өнімділіктегі ауытқулар, қолданылатын шикізат пен құрал жабдықтардың сапасы, облыстың өндірістік күштерін тиімді орналастыруда шешілмеген экономикалық мәселелердің көптігін қосқанда, соның ішінде экономикалық қызметтің тиімділігін арттыруда ауыл шаруашылығы өнім өндірісінде тәуекелді басқару деңгейінің маңыздылығы негізделген.

Нарықтық қатынастар даму барысында ауылшаруашылық кәсіпорындар ұйымдастыру-құқықтық формасын таңдауда, қызмет түрі мен сипатын таңдауда еркіндік алып, бірақ басқа жағынан сыртқы факторларға тәуелділік арта бастады. Осы жағдайлар ауыл шаруашылығында экономикалық талдау мен қабылданатын басқару шешімдері арасындағы байланыстарын негіздеуге, сонымен бірге Оңтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы мысалында жүргізіліп ұсынылған 4 тәуекел факторлары негізіндегі экономикалық талдау тұжырымын әдістемелік тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік берді.

Сонымен қаржы-экономикалық талдау негізінде қазіргі экономикада іс-әрекет етуші шаруашылық субъектілерге тән экономикалық, кәсіпкерлік және басқа түр тәуекелдердің бары анықталды. Барлық кәсіпорындарда ресурстардың жетіспеушілігі мен баға айырмашылықтары байқалғанымен, кейбір кәсіпорындар тиімді, ал кейбіреулері тиімсіз жұмыс істеп келеді. Сондықтан, ауыл шаруашылығы өндірісін басқарудың тиімділігін арттыру үшін материалдық, еңбек және өндірістік ресурстарды тиімді қолданудың шараларын ұйымдастыру қажет және көп тәуекелдерді ескеруге мүмкіндік беретін кәсіпорынның жаңа ұйымдастыру-құқықтық формасын қалыптастыру қажет.

3 АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМ ӨНДІРІСІНДЕ ТӘУЕКЕЛДІ БАСҚАРУДЫ ЖЕТІЛДІРУ

3.1 Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілердің тәуекелді басқару мәселелері

Зерттеу жұмысы барысында Оңтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы өнім өндірушілеріне байланысты өзекті мәселелер мен тәуекелдерді басқару және олардың іс-әрекеттері мен ойларын зерттеу мақсатында сауалнама жүргізілді. Жүргізілген сауалнама сұрақтарының үлгісі қосымшада берілген (А қосымшасы).

Сауалнама жүргізу үшін көптеген әдебиеттерден сауалнама дайындаудың бастапқы сатылары жайында, сауалнамаға қажетті сұрақтар дайындау және іріктеу жасау, сауалнама парақшаларын тарату әдістерінің ішінен ағымдағы зерттеу үшін тиімдісін таңдау, қанша сауалнама парақшасын тарату қажеттілігі және жиналған сауалнамаларды талдау жайында ақпарат жинақталды [92; 93].

Оңтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы өнім өндірушілеріне сауалнама жүргізудің негізгі мақсаты, төмендегідей мәліметтер жинақтау болып табылады:

- ауыл шаруашылығы өнім өндірушілерінің демографиялық құрылымы мен ауыл шаруашылығы өнім өндірісінен алатын табыс көлемін және ауыл шаруашылығынан басқа қосымша табыс көлемін анықтау;

- соңғы 3 жыл ішінде ауыл шаруашылығында кездесетін тәуекелдің қандай түрлерінен көбірек шығынға ұшырағандығы туралы мәлімет жинау;

- шаруашылықта баға тәуекелдерін азайту үшін фьючерстер немесе келісім шарттар қолдануын сараптау;

- өндірген өнімдерінің қанша бөлігін көтерме бағамен және қанша бөлігін бөлшек бағамен өткізетіндігі жайында салыстырмалы ақпарат алу;

- өнім түсімін арттыру үшін қанша көлемде тыңайтқыштар немесе мал азығына био қоспалар қосуы жайында ақпарат жинау;

- шаруа қожалықтарында жаңа технологиялар қаншалықты игерілген немесе игеруге ынтасы қандай деңгейде;

- шаруа қожалық иелерінің ойынша мемлекет тарапынан қаржы және ұйымдастырушылық қолдауға, несие алу мүмкіндігіне және лизинке техника алуға қол жетерлік деңгейін анықтау;

- тәуекел мен табыс арасындағы байланысты анықтау мақсатында, шаруашылық иелерінің тәуекелге бел буу жиілігі, күтілетін табыс мөлшеріне қарай тәуекелге бару не бармау мүмкіндігі, табысын арттыру үшін қайта оқып білім алуға деген ынтасы жайында пікірлерін жинау;

- шаруа қожалық иелерінің ойынша шаруашылықтарының алға басуын шектеп тұрған ең маңызды мәселелер туралы көз қарастарын және оны шешу бойынша ұсыныстарын сараптау.

Осы жерде жүргізілген сауалнама әдістемесіне тоқталайық. Көзделген мақсатқа жету үшін жалпы алғанда сауалнамаға 48 сұрақ енгізілді. Сауалнама қатысушы респонденттер Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша, соның ішінде Шымкент қаласы және Кентау, Түркістан қала әкімшілігі аумағында, сонымен қатар Мақтаарал, Ордабасы, Отырар, Созақ аудандары маңында шоғырланған ауыл шаруашылығы өнім өндірушілері кездейсоқ әдіспен таңдалып, барлығы 172 шаруа қожалықтарымен 2012 жылдың қыркүйек және қазан айларында, бетпе-бет кездесу арқылы сауалнама жүргізілді.

Сауалнамадан жинақталған мәліметтер Microsoft Excel және SPSS статистикалық бағдарламалық пакеттерінің көмегімен реттеліп, талданды. Сауалнамада берілген сұрақтардың жауаптарын бағдарламалық пакеттер арқылы өлшеу мүмкін болу үшін негізгі сұрақтарға Ликерт шкаласы қолданылды. Ол бойынша негізгі сұрақтардың тұсына 5 ұяшық келесі ретте орналастырылды: 5-«өте көп», 4-«көп», 3-«орташа», 2-«аз» және 1-«өте аз». Осы ұяшықтың біреуіне белгі қою арқылы респондент өз ойын білдіреді. Сонымен қатар, сауалнаманың соңғы бөлігінде ауыл шаруашылығы өнім өндірушілердің толғандыратын мәселелер мен оны шешу бойынша өз ойларын білдіруге және ұсыныстар беруге мүмкіндік жасалынды.

Ең алдымен жинақталған мәліметтерді талдау үшін оларды SPSS статистикалық бағдарламасына талаптарға сәйкес енгіземіз. Яғни, барлық жауаптар, түріне қарай сандар ретінде енгізіледі (сурет18).

	<i>Жынысы</i>	<i>жасы</i>	<i>әлеу. жағд</i>	<i>жұмысы</i>	<i>еңбек өтілі</i>	<i>тәжірибесі</i>
1	2	2	2	4	2	1
2	1	5	2	1	3	7
3	1	3	2	1	1	3
4	1	3	2	1	1	1
5	2	5	2	4	3	7
6	1	3	2	1	3	2
7	1	3	2	1	1	2
8	1	5	2	1	3	4
9	1	5	2	1	3	3
10	1	5	2	4	3	3
11	1	5	2	1	3	3

18-сурет - SPSS статистикалық бағдарламасына мәліметтерді енгізу

Енді алынған мәліметтердің шынайлығын тексереміз. Әлемдік тәжірибеде сауалнама сұрақтарына респонденттердің берген жауаптарының шынайлығын статистикалық жолмен тексеру үшін Кронбахтың Альфа коэффициенті қолданылады және ол 0,6 немесе 60 пайыздан жоғары болғаны дұрыс [94].

Біздің сауалнамадағы жауаптардың Кронбахтың Альфа коэффициенті 0,660 көрсетті, яғни мәліметтер сенімділігі 66 пайыз.

Сонымен алынған мәліметтерді талдайтын болсақ, жалпы сауалнамаға барлығы 172 респондент қатысып оның ішінде, 79 пайызы ер және 21 пайызы әйел қатысқан. Бұл ер кісілердің ауыл шаруашылығы саласында басым екенін көрсетеді.

Жас тобы бойынша 20 жасқа дейін 9 пайыз, 21-30 жас аралығында 9 пайыз, 31-40 жас аралығында 23 пайыз, 41-50 жас аралығында 16 пайыз және 50 жастан жоғары 42 пайыз адам ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істейді. Демек, ОҚО бойынша ауыл шаруашылығында жас маман жұмысшылардың жетіспеушілігі байқалады.

Сауалнамаға қатысқандардың 61 пайызы шаруашылық басшысы, 30 пайызы жұмысшылар, 5 пайызы экономист және 5 пайызы шаруашылықта басқа жұмыс істейді.

Шаруашылығын бастағанына 1-5 жыл аралығында болғандар 23 пайызды, 6-10 жыл аралығында болғандар 30 пайыз және 11-20 жыл болғандар 35 пайызды құраған. Шаруашылықта жұмысшылар санына келетін болсақ, 1 мен 10 арасындағы жұмысшылар болғандары 86 пайыз және 11 мен 50 жұмысшы болған шаруашылықтар 14 пайызды құраған.

Сауалнама жүргізілген шаруашылықтардағы жұмысшылардың 40 пайызының білімі орта, 12 пайызы орта арнаулы білім және 48 пайызға жуығының жоғары білімі болған. Яғни, 40 пайызға жуығы ауыл шаруашылығына сәйкес арнайы мамандығы жоқ жұмысшылар құрайды.

Зерттелген шаруа қожалықтарының орташа жылдық табысына келетін болсақ, 100 мың теңгеге дейін табысы бар шаруашылықтар 26 пайыз, 101-500 мың аралығында табысы бар 35 пайыз, 501-1000 мың теңге аралығында табысы бар 26 пайыз және 1 млн. теңгеден жоғары табысы бар шаруашылықтар 14 пайызды құраған.

Сонымен қатар шаруашылықтың негізгі жұмысынан басқа қосымша табысын зерттеу нәтижесінде 44 пайыз шаруа қожалықтары тек осы шаруашылықтан табыс алады екен. Бұл қалған 66 пайыз шаруа қожалықтардың негізгі табысымен қатар қосымша табыс көзі бар деген сөз.

Зерттелген шаруа қожалығының 20 пайызында мал өсірілмеген. Ал 1-10 дана арасында мал ұстайтындар 30 пайызды, 11-100 дана арасында мал ұстайтындар 23 пайызды, 101-500 дана арасында мал ұстайтындар 12 пайызды және 500 ден көп мал ұстайтындар 14 пайызды құраған. Сонымен қатар, зерттелген шаруа қожалығының 12 пайызында егін егетін жер телімдері анықталмаған. 46 пайызында жер телімі 10 гектарға дейін, 30 пайызында жер телімі 11-100 гектар аралығында және 12 пайызының жер телімі 101-500 гектар аралығында анықталды. Демек, зерттелген шаруа қожалықтарының 20 пайызы тек егін шаруашылығымен айналысса, 12 пайызы тек мал шаруашылығымен айналысады екен. Ал қалған 68 пайызы аралас шаруашылық түрін жүргізіп тәуекелдерін диверсификациялайтынын айтса болады. Сонымен қатар, негізгі сауалнама сұрақтары бойынша мәліметтерді 21 кестеден көруге болады.

Кесте 21 – Тәуекелді басқару сұрақтары бойынша сауалнама нәтижелері

	Сауалнама сұрақтары	Жауаптар, пайызбен					Жауаптар-дың орташа мәні, нақты
		Өте көп-«5»	Көп - «4»	Орта - «3»	Аз - «2»	Өте аз – «1»	
1.	Шаруа қожалығын дамыту, ұлғайту бойынша ойларыңыз?	49	23	9	14	5	3,98
2.	Шаруа қожалығының өнімдерді сақтандыруға жұмсайтын қаражаты қанша?	2	18	35	26	19	2,60
3.	Соңғы 3 жылда шаруашылығыңызға төмен бағадан шығындар болдыма?	7	23	51	14	5	3,14
4.	Соңғы 3 жылда шаруашылығыңызға қолайсыз ауа райынан шығындар болдыма?	12	39	35	14	-	3,49
5.	Соңғы 3 жылда шаруашылығыңызға зиянкес жәндіктерден шығындар болдыма (шегіртке, құртар)?	4	49	21	21	5	3,28
6.	Соңғы 3 жылда мал шаруашылығыңызға аурулардан шығындар болдыма?	5	16	35	37	7	2,74
7.	Соңғы 3 жылда мал шаруашылығыңызға мал азығының бағасы қымбаттаудан шығындар болдыма?	14	37	37	7	5	3,49
8.	Шаруашылықта баға тәуекелдерін азайту үшін фьючерстер (алдын ала белгіленген бағамен сатып алу/сату) қолдана ма?	-	7	26	49	19	2,21
9.	Шаруашылықта баға тәуекелдерін азайту үшін алдынала келісім шарттар (алдын ала белгіленген өнім көлемі) қолдана ма?	-	7	30	40	23	2,21
10.	Шаруа қожалығыңыздың несие қарыздары бар ма?	2	9	21	19	49	1,98
11.	Қанша өнімдеріңізді көтерме бағамен өткізесіздер?	16	23	37	12	12	3,21
12.	Қанша өнімдеріңізді бөлшек бағамен өткізесіздер?	9	9	17	28	37	2,26
13.	Тыңайтқыштарды қанша көлемде қолданасыз?	-	9	44	33	14	2,49
14.	Мал азығына био қоспалар қанша көлемде қолданасыз?	-	12	16	40	32	2,07
15.	Шаруашылығыңызда жаңа технологиялар қаншалықты игерілген?	-	7	21	35	37	1,98
16.	Шаруашылығыңыз жаңа технологияларды игеруге қаншалықты ынталы?	28	33	30	4	5	3,74
Ескерту: сауалнама негізінде автормен дайындалған							

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде шаруа қожалықтардың даму және ұлғаю бойынша ойлары жауаптардың орташа мәніне сәйкес 3,98 құрады. Бұл жауаптардың көп бөлігі «көп» деген мәнге жақын екенін білдіреді. Басқа сөзбен айтқанда «өте көп» дегендер 49 пайыз, «көп» дегендер 23 пайыз, «орта»

дегендер 9 пайыз, «аз» дегендер 14 пайыз, «өте аз» дегендер 5 пайыз құраған. Демек, шаруа қожалықтардың даму және ұлғаю бойынша ойлары - «көп».

Шаруа қожалықтардың өнімдерді сақтандыруға жұмсайтын қаражаты жауаптардың орташа мәніне сәйкес 2,60 құрады. Бұл жауаптардың көп бөлігі «орта» деген мәнге жақын екенін білдіреді. Басқа сөзбен айтқанда «өте көп» дегендер 2 пайыз, «көп» дегендер 18 пайыз, «орта» дегендер 35 пайыз, «аз» дегендер 26 пайыз, «өте аз» дегендер 19 пайыз құраған. Демек, шаруа қожалықтардың өнімдерді сақтандыруға жұмсайтын қаражаты - «орта».

Егін шаруашылықтарында соңғы 3 жылда төмен бағадан, қолайсыз ауа райынан және зиянкес жәндіктерден болған шығындар туралы мәліметтердің орташа мәндері «орта» - 3-тен жоғары көрсетіп тұр. Демек, егін шаруашылықтарда төмен бағадан, қолайсыз ауа райынан және зиянкес жәндіктерден шығындар «орта» деңгейден көп болған.

Мал шаруашылығында соңғы 3 жылда мал азығының бағасы қымбаттаудан шығындар бойынша жауаптардың орташа мәні 3,49 құрады. Ал мал шаруашылығындағы аурулардан шығындар бойынша жауаптардың орташа мәні 2,74 құрады. Демек, мал шаруашылығында шығындардың көп бөлігі мал ауруларынан болғанымен, мал азығы бағасының қымбаттауынан шығындар көбірек болған.

Шаруашылықта баға тәуекелдерін азайту үшін алдынала келісім шарттар мен фьючерстерді қолданудың орташа мәндері 2,21 құраған. Демек, зерттелген шаруа қожалықтарында баға тәуекелдерін басқару «орта» деңгейден төмен болған.

Сонымен қатар, зерттеу нәтижесінде шаруа қожалықтардың көп бөлігінің несие қарыздары «аз» болып, өнімдерінің «көп» бөлігін бөлшек бағаға карағанда көтерме бағамен өткізуді жөн көреді екен.

Шаруашылықтарда тыңайтқыштар мен биокоспаларды қолдану деңгейі де «аз» екенін байқауға болады.

Ал жаңа технологиялар шаруашылықтарда «аз» игеріліп, бірақ көптеп игеру бойынша ынталары «көп» екенін байқауға болады.

Ал енді 22-ші кестедегі қаржы және техникалық сұрақтар бойынша сауалнама нәтижелерін қарайтын болсақ, мемлекет тарапынан қаржы және ұйымдастырушылық қолдауға қол жетімділік деңгейі «орташадан» жоғары екенін көруге болады. Бірақ, несие алу мүмкіндігі, лизинке техника алу мүмкіндігі және техникамен қайта жарақтандыру деңгейі «орташадан» төмен екенін көруге болады.

Шаруа қожалықтарда тозған техника бойынша жауаптардың орташа мәні 2,47 құрады. Бұл жауаптардың көп бөлігі «аз» деген мәнге жақын екенін білдіреді. Басқа сөзбен айтқанда «өте көп» дегендер 12 пайыз, «көп» дегендер 14 пайыз, «орта» дегендер 14 пайыз, «аз» дегендер 30 пайыз, «өте аз» дегендер 30 пайыз құраған.

Демек, шаруа қожалықтарында тозған техника «аз» немесе ағымдық жағдайда шаруа қожалықтары ескі техникаларын жаңаландыруға ынталары төмен не мүмкіндіктері аз екенін байқаса болады (кесте 22).

Кесте 22 – Қаржы және техникалық қамтамасыз етілу сұрақтары бойынша сауалнама нәтижелері

	Сауалнама сұрақтары	Жауаптар, пайызбен					Жауаптардың орташа мәні, нақты
		Өте көп- «5»	Көп - «4»	Орта - «3»	Аз - «2»	Өте аз – «1»	
1.	Мемлекет тарапынан қаржы және ұйымдастырушылық қолдауға қол жетерлік пе?	19	14	37	19	12	3,09
2.	Несие алу мүмкіндігі қол жетерлік пе?	9	16	42	21	12	2,91
3.	Лизингке техника алу мүмкіндігі қол жетерлік пе?	7	26	21	35	11	2,81
4.	Техникамен қайта жарақтандыру қандай деңгейде?	9	16	16	28	30	2,47
5.	Сізде тозған техника көп пе?	12	14	14	30	30	2,47

Ескерту: сауалнама негізінде автормен дайындалған

Ал 23-ші кестеде тәуекел мен табыс арасындағы байланыс сұрақтары бойынша сауалнама нәтижелерін қарайтын болсақ, шаруа қожалықтарда жұмыс істейтіндердің тәуекелге көп баратындардың, табысы да көп болады деген ойлары жауаптардың орташа мәніне сәйкес 3,98 құрады және жауаптардың көп бөлігі «өте көп» деген мәнге жақын екенін байқаймыз. Басқа сөзбен айтқанда «өте көп» дегендер 35 пайыз, «көп» деген жауаптар жоқ, «орта» дегендер 35 пайыз, «аз» дегендер 23 пайыз, «өте аз» дегендер 7 пайыз құраған. Демек, шаруа қожалықтардың «көп» бөлігі тәуекелге көп барса, табысы да көп болады деген тұжырым жасаған.

Сонымен қатар, шаруа қожалықтардың көбіне қандай жағдайларға байланысты ойлары өзгеретінін білу үшін сауалнамаға қосымша әртүрлі тексеру сұрақтары әлемдік тәжірибеге сүйене отырып енгізілді. Тексеру сұрақтары респонденттердің негізгі сұрақты дұрыс түсінгендігін тексеру мақсатында беріледі [95].

Бірінші жағдайда, яғни егер тәуекел етіп табысқа жетсе сол тәуекелге қайта бару не бармау ойлары бойынша жауаптардың орташа мәніне сәйкес 3,86 құрады. Демек, зерттеу жүргізілген шаруа қожалықтарында тәуекел етіп табысқа жетсе, сол тәуекелге қайта баратындардың саны «көп» деген мәнге жақын екенін білдіреді.

Екінші жағдайда, яғни егер тәуекел етіп шығынға батса, сол тәуекелге қайта бару не бармау ойлары бойынша жауаптардың орташа мәніне сәйкес 2,91 құрады. Демек, зерттеу жүргізілген шаруа қожалықтарында тәуекел етіп шығынға батса, сол тәуекелге қайта баратындар саны «орташадан» төмен деген мәнге жақын екенін білдіреді.

Үшінші жағдайда, яғни 50 мың теңгелік тұрақты табыс пен 100 мың теңгелік айнымалы табыс арасында таңдау жасағанда жауаптардың орташа мәніне сәйкес 3,05 құрады. Басқа сөзбен айтқанда «өте көп» дегендер 26 пайыз, «көп» дегендер 7 пайыз, «орта» дегендер 18 пайыз, «аз» дегендер 44 пайыз, ал

«өте аз» дегендер 5 пайыз құраған. Демек, шаруа қожалықтардың алғашқы сұрақтарда «көп» бөлігі өздерін тәуекелшілміз деп есептегенімен жағдайға байланысты ойлары өзгеретінін, яғни тәуекелге баратындар 33 пайыз («өте көп» 26 пайыз + «көп» 7 пайыз), ал бармайтындар 49 пайыз («аз» 44 пайыз + «өте аз» 7 пайыз) және нақты өз ойын білдіре алмағандар 18 пайыз деп тұжырымдауға болады (кесте 23).

Кесте 23 – Тәуекел мен табыс арасындағы байланыс сұрақтары бойынша сауалнама нәтижелері


	Сауалнама сұрақтары	Жауаптар, пайызбен					Жауаптардың орташа мәні, нақты
		Өте көп- «5»	Көп - «4»	Орта - «3»	Аз - «2»	Өте аз – «1»	
1.	Тәуекелге көп баратындардың, табысы да көп болады ма?	35	-	35	23	7	3,98
2.	Сіз тәуекелге көп барасыз ба?	28	40	11	21	-	3,74
3.	Егер тәуекел етіп табысқа жетсеңіз сол тәуекелге қайта барасыз ба?	28	37	28	7	-	3,86
4.	Тәуекел етпегендіктен өкінген уақытыңыз болды ма?	7	47	16	30	-	3,30
5.	Егер тәуекел етіп шығынға батсаңыз сол тәуекелге қайта барасыз ба?	2	35	26	25	12	2,91
6.	Кәсіпорынға жаңа технологиялар енгізу тәуекелдерді арттыра ма?	30	33	21	14	2	3,74
7.	Жаңа технологиялар кәсіпорынның табысын арттыра ма?	33	37	26	2	2	3,95
8.	Тәуекелге аз баратындардың шығындары аз бола ма?	7	28	51	14	-	3,28
9.	Табысы аз тәуекелге барасыз ба?	2	9	24	56	9	2,40
10.	Табысы мол болса тәуекелге барасыз ба?	40	32	21	7	-	4,05
11.	50 мың теңгелік тұрақты табыстан, 100 мың теңгелік айнымалы табыс жақсы ма?	26	7	18	44	5	3,05
12.	Табысыңызды көтеру үшін, қайта оқып біліміңізді көтеруге барасыз ба?	35	28	16	16	5	3,72
Ескерту: сауалнама негізінде автормен дайындалған							

Сонымен қатар, шаруа қожалықтар арасында кәсіпорынға жаңа технологиялар енгізу тәуекелдерді арттыратыны және кәсіпорынның табысын арттыратыны жайында ойлары бойынша сауалнама жауаптарының орташа мәндері сәйкесінше 3,74 және 3,95 көрсетті. Демек, шаруа қожалықтарында тәуекелге байланысты жаңа технологияларды енгізілу қарқыны тежеліп тұрғанын байқаса болады. Бұл тәуекелді басқару проблемасының ауыл шаруашылығын дамуында маңызды орын алатынын дәлелдейді.

Ал табысын көтеру үшін, қайта оқып білімін көтергісі келетіндер жауаптардың орташа мәніне сәйкес 3,72 құрады. Басқа сөзбен айтқанда «өте

көп» дегендер 35 пайыз, «көп» дегендер 28 пайыз, «орта» дегендер 16 пайыз, «аз» дегендер 16 пайыз, ал «өте аз» дегендер 5 пайыз құраған. Демек, шаруа қожалықтардың өз табысын арттыру үшін өз білімдерін арттыруға деген ұмтылыстары жоғары деп тұжырымдауға болады.

Сауалнамада шаруа қожалықтарының ағымдық проблемалары және оны шешу жолдары бойынша өз ұсыныстарын беруге мүмкіндік қарастырылған еді. Енді шаруа қожалықтардың маңызды проблемалар мен оның шешімі бойынша пікірлері мен ұсыныстарын талдайық (сурет 19).



19-сурет – Сауалнама нәтижесінде Оңтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы бойынша негізгі мәселелер, пайызбен


Ескерту: сауалнама негізінде автормен дайындалған

Сауалнама нәтижесінде шаруа қожалықтарының пікірі бойынша Оңтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығының негізгі мәселелері маңыздылығын қарай келесідей болып анықталды:

1. қаржының жетіспеушілігі - 40%;
2. су мәселесі - 33%;
3. ауа райының әсері - 9%;
4. өнімге сұраныс төмендігі - 7%;
5. жердің жетіспеушілігі - 7%;
6. техниканың жетіспеушілігі – 2%;
7. салық ауыртпашылығы - 2%.

Сонда шаруа қожалықтарының көбісінің толғандыратын ең маңызды мәселелер бұл қаржы жетіспеушілігі мен су мәселесі болып отыр. Осы және

басқада проблемалардың шешімі бойынша шаруа қожалықтары өз ұсыныстарын білдірді (сурет 20).



- Ирригация жүйесін жөндеу – 37%
- Қаржыға қолжетімділікті қамтамасыз ету – 7%
- Несие үстемақыларын төмендету – 2%
- Жайылымдарды көбейту – 2%
- Өнімді өткізу мәселесін шешу үшін өңдеу өнеркәсібін жетілдіру – 5%
- Ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасын көтеру – 5%
- Барлығы жақсы – 9%
- Шаруашылыққа мемлекеттік көмекті арттыру – 9%
- Ауыл шаруашылығын перспективті емес деп санайды – 2%
- Тыңайтқыштарды сатып алуда мемлекеттік көмекті арттыру – 5%
- Ұсыныс білдірмегендер – 12%

20-сурет – Шаруа қожалықтары ұсынған Оңтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы бойынша негізгі мәселелер шешу жолдары, пайызбен

Ескерту: сауалнама негізінде автормен дайындалған

Сауалнама нәтижесінде шаруа қожалықтарының пікірі бойынша Оңтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығында жинақталған мәселелерді шешудің келесідей жолдары бар:

1. ирригация жүйесін жөндеу – 37%;
2. шаруашылыққа мемлекеттік көмекті арттыру – 9%;
3. қаржыға қолжетімділікті қамтамасыз ету – 7%;
4. ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасын көтеру – 5%;
5. өнімді өткізу мәселесін шешу үшін өңдеу өнеркәсібін жетілдіру – 5%;
6. тыңайтқыштарды сатып алуда мемлекеттік көмекті арттыру – 5%;
7. несие үстемақыларын төмендету – 2%;

8. Жайылымдарды көбейту – 2%.

Сонымен қатар, сауалнама ұсыныстары қатарында барлығы жақсы дегендер – 9%, ауыл шаруашылығын перспективті емес деп санайтындар – 2% және ұсыныс білдірмегендер – 12% құрады.

Сонымен сауалнама бойынша келесідей қорытындылар жасауға болады:

- ОҚО бойынша ауыл шаруашылығында жас маман жұмысшылардың жетіспеушілігі байқалады;

- зерттеу нәтижелеріне сәйкес 40 пайызға жуығы ауыл шаруашылығына сәйкес арнайы мамандығы жоқ жұмысшылар құрайды;

- зерттеу нәтижесінде 44 пайыз шаруа қожалықтары тек осы шаруашылықтан табыс алады екен. Ал қалған 66 пайызының шаруа қожалықтардың негізгі табысымен қатар қосымша табыс көзі бар;

- зерттелген шаруа қожалықтарының 20 пайызы тек егін шаруашылығымен айналысса, 12 пайызы тек мал шаруашылығымен айналысады екен. Ал қалған 68 пайызы аралас шаруашылық түрін жүргізіп тәуекелдерін диверсификациялайтынын айтса болады;

- шаруа қожалықтардың өнімдерді сақтандыруға жұмсайтын қаражаты - «орта» деңгейден төмен болып шықты;

- 2010-2012 жылдар аралығында егін шаруашылықтарда төмен бағадан, қолайсыз ауа райынан және зиянкес жәндіктерден шығындар «орта» деңгейден көп болған;

- 2010-2012 жылдар аралығында мал шаруашылығында шығындардың көп бөлігі мал ауруларынан болғанымен, мал азығы бағасының қымбаттауынан шығындар көбірек болған;

- зерттелген шаруа қожалықтарында баға тәуекелдерін басқару «орта» деңгейден төмен болған;

- зерттеу нәтижесінде шаруа қожалықтардың көп бөлігінің несие қарыздары «аз» болып, өнімдерінің «көп» бөлігін бөлшек бағаға қарағанда көтерме бағамен өткізуді жөн көреді екен;

- шаруашылықтарда тыңайтқыштар мен биоқоспаларды қолдану деңгейі «аз»;

- жаңа технологиялар шаруашылықтарда «аз» игеріліп, бірақ көптеп игеру бойынша ынталары «көп»;

- мемлекет тарапынан қаржы және ұйымдастырушылық қолдауға қол жетімділік деңгейі «орташадан» жоғары. Бірақ, несие алу мүмкіндігі, лизинке техника алу мүмкіндігі және техникамен қайта жарактандыру деңгейі «орташадан» төмен болды;

- шаруа қожалықтардың «көп» бөлігі тәуекелге көп барса, табысы да көп болады деген тұжырыммен келіскен;

- шаруа қожалықтардың алғашқы сұрақтарда «көп» бөлігі өздерін тәуекелшілміз деп есептегенімен жағдайға байланысты ойлары өзгеретіні сауалнамадағы тексеру сұрақтары негізінде дәлелденді, яғни зерттелген шаруа қожалықтарда жағдайға байланысты тәуекелге баратындар 68 пайыздан 33

пайызға түскен, ал бармайтындар 21 пайыздан 49 пайызға көтерілген және нақты өз ойын білдіре алмағандар 11 пайыздан 18 пайызға өскен;

– шаруа қожалықтарында тәуекелге байланысты жаңа технологияларды енгізілу қарқыны тежеліп тұрғанын байқаса болады. Бұл тәуекелді басқару проблемасының ауыл шаруашылығын дамуында маңызды орын алатынын дәлелдейді;

– шаруа қожалықтардың даму және ұлғаю бойынша ойлары - «көп», бірақ соларды жүзеге асыруда ең көп жағдай қаржы (40%) мен су (33%) мәселесіне келіп тірелетінін зерттелген шаруашылықтардың 73 пайызы мақұлдады.

Тәуекелдерді ертеректе анықтау қиын болғандықтан, тәуекелдердің нақты себептерін болжамдау және онымен күресу қиын болған. Тәуекел ету кез келгеннің қолынан келмеді, сондықтан «тәуекел» сөзінің төркіні араб тілінен алынып батылдық ретінде танылды.

Тәуекелдер мәселесі қазіргі таңда да өзектілігін жоғалтқан емес. Бірақ олардың тегі экономикалық нәтижелерге байланыстылығымен ерекшеліне бастады. Мысалы: ауыл шаруашылығы өнім өндірушілері келесі жылы өнім өндірісін жалғастыру үшін ағымдағы жылдың қорытындысы бойынша табысты болу керек. Яғни, жұмсаған шығындарынан алынған табысы жоғары болуы тиіс. Бірақ, ауыл шаруашылығы өнім өндірісіне түрлі факторлардың әсерінен табысты жылдар мен қатар табыссыз жылдар болу қауіпі бар. Бұндай жағдайлардың бар болуы тәуекелді басқарудың маңыздылығын арттырады.

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша жүргізілген статистикалық және сауалнамалық зерттеулер нәтижесінде ауыл шаруашылығындағы тәуекелдердің негізгі себептері төмендегідей болып топтастырылды:

1) Ішкі, оларға: мүліктің жағдайы мен түрлері, машина түрлері мен сапасы, агротехникалық факторлар, шаруашылықтағы түрлі өндірістік қызмет жағдайларының өзгеруі; шаруашылықта тәуекелді басқару деңгейі және т.б.

2) Сыртқы, оларға: климаттық жағдай, жауын-шашын, температура, ылғалдылық, аурулар мен өсімдіктерді зақымдайтын зиянкестілердің таралу дәрежесі, мал азығының қымбаттауы, сумен қамтамасыз ету, қаржымен қамтамасыз ету және т.б.

3) Жалпы қауіптер, олар: құрғақшылық, өрт, боран, және т.б.

Жоғарыда көрсетілген себептердің ішінде Оңтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығының дамуына кері әсер тигізіп отқан мәселелерді төмендегідей көрсетсе болады:

1. Әртүрлі сапада және шағын көлемде өнімдерді өндіру. Көптеген ауыл шаруашылық кәсіпорындары - бұл басқа өндірушілермен өз өнімдерін үйлестіруге жағдайлары келмеген, сондықтан, бәсекелестік тарапынан тиімсіз жағдайға түсетін, шағын өндірістік кәсіпорындар екені талдау нәтижесінде белгілі болды. Мысалы: екінші бөлімдегі Кесте 12 бойынша ОҚО-да 2013 жылы өндірілген өсімдік шаруашылығы өнімдерінің ішінде шаруа қожалықтарының үлесі 71 пайызды құрап топ бастаған болса, мал шаруашылығы өнімдерін өндірісі бойынша 93 пайыздық үлеспен жұртшылық шаруашылығы

басымдық көрсетті. Яғни, ОҚО шаруа қожалықтарының көп бөлігі өсімдік шаруашылығымен айналысуы, ал мал шаруашылығымен негізінен жұртшылық шаруашылығы айналысудың салдарынан өнім өндіру көлемі шағын және сапасы жағынан әртүрлі болып келеді.

Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облысы шаруашылықтары әсіресе ЕАЭО мүше елдеріндегі іске асып жатқан жалпы азық-түлік нарығындағы қысымға қарсы тұруға әзірге қауқары төмен. Себебі үлкен көлемдегі өндірістік кәсіп орындар үлесі әліде төмен. Мысалы: 2013 жылы ОҚО шаруашылық санаттары бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымында ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының үлесі небәрі 9 пайызды құраған.

2. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің сипаты. Ауыл шаруашылық өнімдер ерекше сипатқа ие, себебі, ауыл шаруашылық өндірісі тұтынушыға емес, қайта өңдеуге бағытталып, тікелей шаруашылықпен сатылған өнім көлемінің төмендеуіне әкелетіндігін ескеру керек. Ауыл шаруашылық өндірістің жанама сипаты маркетингтік маржа алуға қатысты жетістікке жетуде өндірушілердің мүмкіндіктерін төмендетеді және оны қайта өңдеу кәсіпорындарымен қарым-қатынасқа байланысты қосымша факторларға тәуелді етеді. Мысалы, 21-ші кестеде зерттеу жұмысы бойынша жүргізілген сауалнама нәтижесінде ауыл шаруашылығы өнім өндірушілерінің көп бөлігі өнімдерін бөлшек бағамен сатқаннан көтерме бағада сатқанды дұрыс көрген. Осыдан ауыл шаруашылығы өнім өндірушілері табыстың біраз бөлігінен айырылады.

3. Жеткізудің сиректілігі. Көптеген ауыл шаруашылық тауарларының өндірісі маусымдық сипатқа ие. Олардың кейбіреулері сәйкес құрылым болған жағдайда сақтауға жарамды. Ал өнімнің басқа түрлері пайдаланылу мерзімінің қысқалығына байланысты тағы бір мәселені туындатады.

Ауыл шаруашылық тауар өндірушілер, мысалы, мал бағушылар, ұсынылған бағаға қанағаттанбаса, еш бір кедергісіз нарықтан малдарын кері қайтара алады. Қызанақ өсірушілер болса, бұл әдісті қолданған жағдайда, бұзылған тауардан шығынға ұшырайды.

Жеткізудің сиректілігі- жалпы аграрлық мәселе, тұрақты өткізу жерлерін анықтауда ауыл шаруашылық тауар өндірушілеріне күрделі қиындықтар туындатады. Сонымен бірге, егер жоспарланатын және үйлестірілетін маркетинг пен туындауы мүмкін тәуекелдерді алдын алып жетілдіретін болсақ ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруден пайданы арттыруға септігін тигізер еді.

4. Ауыл шаруашылық тауар өндірушілердің сауда ұйымдарының жеткіліксіздігі. Қазақстандық және соның ішінде Оңтүстік-Қазақстандық ауыл шаруашылығы үшін таралу тізбегіне қатысатын барлық қатысушылардың тікелей тығыз интеграциялануы өте маңызды.

Бұл тізбектің қалыптасу алғышарттарының негізгілерінің бірі жеке қатысушылардың арасындағы бәсекелестік қатынастан серіктестік қарым-қатынасқа ауысу болып табылады. Яғни, бұл Қазақстанның ауыл шаруашылығы өнімдері отанда және шетелде танымалы және жоғары сұранысқа ие болуы үшін қажетті шара.

Қазіргі таңда, азық-түлік тауарларының таралу тізбегінде, Оңтүстік Қазақстан ауыл шаруашылығы шағын өндірістері технологиялық және ұйымдастырушылық артта қалушылық байқалады.

Ауыл шаруашылық өнеркәсіп секторын күшейту мен күрделендіру (мысалы, жерді шоғырландыру мен көлденең интеграция түрлері арқылы) интеграциялаушы сауда тарапынан келісім жағдайында, таралу тізбегіне қатысушылармен серіктестік үшін қолайлы алғышарттар жасайтын еді.

Осы келісімнің жасалуын қамтамасыз ету азық-түлік нарығын ұйымдастыру және ауыл шаруашылық саясатына жауапты мекемелердің анағұрлым маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

5. Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруді сертификаттау мәселесі. Көбіне ауыл шаруашылығы өнімдер тез бұзылатын өнімдер болып келеді. Сондықтан, ауыл шаруашылық өнімдерін өткізу тәуекелін шектейтін, қажетті шешімдердің бірі - ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруді сертификаттау, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

Азық-түлік тауарлары қауіпсіздігінің түрлі стандарттары өңдеуші және қайта өңдеуші кәсіпорындарға көп жылдан бері енгізілген. Сонымен бірге, ауыл шаруашылық шикізаттарын өндірушілер үшін қауіпсіздік стандарттарының талаптары да күннен күнге артып келеді.

Қазақстанда қайта өңдейтін немесе сауда кәсіпорындары ретінде танылатын, әсіресе, экспорттық қызметке қатысты жеке ауыл шаруашылық өнеркәсіптері сертификаттары болуы тиіс.

Себебі, ауыл шаруашылық кәсіпорындарының үлкен көлемін сертификаттау жүйесімен қамту азық-түлік өнімдері және ауыл шаруашылық өнімдерінің халықаралық саудасына қатысудың шарттарының бірі болып табылады.

6. Ауыл шаруашылығы өнім өндірісінде жұмыс істеу перспективасы. Зерттеу барысында жүргізілген сауалнама зерттеулері нәтижесіне сүйенсек ауыл шаруашылығы өнім өндірушілердің өз шаруашылықтарын дамыту және ұлғайту бойынша ойлары көп екені анықталған.

Бірақ статистикалық мәліметтерге қарасақ жағдай мүлде басқа. Мысалы: 2001-2014 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша жұмысшылар мен қызметкерлердің орташа жылдық саны 27,5 мың адамнан 3,4 мың адамға дейін төмендеп, облыстағы ауыл шаруашылығындағы жұмысшылар мен қызметкерлердің орташа жылдық санындағы үлесі 11,9 пайыздан 0,9 пайызға төмендеген.

Бұл ауыл шаруашылығынан жұмыс күшінің біртіндеп кетуін білдіреді. Негізінен ауыл шаруашылығында жұмыс күшіне деген қажеттілік маусымға байланысты өзгеріп отырады. Осы жағдайға байланысты қажетті кезде жұмыс күшіне деген жетіспеушілік тәуекелі туындайды.

Сондықтан, жаңа жұмыс орындарының пайда болуын анықтайтын ауылдың инфрақұрылым мәселелері өте маңызды. Ауыл шаруашылығында жағдайды жақсартатын мәндердің бірі – бұл қосымша табыс көздерінің болуы. Мысалы: зерттеудегі сауалнама нәтижесіне сүйенетін болсақ ауыл

шарушылығы өнім өндірушілерінің 44 пайызы тек өз шаруашылықтарынан табыс алады екен. Ал 66 пайыз шаруа қожалықтардың негізгі табысымен қатар қосымша табыс көзі бар екені анықталған. Ауыл шаруашылығындағы жұмыс бастылықтың төмен болуы ауылдың даму деңгейіне, нақтырақ айтсақ, экономикалық дамымаушылыққа байланысты.

Яғни, бұл мәселенің шешілуі ауыл шаруашылық емес секторлардың ұзақ және жылдам өсуі негізінде, әсіресе экономикалық даму деңгейі қызмет көрсету саласын дамытуға мүмкіндік беретін шекке жеткенде ықтимал.

Көптеген жылдар бойы ауылдық жерлердегі негізгі жұмыс орны ауыл шаруашылық шикізаттарды сатуға арнап өндіретін, тауарлық шаруашылықтар үшін қызмет көрсету саласы және ауыл шаруашылығы болған.

Дегенмен, нарыққа арналған өнімдерді өндіретін шаруашылықтардың барлығы даму мүмкіндіктерін иеленбей отыр.

Тауарлық шаруашылықтардың үлкен көлемі өнімдерін өздері үшін өндіретін шаруашылықтарға айналуға. Олардың өндіретін өнімдері қажетті жерге жеткізілмейді, нарық талабына сәйкес келмейді, сондықтан тауарларды сата алмайды және тауарлық шаруашылық қызметін тоқтатып, олардың саны азаюда.

Мысалы: 12-ші суреттегі 2008-2013 жылдар аралығында ОҚО бойынша ауыл шаруашылығының жалпы өнім (қызмет) көлеміндегі түрлі шаруашылықтардың үлесінде жұртшылық шаруашылықтың үлесін 59 пайыздан 50 пайызға дейін біртіндеп азайып келе жатқанын байқасақ болады.

Елбасының «Қазақстан 2050» жолдауында көрсетілгендей жаһандық сын-қатерлердің ондығының ішінде, жаһандық азық-түлік қауіпсіздігіне төнуі мүмкін қатердің бар болуы [1], жақын болашақта нарық үшін өнім өндіретін шаруашылықтардың саны азаймауы тиіс екендігін, керісінше ауыл шаруашылығының жоғары перспективалы өндірістер қатарына жататынын болжауға болады.

Бұл шаруашылықтар дамып, өндірушілер тобына бірігіп, өндірістік және маркетингтік серіктестік түрлерін дамытып, құлдырамауға тиіс. Олай болмаған жағдайда ауыл шаруашылығы ішкі және сыртқы нарықтарда бәсекелестікті жеңе алмайды.

Қоғамдық мүмкіндіктердің ешбірі, қоғамдық топтардың қатысуынсыз тәжірибелік маңызды иеленбейді. Қоғам үшін маңызды мәселелерді алдын-ала болжау немесе идеология жеке тұлғалармен немесе шағын адамдар тобымен қалыптасып, олардың үлкен топтарымен қабылдану мүмкін.

Бірақ, ойлар мен алдын-ала болжаудың осылайша таралуы қоғамдық келісімге байланысты орын алу мүмкін.

7. Ауыл шаруашылық өнімдер нарығының жаһандануы. ЕАЭО және ДСҰ сияқты жалпы экономикалық үдерістер әсіресе ақпараттың, капитал мен адамдардың, тауарлар мен қызметтердің еркін қозғалысы, бір жағынан, әл-ауқаттың өсуіне негіз болса, екінші жағынан ауыл шаруашылығы тауарлар мен қызметтерді өндірушілер үшін анағұрлым күрделі бәсекелестікті жеңу қажеттілігінің алдында тұрады.

Сонымен бірге, ауқатты тұтынушылар қауіпсіздік талаптарына сәйкес, қоршаған ортаны сақтау жағдайында өндірілген және өндірістің дәстүрлі тәсілімен немесе шығу жерімен байланысты, ерекше дәмдік артықшылықтары бар тауарларды, соның ішінде азық-түлік өнімдерін іздейді.

Бұл бір жағынан тәуекел болып көрінгенімен, екінші жағына мол мүмкіндіктерді ашады. Себебі үлкен тұтыну нарықтарына жол ашылып, өндірісті арттыруға жағдай туады.

Демек бір жағынан, ауыл шаруашылығын қолдау қағидаларындағы күрделі өзгерістер ауыл шаруашылығының сапалы өндіріс бағытына ауысу барысында, ауыл шаруашылық өндірушілердің табиғи және мәдени ортаны пайдаланғандығы үшін үлкен жауапкершілікті жүктесе, екінші жағынан, ауыл шаруашылық емес қызметтерін дамыту үшін мысалы, қоршаған орта, өмір сапасын қолдауға қаражаттар бөлуді талап етеді.

8. Ауыл шаруашылығы тәуекелдердің ерекшеліктері. Экономикалық және қоғамдық қызметте тәуекел, қауіп және басқа да шығындардың туындауына әсер ететін, түрлі факторлар бар. Ол қазіргі әлемге тән, келесі оқиғаларға байланысты:

– табиғи – климаттық факторлар ауыл шаруашылығына үлкен әсер етеді (мысалы, бұршақ, құрғақшылық, аяз, су тасқыны);

– физиологиялық факторлар, мал шаруашылығымен және егін шаруашылығымен байланысты, алқаптар мен малдың қырылуына әкелетін аурулардың пайда болуына себепші болуы мүмкін;

– шаруашылық жүргізудің әлеуметтік-экономикалық жағдайлары, шаруашылық түрлерін үкіметтік реттеудің және саясатты іске асырудың, басқа елдердің кедендік саясаты мен халықаралық сауданы реттеудің нәтижесі болып табылады;

– тауарлар мен қызметтерді өндіру қиындығымен, өндіріс шығындарының өсуімен, өндіріс факторларына бағаның өзгеруімен, соның ішінде пайыздық ставка, бұйымның нарықтық бағасының өзгеруімен және т.б. байланысты өндірістік, нарықтық және трансакциондық жағдайлар басқару деңгейінің төмендігінің нәтижесі.

3.2 Аграрлық саладағы кәсіпорындардың тәуекелдерін басқаруды жетілдіру және болжамдау

Жаһандық, экономикалық және табиғи өзгерістерінің тәуекел тұрғысынан Оңтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымының өзгеруіне болжам жасаймыз.

Болжамды келесі реттілікпен жүзеге асырамыз:

1. Статистикалық мәліметтер негізінде облыстың ауыл шаруашылығы өнімдері жалпы шығарылымының өзгеру көрсеткіштерін анықтау;

2. Көрсеткіштердің жылдар бойынша байланыс тығыздығын корреляциялық талдау арқылы анықтау;

3. Болжам жасау және оны графиг негізінде бейнелеу.

Біріншіден, статистикалық мәліметтер негізінде ОҚО бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы мен оның 2001-2013 жылдар аралығындағы мәліметтерін 24-шы кесте түрінде көрсетеміз.

Кесте 24 - 2001-2013 жылдар аралығындағы ОҚО бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы, млрд. теңге

№	Жылдар (x)	ОҚО ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы (y)
1	2001	55,677
2	2002	70,262
3	2003	87,700
4	2004	80,420
5	2005	88,070
6	2006	93,134
7	2007	103,399
8	2008	132,973
9	2009	137,926
10	2010	163,833
11	2011	207,915
12	2012	259,204
13	2013	296,994
14	2014	322,824

Ескерту: [77] дереккөз негізінде автормен дайындалған

Диссертациялық жұмыстың екінші бөлімде анықталғандай 2001-2013 жылдар аралығында Қазақстан бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымында Оңтүстік Қазақстан облысының үлес салмағы 11 пайызды құрады, яғни облыстар арасында 4-ші орынға ие болды.

Сондықтан, Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымында Оңтүстік Қазақстан облысының қомақты үлесі бар деуге негіз бар.

Бұл болжамның Қазақстан деңгейіндегі әсерін анықтауға мүмкіндік береді.

Екінші кезекте, ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы көрсеткіштерінің жылдар бойынша өзара байланыс деңгейін корреляциялық талдауын 25-шы кестедегідей корреляциялық кесте түрінде есептеп шығарамыз.

Корреляциялық байланыс деңгейінің жоғары болуы болжамның дәлдігін арттырады.

Корреляциялық байланыс келесі формуламен (1) анықталады:

$$(1) \quad r_{xy} = \frac{\sum (x - \bar{x})(y - \bar{y})}{\sqrt{\sum (x - \bar{x})^2 \sum (y - \bar{y})^2}}$$

Мұндағы:

x - жылдар;

y - ОҚО ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы;

\bar{x} және \bar{y} - көрсеткіштердің орташа арифметикалық мәні.

Корреляциялық талдауды Microsoft Excel бағдарламасының көмегімен көмекші кесте құрып есептейміз (кесте 25). 25 кестедегі мәліметтерді формулаға салып есептейміз, сонда:

$$r = \frac{\sum (x - \bar{x})(y - \bar{y})}{\sqrt{\sum (x - \bar{x})^2 \sum (y - \bar{y})^2}} = \frac{4472,9}{\sqrt{227,5 * 100600,4}} = 0,93496$$

Корреляциялық байланыс $r=0,93496$ құрады. Яғни, факторлар арасында байланыс өте жоғары екенін байқауға болады. ОҚО ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы жылдарға байланысты тұрақты өсіп отырғандықтан, қарапайым динамикалық болжам жасауға болады (сурет 21).

Кесте 25 - Корреляциялық талдаудың көмекші кестесі

№	X	y	$(x - \bar{x})$	$(y - \bar{y})$	$(x - \bar{x})(y - \bar{y})$	$(x - \bar{x})^2$	$(y - \bar{y})^2$
1	2001	55,677	-6,5	-94,3	613,1	42,25	8896,847
2	2002	70,262	-5,5	-79,7	438,6	30,25	6358,181
3	2003	87,700	-4,5	-62,3	280,4	20,25	3881,352
4	2004	80,420	-3,5	-69,6	243,5	12,25	4841,418
5	2005	88,070	-2,5	-61,9	154,8	6,25	3835,313
6	2006	93,134	-1,5	-56,9	85,3	2,25	3233,731
7	2007	103,399	-0,5	-46,6	23,3	0,25	2171,672
8	2008	132,973	0,5	-17,0	-8,5	0,25	289,922
9	2009	137,926	1,5	-12,1	-18,1	2,25	145,772
10	2010	163,833	2,5	13,8	34,6	6,25	191,346
11	2011	207,915	3,5	57,9	202,7	12,25	3354,136
12	2012	259,204	4,5	109,2	491,4	20,25	11925,448
13	2013	296,994	5,5	147,0	808,5	30,25	21607,148
14	2014	322,824	6,5	172,8	1123,4	42,25	29868,135
Σ	28105	2 100,3	0	0,3293	4472,9	227,5	100600,42
	$\bar{x}=2007,5$	$\bar{y}=150,0$					

Ескерту: [77] дереккөз негізінде автормен дайындалған

Болжамға қажетті мәліметтерді 25 кестеден аламыз. Болжам жасау үшін қажетті сызықты регрессиялық теңдеуді келесідей түрде беруге болады. Олардың мәндерін сәйкес формулалармен (3), (4), (5) анықтаймыз:

$$(3) \\ y = bx + a$$

мұндағы,

$$(4) \\ a = \bar{y} - b\bar{x}$$

$$(5) \\ b = \frac{\sum (x - \bar{x})(y - \bar{y})}{\sum (x - \bar{x})^2}$$

Енді 25-шы кестедегі дайын мәліметтерді формулаға қойып шығарамыз. Ең алдымен b , содан кейін a -ның мәндерін табамыз,

$$b = \frac{\sum (x - \bar{x})(y - \bar{y})}{\sum (x - \bar{x})^2} = \frac{4472,9}{227,5} = 19,661$$

$$a = \bar{y} - b\bar{x} = 150,0 - 19,661 * 2007,5 = -39319,458$$

Бұдан болжам жасауға қажетті келесідей сызықтық регрессияның теңдеуі шығады:


$$y = 19,661x - 39319,458$$

Соның негізінде төмендегідей графикті Excel бағдарламасының диаграмма жасау конструкторы арқылы шығарамыз.

Келесі кезекте сызбаға тренд сызығын қосамыз және детерминация коэффициенті мен болжам жасауға қажетті сызықтық функцияның формуласын анықтаймыз. 21-ші суретте Excel бағдарламалық пакетті қолдана отырып болжам жасауға қажетті сызықтық функцияның формуласы шығарылады:

$$y = 19,661x - 39319,458$$

Оның орындалу деңгейі $R^2=0,8742$ көрсетіп тұр. Бұл болжамның орындалу деңгейі немесе мүмкіндігі 87 пайызды құрайтындығын білдіреді.



21-сурет - ОҚО бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымының үдерісі, млрд. теңге

Ескерту: [77] дереккөз негізінде автормен дайындалған

Енді анықталған формуланың x – мәнінің орнына болжам жасалынатын жылды қою арқылы сәйкес жылдағы ОҚО бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымының болжамын жасауға болады. Алдағы төрт жылға болжам жасайтын болсақ формуладағы x - мәнінің орнына 2015, 2016, 2017, 2018 жылдарды қойып y -тің мәнін табуға болады.

$$y_{2015} = 19,661 * 2015 - 39319,458 = 297,457$$

$$y_{2016} = 19,661 * 2016 - 39319,458 = 317,118$$


$$y_{2017} = 19,661 * 2017 - 39319,458 = 336,440$$

$$y_{2018} = 19,661 * 2018 - 39319,458 = 356,440$$

Есептелініп шығарылған болжам нәтижесін 22 суреттегі қорытынды графикпен бейнелейміз.

22 суретте ОҚО бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымының 2001-2014 жылдардағы мәліметтері негізінде тренд анықталып, соған сәйкес 2015-2018 жылдарға сызықтық регрессия теңдеуі негізінде қарапайым динамикалық болжам жасалынды. Болжам бойынша 2018 жылға қарай ОҚО бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы

шығарылымы 356 млрд. теңге дейін өсуі мүмкін. Сонымен қатар, болжамда 2018 жылға қарай ОҚО бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымының өсу қарқынының бәсеңдеуі байқалады.



22-сурет - ОҚО бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымының 2015-2018 жылдарға болжамы, млрд. теңге

Ескерту: [72] дереккөз негізінде автормен дайындалған

ОҚО бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымының өсу қарқынын арттыру үшін ауыл шаруашылығындағы негізгі тәуекелдерін төмендетудің келесі жолдары ұсынсақ болады (кесте 26).

Ауыл шаруашылығындағы өндірістік–техникалық тәуекелдерді төмендету үшін ең алдымен оларды сақтандыру арқылы, дақылдарды өсірудің агротехникасын жетілдіру, мамандардың санатын жоғарлату, техникалық талдау жасау және сақтық қор қалыптастыру негізінде төмендеткен жөн.

Ал өнімді өткізуге байланысты тәуекелдерді нарықта маркетингтік зерттеулер жүргізу, қойма жүйелерін жетілдіру және логистикалық жүйелерді енгізу нәтижесінде алдын алуға болады.

Әлеуметтік тәуекелдерді көбіне жұмысшылардың қажеттіліктеріне байланысты пайда болатындықтан жұмыскерлерге қосымша еңбек ақы есептеу мен мотивациялық саясатты жетілдіру арқылы төмендетуге болады.

Кесте 22 - Ауыл шаруашылығы тәуекелдерін төмендетудің ұсынылатын жолдары

Тәуекел түрлері	Себептері	Тәуекелді төмендету жолдары
Өндірістік-техникалық тәуекелдер	<ul style="list-style-type: none"> – Қолайсыз ауа райы – Табиғи апаттар – Өнімділіктегі ауытқулар – Шикі зат көлемі мен сапасындағы тұрақсыздық – Жаңа технологиялар 	<ul style="list-style-type: none"> – Сақтандыру – Дақылдарды өсірудің агротехникасын жетілдіру – Мамандардың санатын жоғарлату – Техникалық талдау жасау – Сақтық қор қалыптастыру
Өнімді өткізуге байланысты тәуекелдер	<ul style="list-style-type: none"> – Бәсекелестердің іс-әрекеті – Сұраныстың өзгеруі – Нарықтағы бағаның өзгеруі – Төмен іскерлік белсенділік 	<ul style="list-style-type: none"> – Маркетингтік зерттеулер жүргізу – Қойма жүйелерін жетілдіру – Логистикалық жүйелерді енгізу
Әлеуметтік тәуекелдер	<ul style="list-style-type: none"> – Төмен жалақы – Әлеуметтік инфрақұрылым 	<ul style="list-style-type: none"> – Қосымша еңбек ақы есептеу – Мотивациялық саясатты жетілдіру
Қаржы-экономикалық тәуекелдер	<ul style="list-style-type: none"> – Айналым құралының жетіспеуі – Төмен төлемқабілеттілік – Келісім-шарттың бұзылуы – Салықтардың өсуі – Шикі зат, энергия шығындарының өсуі – Жеткізуші кәсіпорындарға тәуелділік 	<ul style="list-style-type: none"> – Сақтандыру – Терең қаржы-экономикалық талдау – Мемлекеттік қаржылық қолдауды арттыру
Ескерту: [62] дереккөз негізінде автормен дайындалған		

Қаржы-экономикалық тәуекелдерді төмендетуде маңызды орынды сақтандыру алады. Сонымен қатар, барлық іс әрекеттерді терең қаржы-экономикалық талдау жасау арқылы да көптеген қателіктердің алдын алуға болады. Ал, ауыл шаруашылығында қаржы-экономикалық тәуекелдерді төмендетуде мемлекеттік қаржылық қолдауды, тек апаттық деңгейдегі тәуекелдердің зардаптарын төмендету үшін қолданған жөн. Бұл ұсынылып отырған жолдардың көбі қазіргі таңда кеңінен қолданылып жүрген әдістерді қамтиды.

Ауыл шаруашылығы өнім өндірісіндегі тәуекелді басқару механизмдерін жетілдіру өте күрделі және көп қырлы процес. Зерттеу барысында алынған

нәтижелер мен қортындылар негізінде ауыл шаруашылығы тәуекелдерін алдын алу мен басқару механизмдер жетілдірудің келесідей бағыттары ұсынылады (сурет 21):

- 1) сақтандыру жүйесінің мотивациялық тиімділігін арттыру;
- 2) стратегиялық артықшылықтар негізінде ауыл шаруашылығын дамыту;
- 3) өнім өндірісіндегі тәуекелдерді төмендету тәсілдері;
- 4) өнімді өткізу барысында тәуекелді басқару;
- 5) білім беру қызметі арқылы тәуекелді басқару.

Ендігі кезекте осы бағыттардың арқайсысына жеке тоқталып кетейік.

1) Сақтандыру жүйесінің мотивациялық тиімділігін арттыру. Сақтандыру жүйесінің мотивациялық тиімділігін арттырудың қажеттілігі зерттеу барысында жүргізілген сауалнама нәтижелерінен шығаруға болады. Ол бойынша шаруа қожалығының өнімдерді сақтандыруға жұмсайтын қаражаты, шаруашылықта баға тәуекелдерін азайту үшін алдын ала келісім шарттарды қолдану және шаруашылықта баға тәуекелдерін азайту үшін фьючерстерді қолдану ортадан төмен деңгейде болған. Бұл көрсеткіштер ауыл шаруашылығы өнім өндірушілердің тәуекелдерді сақтандыру бойынша қызығушылықтарының төмендігін көрсетеді.

Сонымен қатар, ауыл шаруашылығында сақтандыру ісін қолға алуға сақтандыру компаниялардың да қызығушылықтары төмен болып отыр. Бұл мәселенің қазіргі таңдағы шешімі тек екі тарапты сақтандыруға міндеттеумен шектелінуде.

Екі жақтың да сақтандыруға деген қызығушылығын арттыру үшін ең алдымен екі жақтың қызығушылықтарын анықтау қажет. Ауыл шаруашылығы өнім өндірушілер үшін төмен сақтандыру жарналары мен сақтандырудың сенімділігі маңызды. Ал сақтандыру компаниялары үшін өз қызметін табысты жүргізу маңызды, яғни сақтандыру жарналарының сақтандыру жағдайы туындағанда оны жабуға жеткілікті болуы тиіс.

Сонымен қатар, ауыл шаруашылығында сақтандыру жағдайына және оның тиімділігіне көптеген факторлар әсер етеді [96]. Олардың ең маңыздылары:

- ауыл шаруашылығының қаржы-экономикалық жағдайының нашарлауы және жер иеленушілердің сақтандыру туралы төменгі санасы;
- ауылдық жерлерде техникалық инфрақұрылымының дамымағандығы, ауыл шаруашылығындағы қалыптасқан жағдайға және оның ерекшелігіне сақтандыру қауымдастығы ұсыныстарының сәйкессіздігі;
- сақтандыру жағдайы ретінде танылатын, жағдайдың пайда болуы кезінде ауыл шаруашылық саясатта жүйелі шешімдердің жетіспеушілігі.

Ауыл шаруашылығы үшін сақтандырудың маңызды рөлі мен пайдасына қарамастан, ол қазіргі таңда нашар таралған. Себебі, бұл саладағы дәстүр жетік қалыптаспаған және сұраныс жеткіліксіз дамыған, оған ауыл шаруашылығы халықының табыс деңгейі төмен және сақтандыру бойынша үйлестірілетін ақпараттың аздығын қосуға болады.



22-сурет – Оңтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы тәуекелдерін алдын алу мен басқару механизмдерін жетілдірудің ұсынылатын бағыттары

Ескерту: автормен дайындалған

Қазақстан ауыл шаруашылығында сақтандыруға байланысты осы және де басқа көптеген мәселелерді шешудің қазіргі таңда мүмкін жолы ол «Қазақстан ғарыш сапары» ҰК АҚ жақында қол жеткізген мүмкіндіктерін пайдалану. Яғни жер серіктерінің жоғары дәлдікпен ауыл шаруашылығы жерлерін түсіру мүмкіндіктерін құрғақшылық, үсік шалу, жауын шашын мөлшері сияқты тағы басқа көптеген тәуекелдердің мониторингінде және параметрлер бойынша сақтандырылуында пайдалануға болады.

Ауыл шаруашылығында параметрлер бойынша сақтандыру енгізу қажеттілігінің негізгі себебі, Қазақстанның географиялық орналасуына байланысты ауыл шаруашылығы өнім өндірісінің ауа райы жағдайларына тәуелділігінде болып отыр. Параметрлер бойынша сақтандыру механизмінің артықшылығы – ол белгілі бір сақтандыру жағдайын сипаттайтын келісім шартта алдын ала анықталған индекстердің, мониторинг барысында анықталған

индекстерге сәйкес келу нәтижесінде, сақтандыру жағдайының туындағанын білдіреді.

Параметрлер бойынша сақтандырудың ауыл шаруашылығы өнім өндірушілеріне тиімділігі сақтандыру жағдайының болғанын дәлелдеп, көптеген құжаттарды жинақтаудың қажеттілігі жоқ. Ал сақтандыру компаниялары үшін параметрлер бойынша сақтандырудың тиімділігі сақтандыру жағдайын бағалау шығындарының төмендеуі, басқару шығындарының қысқаруы және т. б. мүмкіндіктері бар [97].

Қазақстанның ауыл шаруашылық нарығын тұрақтандыру үшін сыртқы нарықтарға қатысты ұлттық нарықтың мүмкіндіктерін пайдалануға болады. Мысалы: өндірістің жеке бағыттарында төлемділікте қатынасты қалыптастырмайтын, ауыл шаруашылық пайданы қолдау әдістеріне ауысу мен өндірістік шектерден алшақтану, ауыл шаруашылығын қайта құруды қолдаудың пайдасында ауыл шаруашылық өндірісті қолдауды бірте-бірте шектеу жаһандық нарықта ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға септігін тигізетіні анық. Ауыл шаруашылығы нарықтарды тұрақтандыру құралдары өндіріс факторларын пайдалану тиімділігін арттыруға, шаруашылық салаларын тереңдетуге және онымен байланысты өндіріс көлемінің тиімділігін, технологиялық деңгейді жақсартуға мүмкіндік береді.

Қазақстандық ауыл шаруашылық үшін пайдалы қайнар көздің бірі нарыққа қатысты ішкі артықшылықтарды пайдалану болып табылады, яғни еңбек ресурстары мен жердің үлкен көлемін және өндірістің басқа да факторларын пайдалануды талап ететін, өнеркәсіп бағыттарында саланың бейімделу мүмкіндігі маңызды.

Шаруашылықтың дамуымен және олардың қарыздарымен байланысты жоғарғы тәуекел жағдайында ықтимал шығындардың алдын-алу үшін ауыл шаруашылық өндірушілердің қамтамасыздану деңгейі жеткіліксіз болып табылады. Сондықтан, кеңес беру қызметі мен сақтандыру мекемелерінің белсенділігін арттыру, сонымен қатар, ауыл шаруашылық өндірушілерді оқытумен және ағартушылықпен байланысты, мәселелерді шешуде ауыл шаруашылығын қаржыландыратын ұйымдар қажет [98].

2) Стратегиялық артықшылықтар негізінде ауыл шаруашылығын дамыту. Стратегиялық көлемде ауыл шаруашылығын дамыту ең алдымен Қазақстан ауыл шаруашылығының әлемнің басқа елдерімен бәсекелестікке түскенде ұзақ мерзімді даму жоспарын құруды талап етеді. Бұл тұрғыдан «Қазақстан – 2050» стратегиясында анықталған ауыл шаруашылығын дамыту бойынша приоритетті бағыттарды орындаудың маңызы зор [1].

Әлемнің басқа елдерімен бәсекелестікке түскенде ауыл шаруашылығы сыртқы-өткізушілік және бағалық бәсекелестікке ұшырайтыны анық. Сондықтан отандық ауыл шаруашылығы бұл күшейіп жатқан бәсекелестік күресте өзінің артықшылықтарын тиімді пайдалана білген жөн. Оларға географиялық орналасуды, жер көлемін және экологиялық таза табиғи ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мүмкіндіктерін айтса болады.

Жаһандық интеграциялық үдерістердің нәтижесінде Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы ашық әлемдік экономикалық жүйенің бөлігіне айналады. Бұл жүйедегі нақты әсер әр экономикалық субъектіні төменгі баға стратегиясын пайдалануға мәжбүрлейді. Өндіріс пен айналым салаларындағы технологиялық жаңалықтармен қатар, жаңа өнім түрлері де маңызды рөл атқарып, маркетингтің рөлі өсетінін көрсетеді.

Агробизнес пен ауыл шаруашылығы саласында экономикалық жаһанданудың таралу аймағы интервенция және ауыл шаруашылық протекционизм саясаттарымен тежелуі мүмкін, ол азық – түлік өнімдерінің ірі экспорттаушыларымен және импорттаушыларымен жүргізілетін, ауыл шаруашылық саясатының қолданатын жүйесін модификациялау амалына және либерализация қарқынына қарамастан сақталады.

Нарықтық күштердің әрекеттері нәтижесінде ауыл шаруашылық емес салалармен салыстырғанда ауыл шаруашылық табыс төмендеп, халықтың белсенді бөлігі тиімді жұмыс орындарын іздеуге мәжбүр болады. Бұл үдеріс үшін екі құбылыстың мәні зор. Біріншіден, ауыл шаруашылық өнімдерге жалпы сұраныс қызметтер секілді басқа тауарларға сұраныспен салыстырғанда анағұрлым төмен өсіп жатқандықтан, ауыл шаруашылық өндірістің өсуі баяулайды. Бұл құбылыс азық-түлік құрылымының өзгеруімен байланысты және таза экспорттың өсуімен өтелу мүмкін.

Екінші құбылыс – басқа тауарларға қарағанда ауыл шаруашылық өнімдеріне бағаның төмендеуі. Оған себеп, П.Самуэльсон әсері, яғни өндіріс пен ауыл шаруашылығы секторымен салыстырғанда, қызмет көрсету секторларында еңбек өнімділігінің жылдам өсуінің мүмкіндігі жоқ, сондықтан қызмет көрсету секторы бағалары тез өседі. Дамыған елдердегі ауыл шаруашылықтың өнімдеріне бағаның төмендеуін күшейтетін факторға ауыл шаруашылық саясаттың либерализациялануы және дамушы елдерде азық-түлік өнімдерін өндірудің өсуі жатады. Бұл құбылыстардың екеуі де ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігіне әсер етеді. Егер мұндай өсу болмаса, орташа ауыл шаруашылық кірістің өсуі ауыл шаруашылық емес қызметтің кірісіне қарағанда анағұрлым төмендер еді.

Ұлттық экономиканың негізгі бөлігі ретінде, ауыл шаруашылықтың даму болжамы қазіргі таңда мүмкіндіктерді, яғни «ақпараттық» деп аталатын қоғамның жаңа үлгісімен байланысты екендігі айдай анық. Осы үлгіге сәйкес қоғамның негізі - «білім» болады. Кез-келген қызметтің негізі, әсіресе экономикалық қызметте, ақпаратты пайдалану білімі мен қабілетін меңгеру маңызды болып табылады.

Қоғамның экономикалық және ауыл шаруашылық дамуы үшін дамудың қажеттілігін ескеретін, және маңызды талаптарға жауап беретін, нақты болжам қажет. Осы талаптардың орындалуы келесі мақсаттарға жетуге мүмкіндік береді:

– ауылды өмір сүру қабілетінен айырмау үшін ауылдық жерде немесе оның маңайында өндірістік үдерістегі адамдардың жұмыспен қамтылу кепілдігі болу керек. Олай болмаған жағдайда ауыл шаруашылық дамуының артта қалуы

сақталады. Ауыл шаруашылығындағы жұмыс орындары қысқартылады, бірақ орман шаруашылығы мен қоршаған ортаны қорғауда сақталады, туризм, қолөнер, ұсақ өнеркәсіпте, қызметтер мен еркін кәсіптерде көбейеді;

– әлеуметтік және демографиялық мәселелердің шешілуі, еңбек қызметінің нәтижесінде ауыл тұрғындарының жеткілікті кірісі болады;

– қоршаған ортаны қорғау (табиғи қорларды, табиғат көрінісі, мәдени мұраны қорғау, жаппай құрылысқа қарсы әрекет, ауыл шаруашылық өнімге бағаны сақтау ауылдық жердегі өмір сапасы үшін маңызды, өркениеттік дамуға мүмкіндік, елдің экономикалық дамуы мен қала тұрғындары үшін маңызды);

– қоғамдық қызмет сапасы мен техникалық инфрақұрылымның жақсаруы ауыл халқы үшін капиталдың тартылуы мен ауылдық жерге қоныстануы немесе халықтың ауылдан кетуін төмендету, еркін кәсіптердің дамуы үшін маңызды.

Болжамдаудың бастапқы кезеңінде стратегиялық мақсаттар құрылу керек. Оларға ең алдымен ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігінің өсуі және ауыл шаруашылық өнімдер мен азық-түліктің халықаралық нарығы шегінде бәсекелестік мүмкіндікке жету жатқызылады. Бұл мақсаттардың іске асырылуы ауылдық экономиканың құрылымында ауыл шаруашылығының алдыңғы қатарға шығуына негіз болады. Ауылдық қоғамның құрылымында ауыл шаруашылық секторының мәні ауыл шаруашылық жұмысшылардың кәсібінің саны арқылы төмендетілуі керек. Сонымен қатар, оның рөлі сектордың экономикалық мәнімен емес, ауыл шаруашылық жұмысшылар құрайтын адами және қоғамдық капитал деңгейімен анықталады.

Ауыл мен ауыл шаруашылығының мүмкіндіктерін қарастыру барысында бұл сектордың ең маңызды стратегиялық мақсаты адам ресурстарын дамыту және жан-жақты пайдалану екендігіне негізделу керек. Ауыл шаруашылығы жасырын жұмыссыздық пен тіркелген жұмыссыздардың 1/3 бөлігін қосатын сала болып табылады. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы, әсіресе қожалықтар, өзгеруге дайындықтың шектелуімен және ескі әдет-ғұрыпқа бейімділігін байқауға болады.

Жүргізілген зерттеулер бойынша, аграрлық, азық-түліктік өнімдерге сұраныс өте баяу қарқынмен өседі де, еңбек өнімділігінің артуымен байланысты ауыл шаруашылық жанұялардың мүмкіндіктерін пайдалануға жағдай жасамайды. Бұл өнімдерге сұраныстың біршама өсуі ауыл шаруашылық шикізатқа сұраныстың өсуіне негізделеді. Бірақ бұл өсу ауылдың көпқызметтілігін кеңейтуге септігін тигізсе де, ауылдық жанұялардың еңбек қорларының барлық көлемін пайдалануға жеткіліксіз. Осы бағытта туризм, қоршаған ортаны қорғау, қоғамдық қызмет, инфрақұрылым, қолөнер мен жергілікті өнеркәсіп салаларында ауылды белсендендіру іске асырылған жөн.

Ауыл шаруашылығы егемендік алғалы бері көптеген күрделі қайтақұруларға ұшырады: ауыл шаруашылығы жұмыс орындары мен ауыл шаруашылық емес секторлардың қатысуы өсіп, ал өмір сүру деңгейі мен салты урбанизацияланған жерлерге тән. Бұл бағыттағы өзгерістер ұзақ уақытқа

жалғасып, үлкен қиындықтармен байланысса да, оны тоқтату мүмкін болмай тұр.

Дамудың басты факторы – ірі және дұрыс басқарылатын шаруашылықтарда жұмыс істейтін халықтың табысы. Егер ол табыстар қалалық тұрғындармен теңессе немесе артса, онда адамдар ауылға жұмыс істеуге келеді.

Қазіргі экономикалық, экологиялық және қоғамдық үдерістерге дұрыс жауап беретін, 2050 жылға қарай ауыл шаруашылығының көрінісінің келесідей болжамдалуы мүмкін:

- экологиялық инфрақұрылымы жақсы дамыған шаруашылық жүргізудің белсенді түрлерін кеңінен пайдаланатын және ауыл шаруашылығына кері сыртқы әсерді шектейтін, тиімді ауыл шаруашылық технологияларды қолданатын, экономикалық диверсификацияланған ауыл шаруашылық кәсіпорындары (жасыл экономика негізінде);

- мемлекеттік және нарықтық механизм құрылғылары арқылы қоғамдық әлауқатқа бағытталған, қызметтер үшін марапаттау жүйесімен қамтылған, жергілікті қоғамда жоғарғы және үйлесімді өмір деңгейі бар ауылдың жоғары білімді тұрғындары (ауыл шаруашылығына жоғары сапалы маман қажеттілігі);

- қоғамдық рөлді түсінетін және өздері қанағаттанатын ауыл шаруашылық жұмысшылар бәсекелес сыртқы нарықпен сәйкесінше бағаланатын, қауіпсіз, жоғары сапалы ауыл шаруашылық өнімді өндіреді.

Басқа жағдайда ауыл шаруашылығының болашақтағы дамуы мүмкін емес десе де болады. Ауылдың негізгі бөлігі ауыл шаруашылық болып қалады. Оған экономикалық, географиялық және табиғи жағдайлар негіз болады. Ауыл шаруашылығы егіндік алқаптардың көлемін қысқартып, ауыл шаруашылық өндірісте шығындардың тиімділігі анағұрлым жоғары болатын, ең құнарлы жерлер қалуы мүмкін.

Жаһандық нарыққа кіру барысында «Қазақстандық мамандануды» іздеу керек, яғни халықаралық нарықтардағы жағдайлар мен ауыл шаруашылық саясаттардың өзгеруін есепке алып, нақты артықшылықтары бар отандық ауыл шаруашылықтың өндіріс салаларын анықтау қажет.

Ауыл шаруашылығының одан әрі дамуы үшін күрделі өзгерістерге ұшырауы тиіс. Көптеген факторларға орай, бірнеше жылда ауыл шаруашылығы өзгерістер қарқыны бірнеше онжылдар бойы Қазақстанның индустриалды-инновациялық даму векторын қабылдауға байланысты күрделену мүмкін [99]. Себеб, индустрияландыру аз уақытта жүзеге асыруға болмайды.

Бүгінгі таңда әлемдік және еуропалық ауыл шаруашылығында анағұрлым тиімді қызмет атқаратын, ауыл шаруашылық өндірістің 3 жүйесін ерекшелеуге болады:

1. интеграцияланатын өндіріс жүйесі. Нақты ауыл шаруашылығы әр шаруашылықтағы интеграцияланған өндірістің күрделі техникалық өзгерістерін қамтамасыз ете алады;

2. экологиялық ауыл шаруашылығы;

3. ауыл шаруашылығын жүргізудің жабық жүйелері, мысалы жылжай кешендері.

Қазақстан үшін ауыл шаруашылығын жүргізудің экономикалық және жабық жүйелері өзекті болып табылады. Ауыл шаруашылық өндірістің дәстүрлі, экстенсивті жүйелері тауарлық ауыл шаруашылығында қосалқы рөлді атқару керек және шаруашылықтың нақты дәрежелерінің өзін-өзі қамтамасыз етуі үшін арналады.

Бұл мүмкіндікті конвенциялық ауыл шаруашылығы түсінігімен аталған жағдай өзгерте алады. Ол нарықтың әсерінен және бәсекелес экологиялық өнімдерді өндіруге септігін тигізетін, азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігіне әсер ететін, ауыл шаруашылық саясаттың сәйкес құрал-жабдықтарының ықпалымен дамиды.

Ауыл шаруашылығының дамуында ауылшаруашылық кәсіпорындарының жұмыс істеуі аса маңызды. Себебі үлкен ауыл шаруашылығы өнім өндірушілерін экспортқа бағытталуы оңайырақ. Ал шағын ауыл шаруашылығы өндірушілердің тек ішкі нарықты қамтамасыз етуге қауһарлары жетеді. Сондықтан отандық ауыл шаруашылықтың қуаты қазіргі заманғы ірі тауарлық шаруашылықтарға негізделу керек.

Ауыл шаруашылығында шаруашылықтардың үш тобы қалыптасу мүмкін. Бірінші топ – тұрғылықты жер немесе капитал салымы ретінде айтылатын шаруашылықтар, ауыл шаруашылығымен өз болашақтарын байланыстырмайтын, адамдармен басқарылатын, ауыл шаруашылық емес жұмыс орындарына таяу орналасқан, шағын шаруашылықтар. Екінші топ – нарықпен және қайта өңдеумен тығыз байланысты, білімге негізделген, анағұрлым білімді егіншілермен басқарылатын, инвестициямен айналысатын, жерінің ауданы артатын, белсенді шаруашылықтар. Үшінші топты бидай мен дәнді дақылды өндіретін секілді, еңбек шығынының аздығын талап ететін, механизацияға жарамды, үлкен көлемде қарапайым өндіріспен айналысатын, жер иеліктері, ірі шаруашылықтар жатады.

Экономикада ауыл шаруашылықтың мәні аймақтық дифференциалданауы мүмкін. Яғни, елдің түрлі облыстары үшін болжамдар нұсқаларын табиғи жағдайлар мен әлеуметтік – экономикалық құрылымдардың ерекшеліктеріне байланысты жасауға болады.

Ауыл шаруашылық жерлердің айналымы үшін тән, қазіргі қарқынға қатысты мәліметтерді талдау негізінде жасалатын болжам бойынша ауыл шаруашылық жерлерді пайдалануда орын алатын болашақ өзгерістерге ауыл мен ауыл шаруашылығын қолдау бағдарламалары, әсіресе тікелей төлемдер үлкен әсер етеді. Макроэкономикалық факторларға қатысты еңбек нарығындағы жағдайдың жақсаруы және жастардың ауылдарға көшіп келуі шешуші рөл атқарады. Себебі, ауыл мен ауыл шаруашылығында адам факторы өте маңызды. Дегенмен, оның қызметі өзгеріп жатыр. Мындаған жылдар бойы жұмыс күші жұмысты орындау әдісі және өндіріс технологиясы дәстүрмен анықталды. Ұрпақтар тәжірибесі шаруашылықта немен айналысу, қандай мал өсіру, түрлі жұмыстарды қалай орындау керектігін көрсетті. XX ғасырдың

екінші жартысында жағдай өзгеріске ұшырады - бұл елдер жылдам, басқаларында баяу. Енді адами фактор- бұл ең алдымен технология мен нарықты білу. Болашақтың шаруашылығы - бұл білімге негізделген шаруашылық. Бүгінгі таңда біліммен капиталды көбейтуге болатындығы дәлелденген. Тікелей мысал- бұл жем пайдалануды көбейтпей сиырдың сүт өнімділігін арттыру, минералдық және органикалық тыңайтқыштарды, өнім бірлігіне шығынды азайта отырып дамыған елдерде өңделетін жердегі өнімдердің өсуі. Ол үшін «қалай өндіру керектігі» туралы мәселе дұрыс шешіледі. Оған алдымен, білім, яғни адами капиталдың өсуі, ал екіншіден- олардың іске асуы, яғни техникалық капитал және онымен байланысты- экономикалық капитал қажет.

Сонымен бірге, ауыл шаруашылығынан шығу немесе қосымша жұмыстарға қатысу Қазақстанда жұмыссыздықтың жоғарғы деңгейіне орай өте қиын және қосымша кезеңде ірі қаржы құралдарын тартуды талап етеді. Ауыл шаруашылық жұмысшылардың үлкен бөлігі үшін үздіксіз үйренудің арнайы бағдарламасын ұйымдастыру керек. Жоғарғы оқу орындары, ғылыми мекемелер мен орта мектептер егіншілердің білім деңгейіндегі мәселелерді жойып, олардың білім деңгейін және ауыл халқының санасын көтеретін, білім беру үдерісін іске асыру керек.

Ауыл шаруашылық халықтың жоғары білім деңгейі бірыңғай нарыққа тән, нарықтық бәсекелестікті сақтауға қабілетті, ауыл шаруашылық өндірісті құруда қажетті фактор болып табылады. Болмаса, ауылдық жерлерде тұратын, нашар білімді халық техника, технология саласында сәйкес білімі болмай және жаһандық нарық талаптарын білмей, Қазақстандық ауыл шаруашылығындағы тоқырауды күшейтеді.

Ауыл шаруашылығын жандандыру мәселелерін шешу, оларды өркениеттік емес жағдайдан шығарудың шарты- ауыл халқының белсенділігі болып табылады. Түрлі мақсаттарға жету үшін және азаматтардың бірыңғай әрекеттері қаладан қарағанда, ауылда қажет. Жол салу, құбыр жүргізу, ауылды жарықпен қамтамасыз ету секілі қалалықтар үшін дайын мәселелерді шешу мақсатында ауыл тұрғындарының өзін-өзі ұйымдастыруы, нақты қоғамдық комитет, билік органдарының нақты шешімдерін қалыптастыру керек.

Сонымен қатар, ауыл тұрғындарының инвестиция бөлуі немесе өз еңбектерін қосуы секілді материалдық қатысуы қажет. Мақсатқа жетудің бұл тәсілі ауыл тұрғындарына үлкен талаптар қойса да, жағымды жақтары бар. Ол инвестициялар дайындау мен іске асыру барысында қоғамның үлкен бөлігін біріктіреді, халықтың барлығы сәттіліктің қатысушысы, биліктің шешіміне қарамастан, бірге иеленуші сезімін туындатады.

Қазіргі таңда ауыл шаруашылығында қолданылып жатқан заттар міндетті қалыпқа айналады- малдың табиғи сапалары, аграрлық өнімдер мен абиотикалық орта үшін зиянның төмендетілуі, екінші жағынан- еңбектің техникалық қарулануының жоғары деңгейі талап етілген жөн.

Шығындарды үнемдеудің үлкен қорлары техникалық прогресспен бірге көбейетін, ауыл шаруашылық машиналардың өнімділігін анағұрлым толық

пайдалауымен байланысты. Бұл мүмкіндіктер өңделетін ауданды арттыру барысында, яғни машиналарды бірігіп пайдаланудың арқасында іске асу мүмкін.

Ұзақ мерзімде ауыл шаруашылық инфрақұрылымның даму болжамын Елбасының Қазақстан халқына жолдауында ауыл шаруашылығы мен ауылдың дамуы стратегиялық мақсаттардың бірі ретінде анықталған [1]. Ауыл шаруашылығында техника-экономикалық инфрақұрылымды дамыту қажеттігінің себебі олардың қызметтері импортталмайды және бірнеше шаруашылықты немесе өндірістік кәсіпорындарды қосатын, ауыл шаруашылық аудандарда қажет.

Әлемдегі жалпы ауыл шаруашылық саясат бұдан әрі де жаһандық үдерістердің әсерінен эволюцияланады деп болжамдауға болады. Ол бойынша үкіметтің ауыл шаруашылығына келесідей талаптар қоюы мүмкін:

- ауыл шаруашылық өндірушілерге инфрақұрылымды дамыту, маркетингтің модернизациялау және ауыл шаруашылық өнімдердің табиғилығын арттыру, ауыл шаруашылықтан түсетін табыстарды диверсификациялау;

- қоршаған ортаны қорғаумен айналысатын ауыл шаруашылығы кәсіпорындарды қолдау;

- әлемдік ауыл шаруашылықтың бәсекелестігіне қарсы тұра алатын есеппен, анағұрлым тиімді мұмыс істейтін ауыл шаруашылық кәсіпорындардың шағын топтарының дамуын қолдау.

2016 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Бүкіл әлемдік сауда ұйымына кіргеннен кейін, ауыл шаруашылық саясаттың эволюциялық мүмкіндігінің бірі- әлімдік бағалармен одақтық ауыл шаруашылық бағалардың деңгейін теңестіру болып табылады.

Сондықтан ауыл шаруашылық нарық үшін бірінші маңызды фактор бұл протекционизмнің белгілі бір дәрежесін қалыптстыру. Бірақ, бірнеше жылда ол әлсірей бастайды. Бұл барлық дамыған елдерде қызмет ететін ауыл шаруашылық саясатты шамадан тыс бағалаудың, әсіресе дамушы елдер үшін азық-түлік нарығында бәсекелестік жағдайын жақсартуға әсердің өсу нәтижесі болып табылады.

Ауыл шаруашылықты қолдау мен протекционизм көлемін уақыт өте келе шектейтін екінші факторға бағалардың өзгеруі жатады. Ауыл шаруашылығын қолдау барысында теңгенің басқа ақша түрлеріне нақты бағамын ескеру керек.

Сонымен көпжылдық әлеуметтік-экономикалық үдерістер және трансформацияның әсерінен ауыл шаруашылығының экономикалық жағдайы мынадай өзгерістер байқалады:

- трансформация кезеңінде ауыл халқының табысы және жұмыс орнымен қамтамасыз етілуінде ауыл шаруашылығының рөлінің біртіндеп төмендеуі байқалады;

- жұмыс орындарын құру мен табыстың өсуі бойынша ауыл шаруашылық қызмет түрлері төмен деңгейде;

- трансформация кезеңінде жалдамалы еңбек рөлінің төмендеуі;

– көптеген облыстардың әлеуметтік саясаты мен экономикалық құлдыруының шешілмеген мәселелері, демографиялық өзгерістер салдарынан ауыл тұрғындарының кәсіби белсенділігі төмендеді.

Осы және басқа да құбылыстардың нәтижесінде қалыптасқан жағдайдың келесі маңызды мәселелері бар:

– анық және жасырын жұмыссыздықтың үлкен көлемі;

– бағалық арақатынастың жақсаруы мен жалпы өндірістің өсуі арқылы табыстың артуы мүмкін емес, яғни ауыл шаруашылық жұмысшылардың бір тобындағы өндірістің өсуі басқа топтардағы шығынның өсуіне әсер етеді;

– білім беру, денсаулық сақтау және қоғамдық қызмет деңгейінің төмендігі;

Нарықтық күштер ұзақ мерзімдік кезеңде ауыл шаруашылық құрылымын күрделі өзгертеді және ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігін жылдам өсіреді деп болжамдауға болады. Демек, 2050 жылға дейін, ауыл шаруашылығының жылдам модернизацияласақ, ауыл халқының өмір сүру деңгейі мен экономикалық тиімділігінің өсуі әбден мүмкін.

3) Өнім өндірісіндегі тәуекелдерді төмендету тәсілдері. Өнеркәсіптің жағдайы мен даму мүмкіндігіне әсер ететін, тәуекелдермен байланысты, ауыл шаруашылық кәсіпорындардың қызметіндегі орталық сала өндіріс болып табылады. Мұнда тәуекелдердің пайда болуы өндіріс нәтижесіне ғана емес, сонымен бірге, өнімді өткізу, оның дамуына қажетті табыс табу қызметтерінің нәтижесіне теріс әсер етеді.

Қауіпті жағдайлардың пайда болуы мен олардың салдару мүмкіндігін төмендету және алдын алу үшін өндірісті диверсификациялаудың маңызы зор.

Өндірісті диверсификациялаудың тиімді бағыттарының бірі энергетикалық шикізат пен энергия өндірісі болу мүмкін. Кейбір болжамдар бойынша ХХІ ғасырдың бірінші жартысында ауыл шаруашылық дамудың және ауылдағы өзгерістердің негізгі реттегіші болатын ауыл шаруашылық қызмет энергетикалық қор мен энергия көзі ретінде азық-түлік қызметі секілді маңызды болады. Себебі қазірдің өзінде кейбір ауыл шаруашылық дақылдардан жанар май дайындауға қажетті шикізат алуға болады.

Бұл тезис келесі алғышарттардан туындайды. Біріншісі- бұл ауыл шаруашылық дамуға кедергі келтіретін, азық-түлік өнімдері мен ауыл шаруашылық шикізатқа сұраныстың өсу қарқынының жоқтығы. Экономикасы дамыған елдерде ауыл шаруашылық шикізаттың қалдықтары пайда болды, ауыл шаруашылық өнімді өндірушілердің өтімділігі мен табысы төмендеді, ауыл шаруашылық өндірістен шығарылған жерлердің ауданы өсті. Егер ауыл шаруашылығы ұлттық және шетелдік нарық тұтынуға қабілетсіз өнімдерді өндірсе, онда өндірісті диверсификациялау қажеттілігі туындайды.

Халықаралық энергетикалық қоғамның, Халықаралық энергетика агенттігі арқылы дайындалған есепке сәйкес, 2000-2020 жылдары 60% құрайтын қуат тұтыну қажеттілігі одан әрі артады. Болжам бойынша, 2020 жылдан кейін жанармайдың(мұнай, табиғи газ бен көмір) дәстүрлі түрлерінің қоры таусылып және оған байланысты бағалардың жоғарылауына орай,

олардың мөлшері азаяды. Бұл қайнар көздердің орнын басатын, қайта жаңаратын қуат көздері (ҚЖҚК) арасында ауыл шаруашылығында жасалатын шикізатқа ерекше назар бөлінеді.

Ауыл мен ауыл шаруашылығының осындай рөлін болжамдауға мұнай, газ бен көмір секілді энергетикалық қорлардың азаюы негіз болады. Қайта жаңаратын қуат көздері үшін ауыл шаруашылығында өсірілетін өсімдіктерден алынатын биожанармайдың маңызы зор. Кейбір елдерде энергетикалық өсімдіктерді өндіру азық-түлік өнімдеріне қарағанда анағұрлым маңызды болу мүмкін.

Ауыл шаруашылығы жер, су және күн жылуына негізделеді. Фотосинтез үдерісінің арқасында өнімнің келесі екі түрі сақталады: біріншісі, бұл өндірістік кәсіпорындар үшін азық-түлік пен шикізат және екінші бұл жер қыртысында Жердің қалыптасу кезеңінде жинақталған, шикізаттың энергетикалық түрлері ретінде ұқсас әдіспен пайдаланылатын, бастапқы қуат көздері болып табылатын өсімдіктер.

Өндірістің бірнеше салаларында қолданысқа енетін, өндірілетін өсімдіктердің ұзын тізімі ауыл шаруашылық өнімдерді өндірістік емес пайдалануды зерттеу нәтижесі болып табылады. Алайда оларды игерудің түрлі тәсілдері арасында алға шыққан биоэнергетикалық бағыт «жасыл экономика» үшін негіз болатын сарқылмас, экологиялық таза қуат көздерін пайдалануға қызығушылықтың өсуін ескереді.

Қайта жаңаратын қуат көздерін пайдалану концепциясының қалыптасуына тікелей әсер еткен факторға 70-жылдардағы энергетикалық дағдарыстар мен табиғи ортаның одан әрі де градациялануы жатады.

Биомассаны энергетикалық игерудегі үлкен мүмкіндіктеріне оның жылу көздерінде тұрақты жанармай ретінде пайдалануы жатады. Жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, қуат көзі ретінде биомассаны пайдалануға мүмкіндік беретін құрылғыларды құру газ бен көмір жағатын дәстүрлі пештерге қарағанда қымбат. Бірақ болашақта бұл жағдай дәстүрлі қуат көздерінің үздіксіз қымбаттауына байланысты өзгеру мүмкін.

Энергетикада ауыл шаруашылық шикізатты пайдалану – бұл жаңа өткізу нарығы, кәсіпорындардағы табыстың өсуі ғана емес, ауылдағы жұмыспен қамтудың арту мүмкіндігі ретінде қарастыруға болады.

Жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, ауыл шаруашылық дақылдарды өндіру жағдайларындағы айырмашылық ауыл шаруашылық өнімнің сәйкес түрлерін өндіру тиімділігі мен ауытқу тәуекелдеріне күрделі әсер етеді. Дегенмен, белгілі бір өнім түрлерін өндіру көлемін, ауыл шаруашылық дақылдарды егу аудандарының көлемі егістік құрылымының өзгеруіне байланысты, кәсіпорынның саласын өзгерту бәсекелес өнім өндіру тұрақтылығына және жалпы ауыл шаруашылық өндірісі мен басқа өнім түрлерін өндіру тұрақтылығына әсер етеді.

Дақылдардың үйлесімділігі, осылайша, ауыл шаруашылық дақылдардың өнім ауытқуының тәуекелін төмендетуге мүмкіндік береді. Осы уақыт

аралығында өнімнің орташа көлемі бойынша түрлі мөлшері бар дақылдарды іріктеу мәселесі қалыптасады.

Ауыл шаруашылық дақылдардың өнімділік ауытқуындағы тәуекелді төмендету және тиімділікті арттыруға мүмкіндік беретін, ауыл шаруашылық дақылдардың егіс алқаптарының тиімді көлемін және орналасуын негіздеу үшін келесі әдістемелік жағдайларды пайдалану қажет:

– егіс алқаптарының тиімді құрылымын негіздеу барысында басқа дақылдармен салыстырғанда өнімділіктің ауытқушылығы төмен және тиімділігі анағұрлым жоғары дақылдарды таңдаған дұрыс;

– ауыл шаруашылықтың жеке өнім түрлерін өндіру көлемін өзгерту бұл өнімді өндіру көлемінің ауытқу тәуекелі мен тиімділігіне әсер етеді;

– өнімділіктің ауытқуы есептік кезеңде түрлі белгіленетін жағдайда, жылдар көлемі жоғары болатын дақылдар түрлері үйлесу керек.

Бидайдың жеке түрлерін өндіру ауытқушылығы мен тиімділігін талдау көрсеткендей, дәнді дақылдардың өнім деңгейі түрлі қалыптасатын жағдайларға ерекше әсер етеді. Сонымен қатар, шаруашылықтардың ауытқуы төмен және өнім деңгейі жоғары болатын дақылдар жиі таңдалатыны анықталды. Бірақ, дақылдардың үйлесімділігін таңдау барысында өнімділіктің ауытқу тәуекелі төмендеп, ал дәнді дақылдардың өнімділігінің орташа деңгейі төмендемеу керек. Осы міндетті орындау үшін қарастырылатын уақыт аралығындағы өндірістің орташа көрсеткіштеріне бейімделген жеткіліксіз. Дәнді дақылдардың құрылымдық нұсқалары барысында жылдар бойынша жалпы өнімділіктің мүмкіндігі қарқынын ескеру керек.

Өндірістік тәуекелдерді басқармастан бұрын оларды басқаруға мүмкіндік беретін тетіктері мен өлшемдерін анықтап алған жөн. Өйткені, басқарудың тиімділігі тікелей басқару объектісінің өлшемдерін өзімізге қажетті деңгейге өзгерту мүмкіндігіне байланысты, яғни нәтижені өзімізге тиімді етіп өзгерте алмасақ басқаруда мүмкін емес болады.

Ауыл шаруашылығында өндірістік тәуекелді басқарудың ұсынылатын жүйесін келесідей көрсетуге болады (сурет 23):

- тәуекелді талдау;
- тәуекелге әсер ету әдісін таңдау;
- таңдалған әдісті жүзеге асыруға шешім қабылдау;
- нәтижені бақылау және түзетулер енгізу [36; 100].

Тәуекелді талдау - жоғары қауіпі бар тәуекелдер түрін, қасиетін және құрылымын анықтап, оларды бағалауға мүмкіндік береді. Тәуекелді анықтау барысында нақты ауыл шаруашылығы кәсіпорнына байланысты барлық тәуекелдердің сапалық құрамы: тәуекел факторлары мен потенциалды тәуекелдер анықталады. Ал тәуекелді бағалау арқылы анықталған тәуекелдермен қарсыласу ықтималдылығы және ықтимал шығындарының сандық көрсеткіштері анықталады. Бағалау әрбір тәуекелдің ықтималдылығы мен шығын көлеміне қарай топтауға мүмкіндік береді.

Тәуекелге әсер ету әдісін таңдау – тәуекелдің қауіптілігіне, ықтималдылығына және мүмкін шығын көлеміне қарай әрекет етуге шешім

кабылдаудан тұрады. Әр тәуекелге байланысты бірнеше шешім қолдануға болады, олар:


– тәуекелдің әсерін азайту немесе оны қауіпсіз деңгейде ұстау мүмкіндігі, оларға:

– диверсификация – бұл өндіріске қатысушылар арасында тәуекелді бөлісу немесе әртүрлі өнімдер өндіру арқылы тәуекелді бөлу;

– тәуекелді жұмсарту – тәуекелді үшінші жақ, яғни сақтандыру компанияларымен бөлісу;

– қор жинау - күтпеген шығындардың орнын жабу мақсатында қолдануға болады;

– тәуекелден бас тарту, яғни тәуекел мен шығын ықтималдылығы жоғары болған жағдайда тәуекелге бармау мүмкіндігі, «кей жағдайларда тәуекелге барып сан соғып қалғаннан – тәуекелден уақытында бас тартып аман қалған жөн».



23-сурет - Ауыл шаруашылығында өндірістік тәуекелді басқарудың ұсынылатын жүйесі

Ескерту: [36; 100] дереккөз негізінде автормен дайындалған

Таңдалған әдісті жүзеге асыруға шешім қабылдау – терең саралау мен талдау негізінде, таңдалған әдістің экономикалық оптималдылығы мен тиімділігіне көз жеткізу арқылы жүзеге асады. Ең тиімді шешімді қабылдау – көптеген талаптарды ескеру негізінде жүзеге асырылады. Бұл кезең тәуекелді басқаруды жоспарлау мен алдын алуға қажетті тәуекел мониторингі және тәуекелді болжамдау сияқты іс шаралар жиынтығын қамтиды.

Нәтижені бақылау және түзетулер енгізу – өндіріс циклының аяғында жүзеге асырылған тәуекелді басқару бойынша іс шаралардың қорытындысын қарау және келесі өндіріс циклында ескеретін жағдайларды анықтауды қамтиды.

Ауыл шаруашылығы адамзаттың көне әрі өмірлік маңызы бар кәсіптерінің бірі болып табылады. Бірақ ауыл шаруашылығындағы тәуекелді басқару ғылымы, ауыл шаруашылығын басқарудың салыстырмалы түрде жаңа әрі сапалы сатысы. Сондықтан, Елбасы анықтаған ауыл шаруашылығы өндірісінің индустриалануы мен әртараптануына, еңбек өнімділігі мен интеграциялық процесстер барысындағы аграрлық саланың экспорттық әлеуетінің артуын қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылығына тиімді тәуекелді басқару жүйесі қажет.

4) Өнімді өткізу барысында тәуекелді басқару. Сұраныс пен ұсыныстың арақатынасы, саладағы экономикалық пайданың бары немесе жоқтығы және баға деңгейі негізінде капиталдың ауысуы тәсілімен ауыл шаруашылық өнім өндірісінің көлемі нарықпен реттеледі. Ауыл шаруашылығында пайдаланылатын қорлардың барлық түрлерінің бағасы нарықпен белгіленеді: жерлік, еңбектік, материалдық. Әділеттілік және өндірістің одан әрі дамуы біріктіретін, өнімді дұрыс орналастыру мүмкіндіктері нарықпен қалыптасады.

Ауыл шаруашылығы нарық жүйесінің қызмет етуімен байланысты: ауыл шаруашылық шикізат және азық-түлік нарығы, жер, жұмыс күші, капитал мен құнды қағаздар нарығы, ауыл шаруашылығы үшін қызмет нарығы. Барлық ауыл шаруашылық нарықтары өзара тығыз байланысты және нарықтардың бірыңғай жүйесін танытады.

Ауыл шаруашылығының өнімі нарығының жағдайына, ондағы өнімге сұраныс пен ұсыныстың арақатынасына басқа да нарықтардың- қор мен қызмет көрсету нарықтарының жағдайы байланысты. Адамзат қоғамының көпжылдық дамуы барысында орын алған, ауыл шаруашылық өніміне сұранысты кеңейту бағаларды жоғарылату арқылы өндірістің дамуын, өндірілетін өнім көлемін арттыруды реттейді. Оның нәтижесінде ауыл шаруашылық қорларға сұраныс та артады.

Қорлардың ауыл шаруашылық нарықтары бір жүйеге нарықтық механизмді қосады. Қорлардың бағалары арзан қорлармен қымбаттарын ауыстыру әсеріне негізделген, дұрыс қолдану қағидасына орай теңесу қарқынын иеленеді.

Ауыл шаруашылық қорларға сұраныстың кеңейуі олардың бағаларын өсіруге, яғни оларды өндірудің кеңейтілуіне және олардың ұсынысын көбейтуге әкеледі. Бәсекелестік жағдайында қорларды өндіру көлемін

арттырғаннан кейін бағалар теңестіріледі. Қоғам көлемінде мұндай жағдай мүмкін емес секілді, себебі, қорлардың үлкен мөлшерін өндіруге өнімділігі төмен, сондықтан, бағасы да қымбатырақ, көптеген құралдарды талап етеді.

Ауыл шаруашылығының ең маңызды қоры - жер мәселесінің жөні басқа. Ауыл шаруашылық өнімге сұраныстың өсуі жерге сұраныстың көбейуіне әкеледі. Экономикалық қор ретінде жердің бағасы да өседі. Дегенмен, құнарлығы сондай жердің қосымша телімдерін тарту мүмкіндігі жоқ, ал қазіргі жағдайда құнарлығы төмен жерлерді де айналымға салу мүмкін емес. Жерге сұраныстың өсуі салдарынан оған баға да өседі. Сонымен қатар, нарықтық қатынастарға негізделген мұндай жағдайлар қалыптасатын жердің дұрыс пайдаланылуы экономикалық тиімді. Ал орнын басу әсері экономикалық қор ретінде жерді біршама жоғарылататын, басқа қорларға сұраныстың өсуіне себеп болады. Яғни жерді өндірістің негізгі құралы ретінде пайдаланатын сала секілді ауыл шаруашылықтың ерекшелігі- ауыл шаруашылық өнімге баға мен сұраныстың өсуімен салыстырғанда жерге, ауыл шаруашылық қорларға бағаның анағұрлым жоғары өсуіне жердің шектелуінің әсері болып табылады. Ұзақ мерзімдік кезеңде нарықтық жағдайда оның салдарынан ауыл шаруашылық өнімдер мен өнеркәсіп өнімдеріне бағалардың диспаритетінен туындаған ауыл шаруашылығындағы табыс төмендейді.

Нарықтық заңдарға сәйкес қордың бағасы оның өнімділігімен анықталады. Құнарлығы жоғары жер бірдей капитал мен еңбек шығындарының жұмсалуды барысында анағұрлым көп өнім өндіріп, қымбатырақ тұрады. Бұл жерге қатысты жағдайда қорды пайдаланудың маңызды түсінігі де егін шаруашылығының тиімді дамуы үшін шешуші ерекшелікке ие.

Жердің өнімділігі ауыл шаруашылық дақылдарды өсіру үшін қолайлы ауа райы жағдайларына тәуелді. Қолайлы жағдайларда мол өнім беріліп, жердің өнімділігі артады. Мұндай кезде экономикалық қор ретінде жердің бағасы да өседі. Жердің құнарлығы қарапайым қайта өндіру үшін көп қаражат керек. Нарықтық жағдайда жердің қымбаттауы оның қолданылуының қысқаруына, басқа анағұрлым арзан түрлерімен ауыстырылуына әкеледі. Анағұрлым қымбат өнімді өндіру, бағасы өзгермесе де, оның ұсынысының, яғни өндірістің қысқаруына септігін тигізеді.

Ауыл шаруашылығында аталған механизмдердің іске асырылуы әлсіз көрініс табады. Себебі, жағдайлардың қолайлылығы есепке алынуы қиын көптеген факторлардан көрінеді, ал оларды болжамдау- одан да қиын. Жағдайлардың қолайлылығы туралы соңғы қорытынды егістік жиналғаннан кейін ғана жасалады.

Өнімді көп беруінен көрінетін, қолайлы жағдайлар мынадай қорларды пайдалану тиімділігіне де әсер етеді: еңбектік, материалдық, басқа тұрақты және ауыспалы қорлар және олардың құрауыштары. Кез-келген жағдайда анағұрлым көп өнімді жинау үшін көптеген машиналар да, жанар-жағармай материалдары, еңбек шығындары және басқа да қорлар қажет. Бірақ шығындарды төмендету үшін ауыл шаруашылық тауар өндіруші ұсыныстың

өсуі нәтижесінде бағаның түсуінің қалыптасқан жағдайында шығындар одан әрі көбею мүмкіндігінен егіннің бір бөлігін жинамай қоймайды.

Ауыл шаруашылық дақылдардың өнімділігі төмендейтін қолайсыз жағдайларда нарықтық механизмдер айтарлықтай тиімді іске асады. Өнімділік, яғни қордың және жердің бағалары төмендейді. Нарықтық механизмдердің әрекеті бұл жағдайда олардың пайдаланылуын кеңейтеді. Ауыл шаруашылық дақылдарды өсіру немесе жинаудың қолайсыз жағдайлары егіншілерді қосымша іс-шаралар жүргізуге, өнімді жоғарылату үшін қосымша қорлар тартуға мәжбүрлейді. Қолайсыз жағдайда олар анағұрлым жоғары бағада өтеледі.

Осылайшы, қолайсыз жағдайларда нарықтық механизмдер өнім өндіру көлемінің ауытқуындағы тәуекелдің төмендеуіне септігін тигізеді. Сонымен бірге, егістікті өсіру мен жинау үшін қолайлы жағдайларда нарықтық қатынастар өнім өндіру тұрақтылығына шектеулі әсер етеді. Ауыл шаруашылық тауар өндірушілер үшін қорларды пайдаланудан ең жоғарғы әсерді алу үшін өнімді қолайлы және қолайсыз жағдайларда шығаруды арттыру керек. Дегенмен, қолайлы жағдайларда туындайтын қарама-қарсы экономикалық нәтижелер бағаның төмендеуімен, өткізуден түсетін пайданың, табыстың төмендеуінен, көбінесе ауыл шаруашылық өнім өндірушілердің негізгі бөлігі үшін шығындалумен байланысты.

Қосымша табыс кәсіпорындарды ауыл шаруашылық дақылдарын өндірудің қолайсыз жағдайларында қосымша қаржыны өнім өндіруге шығаруға мәжбүрлейді. Нарықтық механизмдер, осылайша, қолайсыз жағдайда өнімділікті арттыруға бағытталады.

Ал ауыл шаруашылық дақылдарды өндірудің қолайлы жағдайларында егін шаруашылығы өнімдерін ұсыну өнімділік деңгейінің артуына байланысты өседі. Қолайсыз жағдайлардағыдай секілді, қолайлы жағдайларда ауыл шаруашылық дақылдарды өндіру барысында нарықтық механизмдер сұранысқа сәйкес өнім көлемін өндіруге септігін тигізеді. Осылайша, бәсекелес нарықтарда нарықтық қатынастар егін шаруашылығының тұрақтылығын арттыруға оң әсер етеді.

Сонымен бірге, нарықтық механизмдер ауыл шаруашылық өнімдерді ұсыну көлеміне негізгі әсер етеді. Ауыл шаруашылық өнімдерін басқа өндіріс түрлеріне қарағанда көп өндіру күрделі инерттілікпен сипатталады. Ауыл шаруашылық өнімді ұсынудың иілгіштілігі уақыт факторына тәуелді. Вегетациялық кезең кезінде шешім қабылдау уақыты өте шектеулі. Технологиялық үдерістерді ағымдық басқару қаражатпен де шектеулі. Нарықтық механизм әрекеттерін танумен сәйкес ықтимал шараларды қабылдау үшін ауыл шаруашылық дақылдарды өндіруге қолайлы жағдайларды болжауға бейімделген, яғни тәуекелдің жоғарғы деңгейі жағдайында шешімді қабылдауға және зерттеуді талап ететін, алдын-ала шаралар жасалу керек.

Әлемдік азық-түлік нарығы - бұл бәсекелестік нарығы. Әлемдік қауымдастық шеңберінде ол ауыл шаруашылық қорларды тиімді пайдалануға, өнімнің үлкен көлемін өндіруге және жаһандық деңгейдегі азық-түлік мәселесін

шешуге септігін тигізуі мүмкін. Бәсекелестік нарығы жоғарыда көрсетілгендей, егін шаруашылығының тұрақтылығы мәселесін шешуге көмектеседі. Қарастырылып отырған мәселеге қатысты әлемдік азық-түлік нарығының ерекшелігі- өзінің әсері қамтыған территорияның үлкендігінде болып отыр. Бұл нарық үлкен болған сайын, ауа райының орташа сипаттамасы климаттық көрсеткіштерге жақындайды деген сөз.

Осылайша, ауыл шаруашылық өнімдерді өндірудің ауытқу қаупі жағынан тек қана әлемдік нарық бұл мәселені анағұрлым толық шешуге мүмкіндік береді. Жалпы әлемдік дәнді дақылдардың жиналу көлемі бұл көрсеткіштердің жылдар бойынша ауытқымайтындығын дәлелдейді. Әлемдік азық-түлік нарығының дамуы және кеңейтілуі оның қатысушысы болып табылатын, әр елдегі егін шаруашылығының тұрақтылығын арттыру мәселесін шешуге де септігін тигізеді.

Сонымен қатар, нарықтық қатынастарға және оның қатысушыларына әлемдік нарықтың әсері олардың мүдделері бойынша бірдей емес. Егер нақты елде азық-түлік импорты мен экспорты үшін ерекше кедергілер болмаса, онда өнімнің еркін алмасуы бұл елдегі халықтың игіліктерін өнім түрлері мен көлемі бойынша анағұрлым толық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Өнімнің импорттық түрлері отандық өнімдерге қарағанда арзан болғандықтан, шетелдік нарықта орын алады. Бұл жағдайлар сатып алушылар үшін қолайлы.

Шетелден азық-түліктердің жеткізілуі ішкі нарықтағы бәсекелестіктің күшейуіне әкелетіндіктен, отандық тауар өндірушілердің мүдделеріне жауап бермейді. Өнімділік төмен болған жылдары елдің ішіндегі өндірістің төмендігі өнім импортын өтейді және азық-түлік бағасының өсуін тежейді. Ал өнімділік жоғары жылдары шетелдік өнімдер төменгі бағаларды одан әрі түсіреді. Яғни кез-келген ауа райы жағдайлары өнім импортын көтеріп, отандық тауар өндірушілердің жағдайына кері әсер етеді.

Елдің әлемдік азық-түлік тауарларын сату нарығына қатысуы импортпен қатар, бәсекеге қабілетті өнімнің экспортына да мүмкіндік береді. Ауыл шаруашылық дақылдардың өнімділігі жоғары болатын қолайлы жылдары өнім экспорты егіншілерге тиімді. Осындай жылдары өнімнің өзіндік құны төмен болады, яғни басқа жағдайлардың теңдігі барысында анағұрлым бәсекеге қабілетті.

Жағдайы қолайлы және ауыл шаруашылығы жоғары дамыған елдер үшін әлемдік нарық ауыл шаруашылығындағы өнімнің қалдықтарын қалыпты және қолайлы жағдайларда экспорттауға мүмкіндік береді.

Қолайлы елдерге қарағанда ауыл шаруашылығын жүргізудің жағдайы қолайсыз елдерде ауыл шаруашылығын дамыту және әлемдік нарыққа қатысу арқылы ауыл шаруашылығының тұрақтылығын жоғарылату мәселелерін шешу елдің экономикалық саясатына, ауыл шаруашылық шикізат пен азық-түлік импортын және экспортын тиімді реттеуге байланысты.

Ауыл шаруашылығында жұмыс нәтижелерінің ауытқуы тәуекелінің төмендеуіне нарықтық механизмдердің үйлесімділігі және оның мемлекеттік реттелуі септігін тигізу керек. Азық-түлікке сұраныстың иілгіш еместігі баға

өзгерісінің үлкен айырмашылығына әкеледі. Бұл ауытқулар нарықтық экономикада қаражаттың бөлінуі туралы белгі берсе де және бұл бөлінуді экономикалық тиімді етіп, ауыл шаруашылық тұрақтылығының жоғарылауына септігін тигізсе де, теріс әсерлер туындату мүмкін. Бұл теріс әсерлер табыстың түрлілігі мен экономикалық қорларды пайдалану тиімділігінің деңгейін ауытқытумен байланысты.

Ауыл шаруашылығының инерттік жүйесі нарықтық белгілерге әсер етуге үлгермей жатса, бұл әсер болашақта болу мүмкін, оның болжамдалуы жағдайлардың қолайлығы бойынша тәуекелдің жоғарғы деңгейімен байланысты.

Бағаларды белгілі бір шекте ұстай отырып, мемлекеттік бағалардың сәйкес деңгейі және сұраныс пен ұсыныс арасындағы тиімді арақатынасты белгілеудің жалпы сипаты бар, нарықтық механизмдерді ауыл шаруашылығында ғана емес, бүкіл экономикада ауыл шаруашылығының ерекшеліктерімен және олардың нақты көрініс алу жағдайларымен әлемдік экономикалық жүйенің әсерін қоса отырып, тиімді үйлестіре алады.

Нарықтық механизмдердің еркін әрекетіне және экономиканың басқа салаларынан төмен емес ауыл шаруашылық өндірісі тиімділігінің өсуіне септігін тигізетін, бағалардың арақашықтығын анықтау керек.

Ауыл шаруашылық өнімдер нарығындағы ауыл шаруашылық қорлар мен қызметтер нарығындағы нарықтық жағдайлардың бәсекелестік жағдайлардан күрделі артта қалуы ауыл шаруашылық өнімдері мен экономиканың басқа салаларындағы өнімдердің бағаларындағы арақатынастың өзгеруіне әсер ете алады. Бұл жағдайда мемлекеттің рөлі барлық ауыл шаруашылық нарығындағы бәсекелестіктің дамуына, монополиялардың экономикалық билігін заң жүзінде шектелуіне бағытталу керек.

Ауыл шаруашылық өнімдерге тиімді бағалардың мемкеттік белгіленуі және қолдауындағы ерекше жағдай өндіріс үшін қолайсыз климаттық жағдай болып табылады. Мұндай жағдайда ауыл шаруашылығына салымдардың төмендігі тиімділігі қолайлы жағдайы анағұрлым жоғары басқа елдердің ауыл шаруашылығымен және экономиканың басқа салаларымен салыстырғанда өсу қарқыны жоғары және бағалары жоғары болғанда пайдалануды кеңейту барысында өтелу мүмкін.

Тиімді баға жалпы жағдайда сәйкес өнімді қалыпты өндіріс жағдайындағы жылдары ауыл шаруашылық өнімдердің бәсекелес нарығында қалыптасатын баға болу мүмкін.

Орташа баға қалыпты бағадан жоғары көтеріліп, өнімділік өскен кездегі қолайлы жағдайда төменгі бағаны өсіріп және олардың өсуі кезінде бағаларды шектемеу керек. Бұл жағдайдағы бағалардың өзгеруінің арақашықтығы айтарлықтай кең болу керек. Төменгі бағаның жоғарылығы қолайлы жағдайда ауыл шаруашылық даму деңгейі мен қорларды пайдалану тиімділігін арттыруға септігін тигізеді, ал қолайсын жағдайда нарықтық заңдарға сәйкес бағалардың өсуі - бұл жағдайларда да өнімнің нарыққа шығуын жоғарылту үшін қосымша қаражат салуға септігін тигізеді.

Ауыл шаруашылық тұрақтылықтың деңгейін арттыру және өндіріс көлемін кеңейту, АҚШ пен басқа да дамыған елдердің тәжірибесі көрсеткендей, ауыл шаруашылық өнімге төменгі баға мен орташа бағаны азайтуға, төменгі және жоғарғы бағалар арасындағы арақашықтықты қысқартуға жетелейді. Мұндай өзгерістер, әсересе қолайла жағдайларда, ауыл шаруашылығы жоғары дамыған елдерде қалдықтарды азайтуға, өнім өндіруді шектеуге алғышарттар жасайды. Осы жағдайларда сатып алу және сату бағалары арасындағы айырмашылықты жабу үшін қарыз алу қажеттілігі төмендеп, ауыл шаруашылығын мемлекеттік қаржыландыру бағдарламасын кеңінен пайдалануға мүмкіндік береді.

Төменгі және жоғарғы бағалар, осылайша, азық-түлік нарығы және ауыл шаруашылығы үшін қорлар мен қызметтер нарығындағы өзгерістерін ескере отырып, иілу керек. Қалыпты жағдайда орташа баға, оның деңгейі және оның нарықтағы бағамен арақатынасы, төменгі және жоғарғы бағалардың деңгейі, олардың арасындағы айырмашылықтар жағдайға жауап беру керек.

Ауыл шаруашылық қызметті жүргізу мен өмір сүруге қажетті жағдайларды кепілдендіретін деңгейде ауыл шаруашылық өндірушілердің пайда табуына негіз болатын, нарықтық шаруашылықтағы қажетті жағдай ауыл шаруашылық кәсіпорындардың көлденең интеграциясы мен оның негізінде тік интеграцияны құру болып табылады. Көлденең интеграция өндірістің немесе орналастырудың нақты фазасына жататын, субъектілер арасындағы байланысты орнатуға мүмкіндік береді.

Көлденең интеграция өндірушілер тобын құруға жағдай жасайды. Олар өнімдерді өткізу үшін ауыл шаруашылық өндірушілермен құрылады. Егер қайта өңдеуші кәсіпорынға шикізатты өткізу үшін ғана құрылған өндірушілер ұжымы үшін бұл кәсіпорын өндірушілер ұжымына арналған «өткізу нарығы» болып табылады. Бұл бастапқы нарық.

Өндірушілер тобының маркетингтік топқа айналуы үшін топтың жұмысы бастапқы нарықтың шегінен асу керек. Алдымен бір өткізу каналынан бірнеше өткізу каналдарына бөлінеді, мысалы, азық-түлікті жергілікті көтерме нарықта, аймақаралық көтерме нарығында немесе тауарлық биржада сату. Маркетинг жағынан бұл топ нарықты, тұтынушылардың тәртібін талдаудан өткізіп, өнімді сатудың түрлі әдістерін қолдану керек. Сонда ұсыныс сұранысқа бейімделеді. Маркетингтік топта басты назар өндіріс технологиясына емес, маркетингке бөлінеді.

Өзін-өзі ұйымдастыру қоғамдық маңызы бар әрекет мақсаттарын анықтаумен қатар, олардың орындалуына қосымша қаражаттарды тарту мүмкіндігіне көмектеседі. Ауылдық қоғамдардың мүмкіндіктеріне халықтық топтардың арасындағы интеграция шешуші әсер етеді. Тығыз серіктестік ауыл шаруашылық өндірушілерге де, ауылды тұрғылықты жер деп таңдаған, басқа кәсіп иелері үшін де тән болу керек.

Жоғарыда аталған топтарды құруға Қазақстандық ауыл шаруашылық өндірушілердің қызғушылығы пайдаға қатысты олардың ұстанымын қалыптастыратын, көптеген ерекше сипаттамаларға негізделеді. Олар мынадай:

– қоймалар, сақтау орындары мен үлкен мұздатқыштар жеке ауыл шаруашылық өндірушілерде жеткіліксіз болғандықтан, нарықтық ұсыныстың маусымдылығы;

– ұсынылатын тауардың сапаларындағы түрлілік және жеке тауар партияларының біртектілігі;

– базарларда тауарларын сататындардың белгісіздігі (марка танымалы емес);

– өз өнімін нарыққа шығару тәсілдерін жеткіліксіз қолдану;

– нарық мәнінің шектілігі, нарықтық зерттеулердің аз қолданылуы;

– дайын өнімді өндіру үшін технология сатып алу өндіріс технологиясын жаңартудың қаржы жағынан мүмкін еместігі;

– жеке желі арқылы өндіріс құралдарымен қамтамасыз ету;

– ауыл шаруашылық өндірушілердің сол тауарды тұтынушылармен келіссөздер жүргізу барысындағы әлсіз ұстанымы.

Аталған жағдайлар дәлелдегендей, нарықтық жағдайда шағын шаруашылықтармен өндірудің тиімділігі төмен. Оның салдарынан, ауыл шаруашылық өндірушілер нарықтың көңілінен шықпайтын және қымбат тауарлар өндіреді. Сондықтан, ауыл шаруашылық өндірушілерді ресми-заңды ұйымдарға, яғни өндірушілер тобына немесе маркетингтік топқа айналдыру қажет.

Өндірушілер топтары арасында негізгі екі топ ерекшеленеді. Олар: біріншісі - контрактациялық келісім шарттар жасайтын, екіншілердің өнімін тұрақты тұтынатын, өндірушілер тобы. Бұл топтың мақсаты - өндіріс шығындарын азайту үшін серіктесу мен өнімді жеткізу, контрактация жағдайлары бойынша келіссөздер жүргізу үшін ортақ өкілдіктер құру.

Ауыл шаруашылық өндірушілердің серіктесуінің екінші түрі маркетингтік топ деп аталады. Оның мақсаты- өткізу мүмкіндіктерін іздестіру. Өткізу нарығы экономикалық субъектілерді маркетингтік басқару арқылы анықталады. Ол нарықта жетістікке жету үшін және бәсекелестікті жақсартуға бағытталған әрекеттерді талдау, жоспарлау, енгізу және бақылаудан тұрады.

Өндірушілердің маркетингтік топтарын құру қайта өңдеу мен сату салаларының өкілдерімен келіссөздер жүргізуде екіншілердің жағдайын жақсартудың шарты екендігі күмәнсіз.

Маркетингтік топтар өндірісті жаңартуға және нарықтық қарқындардың өзгерісі туралы өзекті ақпаратты алуға мүмкіндік береді. Дегенмен, топтың бірлігін және оның ауыл шаруашылық ортамен интеграциясын (нақты стандарт бойынша өндіру мен осы өндірушілер тобы арасында сату) сақтау қажет. Сонда ғана өндірушілер тобының жұмысы жемісті болады.

Ауыл шаруашылық өндірушілердің тиімсіз жағдайын жақсарту үшін өндіріс шығындары төмендетіледі, өндірістегі өзгерістер бақыланады және болжамдалады, сатып алушылардың игіліктерінің өзгерісіне уақытылы әсер етіледі. Нарықтық шаруашылықтағы ауыл шаруашылық табыс өндіріс шығындарының көлеміне тікелей байланысты емес.

Ауыл шаруашылық өндірушілердің өнімді сатуы мен қайта өңдеуі үлкен маңызға ие. Дайын өнім мен шикізаттың бағасы арасындағы айырмашылық үлкен болғандықтан, егер онда ауыл шаруашылық өндірушілер аз да болса қатысқан жағдайда, олардың жұмыс өнімділігі күрделі өзгертін еді. Өндірушілермен алынатын нетто маржасы делдардың маржасынан төмен. Кейбір елдерде бұл қатынас 1/6 құрайды. Яғни, орналастыру саласына бөлінетін инвестициялар капиталды өтеп және үлкен пайда беру керек.

Ауыл шаруашылық өндірушілерді ресми немесе бастапқыда бейресми өндірушілер тобына немесе маркетингтік топтарға біріктірудің мақсаттары мынадай:

- құралдарды, өндірісті бірге сатып алу (көтерме бағаны, бағалық жеңілдіктерді, қарыз алу мүмкіндігі);
- арнайы машиналарды, қойма базалары мен сақтау камераларын бірігіп сатып алу;
- көтерме тұтынушыларға сатылатын, біртекті тауар партияларына жеке топтардың өнімдерін біріктіру тиімді баға белгілеуге мүмкіндік береді;
- көлікті дұрыс пайдалану арқылы қамтамасыз ету мен өткізу шығындарын төмендету;
- уақытты үнемдеу (көтерме сатумен өткізу);
- топ үшін жеке тұтынушылар желісін құру (көтерме сауда, супермаркеттер, қайта өңдеуші кәсіпорындар);
- өндіріс технологиясын жаңарту мүмкіндігі мен биологиялық прогрессті пайдалану мүмкіндігі (өнімді жаңа түрлерді іріктеу, егу материалдарын алмасу).

Өндірушілер тобының жұмысы нарықтық қызметпен шектелмейді. Ол ауыл шаруашылық өндірістің қайта құрылуы, ауылдың жан-жақты дамуы, жергілікті бастамалардың дамуы, жаңа жұмыс орындарын құру, тұтынушылық бағаның төмендеуі мен табыстың өсуі секілді ауылдағы үдерістердің маңызды факторы болып табылады.

Аталған мақсаттары бар ауыл шаруашылық өндірушілер топтары мен басқа да өндірістік ұйымдардың жұмысына негізделген ауыл шаруашылық өнімдердің жақсы ұйымдастырылған нарығы өздері мен тұтынушылары үшін пайда табуға мүмкіндік береді.

Қызмет істейтін өндірістік топтардың қиындықпен іске асырылатын жұмысы сауда-саттықтағы тұтынушылар мен жеткізушілерге, ұжымдық белсенділік пен шаруашылық нәтижелерге әсер ете алады. Ол үшін ауыл шаруашылық кооперациялардың тиімді түрлерін дамыту қажет. Қазіргі жағдайда ауыл шаруашылық өндірушілердің өзін-өзі ұйымдастыру қажеттілігі нарықтың талаптарына бейімделуге мүмкіндік береді.

Осылайша, маркетингтік топтардың қызметі ауыл шаруашылық өнімдерді өткізу тәуекелін төмендетуге оң әсер етеді.

5) Білім беру қызметі арқылы тәуекелді басқару. Егін шаруашылығының тиімділігін арттыру үшін қажетті басқа экономикалық қорлар секілді еңбектің

қосымша шығындары жұмыс уақытының ұзақтығын арттыруға, жұмыстарды орындау сапасын жоғарылату кезінде жұмыс күшін бағыттауға негізделеді.

Әр бір нақты жылдың жағдайында ауыл шаруашылық дақылдарды өндіру үдерісі қайталанбайды. Сәттілікке жету немесе сәтсіздікке ұшырау тәжірибесін келесі жұмыста пайдалану үшін жұмысшымен немесе жұмысшылар ұжымымен талдану керек. Арнайы білім беру мекемелерінде егін шаруашылық өнімдерді өндіру үшін механизатор мамандарын пайдаланудың рөлі мен маңызы артады. Дегенмен, кәсіпорынның өзінде тәжірибені арттыру мүмкіндігі мен білім беру де аса маңызды.

Мектептік білім беру үдерісінде алынған білім мен қабілеттердің қысқа мерзімге жарамдылығын сипаттайтын кәсіби қызмет өзгерістерді талап етеді. Ауыл тұрғындарына қатысты, кәсіби белсенділік кезеңінің барысында олар жалпы және арнайы білім беретін мекемелермен тығыз байланысты сақтауға міндеттеледі. Төменде аталатын білімдерге экономикалық қызмет түрлерін ұйымдастыру мүмкіндіктері тәуелді:

- әлемдік шаруашылықтың қызмет істеу қағидалары мен жалпы даму бағыттары;

- мәдени мұрамен және қоршаған ортамен экономикалық үдерістердің үйлесуіне септігін тигізетін, бірегей даму қағидалары;

- қоғамдық капитал аталған қатынас пен материалдық қорлар мәнінде жергілікті қорларды пайдалануға негізделген, ауыл шаруашылығын даму үлгісі.

Жаңа білімдерді пайдалану мүмкіндігін кеңейту үшін үлкен маңызы бар ауыл шаруашылық кеңес беру келесі қызметтерді атқарады:

- тәрбиелік, кәсіби басып шығарылған әдебиеттің таратылуы, лекция, семинар, оқу, курстар, ауылдық кездесулер, жеке және топтық кеңес беру түрінде әр түрлі тәрбиелік бағдарламаларын ұйымдастыру арқылы іске асады;

- дайындық, жаңа техникалық, технологиялық, ұйымдастырушылық және экономикалық шешімдердің қолданылуын жарнамалау мен ынталандырудан тұрады;

- ақпараттық, ауыл шаруашылық өндірушілер арасында жергілікті басылымдардағы бюллетеньдер, парақшалар, радио және теледидарлық бағдарламалар түріндегі түсінікті, ең алдымен нарықтық ақпаратты іріктеу, өңдеу және таратудан тұрады.

Яғни, мемлекеттік ақпараттық көмек ауыл шаруашылық өндірушілермен және олардың ұйымдарымен бірге ауылдық тұрғындардың тұрмысы мен өндірісіне қатысты сәйкес шешімдерді іздестіру керек.

Жалпы жұмыс келесі салаларда ауыл шаруашылық өндірушілерге қажетті көмекті көрсетуге бейімделу керек:

- ауыл шаруашылық кәсіпорындардың құрылымын өзгерту;
- өндіріс технологиясы мен ауыл шаруашылық жаңалықтарды енгізу;
- кәсіпкерліктің дамуы;
- тауарлар мен ауыл шаруашылық шикізат маркетингі;
- кәсіби білімді жетілдіру;
- кедендік одаққа қатысумен байланысты үдерістерге бейімделу;

– ауыл шаруашылық өндірушілер тобын құру.

Қазақстандық ауыл шаруашылығының болашақ мүмкіндіктері мен өзгерістері саласында бұқаралық ақпарат құралдарында дұрыс ақпараттың жетіспеушілігі сезілетіндіктен, аталған жағдайларда көмек көрсету керек.

Ауыл шаруашылығын мемлекеттік ақпараттандыру жұмысын талдай отырып, қызметі мен олардың кеңесшілері жұмыс істейтін, ұйым жоспарлары мен қызметі жағдайларындағы болған өзгерістерге кеңес беретін ұжымды бейімдеу және ұйымдастыруға басты назар аудару керек.

Ресми кеңес беру ұйымдары ауыл шаруашылығына қатысты мемлекеттің интервенциялық саясаты саласынан тапсырмаларды орындаудың және оның әрекетінің кәсіпкерлік емес сипатымен сипатталады.

Кеңес беру ұйымдары кеңес беру әдістін топтық және бұқаралық түрлері арқылы ауыл мен ауыл шаруашылығының дамуына байланысты міндеттерін орындайды. Жеке кеңестер өзекті бола тұра, шектеулі салаларда көрсетіледі, бірақ қызмет, әсіресе, инвестициялық қызмет жеке кеңес беруді талап етеді.

Кеңес беру ұйымдарының қызметінде ауыл шаруашылық кәсіпорындардың жұмысы жағдайларына өздерінің ұйымдастырушылық құрылымын, мәслихаттық бағдарламаларын, жұмыс тәсілдерін бейімдеуден тұратын әрекеттердің иілгіштілігін иеленеді.

Егер мемлекеттік кеңес беру мекемелер жұмыс жоспарларын құру кезінде әлеуметтік-экономикалық саясаттағы болжамдық өзгерістерді ескерсе және ғылыми зерттеулердің нәтижелеріне негізделсе, оларға өзгерістерге бейімделу мен өзгерістерді алдын-ала болжау оңай болады. Аталған жағдайлар дәлелдегендей, қиын кезде ауыл тұрғындарына көмек көрсетуге арналған мемлекеттік кеңес беру мекемелердің жүйесін ұйымдастыру қажет.

Мұндай ұйымдардың жұмыс істеуінде тәжірибені зерттеу нәтижелерін, білім беру және ауыл шаруашылық өндірушілермен арақатынас тәсілдерімен таныстыру маңызды рөл атқарады.

Сонымен, ауыл шаруашылығы өнім өндірісінің дамуында сақтандыру жүйесінің мотивациялық тиімділігінің, стратегиялық көлемде ауыл шаруашылығын дамыту мүмкіндіктерінің, өнім өндірісіндегі тәуекелдерді төмендету тәсілдерінің, өнімді өткізу барысында тәуекелді басқару және білім беру қызметінің тәуекелдерді басқаруды жетілдіруде маңызды орын алатындығына көз жеткіздік. Дегенімен, ауыл шаруашылығы тәуекелдерін басқаруды жетілдіру өз шегіне жеткен жоқ, яғни әлі бұл бағытта жасалынатын жұмыстар жеткілікті және олар бұдан кейінгі зерттеу жұмыстарында ескерілгені жөн.

3.3 Агроөнеркәсіп кешені саласында экономиканы мемлекеттік реттеу

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдан астам уақыты ішінде отандық агроөнеркәсіп кешені көптеген жетістіктерге жетті, соның ішінде нарықтық қатынастар негізінде өнім өндірісінің артуын, еңбек өнімділігі мен тиімділігінің бірте-бірте өсімін, сала инфрақұрылымын қалпына келтіру және

негізгі қорларды жаңаландыру жұмыстарын, негізгі азық-түлік өнімдері бойынша өзін өзі қамтамасыз ету мүмкіндігін, дәнді және майлы дақылдар мен балық өнімдері экспортының артуын атап өтсе болады.

Қазіргі таңда ауыл шаруашылығы саласының тартымды болуында Қазақстан экономикасының нарықтық басқару әдісіне өтуінің маңызды орны бар. Ауыл шаруашылығы саласының даму деңгейі қоғамдағы экономикалық және қоғамдық-саяси тұрақтылықтың кепілі болып қалыптасқан және әлі де маңызын жоғалтқан емес [101]. Республикалық деңгейде экономикалық дамудың басым бағыттарының бірі ретінде, Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласының мол әлеуеті мен даму мүмкіндіктері мол.

Қазақстан агроөнеркәсіп кешенінің азық-түлік және өңдеу өнеркәсібінде 1370-тен аса шағын және орта, сонымен қатар 60-тан аса ірі өндіріс ошақтары жұмыс істеуде. Олардың көп бөлігі дәнді дақылдарды өңдеу – 19 пайызы, сүт өңдеу – 16 пайызы, нан өнімдері өндірісінде – 15 пайызы, ет өндірісінде 14 пайызы, көкөніс пен жеміс өндірісінде – 9 пайызы, май өндірісі саласында – 9 пайызы және басқа түр ауыл шаруашылығы өндірісінде – 17 пайызы шоғырланған.

2015 жылдың шілде айының соңына қарай Қазақстан Республикасы ұзақ уақыттан бері болжанып кележатқан Дүниежүзілік Сауда Ұйымына (ДСҰ) кіру жайында хаттамаға қол қойды. Әрине бұл Қазақстан ауыл шаруашылығының дамуына үлкен серпіліс беретін жағдай. Бірақ осы жағдайда ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау мәселесі жайында әлі де көптеген қарама қарсы пікірлер бар. Басты мәселе ауыл шаруашылығына қолдау ретінде берілетін субсидия мөлшерін ДСҰ талаптарына сәйкестендіру болып отыр. Әзірге, Қазақстан агроөнеркәсіп кешенінің ерекшеліктеріне байланысты, ДСҰ тарапынан Қазақстандағы қалыптасқан ауыл шаруашылығын қолдау деңгейін белгіленген уақытқа дейін ұстауға мүмкіндік берді. Дегенімен, бұл уақытша екенін және келешекте бәріне ортақ талаптармен жұмыс істеуге тура келетінін түсіну қажет. Себебі, ДСҰ-ға мүше елдер әлемдік ауыл шаруашылығы нарықтарында бірдей және әділ бәсекелестік шарттарымен сауда және өндіріс үдерісін жүргізеді. Бұл біздің ауыл шаруашылығы өнім өндірушілеріміздің осындай шарттармен жұмыс істеуіне машықтандыруды қажет етеді.

Мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық даму саясатының басты мақсаттарының бірі бұл ұзақ мерзімді аймақтық даму басымдылықтарын белгілеу болып табылады. Кейбір аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі бойынша басқаларына қарағанда артта қалу байқалады. Сондықтан, мемлекеттік стратегиялық маңызды бір саласы ретінде аймақтардағы агроөнеркәсіп кешенін дамуы үшін кезең кезеңмен мемлекеттік аймақтық саясатты жүргізуі қажет.

Жүргізіліп жатқан мақсатты мемлекеттік ауыл шаруашылығы саясатының арқасында ауыл шаруашылығының көптеген көрсеткіштерінде өсім байқалады. «Қазақстан-2050» Стратегиясына сәйкес 2020 жылға қарай агроөнеркәсіп кешенінде еңбек өнімділігі ең кемі 4 есеге өседі, жиналатын бидай түсімі гектарына 1,4 тонна құрайды, азық-түлік өнімдері өндірісінде отандық өндіріс

үлесі 80 пайызды құрайды [1]. Стратегияда жаһандық азық-түлік өнімдеріне деген өсіп келе жатқан сұранысқа байланысты, ауыл шаруашылығын көлемді модернизациялау қажеттігі көрсетілген. Мысалы, Қазақстан агроөнеркәсіп кешенінің дамытудың 2010-2014 жылдардағы Бағдарламасын жүзеге асыру нәтижесінде, соңғы 5 жылда орташа жылдық бидай өндірісі 19 млн. тоннаға жетіп, соңғы 5 жылда 30 пайызға өсті. Сондықтан, Қазақстан бидайы мен ұнды қосқандағы экспорты 60 пайызға өсіп, жылына 7,8 млн. тоннаға жетті және бұл Қазақстан Республикасының әлемдік нарыққа бидай жеткізушілердің алғашқы ондығына кіруіне, сонымен қатар ұн экспорты бойынша алдыңғы қатарға шығуға қол жеткізді.

Агроөнеркәсіп кешенінің ұзақ мерзімді даму жоспары мен мақсаттары «Қазақстан-2050» Стратегиясында және 2020 жылға дейінгі Республиканың даму стратегиясымен анықталған. Ұлт жоспары - «100 нақты қадам» бойынша ауыл шаруашылық жерлерін тиімді пайдалануды арттыру үшін ашық және тиімді жер нарығын қалыптастыру қажеттігі, сонымен қатар ет және сүт өнімдері өндірісі мен өңдеуге стратегиялық инвесторларды белсенді түрде тарту қажеттігі жайында нақты көрсетілген.

«Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Елбасы Жолдауында дамуға қарай алған бағыттан таймай, тамақ өнеркәсібін дамытуға аса көңіл бөлу қажеттігі айтылған. Сонымен қатар, тұрғындарды таза ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында су құбырларын тарту және жөндеуге, Батыс Қазақстан, Алматы және Жамбыл облыстарында пайдаланылмай жатқан суармалы жерлерді қалпына келтіруге жыл сайын қаржы бөлу жоспарлануда [102]. 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы шеңберінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдейтін кәсіпорындарға ауыл шаруашылығы шикізаттары мен қаржылық қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз етуде, өндірістің инфрақұрылымдық шығындарын (коммуналдық, тасымалдау қызметі, орауыш пен қораптарға және басқаларын) төмендетуде мемлекеттік-жеке серіктестік механизмдерін қосымша қолдану арқылы шешу жоспарланған. Сонымен қатар, тамақ өнеркәсібі саласындағы шағын және орта бизнес пен ірі кәсіпорындарды жеңілдікпен несиелендіру мақсатында қаржы бөлу мәселелері қолға алынуда (мәселен, тамақ және химиялық өнеркәсіп, машина жасау және қызмет көрсету саласындағы жобаларды жеңілдікпен несиелендіруге шамамен 625 млн. доллар көзделген).

Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған «Агробизнес-2020» бағдарламасы шеңберінде ауыл шаруашылығы субъектілерінің бесекеге қабілеттілігін жоғарлату іс-шаралары қолға алынуда. Бағдарламаны жүзеге асыруға жалпы алғанда 3 трлн. теңге жоспарланған, соның арқасында бұл салаға қосымша 10 трлн. теңгеден аса жеке инвестициялар келеді деп болжамдануда [2].

«Агробизнес-2020» бағдарламасын жүзеге асыру барысында 2020 жылға дейін мемлекеттік көмекті 4,5 есеге өсіру қарастырылған. 2015 жылы агроөнеркәсіп кешенінің қолдауға 180 млрд. теңге субсидия қарастырылған, ол 2011 жылмен салыстырғанда 2,6 есе көп (2011 жылы - 68,1 млрд. теңге).

Сонымен қатар, бағдарламада агроөнеркәсіп кешені саласында шикізаттарды терең және сапалы өңдегені үшін шығындарды субсидиялауды қамтитын жаңа мемлекеттік қолдау тетіктері қарастырылған. Мемлекеттік қолдаудың жаңа тетіктерін қолдануға мүмкіндік беретін құқықтық негіздерін қалыптастыру үшін, 2014 жылдың 17 қаңтар айында 15 заң актілеріне толықтырулар мен өзгертулер енгізу қарастырылған Заңға Президент қол қойды. Бұл заң актілерінде АӨК субъектілерінің инвестициялық шығындарының белгілі бір мөлшерін орнын толтыру, қайта өңдеу кәсіпорындарының ауыл шаруашылығы шикізаттарын сатып алу бойынша шығындарын субсидиялау, ауылға жоғары деңгейлі ауыл шаруашылығы мамандарын тартуды ынталандыру қарастырылған.

«Агробизнес-2020» бағдарламасының ережелеріне сәйкес инновациялық жабдықтар мен жаңа технологияларды сатып алуға мемлекеттік және жеке секторды тарту және жеңілдетілген несиелер беру негізінде өнім өзіндік құнын төмендету бойынша шаралар енгізілген. Соның ішінде, кәсіпорындардың өндірістік қуаттарының өсуін қамтамасыз ету үшін технологиялық қайта құрылымдау мүмкіндіктері қарастырылған. Бұл ДСҰ жағдайында отандық өндірушілерді қажетті көлемде мемлекеттік көмекпен қамтамасыз етеді.

АӨК саласы дамуын қолдау мақсатында мемлекеттік бағдарламалармен қатар бірқатар аймақтық даму бағдарламалары да жүзеге асырылуда.

«ҚазАгро» ұлттық холдингі, ауыл шаруашылығын дамытуда стратегиялық жобалардың қаржылық операторы негізінде, АӨК-нің өндірістік және сервистік инфрақұрылымын кеңейту мен жаңарту мақсатында, мемлекеттік және тартылған жеке қаражаттар негізінде, қол жетімді және мақсатты қаржыландыруды қамтамасыз етуде.

«ҚазАгро» ұлттық холдингімен еншілес «Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры» арқылы ауыл шаруашылығын микронесиелеу үлесі 94 пайызды құрады. Қордың қаржыландыратын негізгі бағдарламалары қатарында: «Жұмысбастылық-2020», «Егінжай», «Жылыжай», «Мурабаха», «Кәсіпкер» және «Ауылдық ипотека» сияқты бағдарламалар бар.

«Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры» АҚ ауылда өзінің кәсіпкерлік қызметін енді бастаған кәсіпкерлерді мемлекеттік қаржы негізінде несиелендіруді жүзеге асыратын «ҚазАгро» ҰХ АҚ-ның еншілес бөлімі болып табылады.

«Жұмысбастылық-2020» бағдарламасы негізінен үш бағытта жүзеге асырылуда. Соның екінші бағыты ауыл шаруашылығы кәсіпкерлігін несиелендіру болып табылады. Бұл бағдарлама негізінді микронесиелендіру тетіктері жетілдірілген. Ауылда бизнес ашқысы келген немесе ұлғайтқысы келген кәсіпкерлерге 6 пайызбен 54 айға 3 млн. теңгеге дейін микронесиелер беріледі. 2013 жылдан бастап «Жұмысбастылықтың жол картасы – 2020» бағдарламасының екінші бағыты бойынша аймақтық уәкілетті ұйымы ретінде қатысуда. Бағдарламаның негізгі мақсаты АӨК-ні дамыту үшін ауылда бизнес ашуға немесе ұлғайтуға септігін тигізу болып табылады. Мысалы, 2013 пен 2014 жылдар аралығында ұйым арқылы 187,5 млн. доллар көлемінде несиелер

берілсе, 2015 жылдың басынан бері 9375 мың доллар көлемінде микронесиелер берілген.

Аграрлық несие корпорациясы да «Жедел-несие» бағдарламасы бойынша кепілсіз несие берумен айналысып, бағдарлама жұмыс істеп тұрған уақыты ішінде 75,8 млн. теңге көлемінде несиелендіру жұмыстары жүргізілген.

Тамақ өнімдері өндірісі мен ауыл шаруашылығы шикізаттарын өңдеу кәсіпорындарын несиелендіру мақсатында 13,6 млрд. теңге соммасында 43 жоба (ет, сүт, жүн, балық, дәнді дақылдар, өсімдік майларын, жеміс пен көкөніс өнімдерін өңдеу, нан өнімдері өндірісі) қаржыландырылды.

Лизингке ауыл шаруашылығы техникасын беру бойынша 2015 жылы «ҚазАгроҚаржы» АҚ үлесі 73 пайызға жетіп, былтырғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 8 пайызға өскен. Ағымдық жылда компаниямен 2117 дана ауыл шаруашылығына қажетті арнайы техника мен жабдықтар сатып алуға 27 млрд. теңге соммасында келісім шарттар жасасты, соның ішінде 100 комбайн, 847 трактор, 767 арнайы жабдықтар, 37 дана технологиялық және өңдеу құрылғылары, 366 дана басқа да техника алуға шарттар жасасты.

Аймақтарда сүтті мал шаруашылығын дамыту мақсатында біріккен жобаларды іске асыру үшін, 2015 жылы ОҚО әкімшілігі жергілікті сүт өндірісін дамытуда украиналық тәжірибені енгізу мақсатында бірқатар компания басшыларымен кездесті. Соның ішінде, «Dairy Global Experts», «АгроКлимат Украина», және Сүт өндірушілер ассоциациясы мен Украинаның Голштин Ассоциациясы басшыларымен кездесулер өткізілді. Кездесу барысында сүт-тауарлы фермаларды дамытуды қолдау орталығы ретінде кеңес беру орталығын ашу және фермерлерді элиталы отандық мал тұқымдарымен қамтамасыз ету үшін жергілікті репродукциялық кешенді салу бойынша келіссөздер жүргізілді. Сонымен қатар, Израильдің кибуц мысалында кооперциялану негізінде сүтті жанұялық шаруашылықтар құру механизмдері талқыланды.

Осындай шаруашылық түрлерін ашуды дұрыс ұйымдастыру арқылы Еуропалық қайта құру және даму банкі тарапынан қаржылық құралдарын тартуға мүмкіндік туады. Жергілікті кәсіпкерлерге сүтті бағыттағы мал шаруашылығын дамытуға арналған семинар ұйымдастырылды.

Семинар «Максимум» аймақтық инвестициялық орталық (АИО) тарапынан ұйымдастырылды. «ҚазАгроҚаржы» АҚ мен «Максимум» АИО және ОҚО әкімшілігі ұйымдастырған шетелдік делегаттармен кездесулер нәтижесінде сүтті мал шаруашылығы саласында потенциалды жобаларды жүзеге асыру бойынша ынтымақтастық тетіктері қарастырылды.

«ҚазАгро» ҰХ АҚ-ның еншілес «ҚазАгроӨнім» АҚ-ның тарапынан ауыл шаруашылығы өндірушілердің өнімдерін сатып алулары арқылы қолдау көрсетілуде. Мысалы, ағымдағы 2015 жылы «ҚазАгроӨнім» АҚ тарапынан 1,8 млрд. теңге соммасында мал шаруашылығы өнімдері сатып алынды.

Ал «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» ҰК АҚ тарапынан мемлекеттік ресурстарды толықтыруға 50 млн. теңге соммасына бидай өнімдері сатып алу қаржыландырылды [103].

Көктемгі егін егу және астық жинау науқанын мемлекеттік қолдау шеңберінде 2015 жылы Холдингке 60 млрд. теңге көлемінде бюджеттік несиелер бөлінді.

Несиелер екінші деңгейлі банктер мен екі оператор («Агро несие корпорациясы» АҚ мен «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» ҰК АҚ) арасында қарыздар есебінде бөлініп берілді.

Бюджеттен бөлінген қаражаттар мен қоса Холдингтің еншілес компаниялары өз қаражаттары есебінен де көктемгі егін егу және астық жинау науқанын қаржыландыру жоспарланды.

2005 жыл мен 2014 жыл аралығында жалпы алғанда «Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры» линиясы бойынша ауыл шаруашылығын мкронесиелендірудің түрлі бағдарламалары негізінде 760 млн. доллар соммасында 104250 несие беріліп, 111 мыңнан аса адам жұмыспен қамтылды. Ағымдағы жылдың басынан бері компания 49375 мың доллар соммасында 2102 микронесие беріп үлгерді.

2015 жылдан бастап шетелдік үлестері басым компаниялар ауыл шаруашылығы жерлерін 10 жылдан 25 жылға дейінгі мерзімге алуға мүмкіндіктері бар. Бұл шетелдік инвесторлар тарапынан салынған инвестицияларының өзін өзі ақтау мерзіміне толық үлгеруі және сенімді болуы мақсатында жасалынуда.

Сонымен қатар, 2015 жылдан бастап «ҚазАгро» корпорациясы тарапынан АӨК-ні несиелендіру мақсатында екінші деңгейлі банктерді қаржыландырудың жаңа бағдарламасын жүзеге асыру жұмыстары жүргізілуде. Мысалы, 2015 жылдың 5 айы ішінде екінші деңгейлі банктерді 3,6 млрд. теңге соммасында қаржыландырылып үлгерілді.

АӨК өнімі өндірісі мен сатуға инвестрлардың қызығушылық танытудың басты себептері ретінде, салада бизнес ашу мүмкіндіктері, үлкен көлемдегі жер ресурстары, Қазақстанның тиімді географиялық орналасуы, ЕАЭО пен Қытай нарықтарының жақындығы.

Ал шетелдік инвесторларды отандық АӨК-ге тарту арқылы ауыл шаруашылығына бай шетелдік тәжірибесі мен жоғары технологияларды ендіру мүмкіндіктерін пайдалана аламыз.

Қазақстан әсіресе Еуразиялық экономикалық одақ құрамындағы мемлекеттерден келетін инвесторлар үшін тартымды болмақ, оның басты себептері ретінде экономикалық шекаралардың ашықтығын, техникалық талаптардың бірінғайландыруын және тауар, капитал, жұмыс күші мен қызметтің айналым еркіндігін айтса болады.

Қазіргі таңда «КазАгро» ұлттық басқарушы холдингі жалпы құны 8 млрд. теңгені құрайтын үш жобаны жүзеге асыруда, соның ішінде тікелей шетелдік инвестициялар 2,3 млрд. теңгені құрайды.

Бұл жобалардың алғашқысына Ақмола облысында орналасқан «Kazbeef Ltd» ЖШС-да 2 мың бас сиыр малын репродукциялайтын екі шаруашылығы жатады, екіншісі американдық «Global Beef Investors» компаниясымен біріккен Қостанай облысында орналасқан «Global Beef» ЖШС-да 3 мың бас сиыр малын

репродукциялау шаруашылығы жатады, және үшінші жоба Германияның «Agravis AG» концернімен бірлестікте Ақмола облысында орналасқан «Agrotrading-2007» ЖШС тиесілі, жылына 36,8 мың тонна комбикорм шығаратын зауыт жатады.

Ауылдық жерлерде несие алу барысында көп туындайтын мәселелердің бірі бұл несиені кепілдікпен қамтамасыз ету болып табылады. Бұл мәселені шешу мақсатында «Даму» қоры гарант болу міндетін өз мойнына алған. 2014 жылдан бастап қой шаруашылығын дамыту бойынша – «Алтын асық» және жылқы шаруашылығын дамыту бойынша «Құлан» бағдарламалары жүзеге асырылуда.

«Алтын асық» бағдарламасы бойынша 1,2 млрд. теңге көлемінде 114 жоба және «Құлан» бағдарламасы бойынша 4,3 млрд. теңге көлемінде 281 жоба қаржыландырылған. Сонымен қатар, жайылым жерлерді суландыру мәселесі бойынша инфрақұрылым құрылысын несиелендіруге құны 4,8 млн. теңге болатын 2 жоба қаржыландырылды.

2012 жылы АӨК-ні қаржыландыру көлемі 661,7 млрд. теңгені құраса, 2014 жылы бұл көрсеткіш 1,8 есе өсіп 1,2 трлн. теңгені құрады.

Агроөнеркәсіп кешеніне инвестициялардың ағылуына көптеген жағдайлар жасалынуда. Оның ең бастысы әрине мемлекеттік саясаттағы АӨК-нің басым бағыты ретінде анықталуы, соған сәйкес салық салудың жеңілдетілген түрінің болуы, субсидиялау мен несиелеу көлемінің артуы бұл саланың маңыздылығын көрсетуде. Сонымен қатар, Кедендік одақ мемлекеттерімен салыстырғанда Қазақстанда қосымша құнға салынатын (ҚҚС) салық – 12 пайызды құраса, Ресейде ол – 18 пайыз, ал Белорусияда – 20 пайызды құрайды.


Бағытталған мемлекеттік көмек арқасында көптеген ауыл шаруашылығы кәсіпорындары техникалық құралдарын жаңартуға мүмкіндік алды.

Бұл бағыттағы мемлекеттік бағдарламалар: ауыл шаруашылығы техникасының лизингке алу нарығын ұлғайту және бағдарламаларды ынталандыруды қолдауға, кәсіпкерлерді микронесиелендіру бағдарламаларын қолдау, аймақтардағы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілердің машина және тракторлар паркін өз есептерінен және бюджеттік бағдарламалар есебінен жаңаландыруды қолдау көзделген.

Дегенімен, мемлекеттік қолдаудың артуына қарамастан жаңа негізгі қорларды енгізуге қарағанда олардың шығуы көбірек болуда.

Бұның басты себебі ретінде ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпорындардың өздеріне қажетті машина немесе тракторларды сатып алу үшін айналым құралдары мен жинақтарының жетіспеушілігімен түсіндірсе болады.

Шетелдік компаниялар үшін Қазақстандық нарықта өз технологияларын сату тиімді және салыстырмалы түрде еркін болып табылады. Бірақ соған қарамастан 2012 жыл мен 2014 жыл аралығындағы ауыл шаруашылығы техникасының импорты қысқарған (сурет 24).



24-сурет – ҚР-дағы ауыл шаруашылығы техникасының экспорты мен импортының көрсеткіштері, млн. долл.

Ескерту: [77] дереккөз негізінде автормен дайындалған

Қазақстан импорттайтын ауыл шаруашылығы техникалары мен жабдықтары негізінен Ресей мен Белорусияда шығарылады.

Бұл жағдайды Қазақстанның Кедендік одақ пен Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болуымен байланыстырса болады. Ресей мен Белорусиядан импортталатын ауыл шаруашылығы техникасының үлесі – 40 пайыз шамасында болса, Нидерландыдан – 11 пайыз, АҚШ-тан – 10 пайыз және Германиядан 8 пайыз шамасында ауыл шаруашылығы техникасы импортталады.

Қазақстанның өзі де Қырғыстан мен Түркменистанға ауыл шаруашылығы техникасын экспорттайды. 2013 жылдағы ауыл шаруашылығы техникасының экспорты 19,7 млн. долларды құрады, 2014 жылдың алғашқы 11 айында Қазақстанға 423 млн. доллардың шамасында ауыл шаруашылығы техникасы импортталған.

Қазақстанның Кедендік одақ пен Еуразиялық экономикалық одаққа мүшелігіне орай басқа елдерден импортталатын ауыл шаруашылығы техникасына баж салығын жоғарлатты. Алайда, қазіргі кезде Қазақстан өзіне қажетті ауыл шаруашылығы техникасын шығаруға қауһары жетпейді.

Сонымен, ауыл шаруашылығына инвестицияларды арттыру арқылы бұл саланың қарқынды дамуына қол жеткізуге болады.

Бірақ, техника құралдарының жоғары тозу деңгейі, сақтау және қайта өңдеу кәсіпорындарының жетіспеушілігі ауыл шаруашылығының дамуын тежеуде.

Ауыл шаруашылығы саласының дамуы негізінен мемлекеттік қолдау бағдарламалары мен кәсіпкерлердің жеке өздерінің қаржылық салымдары негізінде жүзеге асуда.

Ауыл шаруашылығының дамуы көп көлемдегі мемлекеттік қолдауға қарамастан әлі де төмен болуының бірқатар себептері бар, олар: ауыл шаруашылығы саласының құрылымдық-техникалық жаңаруының төмендігі, негізгі қорлардың жаңаруының төмендігі және табиғи-экологиялық қайта қалыпына келетін өндірісті жүзеге асыру мүмкіндіктерінің төмендігі болып табылады.

Қазақстан бойынша, соның ішінде Оңтүстік Қазақстан облысында да ауыл шаруашылығын жүргізуде бірқатар қиындықтар бар, оған ең алдымен нарық инфрақұрылымының төмен даму деңгейін айтса болады.

Бұл өз кезегінде ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қаржылық, материалдық-техникалық және ақпараттық ресурстар нарығына, дайын өнімдер нарығына қол жетімділігін төмендетуде.

Сонымен қатар, саладағы қаржылық тұрақтылыққа кері әсерін тигізіп отырған бірқатар мәселелер бар, соның ішінде ауыл шаруашылығы өнімдері мен шикізаттары нарықтарының тұрақсыздығы, жинақталған декапитализация, тартылған инвестициялардың жеткіліксіздігі, ауыл шаруашылығы өнім өндірісін ерікті сақтандырудың төмендігі, ауылдық жерлердегі қаламен салыстырғандағы өмір деңгейінің төмен сапасына байланысты, бұл салаға жоғары деңгейлі мамандарды тарту қиынға соғуда.

Жүргізілген зерттеулер барысында анықталғаны агроөнеркәсіп кешенінде жұмыс істейтін кәсіпкерлердің тәуекелдерді басқару мәселелерінің бар болуы, жалпы Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігіне кері әсерін тигізуде.

Қазіргі таңда, ауыл шаруашылығы өнім өндірушілерінің техникалық жарақтануы бойынша абсолютті өсім байқалғанымен сапалық өсімі бойынша, яғни жаңаландыру деңгейі бойынша әлі де төмен.

Кез келген техника уақыт өте тозады, сондықтан оны қалпына келтіруге кететін шығындарды амортизациялап отыру қажет, бірақ кейбір шағын ауыл шаруашылығы кәсіпорындарда бұндай тәжірибе сақтала бермейді.

Мысалы, Қазақстан бойынша комбайындар мен тракторлардың 80 пайызының орташа жасы 13 жылдан асып кетеді. Ал пайдалану ережелеріне сәйкес ол 8-10 жылдан аспауы тиіс. Бұлардың барлығы маусымдық ауыл шаруашылығы жұмыстарына кері әсерін тигізуде.

Негізгі қорларды толықтыру үшін қажетті қаржыландыру, негізінен екінші деңгейлі банктердің тартылған немесе өз қаражаттары мен лизингтік компаниялар арқылы жүзеге асырылуда.

Егер де несие немесе лизинг бойынша төленетін ставка 12-15 пайыз көлемінде деп есептейтін болсақ, 10 жыл ішінде ауыл шаруашылығы кәсіпорындары алынған техниканың екі есе бағасын төлейді. Агроөнеркәсіп кешенінің бәсекеге қабілеттілігі төмен болудағы бір себебі осындай.

Қазіргі таңда Қазақстанның кейбір ауыл шаруашылығы өнімдерін импортына тәуелділіктің өскені байқалуда.

Олардың қатарында әлеуметтік маңызы бар жемістер, ет және сүт өнімдері де бар. Бұл өнімдерге бағаның өсуі әлеуметтік төмен қамтылған жанұялардың оларды сатып алу мүмкіндігінен айырады.

Қауіпсіз ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру бойынша да маңызды мәселелер бар. Мысалы, кейбір фермерлер өнім өзіндік құнын төмендету үшін арзан және сапасы төмен синтетикалық тыңайтқыштар қолдануда.

Соның салдарынан кейбір ауыл шаруашылығы өнімдерінің дәмі мен сапсының өзгеруі байқалады. Әсерісе бұл мәселелер, Қазақстанның ДСҰ-ға кіру жағдайында маңыздылығы артуда, себебі бұл ұйымға мүше елдерде өндірілетін барлық өнімдер сапалы және халықаралық қауіпсіз ережелер бойынша өндіріліп, азық-түлік қауіпсіздігіне, фитосанитарлық талаптарға сәйкес келуі қажет.

Ауыл шаруашылығы саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында бюджеттен бөлінетін қаражаттардың кей жағдайларда игерілмей қалуы мен ауыл шаруашылығы саласына жаңа технологияларды енгізу қарқынының төмендегі ойландыратын мәселелер қатарында тұр.

Жоғарыда анықталған мәселелерді тиімді шешу мақсатында келесідей ұсыныстар беруге болады.

Қазақстанның халықаралық нарыққа енуі барысында тұрақты экономикалық дамуын қамтамасыз ету үшін республикалық экспорттық құрылымын анықтайтын көрсеткіштер жүйесін жасап, енгізу қажет.

Өйткені, қазіргі әлем нарықтарындағы болып жатқан өзгерістер, соның ішінде ауыл шаруашылығы өнімдеріне сұрыныстың артуы мүмкіндігі болжамы салдарынан, оларға деген бағаның артуы байқалады.

Сонымен қатар, қазіргі таңдағы Қазақстанның негізгі экспортын құрайтын энергия және металлургия өнімдеріне бағаның күрт төмендеуі барысындағы ақуалда, сыртқы сауда балансын көтеруде ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттау әлеуетімізді көтеру қажеттілігі туындауда.

Қазақстан негізінен өсімдік текті азық-түлік өнімдерін экспорттап, оның 1995 жылдан осы уақытқа дейінгі жалпы экспорттағы үлесі 4-9,6 пайыз деңгейінде ауытқиды. Жалпы азық-түлік өнімдері экспортының 70 пайызына жуығы негізінен бидай экспортына тиесілі.

Ауыл шаруашылығы саласының бар мүмкіндігін жүзеге асыру үшін ауыл шаруашылығы жерлерінің құнарлығын арттыру мақсатында барлық қажетті агрохимиялық шараларды сақтау қажет, сонымен қатар ұйымдастырудың кластерлік формасы мен тамшылатып суару сияқты алдыңғы қатарлы технологияларды ауыл шаруашылығында қолдануды арттыру қажет.

Әлемнің көптеген дамыған ауыл шаруашылығы өнім өндірушілері жоғары деңгейлі ғарыштық технологияларды қолдануды қолға алған.

Соның ішінде, жер серіктері негізінде ауыл шаруашылығы егістік алқаптарының жағдайын, топрақтың химиялық құрамын, суландыру жағдайын, топрақтың ерекшелігіне сәйкес өсіруге тиімді ауыл шаруашылығы дақылдарын анықтауға және көптеген басқа да жағдайларды қашықтықтан бағалауға мүмкіндік береді.

Әсіресе ғарыштағы жер серіктерінен алынған мәліметтерді, ауыл шаруашылығын түрлі ауа райына байланысты тәуекелдерден сақтандыруда қолданудың мүмкіндіктері мол.

Ол сақтандыру компаниялары үшін сақтандыру өзіндік құнын төмендету мүмкіндігімен бағалы болса, ауыл шаруашылығы өнім өндірушілері үшін тәуекелдерін тиімді басқару мүмкіндігімен бағалы.

Оның үстіне «Қазақстан Ғарыш сапары» ұлттық компаниясы тарапынан 2014 жылдан бастап екі жер серігін, соның ішінде ауыл шаруашылығы жерлерін мониторингін жүргізу үшін құзырлы органдарға пайдалануға берілген.

Қазақстанның территориясының үлкен болуы, әртүрлі табиғи және экологиялық жағдайда ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірісі жүріп жатқанын көрсетеді.

Сондықтан табиғи және экологиялық мәселелер мемлекеттік көмек негізінде, жергілікті деңгейде шешіліп отыру тиіс. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысындағы кәсіпорындарды басқару жүйесі табиғи ресурстарды қолдануда оптималдылық және рационалдылық қағидаларына, табиғи ресурстарды қолдану шектерін белгілеуге, экологиялық қауіпсіздік шарттарын анықтауға және халықтың денсаулығы көрсеткіштеріне бағыттала отырып жүзеге асырылуы тиіс.

Оңтүстік Қазақстан облысында әсіресе су ресурстарын тиімді және үнемді қолдану мәселесіне аса назар аударған жөн.

Мемлекеттік қолдаудың басты құралының бірі болып табылатын субсидиялау үдерісін максималды түрде автоматтандыру арқылы, субсидия алу кезінде туындауы мүмкін әртүрлі мәселелерді, соның ішінде коррупциялық заң бұзушылықтарды алдын алуға болады.

Ауыл шаруашылығы өнім өндірісінің дамуы, оларды өңдеу салаларының дамуы, осы саладағы шағын және орта бизнестің дамуы барысында шетелден импортталатын азық-түлік өнімдерінің көлемі азайуына септігін тигізеді.

Оңтүстік Қазақстан облысының шетелдік және отандық инвесторларға тартымды болуы мен бизнес ортаның дамуы бағытында кәсіпкерлердің назарын аудару қажет, сонымен қатар көлік және байланыс қызметтерді көрсету сапасы мен қаржылық қызмет салысындағы банктердің тиімділігін арттыру қажет.

Облыстағы шағын және орта бизнестің мүмкіндіктерін арттыру мақсатында олардың жан жақты бірігу арқылы ірленуіне мүмкіндіктер жасау қажет. Себебі, ауыл шаруашылығы саласындағы жоғары технологияларды қолдану шағын шаруашылықтар үшін қиынға соғады.

Аграрлық нарықтың тиімді жұмыс істеуінде сәйкес институттар мен дамыған инфрақұрылымның алатын орны ерекше.

Себебі, тек жетілген нарық инфрақұрылымы негізінде нарық субъектілер арасында тауар мен қаржы ағындарының шектеусіз қозғалысын қамтамасыз етуге мүмкін болады.

Ауыл шаруашылығы субъектілерінің қаржылық жүктелуін төмендету мақсатында, біздің ойымызша, лизинг және несиелердің сыйақы

мөлшерлемесін субсидиялау мен қатар, отандық кәсіпорындарында өндірілген немесе құрастырылған ауыл шаруашылық техникаларын сатып алу құнын мемлекеттік субсидиялау тәжірибесін енгізу қажет. Бұл арқылы біз отандық ауыл шаруашылығы техникасы өндірісінің де дамуына септігін тигізер едік.

Бүгінгі таңда азық-түлік қауіпсіздігінде маңызд фитосанитария және ветеринария мәселелері, ақпарттандыру мен ғылыми зерттеу, білім беру мен тарату жүйелері де жан жақты жетілдіруді қажет етеді.

Қазақстанның әлемдік азық-түлік өнімдері нарығында көшбасшы өндірушілері қатарына енуі үшін экологиялық талаптары ескерілген, ұлттық бәсекеге қабілетті әрі танымалы өнімдері өндірісін жандандыру қажет, сонымен қатар жаңа технологиялар негізінде пайдалы егістік алқаптар үлесі мен түсімді арттыру қажет.

Сонымен, тәуелсіздік алған уақыттан бері ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік реттеуде анық жақсару үрдісін байқауға болады. Мемлекетте жүзеге асырылып жатқан бағдарламалардың нәтижесінде ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі жыл сайын орта есеппен 10 пайызға өсуде.

Дегенімен, ауыл шаруашылығы өнім өндірісінде тәуекелдерді тиімді басқару мен кәсіпорындарды тиімді басқару жүйесін енгізу үшін, бәсекеге қабілетті дайын өнім өндірісі мен шикізаттарды өңдеу тиімділігін арттыру үшін және материалдық ресурстарын арттыру үшін ауыл шаруашылығы саласы әлі де боса қаржы және инвестициялық ресурстарға тәуелді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Оңтүстік Қазақстан облысы негізінде ауыл шаруашылығында тәуекелдерді басқару мен ұйымдастырудың мәселелерін зерттеу келесідей тұжырымдар мен қорытындылар жасауға септігін тигізді:

1. Агроөнеркәсіп кәсіпорындарын басқаруды ұйымдастыру құрылымы – бұл ғылыми техникалық прогресс жетістіктері негізінде, ауыл шаруашылығы өндірісін ұйымдастырудың тиімді формалары негізінде, кәсіпкерлік бастамаларды белсенді ету негізінде жұмыс істейтін бір бірімен байланысты басқару элементтерінің жиынтығы.

Агроөнеркәсіп кәсіпорындары қызметі барысында, белгілі бір ұйымдастыру құрылымының сыртқы ортаға бейімділігі, оның қасиеттерінде басқару тетіктерінің орталықтандыру деңгейіне, ұйымдастыру құрылымының күрделілігіне және басқару тетіктерінің формализм деңгейіне байланысты болады.

Агроөнеркәсіп кешені кәсіпорындарын басқару бойынша тамақ және өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен бірлестіктерінің ұйымдастыру құқықтық формаларының мемлекеттік, ұжымдық, кооперативтік, акционерлік, фермерлік және шағын тауарлық түрлері бар.

2. Тәуекел төңірегіндегі айтылған түрлі ойлар мен пікірлерді қортындылай келе ауыл шаруашылығындағы тәуекел туралы келесідей тұжырымдар жасауға болады:

- ауыл шаруашылығындағы кәсіпкерліктің түрлі ұйымдастыру-құқықтық формаларын зерттей келе, «ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын басқарудың» келесідей анықтамасы берілді: ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын басқару – бұл тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру негізінде өнімді өткізу мен пайда табуды мақсат еткен, өндіріс пен қызмет көрсетуде табиғи факторларды, жұмыс күшін, еңбек заттары мен құралдарын ұйымдастырушылық және технологиялық тұрғыда өзара әрекеттестігін қамтамасыз ету негізінде ауыл шаруашылығы өнім өндірісін өз күшімен тиімді кәсіпкерлік қызмет көрсетуге бағыттаған шешім қабылдау үдерісі.

- «тәуекел» сөзі қазақ тіліне арап тілінен енген және ол алға қойған мақсатқа ешқандай жалтақтамай, батыл кірісуді білдіреді;

- шетел әдебиеттерінде тәуекел ең алдымен қауіп-қатер, яғни шығын болу мүмкіндігі ретінде және жоғары көлемде табыс алу мүмкіндігімен сипатталады;

- тәуекел түрлері көп болғандықтан, оларды бірегей белгілері мен салаға байланыстылығына қарай топтау арқылы жүйелендіруге болады;

- ауыл шаруашылығындағы тәуекелдердің басым көпшілігі ондағы өндірістің табиғи-климаттық жағдайға тәуелділігімен және өзіндік ерекшеліктерімен сипатталады.

- көп пікірлердің негізінде ауыл шаруашылығындағы тәуекелдерді басқаруға келесідей жетілдірілген түрдегі анықтамасы берілді: ауыл шаруашылығында тәуекелді басқару – бұл белгіленген мақсаттарға төнетін тәуекелдерді анықтау, анықталған тәуекелдерді алдын алуға немесе мүмкін

тәуекелдердің зардабын мүмкіндігінше төмендетуге бағытталған, басқарушы ұстануы тиіс қағидалар, әдістер және құралдарға негізделген экономикалық тиімді іс-шаралар жиынтығы.

Ауыл шаруашылығы тәуекелдерін басқаруда бұл анықталған тұжырымдамалар міндетті түрде ескерілуі қажет.

3. Ауыл шаруашылығы тәуекелдерін басқару әдістердің ауыл шаруашылығында тәуекелдерден келетін шығындарды болдырмауға немесе азайтуға мүмкіндіктері бар. Олардың қайсысын қай жағдайда қолдануға болады деген универсалды тұжырым жасауға болмайды. Өйткені әрбір тәуекел шаруашылық түрі, географиялық орналасуы, даму деңгейі, мерзімі, көлемі және басқа да факторларға байланысты өзгеруі мүмкін. Ең бастысы әрбір тәуекелді басқару қағидалары мен өткен тәжірибені ескеріп, қазіргі таңдағы мүмкін болатын әдістерді жеке немесе тиімді комбинацияда қолдана білу керек.

Сонымен қатар, тәуекелді басқару жүйесін қалыптасқан жағдайға үнемі бейімделуін қамтамасыз ете отырып, ауыл шаруашылығын жүргізуде прогресивтілік пен тиімділікті қамтамасыз ету мақсатында, ғылым мен техниканың алдыңғы қатарлы және тексеруден өткен жетістіктерін өндіріске енгізген абзал.

4. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының түрлі тәуекелдерге бейімділігін арттыру үшін мүмкін тәуекелдер жайында нақты ақпараттық көмек қажет. Бұл кез келген мәселе бойынша қажетті ақпаратқа қол жетімділікті арттырудан басталуы керек. Яғни ауыл шаруашылығы кәсіпорындары өндірілуі қажетті өнім көлемін алдын ала білсе, бар күшін сол сұранысты қанағаттандыруға тырысады. Бұл ақпараттар негізінде, әрбір кәсіпорын өзінің стратегиялық жоспарларын қалыптастыру арқылы, нарыққа қажетті өнім көлемін өндіретін болады. Бұл ретте мемлекеттің ауыл шаруашылығындағы тәуекелдерді ауыздықтауға көмектесер мүмкіндігі көп.

5. Ауыл шаруашылығы өнім өндірісінде тәуекелді басқарудың ілімдік негіздері отандық және шетелдік авторлардың еңбектеріне талдау жасау арқылы негізделді. Ауыл шаруашылығында тәуекелдерді басқару процесінің кезеңдері жетілдіріліп 5 кезеңнен тұратын үлгісі ұсынылды. Оның ерекшелігі, бірнеше ғалымдармен ұсынылған тәуекелдерді басқару процесінің нұсқасын өзіне қамтуы нәтижесінде ықшамдалған формада берілуі.

6. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) зерттеулеріне негізделген мемлекеттің оптималды тәуекелді басқару стратегиясы мен саясатының моделі талдау барысында жетілдіріліп, оның Қазақстанда жүзеге асыру мүмкіндігі қарастырылды. Яғни, оптималды тәуекелді басқару стратегиясы мен саясатының моделінде әрбір топтастырылған тәуекел түріне сәйкес тәуекелді басқару құралдарының оптималды түрін көрсетеді. Ол бойынша қалыпты тәуекелдер шаруашылық тарапынан стратегиялық шешімдер (диверсификация, қор жинау, өзін өзі сақтандыру т.б.) негізінде алдын алып басқарылуы тиіс. Нарық тәуекелдері нарық құралдары арқылы басқарылуы тиіс. Ал көп мөлшерде шығын әкелетін құрғақшылық, су басу немесе түрлі өсімдіктер мен мал аурулары сияқты

апаттық тәуекелдер мемлекет тарапынан бақылауға алынып оқиғаға дейінгі алдын алуға бағытталған төлемдер, оқиғадан кейінгі қолдауға бағытталған мемлекеттік көмек және мемлекеттік сақтандыру сияқты т.б. құралдар негізінде мемлекеттік деңгейде шешілуі тиіс.

Қазіргі таңда, Қазақстанның ауыл шаруашылығына жарамды жер көлемінің көптігіне қарамастан, жалпы ішкі өнімдегі агроөнеркәсіп кешенінің үлесі 5 пайыздан аспайды. Жүргізіліп жатқан тарифтік саясат отандық ауыл шаруашылығы өнім өндірушілерді әліде жеткіліксіз түрде қорғауда.

7. Жүргізілген зерттеулер нәтижесі бойынша, Қазақстанның ауыл шаруашылығы нарығы сырттан келетін азық-түлікке тәуелділігімен сипатталады. Жергілікті аграрлық өнім өндірушілерінің төмен бәсекеге қабілеттілігі мен сауда жасаудың еркін шарттарын жақсы меңгерген импорттық ауыл шаруашылығы өнім өндірушілердің белсенділігінен отандық өндірушілердің нарықтағы үлестерінің төмендеуі байқалуда.

Аграрлық саладағы жүргізіліп жатқан реформалар, жалпы агроөнеркәсіп кешені мен жеке алғандағы ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының жұмыстарына өзгерістер алып келді. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының қызметі барысындағы өзгерістерді талдау негізінде сыртқы және ішкі орта факторлары арасында қомақты байланыстардың бар екені анықталып, оларды түрлі белгілері бойынша топтастыруға мүмкіндік берді.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары қызметінің жаңа шарттар бойынша іс-әрекетін зерттеу барысында, стратегиялық басқару мақсатындағы өзгерістер шаруашылық жүйесін талдаудың да әдістемелік өзгерістеріне және экономикалық талдау әдістемесінің өзгеруіне алып келгені анықталды.

Ауыл шаруашылығы саласы Оңтүстік Қазақстан облысының маңызды салаларының бірі болып табылады. Бұл жерде мақта, көкөніс, бақша дақылдарын және жүзім өсіруге, сонымен қатар мал шаруашылығы үшін жыл бойы жайылымдарды қолдануға болатын жағымды климат қалыптасқан.

Оңтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын басқаруда жүйелі түрде туындайтын мәселелер қатарында – су ресурстарының жетіспеушілігі, егістік алқаптары мен түсімділіктің жетіспеушілігі байқалады. Бұл мәселелердің туындауында климаттық өзгерістердің, Арал теңізіне құятын Сырдария өзенінің жоғары ағысынан келетін су көлемінің тұрақсыздықтарының және жалпы су ресурстарын қолдану көлемінің артуынан оның жетіспеушілігі байқалуда.

Оңтүстік Қазақстан облысының агроөнеркәсіп кешенінде тұрақты жұмыс істейтін шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 60 мыңнан асады. Олардың негізгі қызмет көрсету салаларына мақтадан жасалған мата және бұйымдар өндірісі, қызанақтан жасалатын өнімдер, нан және кондитерлік өнімдер, құс өнімдері, сыра және сусындар өндірісі, сонымен қатар балық, бидай және жүн өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы техникасының құрстыру мен саудалау, көкөніс және жемістерді қоймалау мен саудалау жатады.

Талдау барысында, Оңтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы рентабельділігінің төмендеуі мен шаруашылықтардың шығындылығының өсуі

анықталған. Дәнді дақылдардың түсімділігіне саладағы белсенділіктің төмендігі, жерді өңдеу мен топрақты қорғау талаптарының жете ескерілмеуі, ауыспалы егіс пен белсенді технологиялардың рационалды қолданылмауы, сапалы тұқымдардың жетіспеушілігі, дақылдарды өсірудің агротехнологиялық шарттарының тұрақты сақталмауы кері әсерін тигізіп отыр. Анықталған мәселелердің барлығы аймақтық ауыл шаруашылығы өнім өндірісінде тәуекелдердің барын және оны басқару қажеттігін көрсетеді.

Қаржы-экономикалық тәуекелдерді зерттеу барысында, Оңтүстік Қазақстан облысының аграрлық саласындағы кәсіпорындардың басқару мен даму деңгейіне әсер ететін келесідей тәуекел факторларын анықтауға мүмкіндік берді: айналым қаражаттарының жетіспеушілігі, төмен төлем қабілеттілік, өңделмеген шикізат көлемінің артуы, көлік қызметі мен электр энергиясын сатып алуға шығындардың артуы.

8. Тәуекелдерді топтастырудың жетілдірілген сызбасында ауыл шаруашылығындағы тәуекелдердің сыртқы және ішкі тәуекелдері, оның құраушылары көрсетіліп жетілдірілді. Ауыл шаруашылығындағы тәуекелдерді қарастырғанда ең алдымен экономикалық маңызын қарастырған жөн. Себебі, экономикалық тұрғыдан қарағанда ауыл шаруашылығы үшін материалдық шығынға ұшырау тәуекелдің ең ауыр түрі. Әрбір экономикалық сәтсіздік келесі өндіріс циклына кері әсерін тигізіп отырады. Барлық ауыл шаруашылығы өнім өндірушілері белгілі экономикалық заңдылыққа бағынады. Яғни кез келген іс әрекетінің нәтижесі тиімді немесе пайдалы болуы тиіс. Бұл тұрғыдан ауыл шаруашылығы өнім өндірушілеріне экономикалық іс-әрекеті аясындағы тәуекелдердің өзін: ішкі тәуекелдер, сыртқы тәуекелдер және белгісіз тәуекел түрлерін бөліп және жүйелеп қарастырған жөн.

9. Оңтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығында бақша, көкөніс және жүзім өнімдерінің өндірісі жоғары қарқынмен дамуын көрсетіп отырғанын және бұлар табыс пен тәуекелі жоғары шаруашылық түрі ретінде зерттеу барысында анықталды. Облыстың негізгі әрі экспортқа бағытталған өнімдерінің бірі болып табылатын мақта өндіру көлемін жылдан жылға төмендеуіне байланысты, мемлекеттік қолдау қажет. Әсіресе мұнай өндірісінен түсетін табыс көлемінің қысқарған уақытында ауыл шаруашылығы өнімдері, соның ішінде экспортқа бағытталған мақта сияқты өнімдердің өндірісі қолдауды қажет етеді.

10. Жаһандық экономикалық және табиғи өзгерістерінің тәуекел тұрғысынан Оңтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы болашағына әсерінің позитивті болжам жасауға мүмкіндік береді. Себебі, бүкіләлемдік сауда ұйымы және Евразиялық экономикалық одаққа бірігу бүкіл Қазақстан экономикасына және Оңтүстік Қазақстан облысына да, одаққа мүше елдерін сапалы бақша, көкөніс және жүзім өнімдерімен қамтамасыз етуге мол мүмкіндіктер ашылады. Сонымен қатар, ақсап тұрған мақта өндірісінің де мүмкіндіктері теңгенің қалқымалы валюта бағамына өтуіне байланысты көп мүмкіндіктер ашылады.

11. Ауыл шаруашылығындағы жинақталған мәселелер мен жаһандық, экономикалық және табиғи өзгерістерінің әсерінен, Оңтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымының жылдар бойынша динамикасы ескеріле отырып, 2015-2018 жылдарға сызықтық регрессия теңдеуі негізінде қарапайым динамикалық болжамы жасалды. Болжамда 2018 жылға қарай ОҚО бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы 356 млрд. теңге дейін өсуі мүмкін. Сонымен қатар, болжамда 2018 жылға қарай ОҚО бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымының өсу қарқынының бәсеңдеуі мүмкін.

12. Қазақстан бойынша кейбір аймақтардың бір бірінен әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі бойынша алшақтауы байқалады. Сондықтан, әсіресе агроөнеркәсіп кешенін дамыту саласында, стратегиялық маңызды мәселелерді мемлекеттік аймақтық саясатты кезең кезеңмен жүзеге асыру негізінде шешімін табуға болады. Бұл жерде агроөнеркәсіп кешенін қаржыландыруда мемлекеттік бағдарламалардың алатын орны ерекше.

Агроөнеркәсіп кешенін дамытудың ұзақ мерзімді мақсаттарын анықтайтын бағдарламалар мен стратегиялар қатарында: «Қазақстан-2050» Стратегиясын, «Агробизнес-2020» бағдарламасы мен Қазақстан Республикасының 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы маңызды орын алады. Олардың маңыздылығы ондағы Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенін мемлекеттік қолдау бойынша құралдар мен тәсілдер жиынтығымен анықталған. Бұл құжаттарда ауыл шаруашылығы өнім өндірушілерінің шығындарын азайту және тәуекелдерді басқару тиімділігін арттыру үшін: ашық ауыл шаруашылығы жер нарығын құру, агроөнеркәсіп кешені саласында шикізаттарды терең және сапалы өңдеу шығындарын субсидиялау, тамақ өнеркәсібі саласында шағын және орта бизнесті жеңілдетілген несиелендіру үшін қаржы бөлу қарастырылған.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауынан. Астана. 2012 ж. [электронды дерек көз: www.akorda.kz], 20.12.2012ж.
- 2 Программа по развитию агропромышленного комплекса в Республике Казахстан на 2013-2020 годы (Агробизнес-2020) – Астана, 2012// В режиме доступа: <http://old.liter.kz/articles/view/50837>
- 3 Пиличев Н.А. Управление агропромышленным производством: Учебное пособие / Н.А. Пиличев. - М.: Колос, 2013. – 267с.
- 4 Антонов В.Г. Эволюция организационных структур / В.Г. Антонов // Менеджмент в России и за рубежом. – 2011 – №1. – С.27-35.
- 5 Минаков И.А. Экономика сельскохозяйственного предприятия: Учебник / И.А. Минаков, Л.А. Сабетова, И.И. Куликов. - М.: КолосС, 2012. – 427с.
- 6 Пиличев Н.А. Управление агропромышленным производством: Учебное пособие / Н.А. Пиличев. - М.: Колос, 2013. – 267с.
- 7 Орысша-қазақша және қазақша-орысша онлайн сөздік. [электронды дерек көз: sozdik.kz], 10.10.2012ж.
- 8 Қазақ әдебиетінің сайты. [электронды дерек көз: www.kazadebiet.kz], 10.11.2012ж.
- 9 Бекмұхаметов Е.Б. Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздері. Түсіндірме сөздік. –Алматы: «Қазақстан», 1977. – 200 б.
- 10 Уикипедия — ашық энциклопедиясы. Тәуекел. [электронды дерек көз: <http://kk.wikipedia.org>], 05.03.2013ж.
- 11 Риск — экономическая этимология. [электронды дерек көз: <http://dictionary-economics.ru>], 05.03.2013ж.
- 12 Bernstein, Peter L. Against The Gods: The Remarkable Story of Risk. - New York: John Wiley & Sons. 1996.
- 13 Ендовицкий Д., Коменденко С. Систематизация методов анализа и оценки инвестиционного риска // Инвестиции в России: Ежемесячный журнал Консультативного совета по иностранным инвестициям в России. - 2001. - №3. - С. 39-46.
- 14 Витлинский В.В. Концептуальные основы рисков в финансовой деятельности // Финансы Украины. – 2003. – № 3. – С. 3-9.
- 15 Романченко О.В. До питання теорії економічного ризику // Фінанси України. –1997. –№7. – С. 13-17.
- 16 Грачева М.В. Риск-анализ инвестиционного проекта: Учебник для вузов. - М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2001. – 351 с.
- 17 Изатуллаева Б., Кенешбаев Б.Ж. Учет рисков как направление совершенствования оценки эффективности инвестиционных проектов // Вестник МКТУ. Серия естественных наук. – Туркестан: 2008. – №2. – С. 202-205.

- 18 Стрельцов А., Цамутали О. Оценка риска при обновлении производственного аппарата // Управление риском. – 2000. – №2. – С. 12-14.
- 19 Сердюкова И.Д. Управление финансовыми рисками // Финансы. – 1995. – №12. – С. 6-9.
- 20 Жоваников В.Н. Риск-менеджмент в коммерческом банке в условиях переходной экономики // Деньги и кредит. – 2002. – №5. – С. 60-65.
- 21 Филин С. Неопределенность и риск. Место инновационного риска в классификации рисков // Управление риском. – 2000. – №4. – С. 25-30.
- 22 Кинев Ю.Ю. Оценка рисков финансово-хозяйственной деятельности предприятий на этапе принятия решения // Менеджмент в России и за рубежом. – 2000. – №5. – С. 78-83.
- 23 Масленников Ю.С., Тронин Ю.Н. Системное и ситуационное управление банковской деятельностью // Бизнес и банки. – 1998. – №3. – С. 2.
- 24 Альгин А.П. Риск и его роль в общественной жизни. – М.: Мысль, 1989. – 45 с.
- 25 Серегин Е.В. Предпринимательские риски. – М.: Финансовая академия, 1994. – 40 с.
- 26 Ивасенко А.Г. Банковские риски. – М.: Вузовская книга, 1998. – 142 с.
- 27 Хохлов Н.В. Управление риском: Учебное пособие для вузов. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2001. – 239 с.
- 28 Балабанов И.Т. Риск-менеджмент. – М.: Финансы и статистика, 1996. – 192 с.
- 29 Егорова Е.Е. Еще раз о сущности риска и системном подходе // Управление риском. – 2002. – №2. – С. 9-12.
- 30 Тронин Ю.Н. Можно ли управлять рисками? // Банковские технологии. – 2000. – №3. – С. 60-63.
- 31 Fallon W.D. Strategic risk management: How global corporations manage financial risk for competitive advantage, – London: McGraw-Hill Publishing Co., – 1991. – 300 p.
- 32 Rowe W.D. An Anatomy of Risk, – New York: John Wiley & Sons. - 1977. – 488 p.
- 33 Kendall R.H. Risk Management for Executives. - Harlow: Pearson Education, - 1998.
- 34 Keynes M.J. Treatise on Probability, – New York. 1921. [электронды дерек көз: <http://www.gutenberg.org/files/32625/32625-pdf.pdf>] 12.03.2013ж.
- 35 Hardaker J.B., Huirne B.M., Anderson J.R. Coping With Risk in Agriculture. - New York: CAB International, 1997. [электронды дерек көз: <http://books.google.kz>], 29.10.2010ж.
- 36 Мырзалиев Б.С., Кенешбаев Б.Ж. Ауыл шаруашылығында тәуекелді басқару жүйесін ұйымдастыру ерекшеліктері // «Ізденіс». – Алматы: 2012. – №1(2). – Б. 57-61.
- 37 Асамбаев Н. Оценка, анализ, измерение и управление рисками // Управление риском. - 2002. - №1. - С. 9-18.

- 38 Добрынин В.А. Экономика сельского хозяйства / В.А. Добрынин, А.В. Беляев, П.П. Дунаев и др.; Под. ред. В.А. Добрынина – 3-е изд., перераб. и доп. – М.: Агропромиздат, 2009. – 451 с.
- 39 Виханский О.С., Наумов А.И. Менеджмент: Учебник / О.С. Виханский, А.И. Наумов. - 5-е изд. стереотипн. - М.: Магистр: ИНФРА-М, 2014. - 576 с.
- 40 Мильнер Б. Управление современной компанией: Учебник / Б.Мильнер, Ф. Линс. – М.: ИНФРА – М, 2011. – 371с.
- 41 Васильева Т.А., Диденко О.Н., Епифанов А.А. Риск-менеджмент инноваций. - Сумы: «Деловые перспективы», 2005. - 260 с.
- 42 Альгин А.П. Грани экономического риска. - М.: Знание, 1991. - 64 с.
- 43 Лапуста М.Г., Шаршукова Л.Г. Риски в предпринимательской деятельности. - М.: ИНФРА-М, 1998. - 224 с.
- 44 Смирнова Е. Производственный риск: сущность и управление // Управление риском. - 2001. - №1. - С. 3-5.
- 45 Willet A.H., The Economic Theory of Risk Insurance, Filadelfia. 1951.
- 46 Knight F.H. Risk, Uncertainty and Profit, - New-York: 1964. - 381 p. [электронды дерек көз: <http://library.mises.org/books/Frank%20H%20Knight/Risk,%20Uncertainty,%20and%20Profit.pdf>], 29.10.2012ж.
- 47 Уикипедия — ашық энциклопедиясы. Ықтималдылық Теориясы. [электронды дерек көз: <http://kk.wikipedia.org>], 05.04.2013ж.
- 48 Грачева М.В. Анализ проектных рисков. - М.: Финстатинформ, 1999. - 216 с.
- 49 Адамчук Н. Управление рисками на предприятии и страхование // Управление риском. - 2001. - №1, - С. 32-39.
- 50 Гольдштейн Г.Я. Стратегический инновационный менеджмент: тенденции, технологии, практика. - Таганрог: Издательство ТРТУ, 2002. - 261 с.
- 51 Сердюкова И.Д. Методы анализа финансовых рисков // Бухгалтерский учет. - 1996. - №6. - С. 54-57.
- 52 Речмен Дж.Д., Мескон М.Х., Боуви Л., Тилл Дж.В. Современный бизнес. Пер. с англ. - М.: Республика, 1995. -Т. 2. - 479 с.
- 53 Загорий Е. Оптимизация способов снижения риска в аспекте инвестирования природоохранной деятельности предприятий // Економіст. - 2002. - № 11. - С. 32-34.
- 54 Балашова Н.Е. Построение системы риск-менеджмента в финансовой компании // Менеджмент в России и за рубежом. - 2002. - №4. - С. 104-111.
- 55 Виленский П.Л., Лившиц В.Н., Смоляк С.А. Оценка эффективности инвестиционных проектов: Теория и практика: Учеб.-практ. Пособие. - М.: Дело, 2001. - 832 с.
- 56 Кенешбаев Б.Ж. Управление рисками в сельском хозяйстве как важный аспект его стабильного развития // Матер. XIV межд. науч.-практ. конф. / Модернизация казахстанской экономики: актуальные проблемы посткризисного развития. – Алматы: Экономика, 2010. – С. 300-302.

57 OECD (2011), *Managing Risk in Agriculture: Policy Assessment and Design*, OECD Publishing. [электронды дерек көз: <http://www.oecd-ilibrary.org>], 02.12.2012ж.

58 Лобанов А., Чугунов А. Риски и неопределенность в экономике // Рынок ценных бумаг. -1999. - №18. - С. 34-40.

59 Кривов В. Проблема рисков при принятии управленческих решений // Управление риском. - 2000. - № 4. - С. 15-17.

60 Филин С., Брук М., Федорова А. Преодоление рисковозависимости (часть 1) // Ресурсы, Информация, Снабжение, Конкуренция. - 2002. - №1. - С. 56-65.

61 Мырзалиев Б.С., Кенешбаев Б.Ж. Ауыл шаруашылығында тәуекелдерді стратегиялық басқару ерекшеліктері мен мүмкіндіктері // ХҚТУ Хабаршысы, – Түркістан: 2012. – №3(78). – Б.310-313.

62 Сатыбалдин А.А., Мырзалиев Б.С., Турсунов С.Т., Пралиев Г.С. Государственное регулирования сельского хозяйства: проблемы и приоритеты / Монография. –Туркестан: МКТУ «Туран», - 2007. - 608 с.

63 Кенешбаев Б.Ж., Алимбаева А. Ауыл шаруашылығындағы негізгі тәуекелдердің түрлері және тәуекелдерді төмендету әдістерін жетілдіру // «Экономиканың индустриалды-инновациялық дамуы және қазіргі заманғы мамандар жүйесін дайындау басымдықтары» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Түркістан: Қ.А.Ясауи атын. ХҚТУ, 2011 ж. - Т.1. - Б. 128-131.

64 Жемчугов А.С. Построение оптимальной инвестиционной программы (основные проблемы и методы их разрешения) // США: Экономика, политика, идеология. - 1994. - №12. - С. 35-42.

65 ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауынан. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». -Астана. 2014 ж. [электронды дерек көз: www.akorda.kz], 20.01.2014ж.

66 OECD (2013), *OECD Review of Agricultural Policies: Kazakhstan 2013*. OECD Publishing. Paris. [электронды дерек көз: http://www.keepeek.com/Digital-Asset-Management/oecd/agriculture-and-food/oecd-review-of-agricultural-policies-kazakhstan-2013_9789264191761-en#page36], 10.02.2014ж.

67 OECD (2009), *Managing Risk in Agriculture: A Holistic Approach (EXTRACTS)*. OECD publishing. Paris. [электронды дерек көз: www.oecd.org], 02.12.2012ж.

68 OECD (2011), *Risk management in agriculture: What role for governments?* OECD publishing. Paris. [электронды дерек көз: www.oecd.org/agriculture], 02.12.2012ж.

69 Anton, J. and S. Kimura (2011), “Risk Management in Agriculture in Spain”, *OECD Food, Agriculture and Fisheries Papers*, No. 43, OECD Publishing. [электронды дерек көз: <http://dx.doi.org/10.1787/5kgj0d57w0wd-en>], 02.12.2012ж.

70 Anton, J., S. Kimura and R. Martini (2011), “Risk Management in Agriculture in Canada”, *OECD Food, Agriculture and Fisheries Papers*, No. 40,

OECD Publishing. [электронды дерек көз: <http://dx.doi.org/10.1787/5kgj0d6189wg-en>], 02.12.2012ж.

71 Melyukhina, O. (2011), "Risk Management in Agriculture in New Zealand", OECD Food, Agriculture and Fisheries Papers, No. 42, OECD Publishing. [электронды дерек көз: <http://dx.doi.org/10.1787/5kgj0d3vzcth-en>], 02.12.2012ж.

72 Kimura, S. and J. Antón (2011), "Risk Management in Agriculture in Australia", OECD Food, Agriculture and Fisheries Papers, No. 39, OECD Publishing. [электронды дерек көз: <http://dx.doi.org/10.1787/5kgj0d8bj3d1-en>], 02.12.2012ж.

73 Newbery, D. and J. Stiglitz (1981), The Theory of Commodity Price Stabilisation: A study in the Economics of Risk, Claderon Press, Oxford.

74 ОҚО ауыл шаруашылығы көрсеткіштерінің серпіні. Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігінің Статистика Комитеті, Оңтүстік Қазақстан облысы статистика департаментінің ресми сайты. [электронды дерек көз: [http://ontustik.stat.kz/files/Din_1991_2015/selhoz/Din_selhoz_kz\(1\).doc](http://ontustik.stat.kz/files/Din_1991_2015/selhoz/Din_selhoz_kz(1).doc)], 02.04.2015ж.

75 Брошюра «Қазақстан сегодня». Агентство Республики Казахстан по статистике. - Астана: - 2012 г. - 42 с. [электронды дерек көз: www.stat.gov.kz], 02.12.2013ж.

76 Біріккен ұлттар ұйымы қарамағындағы, Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (FAO) ресми сайты. [электронды дерек көз: <http://www.fao.org>], 02.02.2015ж.

77 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми сайты. [электронды дерек көз: <http://www.stat.gov.kz>], 02.04.2015.

78 Кенешбаев Б.Ж. Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығын өркендетудің басым бағыттары // «Қазақстан экономикасының индустриалды-инновациялық даму механизмін жетілдірудің өзекті мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. - Түркістан: Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, 2010. - Б. 275-278.

79 Сыдық Д.А., Асауов С.Т., Айтбаев Т.Е. Рекомендации по технологии возделывания томата при капельном орошении в условиях Южного Казахстана, - Шымкент: - 2011. - 28 с.

80 Турысбекова Г.К., Кенешбаев Б.Ж., Момбекова Г.Р. Влияние инновационных процессов на развитие хлопкоперерабатывающих предприятий и возможные риски // Актуальні проблеми економіки. – №10(148). – 2013. – С. 507-515.

81 Шведов В.П. Управление рисками проектного финансирования инновации // Вестник Забайкальского государственного университета, -2012. - №9. – С. 113-121.

82 Лотфулин Р. Как рассчитать коэффициент корреляции в Excel. [электронды дерек көз: <http://exceltip.ru>], 02.03.2015ж.

83 Кенешбаев Б.Ж. Ауыл шаруашылығы өнімінің өндірісін арттырудағы жылыжай кешендерінің ролі // «Қазақстан экономикасының индустриалды-

инновациялық даму механизмін жетілдірудің өзекті мәселелері» атты халықаралық конференцияның материалдары. – Түркістан: Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, 2010 ж. – Б. 278-281.

84 Lazo, Jeffrey Karl and Lawson, Megan and Larsen, Peter H. and Waldman, Donald M., U.S. Economic Sensitivity to Weather Variability. Bulletin of the American Meteorological Society, p. 709, June 2011. [электронды дерек көз: <http://ssrn.com/abstract=2015453>], 02.02.2013ж.

85 Асанов Қ.Ә. Ауыл шаруашылығын өркендету жүйесі жөніндегі ұсыныстар Шымкент облысы. – Алматы: «Қайнар», 1978. - 400 б.

86 ОҚО Экономика секторлары бойынша бағалар мен тарифтердің индекстері. Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігінің Статистика Комитеті, Оңтүстік Қазақстан облысы статистика департаментінің ресми сайты. [электронды дерек көз: http://ontustik.stat.kz/files/Din_1991_2015/Ceny/Din_ceni_kz.doc], 02.03.2015ж.

87 ОҚО Экономикалық қызмет түрлері бойынша жұмысшылар мен қызметкерлердің орташа айлық жалақысы. Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігінің Статистика Комитеті, Оңтүстік Қазақстан облысы статистика департаментінің ресми сайты. [электронды дерек көз: http://ontustik.stat.kz/files/Din_1991_2015/Trud/Din_orplata_kz.doc], 12.03.2015ж.

88 Адамова Н.А. Финансовый менеджмент: учебное пособие . 2-е изд., перераб и доп./ под общей редакцией Н.А. Адамова. – М.: ЗАО ИД «Экономическая газета», 2011. – 518 с.

89 «2001-2005 жылдардағы Қазақстанның ауыл, орман және балық шаруашылығы» Статистикалық жинақ. – Алматы: 2006ж. – 332 б.

90 «2005-2009 жылдардағы Оңтүстік Қазақстан облысының ауыл, орман және балық шаруашылығы» Статистикалық жинақ – Шымкент: 2010ж. – 135 б.

91 «2009-2013 жылдардағы Оңтүстік Қазақстан облысының ауыл, орман және балық шаруашылығы» Статистикалық жинақ – Шымкент: 2014ж. – 138 б.

92 Baş T. Anket. – Ankara: Seçkin Yayıncılık. 2010. – 271p.

93 Eymen E. SPSS 15.0 Veri Analiz Yöntemleri, - İstanbul: İstatistik Merkezi. 2007.

94 Nakip M. Pazarlama araştırmaları teknikler ve (SPSS Destekli) Uygulamalar. – Ankara: Seçkin Yayıncılık. 2006. – 592 s.

95 Karagöz Y. İlişki katsayıları (SPSS 18'deki cross tabulation menüsünde geçen). – Ankara: Detay Yayıncılık. 2010. – 122 p.

96 Кенешбаев Б.Ж. Общие характеристики рисков в различных сферах деятельности // XXXIV Международная научно-практическая конференция «Решение проблем соотношения социальных запросов и объективной реальности в экономических и юридических науках». – Одесса, 2012. – С. 75-77.

97 Борина Б. Развитие параметрических схем страхования сельскохозяйственных культур в Казахстане // Рынок страхования. – Алматы: 2006. – С. 55-61.

98 Кенешбаев Б.Ж. Опыт зарубежных стран по государственному регулированию сельскохозяйственного страхования // «Key instruments of humane co-existence organization: economics and law» materials digest of the XIIth International Scientific and Practical Conference. - Odessa: InPress, 2011. – P. 88-90.

99 Panasenko A.A., Keneshbayev B.Zh., Mombekova G.R., Innovative agricultural technologies in risk management of agricultural producers // «World Applied Sciences Journal». – 2012. – V.18 (Special Issue of Economics). – P. 140-143. [электронды дерек көз: [http://www.idosi.org/wasj/wasj18\(Economics\)2012.html](http://www.idosi.org/wasj/wasj18(Economics)2012.html)], 02.12.2012ж.

100 Мутанов Г.М., Куликов В.П., Куликова В.П. Информационная поддержка принятия инвестиционного решения в условиях риска. – Астана, 2005. - 456 с.

101 Mingaleva Zh., Keneshbayev B., Mombekova G. Influence of Institutional Factors on Innovations in Grain Production by the Agroindustrial Complex // Life Science Journal, - New-York: №10(4), 2013, – P. 900-904.

102 ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауынан. «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» - Астана: Акорда, 2014. – 8 б.

103 «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ ресми сайты: [электронды дерек көз: <http://www.kazagro.kz/>], 02.06.2015ж.

А ҚОСЫМШАСЫ

Анкета №

Оңтүстік Қазақстан шаруа қожалықтарын басқаруда өзекті мәселелер мен тәуекелдерге байланысты деректердің зерделенуі

Бұл анкета шаруа қожалықтарында тәуекел мен оны басқаруға байланысты жеке пікірлерін анықтау мақсатында, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, «Менеджмент және маркетинг» оқыту бөлімінің докторанты тарапынан дайындалды. Бұл жұмыс шаруа қожалықтарын басқаруда тәуекелдердің деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл төніректе адам баласының тәжірибесіне негізделген мәліметтерді алу мақсатымен төмендегі көрсетілген сауалнаманы толтыруыңыз біздің жұмыс істеуімізге маңызды бір үлесін қосады.

Сауалнама мәліметтері сенімді бір ортада сақталынып, ешкімге берілмейді. Сіздің пікіріңіз тек зерттеу мақсатында қолданылады және жинақталған мәліметтер, жинақталған тұрғыда қарастырылады. Анкета арқылы жүзден аса шаруа қожалықтарынан жинақталатын мәліметтер, ғылыми жұмысымының негізгі дереккөзі болғандықтан, сауалнамаға нақты және дұрыс жауап беруіңізді өтінеміз.

Жұмысымыда сізді немесе шаруашылығыңызды танытатын мәліметтер нақты орын алмайды. Жұмысымымен байланысты түсініктер алу үшін өзіммен немесе жетекшім экономика ғылымының докторы, профессор Б.С.Мырзалиевке хабарласа аласыз.

Құрметпен,

Байланыс белгілері:

Бектур Жұмаханұлы Кенешбаев

э.ғ.д., проф. Бораш Смайлұлы Мырзалиев

Тел: 87016565751

Тел: 87013162589

E-mail: bekturok@mail.ru

E-mail: borash2006@mail.ru

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

СҰРАҚТАР

1.Жынысыңыз: ер әйел

2.Қай жас тобына кіресіз:

16-20

31-40

50 жастан жоғары

21-30

41-50

3.Әлеуметтік жағдайыңыз: бойдақ отбасылы

4.Шаруа қожалығында кім болып істейсіз?:

басшы

жұмысшы

экономист

басқа (жазыңыз).....

заңгер

5. Өз шаруашылығыңызды бастағаныңызға қанша жыл болды?

1-5жыл

11-20 жыл

30 жылдан жоғары

6-10жыл

21-30 жыл

6. Өз салаңыздағы еңбек өтіліңіз (стажыңыз) қанша:

1-5,

6-10,

11-15,

16-20,

21-25,

26-30,

30 жылдан жоғары

7. Шаруа қожалығында қандай өнім түрлері өндіріледі (қажеттілерін белгілеңіз)?

бақша өнімдері

мал өсіру

дөнді дақылдар

құс өсіру

шитті мақта

балық өсіру

мал азығы

жемістер

басқа (жазыңыз) _____

8.Шаруа қожалығында қанша кісі жұмыс жасайды?

1-10

51-100

250-ден көп

11-50

101-250

А ҚОСЫМШАСЫ жалғасы

9. Біліміңіз? орта, орта арнаулы, жоғары, ғылыми дәреже

10. Шаруа қожалығының орташа жылдық табысы (теңгемен)?

- 100 мыңға дейін 1-5 млн. арасы
 100-500 мың арасы 5 млн. жоғары
 501мың -1млн арасы

11. Шаруа қожалығыңыздан бөлек орташа жылдық табысыңыз (теңгемен)?

- 0 101-500 мың арасы
 10-50 мың арасы 500 мыңнан жоғары
 51-100 мың арасы

12. Шаруа қожалығыңыздағы мал басы, неше дана?

- 0 11-100 500 ден аса
 1-10 101-500

13. Шаруа қожалығыңыздың егістік жер көлемі неше гектар?

- 0 11-100 500 ден аса
 1-10 101-500

14. Төмендегі сұрақтарға шаруашылығыңыз үшін ең сөйкес келетін таңдауды белгілеңіз.

	Сауалнама	Өте көп	Көп	Орташа	Аз	Өте аз
1.	Шаруа қожалығын дамыту, ұлғайту бойынша ойларыңыз?					
2.	Шаруа қожалығының өнімдерді сақтандыруға жұмсайтын қаражаты қанша?					
3.	Соңғы 3 жылда шаруашылығыңызға төмен бағадан шығындар болды ма?					
4.	Соңғы 3 жылда шаруашылығыңызға қолайсыз ауа райынан шығындар болды ма?					
5.	Соңғы 3 жылда шаруашылығыңызға зиянкес жәндіктерден шығындар болды ма (шегіртке, құртар)?					
6.	Соңғы 3 жылда мал шаруашылығыңызға аурулардан шығындар болды ма?					
7.	Соңғы 3 жылда мал шаруашылығыңызға мал азығының бағасы қымбаттаудан шығындар болды ма?					
8.	Шаруашылықта баға төуекелдерін азайту үшін фьючерстер (алдын ала белгіленген бағамен сатып алу/сату) қолдана ма?					
9.	Шаруашылықта баға төуекелдерін азайту үшін алдынала келісім шарттар (алдын ала белгіленген өнім көлемі) қолдана ма?					
10.	Шаруа қожалығыңыздың несие қарыздары бар ма?					
11.	Қанша өнімдеріңізді көтерме бағамен өткізесіздер?					
12.	Қанша өнімдеріңізді бөлшек бағамен өткізесіздер?					
13.	Тыңайтқыштарды қанша көлемде қолданасыз?					
14.	Мал азығына био қоспалар қанша көлемде қолданасыз?					
15.	Шаруашылығыңызда жаңа технологиялар қаншалықты игерілген?					
16.	Шаруашылығыңыз жаңа технологияларды игеруге қаншалықты ынталы?					

А ҚОСЫМШАСЫ жалғасы

15. Төмендегі сұрақтарға шарушылығыңыз үшін ең сәйкес келетін таңдауды белгілеңіз.

Сауалнама		Өте көп	Көп	Орташа	Аз	Өте аз
1.	Мемлекет тарапынан қаржы және ұйымдастырушылық қолдауға қол жетерлік пе?					
2.	Несие алу мүмкіндігі қол жетерлік пе?					
3.	Лизинке техника алу мүмкіндігі қол жетерлік пе?					
4.	Техникамен қайта жарактандыру қандай деңгейде?					
5.	Сізде тозған техника көп пе?					

16. Тәуекел мен табыс арасындағы байланысты анықтау мақсатында, төмендегі сұрақтардың жауабы сіздің ойыңызша қалай?:

	Әрине	Иә	Білмеймін	Жоқ	Мүлдем жоқ
1.	Тәуекелге көп баратындардың, табысы да көп болады ма?				
2.	Сіз тәуекелге көп барасыз ба?				
3.	Егер тәуекел етіп табысқа жетсеңіз сол тәуекелге қайта барасыз ба?				
4.	Тәуекел етпегендіктен өкінген уақытыңыз болды ма?				
5.	Егер тәуекел етіп шығынға батсаңыз сол тәуекелге қайта барасыз ба?				
6.	Кәсіпорынға жаңа технологиялар енгізу тәуекелдерді арттыра ма?				
7.	Жаңа технологиялар кәсіпорынның табысын арттыра ма?				
8.	Тәуекелге аз баратындардың шығындары аз бола ма?				
9.	Табысы аз тәуекелге барасыз ба?				
10.	Табысы мол болса тәуекелге барасыз ба?				
11.	50 мың теңгелік тұрақты табыстан, 100 мың теңгелік айнымалы табыс жақсы ма?				
12.	Табысыңызды көтеру үшін, қайта оқып біліміңізді көтеруге барасыз ба?				

17. Сіздің шаруашылығыңыздың алға басуын шектеп тұрған қандай мәселелерді айтар едіңіз, төмендегілердің ішінен қажеттілерін белгілеңіз.

- қаржының жетіспеушілігі
- техниканың жетіспеушілігі
- өнімге сұраныстың аздығы
- жердің жетіспеушілігі
- су мәселесі
- ауа райының әсері
- жанармай жетіспеушілігі
- жұмысшылардың жетіспеушілігі
- салық ауыртпашылығы
- басқа _____

18. Шаруа қожалығыңызды дамыту бойынша ұсыныс пікірлеріңіз (қандай көмек керек? Не істелмей жатыр?)

1) _____